Man as a social individual manifests himself/herself in historical and cultural reality through its needs and the ability to cognize and transform the world, himself/herself and his/her place in the world, the desire to create new forms of social life in accordance with his/her vision and understanding of the world [4]. The realities of the surrounding world of such an individual will inevitably lead to the creation of his/her life style and will become the basis for the formation of his/her value system. Thus, in the process of social development of a person there must be a certain sequence of goals. Their clear definition is important for identifying the criteria for the effectiveness of the formation of youth as a targeted social process. However, the simple awareness of young people in the field of morality does not solve the problem of the formation of the spiritual organization of the personality, which is a kind of social regulation and in the fact there should be external requirements expressed in moral standards, which would be translated initially into internal attitudes of the personality, and then with their help in real legitimate, moral and socially active behavior [5].

In this way, the motivational readiness of the individual to fulfill the moral standards of society is formed. Nevertheless, the assimilation of these norms and even the formation of the conviction that these norms cannot be violated do not always mean a deep conscious conviction of their truth. For the purposes of spiritual and moral development of youth, the most acceptable result of deliberate influence on the individual is the formation of such behavior in which the interests of the individual are in unity with the interests of the public, and the achievement of internal coherence occurs through a combination of moral standards with social activity. Only then can we talk about the formation of the conscious youth, which is the basis of the prosperous state.

The government of Kazakhstan takes the following steps for the improvement of the situation:

1. consolidation of the potential of the family, school and society in the development of spiritual and moral education of the younger generation of Kazakhstan citizens in modern conditions;

2. Using the potential of the content and activity aspects of a holistic pedagogical process. The task of developing an intellectual, creative, spiritual and moral personality and becoming a citizen, patriot should be associated, first of all, with strengthening the motivation of learning. This task is realized by updating the content of academic disciplines and introducing new training courses focused on the socialization and development of national self-awareness of students, also through the use of innovative developmental psychotechnologies, and the actualization of students' research activities.

3. The creation of a social educational space in educational organizations, as a specially organized pedagogical sphere, a structured system of pedagogical factors and conditions for the formation of a national identity of a person.

4. Organization of psychological and pedagogical support for the professional and personal development of students, assistance in revealing their needs and abilities that contribute to self-affirmation and self-realization in the future, as well as improving the work of the network of social and psychological assistance services.

5. Actualization of the activity of interethnic youth public associations as a medium of communication between various ethnic groups, familiarization with cultural values, norms of behavior and relationships in a multinational environment. [6]

The greatest contribution to the improvement of spiritual development was made by the first President of the Republic of Kazakhstan. In 2017, the first president of the country, Nursultan Nazarbayev, wrote an article “Looking into the Future: Modernization of Public Consciousness” (kaz. Ruhani Zhangyru) in which he has outlined his vision of spiritual modernization, this article is a program of strategic importance aimed at building a bright future for our country. More than 25 years have passed since independence. The first generation, born in independent Kazakhstan, has matured and is ready to take the future of the country into its own hands and raise it to a new level of development. Although the goals of this program are addressed to all the people of Kazakhstan, the main messages are aimed at young people, their motivation to take responsibility for the fate of the state. The First President has noted the importance of maintaining national identity, increasing the level of competitiveness and openness of society to change, promoting the cult of knowledge and a gradual, evolutionary, not revolutionary, method of developing a country. [7]

But despite the abovementioned measures taken by the government, it should also take into consideration the following circumstances. First, the fundamental transformations taking place in Kazakhstan in all spheres of society require a comprehensive study of the principles and forms, ways and trends of the development of interaction between the state and the individual. The theoretical study of these issues in the field of public process management, their timely and high-quality methodological solution directly affect the nature and pace of economic, social and political reforms. Secondly, one of the most important conditions for the sustainable progressive development of the Republic of Kazakhstan, along with the positive development and improvement of the market management system, is the timely implementation of adequate measures to counteract destructive social factors of an internal and external nature. The effectiveness of these measures cannot be built on a hunch, it involves an in-depth analysis of the spiritual security of the whole society as a phenomenon and concept. Thirdly, the theory of the spiritual development of society is being developed on different ideological and methodological foundations. As a result of this, a single categorical apparatus of its description and analysis has not yet been formed. This actualizes the need to clarify concepts, identify the theoretical and methodological foundations of analysis that most adequately reflect the processes associated with ensuring the spiritual safety of people. Adequately means with the consideration and usage as a tool modern technologies, i.e. Internet, social networks, etc.

The spiritual change of the youth will lead to the support of political modernization, consequently the youth will adopt the values of a democratic state and respect its laws

References

1. Cook J. (2016) Young adults' hopes for the long-term future: from re-enchantment with technology to faith in humanity, *Journal of Youth Studies*, 19:4, 517-532. Available at: <https://doi.org/10.1080/13676261.2015.1083959> (accessed 15.05.2020)
2. Kalieva M. Sotsiokul'turnyye aspekty sovremennoy molodezhnoy politiki [Sociocultural aspects of modern youth policy]. Available at: <https://e-history.kz/ru/publications/view/4993> (accessed 15.05.2020)
3. Trendy kazakhstanskoy molodezhi: Naiboleye populyarnyye sotsial'nyye seti u molodezhi Kazakhstana [Trends of Kazakhstan youth: The most popular social networks among Kazakhstan youth]. Available at: <http://www.brif.kz/blog/?p=3304> (accessed 15.05.2020)

4. Sautbayeva S. Dukhovnaya modernizatsiya - osnova razvitiya Kazakhstana [Spiritual modernization - the basis for the development of Kazakhstan]. *Byulleten' nauki i praktiki [Science and practice newsletter]*, №7, 2017. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/duhovnaya-modernizatsiya-osnova-razvitiya-kazahstana> (accessed 15.05.2020)
5. Bishop, E. C., and K. Willis. 2014. “Without Hope Everything would be Doom and Gloom’: Young people Talk about the Importance of Hope in their Lives.” *Journal of Youth Studies* 17 (6): 778–793. Available at: <https://doi.org/10.1080/13676261.2013.878788> (accessed 15.05.2020)
6. Zhilbayev Zh.O. Strategiya razvitiya dukhovno-nravstvennogo vospitaniya lichnosti v Respublike Kazakhstan v usloviyakh obnovleniya sodержaniya obrazovaniya [The development strategy of spiritual and moral education of a person in the Republic of Kazakhstan in the conditions of updating the content of education]. Available at: <https://nao.kz/blogs/view/2/194> (accessed 15.05.2020)
7. “Vzglyad v budushcheye: modernizatsiya obshchestvennogo soznaniya” [Looking into the Future: Modernization of Public Consciousness], Official Website of the President of the Republic of Kazakhstan, April 12, 2017. Available at: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizatsiya-obshchestvennogo-soznaniya (accessed 15.05.2020)

Түйін

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы жастардың рухани тәрбиесінің ерекшеліктері қарастырылған. Авторлар мемлекеттің саяси жаңару үдерісіндегі жастардың рөлінің теориялық негіздерін және тәрбиенің рухани аспектілерінің әсерін қарастырады, жастардың құндылық негіздерінің деградациясының және жастар ортасындағы азаматтық-патриоттық көңіл-күй деңгейінің төмендеуінің негізгі себептері анықталады. Авторлар елдегі осы саладағы жағдайды жақсарту бойынша өз ұсыныстарын жасады және мемлекеттің осы бағыттағы жұмысын бағалады.

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности духовного воспитания молодежи в Республике Казахстан. Авторы рассматривают теоретические основы роли молодежи в процессе политической модернизации государства и влияния духовных аспектов воспитания, были выявлены основные причины деградации ценностного самоопределения молодежи и снижения уровня гражданско-патриотического настроения в молодежной среде. Авторы представили свои рекомендации по улучшению сложившейся на сегодняшний день ситуации в данной сфере в стране и дали оценку работе государства в данном направлении.

ӘОЖ 74; 378.147

А.М. Тунгатаева, М.С. Мейрманов, Б.Ұ. Жетписбаева, К. Пошанова, Л. Бекмуратова
магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан
магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ОҢТҮСТІКТІҢ ҚАЙТА ТҮРЛЕНУІ -ҮШІНШІ МЕГАПОЛИС БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

Түйін

Бұл мақалада «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселесі талқыланады. Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастары бізге және жастарға берер дүние туралы. Рухани жаңғыру –Оңтүстіктің қайта түрленуі, қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш туралы сөз етіледі.

Кілттік сөздер: Рухани жаңғыру, Елбасы, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, прагматизм, бәсекелес және қабілет.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе болып отыр. Ел басы Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастары бізге және жастарға берер дүниесі көп екенін тағы да дәлел. Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Рухани жаңғырудың бірнеше бағыттары бар екені баршамызға белгілі.

I. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық жаңғыру - ұлттық сананың кемелденуі. Елбасымыз айтқандай, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодты сақтай білу»./1/ Ұлттық кодт неден тұрады? Ең алдымен ол қасиетті жеріміз, жердегі байлық табиғат, қазына, шекара, ауа тазалығы, жан-жануар, қураған шөбімізге дейін ол қазақтықтың ата бабасынан қалған бірінші ең баға жетпес құн жетпес ұлттық кодт осы! Келесі біздің асылымыз ол сол жерде тұрған қара шаңырақ баспанамыз! Сол баспана орналасқан шаһарларымыз! Дәстүр, дін, сана, таным, тарих, білім, тәрбие, байлық, руханият, патриоттық рух және тағы шексіздікке кете беруіміз мүмкін. Қалалардың түрленіп қайта жаңғыруы ол

өмір заңдылығы, бірақ сол өзгерістер барысында ұлттық рұхты жоғалтпай қайта рухани жаңғыру бұл сәулетші, құрылысшы алдындағы басты мәселе?! Әр сәулетші, құрылысшы "Тәнім -жаным садақасы, Жаным арым садақасы" деп жұмыс жасайтын болса, қазақтың әр қаласы рухани жаңарар еді-ау. Рухани жаңғырудың негізі – халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы. Әр заманның өз міндеті, ұрпаққа қояр талабы бар дегендей, мемлекеттің дамуы ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуы [4]. Енді ғасырлар бойы найзаның ұшымен, қан мен термен келген ата-баба аманаты жеріміз, одан бергіде салынған қалаларымызды қайта түрлендіру, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу мақсатында қайта жаңғыру, Шымкент қаласының түрленуі қайта жаңғыруы барысында ұлттық дәстүр, ұлттық рухани тамыр кесіліп қалмаса екен. Болашақта басқа елдердегі сияқты мысалы ТМД қалалары айталық Санкт-Петербург, Самарканд сияқты өз аурасы, тынысы, тыныс тіршілігі, сәулеті, көркемдік ерекшелігімен ерекшеленсе шырайлы Шымкент, ешкімге ұқсамайтын сәулеті, көк майсасымен, жеміс-жидегі, қонақ жайлығымен қалса сол рухани жаңғыру болары сөзсіз.

II. Бәсекелес және қабілет. Бәсекелестік оған қабілетіміз бар ма? Ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықтағы бағасы, өзгелерден сапасымен ұтымды дүние ұсынуға қабілеті. Заман талабына сай тұтас халық қана емес, жеке адамның өзі бәсекелік қабілетін арттырып, табысқа жетуге мүмкіндік алады. Әр ата-ана баласын ұшқыр ойлы, жобалық менеджментті түсінетіндей тәрбиелесе, ұлт ретінде биіктерді бағындырамыз хақ. Білім және ғылым министрлігінің стартаптарды енгізуі де осы бәсекелік қабілетті арттыруға ынтасы деп білеміз. Ал сәулетші, бас сәулетші алдында таудай талап тұруы, біріншіден бәсекелестікке төтеп бере алатындай білім, екіншіден сол білімді жеткізе білетін қабілет керек. Ол үшін Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына атап: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс [5-6]. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойю керек. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Осыны басты назарға ала тұрып, ғалымдардың сараптауы бойынша Шымкент шаһарының жасы – 2200 жыл. Орта Азиядағы ең көне қалалардың бірі. Аталған дерек 2014 жылы археологтардың халықаралық ғылыми конференциясында мәлім болды. Канада, Франция, Бельгия, Англия, Ресей, Әзірбайжан мен Өзбекстаннан келген ғалымдар Шымкенттің 2200 жылдық тарихы барын бір ауыздан растап, ескі қалашық маңайындағы төбеде керуен сарай болғанын алға тартқан зерттеулер қала тарихы сол жерден басталған деп тұжырымдады. Әлі де көне Жідбек жолы тармағындағы Шымкент қаласының тарихы, сыры, зерттелмей қалған, айтылмай қалған сыры бары қақ. Сол сыр сандықтарды ашатын, қаланы қайта жаңғыртып, жаңа рең беретін, сәулетшілер.

III. Прагматизм. Өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, сол байлықты үнемдей отыра қолдана білу. Болашақты жоспарлай отырып, ысырапшылдық пен даңғойлық қасиеттерге жол бермеу. Білім алуға, мақсатқа жетуге, кәсіби тұрғыдан жетілуге деген ынта

ықылас, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану мінездің прагматизмі. Заманауи әлемдегі бірден-бір үлгі.

Прагматизм дегеніміз не?

Прагматизм терминін мәдени айналымға 19 ғ-дың 70-жылдары америкалық философ Ч.С. Пирс (1839 — 1914) енгізді. Прагматизм негізінде ақиқаттың мәнділігі оның прагматикалық тиімділігімен анықталады деген “прагматизм принципі” жатыр. Прагматизм іргелі ақиқатты іздестіру қажеттілігін мойындамайды және абстрақтылы философиялық жүйелер жасаудан бас тартады. Мұның орнына ол нақты тәжірибе мен тілге негізделген, өзгеріп отыратын көптеген ақиқаттарды қарастырып, онда ақиқат практикалық нәтижелерінің құндылығына қарай анықталады [3].

Прагматизм бойынша қазіргі заман философиясы екі бағытта дауласуда, бірі рационализм (ақылшылдық), ол идеалды, сезімге бай, ақылға жүгінеді, үміткер, дінге сенеді, еркін ерік-жігерді дәріптейді. Енді бірі, эмпиризм (тәжірибешілдік), олар материалистер, суыққанды, сезімдік танымға мән береді, үмітсіз, атеист, себеп-салдар заңын (детерминизм) ұстанады. Прагматистер осы екеуінің арасынан жаңа жол тапқысы келеді, "тәжірибешілдік ойлау әдісі мен адамзаттық діни сенім дәстүрін лайықты үйлестіруді" дәріптейді.

Прагматистер шындыққа адал болуды жақтайды, бірақ дінге де сын айтқысы келмейді. Прагматизм себепке қарағанда мақсатқа айырықша мән беруімен ерекшеленеді. Олардың ойынша адам мақсат үшін өмір сүретін нәрсе. Адамның мақсаты адамның шындығын сомдайтын негізгі тетік. Ендеше мақсатты тану адамды танумен бірдей маңызға ие. Дегенмен, олар мақсат категориясы шегінде қамалып қалмай адамды өз мақсатына тегі қандай әрекет жеткізеді дегенді қазбалайды, мақсаттың адамда сенім болып орнығуына, белгілі бір әрекетте табысқа жеткізетін қозғалыс болып орындалуына айырықша назар аударады. Олардың ойынша ақиқат басқа емес, мақсатты дұрыс танытатын, адамға сенім беретін, практикалық тұрғыда адамды белсенді және табысты ететін білім. Егер кез келген білім адам үшіндік сипатқа ие болмаса, онда оның ақиқаттылығы да күмәнді. Ақиқаттың қайнары мақсатқа талпынған практика, ақиқаттың өлшемі, қозғаушы күші, бәр бәрі практика. Ендеше адамды өз мақсатына ең тез жылдамдықпен, ең қысқа уақытта, ең аз шығынмен, ең ыңғайлы жолмен мақсатына жеткізген нәрсе - шынайы құндылық, шынайы ақиқат. Адам баласы сондай ақиқатқа, құндылыққа талпынуы керек. Жалпы, АҚШ қоғамының табысты өмір салты қалыптастыруының негізгі тетігі прагматизмнің мақсатты негіз еткен өнімді қозғалыс идеясын ұстаным етуіне қатысты деп айтуға болады.

Прагматизмнің негізгі ұстанымдары:

- білім шындықты меңгерудің құралы, шындықты өзгертуге болады;
- нақты тәжірибе бәрінен маңызды, ереже мен ұстаным екінші орында;
- сенім мен түсініктің рас-жалғандығы оның әкелген нақты игілігіне байланысты;
- ақиқат идеяның табысты түрі, нәтижеге ие ететін, мақсатқа жеткізетін сана қозғалысы;
- теория әрекеттің болжалды қорытындысы, ол да құрал. Оның құндылығы әрекетті табысты ете алуына қатысты;
- адамның шындықты түсіндіруі шындықтың адамға пайдасы мен игілік өніміне байланысты;
- әрекет ережеден маңызды, ол қатып қалған ережені үздіксіз бұзып отырады;
- ұғымның мәні оның нәтижеге ие етуі, ақиқаттың құны оның қысқа уақытта, аз шығынмен, өте мол табысқа жеткізуі [2].

Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;

2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны нақты ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Болашаққа бағдар ретінде сәулетші және әрбір профессор-оқытушылар құрамы, осы оқу орнында білім алып жатқан жастарымыз Елбасының осы сөздерін өздерінің алға қойған өмірлік мақсаттарына енгізе отырып, еліміздің рухани тұрғыдан дамып, интеллектуалдық дәрежесінің жоғарылауына үлесін қосады деген сенімдемін.

Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ақымды ұғымды дәлелдеудің қажеті жоқ. Мен Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбие болмыс, сана, дініміз бен діліміздің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы міндетті қажеттілігін түсінсе және дағдыланса сол бәсекелестік. Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Н.Ә.Назарбаев [1]. Жаһандық әлеммен тура келмейтін дағдылар не деп нені түсінеміз: ол жалқаулық, білімсіздік, керек емес қызметті өзі сүймейтін мамандықты таңдап адасу, деп білемін.

«Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді [7]. Осы тұста ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Қан ол қасиетті, сол қадір қасиетімізді жоғалтпай елімізге еңбек ету басты мақсат!

Әдебиеттер тізімі

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. Мына сілтемеде: <http://ayu.edu.kz/ru/archives/20690> (25 мамыр 2020 ж.)
2. Қазақстан энциклопедиясы, VII-том. Алматы: Рауан, 1990, 205 б.
3. Саяси түсіндірме сөздік. Алматы, Рауан, 2007, 130 б.
4. Қазақ мақал мәтелдері. М.Аққозин. Алматы: Қазақстан, 1990, 288 б.
5. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалары. 2-т. Алматы: Жазушы, 1983, 2015 б.
6. Ә. Марғұлан. Ежелгі әдебиет куәлары. Алматы: Баспа, 1966, 302б.
7. Рухани жаңғыру. Мына сілтемеде:
<https://www.google.com/search?q=%D1%80%D1%83%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%B8+%D0%B6%D0%B0%D2%A3%D2%93%D1%8B%D1%80%D1%83+%D0%B1%D0%BE%D0%BB%D0%B0%D1%88%D0%B0%D2%9B%D2%9B%D0%B0+%D0%B1%D0%B0%D2%93%D0%B4%D0%B0%D1%80&oq=%D1%80%D1%83&aqs=chrome.1.69i57j69i59l2.3211j0j8&sourceid=chrome&ie=UTF-8> (26 мамыр 2020ж.)

Аннотация

В данной статье программная статья «ориентир в будущее: модернизация общественного сознания» представляет собой важный документ, сформированный на основе глубокого осмысления, взвешенного мнения, смелых решений, отражающий яркий пример и конкретные шаги развития страны. В данной статье обсуждается актуальный вопрос о целях и интересах возрождения сознания, не лишенных национального бытия, национального кода, его гармонизации с мировыми ценностями и во благо Казахстана. Два особо важных для Казахстана процесса Возрождения – это о мире, который дает нам и молодежи дальновидные взгляды о том, как шагает в будущее для того, чтобы стать единой нацией, взяв на политическую реформу и экономическую модернизацию, и как меняет массовое сознание. Речь идет о духовной модернизации –возрождении Юга, движущей силе, изменяющей сознание и мировоззрение казахстанцев.

Abstract

In this article, the program article "orientation to the future: modernization of public consciousness" is an important document formed on the basis of deep reflection, balanced opinion, bold decisions, reflecting a vivid example and concrete steps in the development of the country. This article discusses the current issue of the goals and interests of the revival of consciousness, not devoid of national existence, national code, its harmonization with world values and for the benefit of Kazakhstan. Two particularly important processes of Revival for Kazakhstan are about the world, which gives us and young people far-sighted views on how to step into the future in order to become a single nation, taking on political reform and economic modernization, and how to change the mass consciousness. We are talking about spiritual modernization –the revival of the South, the driving force that changes the consciousness and Outlook of Kazakhstanis.

ӘОЖ 371.3.741

**А.М. Тунгатаева, С. Эралиев, Б.У. Жетписбаева, А.Х. Алмагамбетова,
А.Т. Джумабаева**

магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

СӘУЛЕТ МАМАНДЫҒЫНА КӨРКЕМДІК ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Бұл мақалада көркемдік пәндерді оқыту ерекшеліктері «дизайн», «сәулет» және «кескіндеме» мамандықтары арасындағы түбегейлі айырмашылықтарға байланысты ерекшеліктер жіктеп көрсетілген. Сәулетші қазіргі қоғамның әлеуметтік өмірі мен оның шындыққа ерекше қатынасы арасындағы кеңістікте; ол айналасындағы әлемді бақылайды, оны талдайды, қолындағы көрнекі құралдарды пайдалана отырып, алған әсерлерін қорытындылайды. Осы мамандықтардағы ұсақ пәндерді оқыту әдістемесінде қызметтің ерекшелігіне байланысты айырмашылықтар бар. Суретшілердің дәстүрлі академиялық дайындығы өмірден ұзақ уақыттық жұмысты, біртіндеп түс мәдениетін, өзіндік субъективті түс таңдауы болатын жеке қабылдауды және түс пен түс үйлесімін эксперименттік іздеуді білдіреді. Жалпы алғанда сәулет мамандығында көркемдік пәндерді сәулет пәндерді оқыту ерекшеліктеріне келесі пәндер: сурет, сәулеттік сурет, кескіндеме, тұстану, декоративтік кескіндеме, мүсін, оқытудың өзіндік ерекшеліктерін айқындау басты міндет.

Кілттік сөздер : сәулет, дизайн, сурет, кескіндеме, кеңістік, әдістеме, түс пен түстік үйлесім.

Архитектуралық-көркемдік білім беру, сәулет, өнер және дизайн мамандықтары бойынша білім алатын студенттер кеңістік органы өзгертетін жаңа эстетика жасау дағдыларын игереді. Көркемдік пәндерді оқыту ерекшеліктері «дизайн», «сәулет» және «кескіндеме» мамандықтары арасындағы түбегейлі айырмашылықтарға байланысты. Қазіргі қоғамда әлеуметтік өмір мен кеңістіктік арақасындағы шындық ерекшелігі; ол айналасындағы әлемді бақылайды, оны талдайды, қолындағы көрнекі құралдарды пайдалана отырып, алған әсерлерін қорытындылайды.

Көбінесе осы шындыққа ұқсас, бірақ нақты кеңістіктің логикасынан өзгеше, өзіндік логикаға сәйкес жасалған суретті жасайды. Әдетте, сәулетші және дизайнер өз жобаларының техникалық міндеттерімен және әріптестердің жұмысында мұндай жобаны дәстүрлі немесе заманауи интерпретациямен шектеледі, әйтпесе олар негізінен жаңа орта жасайды - жаңа тақырыпты немесе бүкіл пәндік ансамбльді ұсынады. Бірақ сонымен бірге суретшінің, сәулетшінің және дизайнердің жұмысы көркем туынды болып табылады, олар адам жасаған объектілерге эстетиканың, дүниенің үйлесіміне сәйкес келетін элементтерге еруге негізделген шығармашылық іс-әрекетке жалпы көзқараспен байланысты [1]. Осы мамандықтардағы ұсақ пәндерді оқыту әдістемесінде қызметтің ерекшелігіне байланысты айырмашылықтар бар. Суретшілердің дәстүрлі академиялық дайындығы өмірден ұзақ уақыттық жұмысты, біртіндеп түс мәдениетін, өзіндік субъективті түс таңдауы болатын жеке қабылдауды және түс пен түс үйлесімін эксперименттік іздеуді білдіреді. Түстермен жұмыс істейтін дизайнер немесе сәулетші түс қабылдаудың жалпы заңдылықтарын қолданады, ал түс туралы объективті ілім ретінде теориялық түс ғылымы суретшінің жұмысына тән жеке тұлғаны іздеуде басым болады [2].

Монументалды сурет ішкі және сыртқы жағынан жұмыс істейді. Дизайнер түрлі формаларды жасайды, түстерді қолдана отырып кеңістікті модельдейді. Сәулетші кеңістікпен пен форма арқылы жұмыс істейді. Бұл ерекшеліктер шығармашылық білім беруде өнер пәндерін оқытудағы көзқарастардың айырмашылығын білдіреді. Сәулет, кафедрасында «Сурет салу», «Сәулеттік сурет», «Түрлі түсті бейнелеу (Кескіндеме)», «Мүсін», «Тұстану», «Кескіндеме және сәулет өнері» пәндерінен сабақ береді[3]. Бұл пәндерді келесі мақсаттар біріктіреді: кәсіби сәулет және дизайн ойлауының негізі ретінде кеңістіктік және кеңістіктік қиялын дамыту; практикада қолданылатын тамаша дағдылар мен құралдарды шебер игеру; эстетикалық көріністер мен көркемдік талғамдар жүйесін қалыптастыру. «Тұстану» курсы болашақ сәулетшілерді колористік ойлауын дамытуға негіз болады. Білім алушылар аудиторияда және ашық аспан астында табиғатпен жұмыс кезінде студенттер визуалды түс қабылдау заңдылықтарын, колористикалық үйлесімділіктің негізгі түрлерін оқып үйренеді [7] түрлі бейнелік материалдарды игереді. Сәндік-жоспарлық жұмыстарда тәуелсіз түсті композициялар құру міндеті шешіледі. Оқытудың бірінші кезеңінде студенттік сәулетшілер мен дизайнерлер құрылыс көлемдері бойынша тапсырмалар алады, ал олар тоналды қатынастарды құруды үйренеді. Натюрморт биік және төменгі горизонты бар геометриялық денелерден, архитектуралық бөлшектердің сызықтық конструктивті құрылысынан, натюрморттардың тоналды дамуымен жасалған[5]. Екінші кезеңде екпін кеңістікті бейнелеуге, қоршаған ортаны түрлендіруге және модельдеуге көшеді. Тапсырмалар интерьер кеңістігінің кескінін қамтиды, олардың мақсаты бүтін және оның жеке бөліктері арасындағы логикалық қатынасты анықтау дағдыларын дамыту, табиғатсыз сурет салудың әдіснамалық реттілігі дағдыларын шоғырландыру. Әртүрлі тақырыптар бойынша ой-қиял арқылы әр-түрлі көлемді формаларды табу: геометриялық денелерден алынған композициялар, кеңістіктегі интерьер, болашақ қаласы. «Сәулеттік жобалау I-XII» курсының барлық тапсырмаларының түрлері белгілі бір түрде студенттің композициялық қабілеттерін дамытады, тапсырма сабақ барысы белгіленген нормаларға және нормативтікжүйеге сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар бұл қиялға сәйкес сызбаларда қолданылады. Сызбалар белгіленген масштабта сызу ережелерін заңдылыққа ала отырып үретіп түсіндіріледі, олар білім берудің барлық деңгейлерінде міндетті болып табылады [6].

«Түрлі түсті бейнелеу немесе Кескіндеме» пәнінде жұмыс табиғаттан орындалады: интерьерлер (әуе перспективасымен), пейзаждар (кішігірім кеңістіктен панорамалыққа дейін), сонымен бірге табиғаттың шығармашылық өзгеруі: декоративті-жазықтық композициялар, мұнда стилизация әдістері, ритм, метр, түс жұмыстары қолданылады. «Тұстану» бөлімінде түстерді қабылдау психологиясының негіздері зерделенеді, дизайн объектілері, интерьер және қала ортасы үшін түсті шешімді жасау әдістемесі игеріледі. Сурет, кескіндеме және мүсін пәндері академиялық білім деңгейіне сәйкес мектеп дәстүрлерін сақтайды және дамытады [4]. Болашақ сәулетшілер мен дизайнерлердің визуалды мәдениетін қалыптастыруда қолмен және цифрлық графиканың балансын және өзара әрекеттесуін іздеу бүгінгі күннің педагогикалық мәселелерінің бірі болып табылады. Жақында дәстүрлі академиялық міндеттерден басқа, шығармашылық графикалық және бейнелеу композицияларының көлемі ұлғайтылды. Оқу процесінде практикалық сабақтарда, олар әлемдік кескіндеме үлгілерін, бейнелеу, пластикалық, декоративті өнер мен халық қолөнерінің әртүрлі түрлерін, өнердің теориялық, тарихи, шығармашылық аспектілерін, ғылыми-әдістемелік және өнер тарихын дамытудың негізгі заңдылықтарын талдайды және орындайды. Олар түс пен жарықтың берілу және қабылдау ерекшеліктерімен, кескіндеме техникасы мен технологиясының міндеттерімен танысады. Білім алушыға көрнекі құралдарды шығармашылық іздеуде шектеу қоймауға тырысады. Бұл жұмыс әдістері студенттерді қызықтырады және болашақ суретшінің жеке қасиеттерін қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен, сәулетшіге арналған көркемдік пәндер курсының нәтижесі - еркін сөйлеу дағдыларын игеру, ал сәулетшілер мен дизайнерлер үшін - кеңістікті бейнелеу және қиял кеңістігін (дизайн) жобалау (дизайн) бойынша дағдыларды игеру.

Сондықтан «сәулет» және «кескіндеме, графика», «дизайн» мамандықтарының студенттеріне көркемдік пәндерді оқытудың әдіс-тәсілдерінде айырмашылық бар себебі ол мамандық ерекшелігіне сай.

Бүгінгі таңда сәулетші өнердің іргелі қабілеттері, кеңістікті және кеңістікті бейнелеу мен қиялды, түс қабылдауды, графикалық және бейнелеу тілін игеруді және композициялық практикада шығармашылық қолдануды өз алдына міндеттер қойып отыр.

Көрнекті сәулетші В.А. Веснин былай деген- «Егер жазушы, ақын өзінің ой-бейнесін сөзбен жеткізсе, онда сәулетші өзінің идеясын қағазға сызбада, эскиз, клаузурада бейнелейді ...» осыдан келіп көркемдік пәндерінің маңызы болашақ маманға орасан зор. Көркемдік пәндерді өтуде материалдық база, аудиториялардың безендірілуі, көркемдік шеберханалардың болуы берер білімнің толыққандылығын көрсетеді. Материалдық базаның берілетін білім бағдарламасына сәйкес па? Қаншалықты көркемдік білім пәндеріне жағдай жасалған ол келелі және күрделі мәселе? Болашақта бұл білім сапасына ықпал етері сөзсіз [8].

Біздің еліміздегі сәулет білімінің заманауи мәселелерін талдау оны заманауи сәулет-педагогикалық практикада қолдану үшін бұрыннан келе жатқан шығармашылық және педагогикалық дәстүрлерді жоғалтпауымыз керек. Заманауи талаптарды қолданып, бар отандық жоғары сәулет мектептерінің сәулетшілерді оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесін зерделеу және жалпылау қажеттілігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Гевейлер Д.Н. Сходство и различие преподавания живописи художникам и дизайнерам // Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена, №129, 2011, С. 7-8
2. Чемякина Ю.В., Прохорова Т.В. Особенности преподавания живописи в архитектурно-дизайнерском образовании // Искусство Сибири и дальнего Востока: наследие, современность, перспективы: материалы межрегиональной научно-практической конференции 2-3 декабря 2015 г. / под. ред. Шишина М.Ю.; АлтГТУ им. И. И. Ползунова. Барнаул: Изд-во АлтГТУ, 2015, 100 с.
3. Қаржаубаева С., Амандықова Д. Бейнелеу сауаттылығының негіздері: Оқулық. Астана: Фолиант, 2010, 272 б.
4. Юсупов А.Н. Композиция құру әдістері. Шымкент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2008, 110 б.
5. Госстандарт. Архитектурное образование. Ч.П.Специалист. Под. ред. А.В. Степанова, Н.Ф. Метленкова. Астана, Фолиант, 2001, 8 с.
6. Айдарова З., Дирксен Л., Бейнелеу өнері: Оқу құралы. Астана: Фолиант, 2010, 216 б.
7. Фармонов А.А., Юсупов А.Н., Эралиев С, Жетписбаева Б.У., учебное пособие Архитектура, Шымкент, ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2008, 304 с.
8. Бархин М.Г. Методы работы зодчего. М.: Стройиздат, 1984 , 224 с.

Аннотация

В данной статье особенности преподавания предметов искусства классифицируются в соответствии с принципиальными различиями между «дизайном», «архитектурой» и «живописью». Архитектор между социальной жизнью современного общества и его особым отношением к реальности; он контролирует окружающий его мир, анализирует его и суммирует эффекты, которые он использует, с помощью своих наглядных пособий. Существуют различия в методике преподавания дисциплин по этим специальностям. Традиционная академическая готовность художников означает долгосрочную жизненную работу, постепенную цветовую культуру, личное восприятие, которое является выбором исходного цвета, и экспериментальный поиск цвета и

цветовой гармонии. В целом, в специальности архитектуры главной задачей является определение особенностей преподавания художественных дисциплин архитектурным дисциплинам: рисунок, архитектурный рисунок, живопись, цветоведение, декоративная живопись, скульптура, специфические особенности обучения.

Abstract

The art of teaching art objects are classified in accordance with the principles of "design", "architecture" and "painting". Architect of the social life of the modern society and its relative relevance to realities; It oversees the ten circuits of the Earth, analyzes it and summarizes the effects that are used by them, with the help of their own posobiy. Differentiate in the methodology of teaching the disciplines according to the specifications. Traditional academic artists perform long-lasting, lifelike, colorful personality, which is selected from the original color, and experimental search for color and color harmony. In General, in the specialty of architecture, the main task is to determine the features of teaching art disciplines to architectural disciplines: drawing, architectural drawing, painting, color studies, decorative painting, sculpture, specific features of training.

ӘОЖ 378

Ф.К. Узденова, П.Т. Мусирекова, М.А. Сейсенбаева

магистр, оқытушы, Мирас колледжі, Шымкент, Қазақстан

магистр, оқытушы, Мирас колледжі, Шымкент, Қазақстан

магистр, оқытушы, Мирас колледжі, Шымкент, Қазақстан

ИНТЕРАКТИВТІ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Түйін

Мақалада бастауыш сыныптарда жаңа білім беру және педагогикалық технологияларды ұйымдастыру және енгізу мәселелерін қарастыратын, проблемалық-модульдік оқыту технологиясының теориялық және әдіснамалық негіздерін, модульдік оқытудың мағыналық құрылымын, оның ұйымдастырушылық жағын анықтайтын мәселелер көтерілген.

«Педагогикалық технология» ұғымының феноменологиясын зерттеудің теориялық аспектілері, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларының негізгі сипаттамалары мен ерекшеліктері.

Негізгі мақсат - бакалавриат студенттерінде оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі процесінің әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәні, жаңа білім нәтижелеріне қол жеткізудің оңтайлы жолдары және оқыту деңгейінің педагогикалық диагностикасына көзқарастар туралы тұтас идея қалыптастыру; заманауи педагогикалық технологиялардың ерекшелігін, осы технологияларды кәсіби педагогикалық қызметке қолдануға дайын болу.

Кейбір анықтамаларға сүйене отырып, біз технологияның негізгі белгілерін ажырата аламыз. Біріншіден, технология дегеніміз мұғалім мен оқушылардың белсенділігі, іс-әрекеті ретінде анықталады. Екіншіден, бұл әрекет міндетті түрде педагогикалық заңдар мен заңдарға негізделеді. Үшіншіден, оқыту мен оқу қызметі алдын-ала мұқият ойластырылған. Төртіншіден, бұл кепілдендірілген жоғары нәтиже береді.

Кілттік сөздер: бастауыш, *интерактивті-инновациялық оқыту технологиясының,*

Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А. Коменскийдің, И. Гербарттың дәстүрлі объект-субъектілі педагогикасының орнын басқасы басты, ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіруге, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер — оқытушы мен оқушының тұлғалық-бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Егер «жеке тұлға» ұғымының мазмұнын талдап, түсінік беретін болсақ, біздің ойымызша, төмендегідей анықтама неғұрлым дәл келеді:

«Жеке тұлға — бұл адамның психикалық, рухани мәні, ол әр түрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән:

- адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жиынтығы;
- өзіне және өзімен-өзінің, дүниеге және дүниемен қатынастарының жүйесі;
- іс жүзіне асырылып жүрген әлеуметтік рөлдер қызметінің жүйесі, мінез-құлық әрекеттерінің жиынтығы;
- айналадағы қоршаған әлемді және онда өзін-өзі жете түсінуі;
- қажеттілік жүйесі;
- шығармашылық мүмкіншілігі мен қабілеттерінің жиынтығы;
- сыртқы жағдайларға әсерінің жиынтығы және т.б.» (Г.К. Селевко).

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі — баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Ғылымға мықтап енген «педагогикалық технология» ұғымына әртүрлі түсініктемелер берілген (В.П. Беспалько, В.М. Шепель, И.П. Волков, М. Чошанов, М.В. Кларин, Г.К. Селевко және т.б.). Дегенмен, барлық анықтамалардың ортақ басты негізі бар, бұл, біздің ойымызша, келесі түсіндірмеден айқын көрінеді:

«Педагогикалық технологиялар — бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды» [1].

Интерактивті-инновациялық ерекшелігі: тек білімді меңгерту емес, оқушының танымдық қабілетін және танымдық процестерді жадының алуан түрлерін есту, көру, қимыл ойлауды, ынтаны қабылдау қабілетін дамытып, оны бекіту, шығармашылық деңгейін арттыру.

Сабақтың қызықты, сапалы өтуі тікелей мұғалімнің шеберлігіне байланысты болады. Осы орайда белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу», - деген өткен ғасырда айтылған сөздері ойға оралады. Бір сабақтың әр кезеңдері түрлі әдістері орнымен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады.

Сөздікпен жұмыс кезінде оқушының шығармашылығы, мүмкіндігіне қарай сөз тіркесін, сөйлемдерге сөзжұмбақ, ребус немесе сканворд құрастыру мүмкіндігін тудыру болса, жаңа материалмен жұмыс істеген кезде өз ойын сызба немесе сурет, тірек конспектілері арқылы жеткізуіне, жаңа тақырыпты бекіту кезеңінде өз пікірін шағын шығарма, өлең, жұмбақ, қағида немесе ереже құрап жазу арқылы беруге болады [2].

Оқушының белсенділігін оның ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін, жадысы мен зейінін дамытып, қызығушылығын арттырады. Сабақ формаларының өзгеріп отыруы, әсіресе топтық формалар оқушылар арасында қарым-қатынастың нығаюына ықпалын тигізеді. Оқушының тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдап алуға еріктілігі, оның өз күшін, шама-шарқын бағалай білуге, өзін қауіпсіз сезінуіне, қиындыққа дайын болуға және оны жеңуге тырысуына жетелейді.

Модульдік оқыту технологиясының негізі – модуль. Осы технологияны басшылыққа ала отырып, бағдарламада берілген тақырыптарды логикалық бір жүйеге келтіріп, модульдерге бөлдім. Бұл модульдік оқытудың негізгі идеясы – жаңғырту. Оның мазмұны:

1. оқытудың жалпы мақсатын қою;
2. жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу;
3. оқушылардың білім деңгейін алдын-ала бағалау;
4. оқу әрекеттерінің жиынтығы;
5. нәтижені бағалау [3].

Оқушыларды оқу мақсатымен модульмен таныстырамын. Оқушылар: оқу мақсатын, өзіне қойылатын талапты, лексикалық және грамматикалық тақырыпты, модульдің мазмұнын, жұмыс-үрдісін, нәтижесінің бағаланып және түзетіліп отыратынын біледі.

Оқыту модулі үш құрылымдық бөлімнен тұрады:

1. кіріспе (модульге, тақырыпқа енгізу)
2. сөйлесу бөлімі (оқушылардың өзара сөйлесуін ұйымдастыру)
3. қорытынды бөлімі (бақылау, тест)

Әрбір оқу модуліндегі сабақ санының ауытқуы тақырыпқа байланысты бестен тоғызға дейін тиімді деп есептеймін, себебі сөз қорының молаюы аз мөлшермен беріліп қайта-қайта жаңартылып, өз пікірін ортаға сала алатындай болуы керек [4].

Тілді оқытуда сөздікпен жұмыс оқушының тілін байытуда ерекше орын алады. Бұл жұмыс оқушының сөздік қорын молайтып, тілін, ойлау қабілетін дамытады. Сөйлесу сабағы оқушыларды тек қана қазақ тілінде ауызекі сөйлеуге үйретіп қоймайды, оларды ойлау, талдау, сараптау және қорытындылау қабілеттерін жетілдіреді.

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әртүрлі жағдайларға байланысты. Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, сауатты жазуға үйрету, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тілін құрметтеуге, Отанды сүйуге баулу.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі – сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс дегеніміз – сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс дегеніміз – сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

1. Дыбыстармен жұмыс
2. Сөздіктермен жұмыс
3. Сөздік қорларын жетілдіру
4. Тіл дамыту
5. Ережемен жұмыс
6. Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Мәтінмен жұмыс істеу мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс.
2. Мәтінмен жұмыс кезеңі.
3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең.

1) Мәтін алдындағы жаттығулар мен соған сәйкес жұмыс түрлері мынадай бағытта жүргізіледі: тілдік тұлға мен сөйлем үлгілерін мәтінде танып, айыра білу және әртүрлі құрылымдық материалдарды (сөзжасам элементтері, етістіктің жақ, шақ түрлері, т.б.) меңгерту.

2) Келесі мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы орындалады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әртүрлі тәсілмен орындау. Мәтінмен жұмыс былайша ұйымдастырылады: оқығанның мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар жасату, бірнеше бөлімге бөліп оқыту, негізгі жанама ойды таптыру, қорытынды жасату.

3) Шартты түрде алып отырған үшінші кезеңде мәтінді оқып, түсініп, негізгі ойды қазақ тілінде жеткізе білу.

Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыстар:

1. Логикалық сұрақтар
2. Сөздік жұмыстар
3. Фонетикалық жаттығулар
4. Сөйлем құру
5. Мәтінге жоспар құру
6. Аударым
7. Мәтінге ат қою

8. Диалог, ситуация құру

9. Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айту

Мәтінді оқытудың мынадай түрлерін сабақ үстінде қолданамын:

1. Дауыстап оқыту арқылы оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі – оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және түзетіп отырады.

2. Іштей оқу – бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: оқушыларға іштей шапшаң оқу үшін бір мәтін беремін де, қай жерге дейін оқу керектігін белгілеймін. Әркім белгілеген жерге келгенде кітаптарын жауып, бітіргенін байқатады. Солай оқушылардың оқу шапшандықтарын мөлшерін өзім белгілеп отырамын.

Сабақ тиімділігін арттыруда ойын элементтерін қолдану белсенділігін арттырып, оларды ынталандырады, теориялық білімдерін практикада қолдануға үйретеді. Ойын элементтерін сабақта екі түрлі мақсатта пайдаланамын. Біріншісі – сабаққа қызығушылығын арттыру, тілін дамыту, екіншісі – оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, тапқырлыққа баулу.

Сабақта қолданылатын ойындар: «Бәйге», «Кім жылдам?», «Кім тез табады?», «Ойлан тап!», «Жалғасын айт», «Полиглот», «Не, қайда, қашан?». Ойын барысында оқушының ойлау қабілеті, тапқырлығы дамиды.

Модульдік технология мұғалімнің алдында тұрған көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі:

- жалпы білім сапасын жоғарылату;

- сабақтың тиімділігін жоғарылату;

- дарынды оқушылармен жұмыс жүйесін жасау;

- оқушылардың мақсаттарына жету жолындағы жетістіктерін есепке алу жүйесін жасау;

- жеке тұлғаның өзін-өзі реттеуі, өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі дамытуы.

Модульдік технология алға қойған мақсатқа оқушылармен бірлесе отырып проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Бұл жерде аталмыш технологияда оқушылар оқу модульдерінен «шыққанда», қорытынды (бақылау) бөлімде оларға білім стандарты деңгейіне сәйкес тапсырмалар берілетіні (ҚР БЖҒМ бекіткен оқу бағдарламаларын қараңыз) есепке алынуы тиіс. Он екі баллдық білім бағалау жүйесі енгізілсе, оқу модулінің қорытынды (бақылау) бөлімінде оқушыларға үш деңгейлік (сөйлесу бөліміндегі сияқты) тестілер, бақылау жұмыстарын ұсыну керек болады.

1. Яғни тестілер және бақылаудың басқа да түрлері «жеңілдетілген стандартқа», білім стандартына және «стандарттан жоғары» деңгейлерге сәйкес - 3 деңгейде (нұсқада) берілуі тиіс.

ІІІ деңгейді (ІІІ нұсқаны) орындағаны үшін оқушы 1-ден 4 баллға дейін, ІІ деңгей (ІІ нұсқа) үшін - 5-тен 8 баллға дейін және І деңгей (І нұсқа) үшін - 9-дан 12 баллға дейін алады.

Мысалы, $i = n-2$ болғанда $y_{n-1} = c_{n-2}(d_{n-2} - y_n)$ болады, ал $i = n-3$ болғанда $y_{n-2} = c_{n-3}(d_{n-3} - y_{n-1})$, т.с.с., $i = 0$ болғанда $y_1 = c_0(d_0 - y_2)$.

$y(x)$ ізделінді функциясының соңғы мәндерін:

$$y_0 = \frac{\alpha_1 y_1 - Ah}{\alpha_1 - \alpha_0 h} \quad (8)$$

формуласымен есептейміз.

Бұл әдіс тура және кері жолы бар болғандықтан қуалау әдісі деп аталады.

Тура жол (5) жүйенің коэффициенттерін (6) формулалар бойынша есептеу болып табылады.

Кері жол ізделінді функцияны кері ретпен (7), (8), (5) формулалармен есептеу болып табылады.

Мысал.
$$\begin{cases} y(0) - y'(0) = 0, \\ y(1) = 3,718 \end{cases}$$
 шекаралық шарттарымен берілген екінші ретті

$y'' - 2xy' - 2y + 4x = 0$ теңдеуін $\varepsilon = 0,001$ дәлдікпен, $h = 0,1$ қадаммен қуалау әдісімен шығарып көрсетейік[1].

Шешуі. Барлық есептеуді үтірден соң төрт таңбаға дейін жуықтап отырамыз.

Есеп шарты бойынша берілген (a,b) аралығын $n=10$ тең бөлікке бөлеміз. Мұндағы $a = 0, b = 1$. Нәтижесінде $x_0 = 0, x_1 = 0,1, \dots, x_{10} = 1$ түйіндерін аламыз. Осы түйіндерде ізделінді функцияның мәндерін іздейтін боламыз. Есептің шартынан келесі шамалардың мәндерін жазып алайық(кез келген x_i түйіні үшін)[2]:

$$p(x_i) = 2x_i, \quad g(x_i) = -2, \quad f(x_i) = -4x_i,$$

$$\alpha_0 = 1, \alpha_1 = -1, \beta_0 = 1, \beta_1 = 0, A = 0, B = 3,718.$$

Тура жолы:

1. (a,b) аралығын бөлу арқылы табылған түйіндер үшін m_i және k_i мәндерін

$$m_i = -2 + p(x_i) = -2 - 0,2x_i$$

$$k_i = 1 - p(x_i)h + g(x_i)h^2 = 1 + 2 \cdot 0,1x_i - 2 \cdot 0,01$$

формулалары бойынша тауып аламыз.

2. c_0, d_0 мәндерін

$$c_0 = \frac{\alpha_1 - \alpha_0 h}{m_0(\alpha_1 - \alpha_0 h) + k_0 \alpha_1} = -0,9016$$

$$d_0 = \frac{k_0 A h}{\alpha_1 - \alpha_0 h} + f_0 h^2 = 0,001$$

формулаларының көмегімен есептеп аламыз [4].

Ал c_i, d_i мәндерін

$$c_i = \frac{1}{m_i - k_i c_{i-1}}$$

$$d_i = h^2 f_i - k_i c_{i-1} d_{i-1}$$

формулаларының көмегімен есептейміз. Мұндағы $i = \overline{1, n-2}$.

$i = 1$ болғанда:

$$c_1 = \frac{1}{m_1 - k_1 c_0} = -0,8941$$

$$d_1 = h^2 f_1 - k_1 c_0 d_0 = -0,0040.$$

$i = 1$ үшін де c_i, d_i мәндерін дәл осылай табамыз[6]:

Кері жол: $x = x_n$ түйінінің мәнін:

$$y_n = \frac{Bh + \beta_1 c_{n-2} d_{n-2}}{\beta_0 h + \beta_1 (1 + c_{n-2})} = 3,718$$

формуласымен анықтаймыз.

x_i, y_i ($i = n-1, n-2, \dots, y_1$) түйіндерінің мәндерін (5) формуласымен іздейміз:

$$y_i = c_{i-1} (d_{i-1} - y_{i+1}).$$

Мәселен $i = n-1$ үшін:

$$y_{n-1} = c_{n-2} (d_{n-2} - y_n) = 3,214$$

x_0 түйініндегі мәні

$$y_0 = \frac{\alpha_1 y_1 - Ah}{\alpha_1 - \alpha_0 h} = \frac{-1 \cdot 1,129 - 0 \cdot 0,1}{-1 - 1 \cdot 0,1} = 1,117$$

Басқа да түйіндерінің мәндерін осылай таба аламыз [7].

Әдебиеттер тізімі

1. Исмаилов Б.Р., Курмушев И.К. Методические указания по численным методам ешения дифференциальных уравнений. Шымкент: КазХТИ, 1991, 36 с.
2. Копченова Н.В., Марон И.А. Вычислительная математика в примерах и задачах. Москва: Наука, 1989, 342с.
3. Closek M., Zeromska A.K., Rozumawania w matematyce. Krakow: WN UP, 2013, 192p.
4. Клифтон Р.Дж. Разностный метод в плоских задачах динамической упругости. // Механика: Сб. Перев., 1968, №1, С. 103-122.
5. Олехник С.Н., Потапов К., Пасиченко П.И. Уравнения и неравенства. Нестандартные методы решения: Справочник. М.: Наука, 1992, 192 с.
6. Мордкович А.Г. Алгебра и начала анализа 10-11 кл. М.: Высшая школа, 1995, 375с.
7. Потапов М.К. Уравнения и неравенства. Нестандартные методы решения. М.: Дрофа, 2002, 195 с.

Аннотация

Задача решается методом прогонкиобыкновенного линейного дифференциального уравнения второго порядка. Известно, что помимо аналитических методов решения линейных уравнений второго порядка существуют также численные методы их решения. В данной работе выбраны и применены разностные соотношения для решения поставленной задачи. Сначала мы делим интервал (а, b) на n частей, заменим значения произведения в этих узлах разностными отношениями и

построим систему линейных уравнений. Обычно такая система уравнений решается методом Гаусса или итерационным методом. Однако эта система имеет много нулевых коэффициентов, и коэффициенты образуют тригональную матрицу, то есть матрицу, в которой все элементы равны нулю, за исключением элементов, расположенных на трех диагоналях. Поэтому для решения такой системы уравнений используется специальный метод, называемый методом прогонки.

Abstract

The problem is solved by the method of sweeping an ordinary linear differential equation of the second order. It is known that in addition to analytical methods for solving linear second-order equations, there are also numerical methods for solving them. In this paper, difference relations are selected and applied to solve the problem. First, we divide the interval (a, b) into n parts, replace the product values at these nodes by difference relations and construct a system of linear equations. Usually, such a system of equations is solved by the Gauss method or iterative method. However, this system has many zero coefficients, and the coefficients form a trigonal matrix, that is, a matrix in which all elements are equal to zero, with the exception of elements located on three diagonals. Therefore, to solve such a system of equations, a special method is used, called the sweep method.

УДК 27.23.19

Е.Н. Шарипбаев, А.А. Абжапбаров

магистрант, Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент,
Казахстан

к.ф.-м.н., доцент, Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова, Шымкент,
Казахстан

ДЕДУКТИВНЫЙ СПОСОБ ИЗУЧЕНИЯ ПРОИЗВОДНОЙ В ШКОЛЬНОМ КУРСЕ МАТЕМАТИКИ

Аннотация

Актуальность темы “Производная в школьном курсе математики” следует из того, что человек в повседневной деятельности постоянно сталкивается с решением задач, которые могут быть полностью описаны с помощью функций на математическом языке, а между тем производная является мощным орудием исследования функций. Понятие производной – основное понятие дифференциального исчисления - возникло в XVII в. в связи с необходимостью решения ряда задач из физики, механики и математики, в первую очередь следующих двух: определения скорости прямолинейного неравномерного движения и построения касательной к произвольной плоской кривой. Тема “Производная в школьном курсе математики” является одним из основных разделов начал математического анализа. В связи с недостаточной разработкой данной темы в методическом плане эта тема интересует многих методистов в настоящее время. В данной статье освещается один из методов обучения производной в школьном курсе математики, именуемый дедуктивным.

Ключевые слова: методика, пути изучения, понятие производной, приращение аргумента, приращение функции, геометрический смысл, физический смысл, алгоритм.

Введение. Дедуктивный метод — метод мышления, следствием которого является логический вывод, истинность которого гарантируется истинностью посылок. Также может определяться логико-методологическая процедура, посредством которой осуществляется переход от общего к частному в процессе рассуждения [7]. Изучение производной функции в программе средней школы — достаточно сложный процесс, однако усвоение этого материала является очень важным. Ведь понятие производной является фундаментальным для более сложных разделов высшей математики — дифференциального исчисления, математического анализа и других. Поэтому без четкого понимания смысла этого математического термина невозможно дальнейшее освоение школьного курса математики.

Современные школьные учебники дублируют вузовский подход при изложении темы "Производная и ее применение". Практически во всех учебниках (имеются ввиду учебники алгебры под редакцией различных авторов) одинакова схема введения этой темы, а именно:

1. Приводится подводящая задача, раскрывающая физический смысл производной.
2. Формулируется понятие производной.
3. Конкретизируется понятие производной путем ее вычисления на основании определения, выяснения геометрического смысла производной, графического отыскания производной.
4. Мотивируется необходимость изучения теорем о вычислении производных, а затем эти теоремы формулируются и доказываются.
5. Рассматриваются приложения производной.

Однако, рассмотрев учебники алгебры Колмогорова [1], Абылкасымовой [5], Башмакова [2], Мордковича [6], Алимова [3] и Рахымбека [4], можно увидеть и существенные различия в изложении одного и того же материала.

Итак, рассмотрим эти учебники. Сначала учебник под редакцией Колмогорова, Абылкасымовой а затем Башмакова, Алимова, Рахымбека и Мордковича.

В учебнике Колмогорова и Абылкасымовой объяснение теоретического материала опирается на известные уже учащимся сведения о приближенном значении числа, абсолютной погрешности, точности заданного приближенного равенства, нахождении приближенного значения функции, если дана задающая ее формула. Также опорными являются представления учащихся о графиках известных им функций.

На первом уроке дается понятие приращения функций. Здесь вводятся вспомогательные понятия: приращения аргумента и приращения функции, а также рассматривается геометрический смысл этих понятий. Затем при помощи рисунка (рис.1) вводятся определения секущей и углового коэффициента секущей проходящей через точки

$(x_0; y_0)$, $(x; y)$ через отношение $\frac{y - y_0}{x - x_0}$.




Рис. 1 – Секущая и угловой коэффициент.

Затем с помощью введенных обозначений выражается средняя скорость движения за промежутков времени, и аналогично ей средняя скорость изменения функции на промежутке $[x_0; x_0 + \Delta x]$.

Далее в учебнике даются задачи на закрепление и усвоение темы первого урока.

На следующем уроке дается понятие касательной к графику функции и понятие производной. Целью изучения этого пункта является создание наглядного образа касательной и производной, как углового коэффициента касательной. Эти наглядные образы

помогают учащимся воспринять определения, которые даются в последних пунктах. На этом же уроке рассматривается понятие мгновенной скорости. Метод нахождения производной сводится к нахождению углового коэффициента касательной или, по аналогии с физикой, скорость изменения функции f в точке x_0 . Алгоритм решения таких задач следующий:

1. С помощью формул, задающей функцию f , находится приращение функции в точке x_0 .
2. Находится выражение для разности отношения:

$$\frac{\Delta f}{\Delta x} = \frac{f(x_0 + \Delta x) - f(x_0)}{\Delta x}$$

3. Выясняется к какому числу стремится отношение $\frac{\Delta f}{\Delta x}$ при $\Delta x \rightarrow 0$. Найденное таким образом число, по аналогии с физикой, иногда называется скоростью изменения функции в точке x_0 или, что более принято, производной функции в точке x_0 .

Далее, на следующих уроках рассматриваются понятие о непрерывности и предельном переходе, правила вычисления производных, производная сложной функции, производные тригонометрических функций и так далее. В объяснении этих тем ничего особенного у Колмогорова не замечается.

Теперь рассмотрим учебники под редакцией Башмакова, Алимова и Рахымбека. В них много общего. Так например, и у Башмакова [вводимая беседа, и у Алимова и Рахымбека подводящие задачи приводят к выводу, что производная - это скорость. В обоих учебниках получают формулу средней скорости и, опираясь на знания физики, записывают формулу для момента времени t :

$$V(t) = \lim_{h \rightarrow 0} \frac{S(t+h) - S(t)}{h}$$

$$V_{cp} = \frac{S(x+h) - S(x)}{h}$$

В отличие от учебника Колмогорова в учебниках Башмакова и Алимова понятие производной вводится через понятие предела:

$$f'(x) = \lim_{h \rightarrow 0} \frac{f(x+h) - f(x)}{h}$$

Далее во всех учебниках рассматриваются примеры на закрепление понятия производной, и доказывается, что $C' = 0$.

Затем рассматриваются геометрический и физический смысл производной и ее применение. Применение производной вызывает большее затруднение, чем введение этого понятия. Это связано с тем, что из-за громоздкости и сложности теорема Вейерштрасса в школьный курс не входит, поэтому общее положение рассматриваются примитивными средствами.

Можно сформулировать теорему Вейерштрасса и проиллюстрировать для понятия на рисунках.

Теорема Вейерштрасса: Непрерывная на отрезке $[a, b]$ функция f принимает на этом отрезке наибольшие и наименьшие значения.

При иллюстрации этой теоремы целесообразно рассмотреть каждый вариант (рис. 2, 3, 4, 5, 6).




Рис. 2 - Иллюстрация теоремы Вейрштрасса случай 1




Рис. 3 - Иллюстрация теоремы Вейрштрасса случай 2




Рис. 4 - Иллюстрация теоремы Вейрштрасса случай 3




Рис. 5 - Иллюстрация теоремы Вейрштрасса случай 4




Рис. 6 - Иллюстрация теоремы Вейрштрасса случай 5

Далее можно выделить этот факт, что только для функции непрерывной на отрезке и отличной от постоянной гарантировано теоремой Вейерштрасса существование наибольшего и наименьшего значения, а для других функций не гарантированно.

После этого можно решить задачи на закрепление этой темы. Следует также предложить алгоритм решения задач на *max* и *min*:

- 1). В качестве переменной выбирается одна из величин, которую нужно найти; вводятся для нее ограничения; через нее выражаются остальные неизвестные.
- 2). Составляется функция, зависящая от введенной переменной, той величины о которой сказано то, что она должна быть наибольшей или наименьшей.
- 3). Исследуется функция на интервале допустимых значений переменной.
- 4). Находятся наибольшие, наименьшие значения.
- 5). Находятся остальные неизвестные.

В учебнике Мордковича [6] изучение производной начинается с изучения предела последовательности и предела функции в точке. Затем рассматриваются свойства сходящихся последовательностей и приемы вычисления пределов последовательностей.

Понятие предела функции в точке вводится на наглядном уровне, определение при этом не формулируется. Учащимся на примерах разъясняется, как вычислять предел непрерывных функций и функций, не являющихся непрерывными в данной точке.

После этого вводятся понятия приращения аргумента и приращения функции. Рассмотрение производной начинается с решения двух задач: о скорости движения и о касательной к графику функции. Затем формулируется определение производной.

Вывод : Дедуктивный подход рассчитан на 17-18 летних студентов, сделавших уже выбор профессии. Но сегодняшний выпускник средней школы имеет за плечами только 16 лет, а выбор профессии ему еще предстоит. Совсем необязательно она будет связана с математикой. Поэтому нужно заметить, что речь идет не о математических классах, в которых можно предполагать знание теории вещественных чисел, предела и непрерывности, а о тех учащихся которые с этими понятиями не знакомы.

Список литературы

1. Колмагоров А.Н., Алгебра и начала анализа: Учеб.для 10-11 классов средней школы. М.: Просвещение, 2008, 384 с.
2. Башмаков М. И. Алгебра и начала анализа: Учеб.для 10-11 классов средней школы. М.: Просвещение, 2000, 351 с.
3. Алимов А.Ш., Колягин Ю.М., Ткачева М.В., Федорова Н.Е., Шабунин М.И. Учебник. — 18-е изд. М.: Просвещение, 2012, 464 с.
4. Рахымбек Д., Бейсеков Ж., Шарипов Т.А. Орта мектепте математиканы оқытудың әдістемесі. Шымкент, 2003, 180 б.
5. Абылкасымова А.Е., Бекбаев И.Б., Абдиев А.А., Жумагулова З.А. Алгебра және анализ бастамалары. Алматы: Мектеп баспасы, 2007, 200 с.

6. Мордкович А.Г., Семенов П.В. Алгебра и начала математического анализа. Учебник. — 6-е изд., стер. Москва: Мнемозина, 2012, 287 с.
7. Описание дедуктивного метода умозаключения. Доступно на https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B5%D0%B4%D1%83%D0%BA%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D0%BE%D0%B5_%D1%83%D0%BC%D0%BE%D0%B7%D0%B0%D0%BA%D0%BB%D1%8E%D1%87%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5 (от 20 декабря 2019 г.)

Түйін

"Математиканың мектеп курсында туынды" тақырыбының өзектілігі адам күнделікті қызметте математикалық тілдегі функциялардың көмегімен толық сипатталуы мүмкін тапсырмаларды шешуде үнемі бетпе-бет келеді, ал туынды функцияларды зерттеудің қуатты құралы болып табылады. "Мектептегі математика курсында туынды" тақырыбы Математикалық талдау бастауларының негізгі бөлімдерінің бірі болып табылады. Бұл тақырып әдістемелік тұрғыдан жеткіліксіз әзірленуіне байланысты қазіргі уақытта көптеген әдіскерлерді қызықтырады. Бұл мақалада дедуктивтік деп аталатын математиканың мектеп курсында туынды оқыту әдістерінің бірі баяндалады.

Abstract

The relevance of the topic "Derivative in the school course of mathematics " follows from the fact that a person in everyday life is constantly faced with solving problems that can be fully described using functions in mathematical language, and yet the derivative is a powerful tool for the study of functions. The topic " Derivative in the school course of mathematics" is one of the main sections of the beginning of mathematical analysis. Due to the insufficient development of this topic in the methodological plan, this topic is of interest to many methodologists at the present time. This article covers one of the methods of teaching a derivative in a school course of mathematics, called deductive.

**ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР, АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ
НАУКИ О ЗЕМЛЕ, АГРОПРОМЫШЛЕННЫЙ КОМПЛЕКС
SCIENCES ABOUT THE EARTH, AGRICULTURE**

ӘОЖ 636.933.2.082

Б.Ж. Асылбеков, Б.М. Орынбаева, Н.А. Назарқасым

а.ш.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
студент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
asylbekov_516@mail.ru

**ХЛОРОРГАНИКАЛЫҚ ҚОСЫЛЫСТАРДЫҢ ЖАНУАРЛАР ОРГАНИЗІМІНДЕ
ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ**

Түйін

Ғылыми мақалада, ауыл шаруашылығы өндірісінде әр түрлі химиялық заттар гербицидтер ретінде кеңінен пайдаланылады. Соңғылары көп мөлшерде пайдаланылса, мал шаруашылығы өнімдерін жоғарылатып, жоғары астық өнімдерін алуға мүмкіншілік береді. Алынған мәліметтерді 5В120100- «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша оқитын студенттердің оқу процесіне енгізуге болады. Оның үстіне, базарлардағы ветеринариялық лабораторияларында хлорорганикалық пестицидтердің мөлшерін сынамаларда жіті (экспресс) әдістерімен анықтау тиімді. Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша әртүрлі сынамаларды жасап, олардың мал организміне әсерін зерттеген болатын. Зерттеу нәтижесі бойынша қорытынды жасалып, өндіріске ұсыныстар берілді. Хлорорганикалық пестицидтерді практика жүзінде анықтау мақсатында жіті түрде анықтау әдістерін пайдалану тиімді болып табылады. Базарлардағы ветеринариялық лабораторияларында хлорорганикалық пестицидтердің мөлшерін сынамаларда жіті (экспресс) әдістерімен анықтау тиімді, ал хроматография әдісімен анықтау аса күрделі, бұл әдіспен күмән туған жағдайда ғана жүргізуді қажет етеді.

Кілттік сөздер: пестицит, хлорит, органикалық қосылыс, гербициттер, улану, жануарлар, организм, таралу, зерттеу, гамма-глобулин.

Пестицидтер бүгінгі күннің басты мәселесі болып табылады. Ауыл шаруашылығы өндірісінде әр түрлі химиялық заттар гербицидтер ретінде кеңінен пайдаланылады. Олар белгілі мөлшерде пайдаланылса мал шаруашылығы өнімдерін жоғарылатып, жоғары астық өнімдерін алуға мүмкіншілік береді. Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша гербицидтер улы зат болып есептелінеді, олар жоғары мөлшерлерде қоршаған ортаға және жан-жануарларға уытты әсерін тигізеді. Жалпы пестицидтер қоршаған ортаны ластаушылар ішінде 1%- ды құрайды, сонымен қатар пестицидтер 18-20 % егістікті сақтап қалуға және үлкен өнім алуға мүмкіншілік береді. Хлорорганикалық қосылыстардың ішінде дихлорэтаннның алатын орны ерекше. Ол астық дақылдарын залалсыздандыру мақсатында кеңінен қолданылады. Оның өсімдік тектес дәнді-дақылды өнімдердегі рұқсат етілетін мөлшері 7 мг/кг-нан, ал ұндардағы рұқсат етілетін мөлшері 5 мг/кг-нан аспауы тиіс [1, 2].

Аталған мәселені жүйелі түрде іске асыру үшін ауыл шаруашылығы өндірісін мейілінше жеделдету шаралары, атап айтқанда, өндірісті барынша механикаландыру, химияландыру, оның ішінде өсімдік тектес дақылдарының тез арада өсіп-жетілуін тездететін және өсімдік зиянкестеріне қарсы қолданылатын минералдық және синтетикалық гербицидтер мен пестицидтерді кең көлемді түрде іске асыру болып табылады. Жалпы пестицидтерді тиімді пайдалану ауылшаруашылық өнімдерін 18-20%-ға дейін аман сақтайды [3, 4].

Улы химикаттардың жануарлардан алынатын өнімдерге және азықтық заттарға келтіретін экономикалық шығынын ескере отырып [5], олармен жұмыс істеу барысында техникалық қауіпсіздік ережелерін, жануарлардың улануына ықпал ететін жағдайлар мен оның себептерін жете меңгеруді қажет етеді.

Жұмыста алғаш рет кейбір хлорорганикалық қосылыстардың (гексахлоран, дихлорэтан, гептахлор, полихлорпинен) лабораторлық жануарлардың мүшелері мен ұлпаларына таралу ерекшеліктері мен зат алмасудың биохимиялық көрсеткіштерінің динамикасына тигізетін уытты әсері зерттелінді.

Тәжірибе жүргізу арқылы кейбір хлорорганикалық препараттардың лабораторлық жануарлардың әр түрлі мүшелері мен ұлпаларына таралу ерекшеліктерін анықтау, дихлорэтан пестицидінің қояндардың қан сарысуы құрамындағы белоктық және липидтік зат алмасу процестеріне тизізетін уытты әсерін зерттеу; дихлорэтан пестицидінің сублетальды дозасының теңіз шошқаларының гематологиялық және морфологиялық көрсеткіштеріне әсерін зерттеу жұмыстары мақсат ретінде алынған болатын.

Зерттеу нәтижесі бойынша, пероральды түрде берілген гексахлоранның ең жоғарғы мөлшері мида (177%), бұлшық ет миофибрилдерінде (160%), бүйректе (135%) тұрақталса, ал басқа мүшелерде салыстырмалы түрде 101 (өкпеде)- 130% (тік ішекте) аралығында болатындығы анықталды, ал инъекция арқылы енгізілген жағдайда оның концентрациясы пероральды түрден біршама төмен болатындығы белгілі болды. Бұл жағдайда гексахлоранның ең жоғарғы деңгейі бұлшық етте (160%) және жүректе (102%) болатындығы анықталды.

Алайда, тәжірибе деректері гексахлоранмен салыстырғанда гептахлордың мүшелердегі шоғырлануы анағұрлым жоғары болатындығы анықталды. Пероральды түрде берілген гептахлордың шоғырлану деңгейі ең көп мөлшерде ас қорыту жүйесі мүшелерінде (тоқ ішекте-480%, аш ішекте-440%, асқазанда-320%, тік ішекте-205%) анықталса, онан кейінгі орындарды бүйрек (260%), ми (258%), бұлшық ет (180%), көк бауыр (150%), бауыр (140%) алады, ал инъекция арқылы енгізілгенде гептахлордың мөлшері салыстырмалы түрде біршама төмен, дегенімен де оның ең жоғарғы мөлшері бүйректе (220%) және бауырда тіркелді (170%). Алынған мәліметтер мүшелердегі ең шоғырлану деңгейі полихлорпинен пестицидін енгізу нәтижесінде болатындығы белгілі болды. Пероральды түрде берілген полихлорпинен пестицидінің ең жоғарғы концентрациясы қандағы концентрациясымен салыстырғанда аш ішек пен тоқ ішекте 5 есеге, асқазанда 4 есеге, бауырда 3 есеге, мида, бұлшық етте, тік ішекте 2 есе жоғары болатындығы анықталды. Ауыз қуысы арқылы берілген жағдайда олардың деңгейі бұлшық ет арқылы берілгенмен салыстырғанда [6]. анағұрлым жоғары болатындығы белгілі болды.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер дихлорэтанның әсерінен белок алмасуының үнемі төмендеуімен сипатталынды. Бұл тенденция тәжірибе қоюдың басқа тәуліктерінде де үнемі төмендеумен болды. 30-шы тәулікте жалпы белоктың мөлшері 52,8 г/л дейін төмендеді (31,78%). Сонымен қатар белок фракцияларында да айтарлықтай өзгерістер байқалды. Дихлорэтанмен интоксикациялау альбуминдердің концентрациясының күрт төмендеуімен, альфа және гамма-глобулиндердің жоғарылауымен, бета-глобулиндердің бірқалыпты деңгейде болатындығымен сипатталады. Тәжірибе тобындағы теңіз шошқаларының қан сарысуы құрамындағы альбуминдердің концентрациясы 52,2 % болса, 5-ші тәулікте оның деңгейі 49,3 %-ға, 15-ші тәулікте 38,95 %-ға, ал 30-шы тәулікте фондық көрсеткішпен салыстырғанда 2-есе төмендейтіндігі анықталды (21,71 %).

Айтарлықтай альбуминурия құбылысының туындауы хлорорганикалық қосылыстардың токсикодинамикасындағы негізгі көрсеткіштің бірі болып табылады.

Альфа-глобулиндердің концентрациясы тәжірибе жүргізу барысында үнемі жоғарылау сатысында болды. Мысалы, альфа-глобулиндердің фондық көрсеткіші тәжірибе тобында 14,9% болса, 5 тәуліктен кейін бұл көрсеткіш 16,7% - ға, ал 15 және 30-шы тәуліктерде тиісінше 21,3 және 28,71%-ға дейін жоғарылайтындығы анықталды. Альфа-глобулиндердің

деңгейі тәжірибе тобындағы теңіз шошқаларында фондық көрсеткішпен салыстырғанда 58,8%-ға дейін артты.

Бета – глобулиндердің фондық көрсеткіші 12,5%-ды құрады және тәжірибе жүргізу барысында айтарлықтай өзгерістерге ұшырамайды және 15-30-шы тәуліктерде оның деңгейі 13,18-14,28% аралығында болды.

Гамма-глобулиндердің концентрациясының фондық көрсеткіші тәжірибе тобында 20,4 % болды. Дихлорэтанмен интоксикациялаудың 5-ші тәулігінде бұл көрсеткіш 21,08 %-ға, ал 15, 30-шы тәуліктерде оның деңгейі күрт жоғарылайтындығы белгілі болды (тиісінше 26,57 және 35,3 %-ға).

Гамма-глобулиндердің фракциясының жоғарылауы организмдегі интоксикациялау құбылысының шиеленісуімен, қорғаныс-қалыптастыру механизмдерінің жұмылдыруымен, сондай-ақ бауырдағы морфофункционалдық өзгерістерге байланысты деп тұжырымдауға болады.

Бақылау тобындағы теңіз шошқаларында зерттелінген көрсеткіштер айтарлықтай өзгерістерге ұшырамайды және бірқалыпты физиологиялық деңгейде болатындығы анықталды.

Дихлорэтанмен интоксикациялау жалпы липидтерге де елеулі өзгерістер туындайтындығы анықталды.

Айталық, жалпы липидтердің фондық концентрациясы 7,5 г/л болса [7], 5, 15 және 30-шы тәуліктерде оның деңгейі фондық көрсеткішпен салыстырғанда тиісінше 6,8; 4,1; 1,99 г/л-ге дейін төмендейтіндігі белгілі болды. Бақылау тобында жалпы липидтердің мөлшері 7,0-6,89 г/л деңгейлік арасында болды.

Сонымен зерттеу барысында алынған мәліметтер дихлорэтан пестицидінің субтоксикалық дозасы (1000 мг/кг) тәжірибе қою барысында қан сарысуы құрамындағы жалпы белокқа, белок фракцияларына және жалпы липидтердің мөлшеріне айтарлықтай уытты әсер ететіндігі тәжірибе қою барысында анықталды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелерін ескере келе «Дихлорэтан» пестициді 1/100 ЛД₅₀ немесе 15 мг/кг мөлшерде организмге уытты әсер ете отырып, қанда және ағзаларда айтарлықтай өзгерістер тудыратынын дәлелдедік.

Созылмалы уландыру барысында біз әрбір 3, 5, 7,10 –шы күндері келесі клиникалық белгілерді байқадық:

Уланудың 3-ші күні азықпен уландыру барысында клиникалық белгілері нақты байқалмайды. Дегенімен азғана өзгерістерді байқадық. Сыртқы қарау кезінде тәжірибеде тұрған теңіз шошқаларының қондылығы орташа, дене бітімі ортадан жоғары, көзге көрінетін кілегейлі қабықтарының түсі ақшыл-сары. Ортада өздерін тұрақты ұстайды. Рефлекстік жауап қайтарымдары орташа дәрежеде. Дене температурасы бірінші тәжірибеде тұрған теңіз шошқасында 37,9° С (экспериментке дейін 38,0° С), екінші теңіз шошқасында 38,1° С (экспериментке дейін 38,2° С), үшінші теңіз шошқасында 37,8° С (экспериментке дейін 38,1° С), төртінші теңіз шошқасында 38,3° С (экспериментке дейін 38,4° С). Дене температурасының төмендеуі 0,1° С аралығынан 0,2° С дейін. Тыныс алуы және тамыр соғуы өзгермеген.

Интоксикациялаудың 5-7-ші күндері теңіз шошқаларының жағдайы өзгереді. Дене температурасы алғашқы күндері төмендесе, енді қалыпты деңгейде. Тыныс алуы сиреген - 98-100 аралығында тамыр соғуы минутына 158-160. Көз қарашықтары тарылған, ентігеді, ауыздарынан аздаған сілекей бөлінген, алғашқыда қозу, кейінерек тежелу белгілерін байқадық. Бұлшықет әлсіздігі, діріл, азыққа тәбеті төмендеп, салмақтары азайған. Жүн жамылғылары ұйысып қалған. Рефлекстік жауап қайтарымы орташа дәрежеде.

Интоксикациялаудың 10-шы күні теңіз шошқаларының жалпы жағдайы күрт нашарлайды. Дене температурасы қалыпты деңгейден 0,1-0,2° С ауытқыған. Тыныс алуы және тамыр соғуы сиреген. Жалпы жануарлар әлсіреген, терең ентігеді, көз қарашықтары тарылған, қозғалу координациясы бұзылған, тежелу белгілері байқалады. Ауыз қуысының

кілегейлі қабығы, қызыл иек қызарып, қабынған. Көздің кілегей қабығы қызарған. Артқы жақтары нәжіспен былғанған. Жануарлар жүдеген, азықтан мүлдем бас тартқан.

Морфологиялық зерттеу нәтижелері бойынша келесі көрсеткіштер анықталды /1-ші кесте/.

Қанның құрамынан эритроциттердің, лейкоциттердің және гемоглобиннің мөлшерлерін анықтадық.

Зерттеу барысында алынған цифрлық мәліметтер төмендегі кестеде көрсетілген .

Жүргізілген зерттеу нәтижелерін ескере келе дихлорэтан пестициді субтоксикалық мөлшерде организмге уытты әсер ете отырып, қанда және ағзаларда айтарлықтай өзгерістер тудыратынын дәлелдедік.

Созылмалы уландыру барысында біз әрбір 3, 5, 10-шы тәуліктерде келесі клиникалық белгілерді байқадық:

Дихлорэтан пестицидінің субтоксикалық мөлшерімен теңіз шошқаларын интоксикациялау қанның гематологиялық көрсеткіштерінің динамикасына айтарлықтай өзгерістерге ұшыратады. Мұны төменде көрсетілген кестеден айқын байқауға болады. Елеулі өзгерістерді дихлорэтан пестицидін бергеннен кейінгі 3,5,7 және 10-шы тәуліктерде анық байқауға болады. Тәжірибе қою барысында жануарлардың азықтандырылуы және күтіп-бапталуы бірдей болды (кесте-1).

Кесте 1 - Дихлорэтан пестицидінің сублетальды дозасының теңіз шошқаларының гематологиялық көрсеткіштеріне әсер ету динамикасы 10 мг/кг /M±m, n-10/

Көрсеткіштер	Зерттеу мерзімдері				
	Фон	3-ші күні	5-ші күні	7-ші күні	10-шы күн
Эритроциттер $\times 10^{12/л}$	3,28±0,12	2,68±0,11	2,41±0,05	2,30±0,09	2,08±0,08
Лейкоциттер $\times 10^9/л$	5,24±0,11	6,12±0,12	6,62±0,21	7,14±0,20	8,21±0,28
Гемоглобин, г/л	92,3±3,22	82,2±4,02	79,0±3,12	73,8±3,22	72,6±4,35

Мұның өзі түсінікті де, себебі гербицидтер суда жақсы еріп, қанға жылдам сіңеді, нәтижесінде қанның формендік элементтерінің арақатынасы бұзылады /изоиония құбылысы/.

Уланудың 3-ші күні клиникалық белгілері нақты байқалмайды. Дегенімен азғана өзгерістерді байқадық. Сыртқы қарау кезінде тәжірибеде тұрған теңіз шошқаларының қондылығы орташа, дене бітімі ортадан жоғары, көзге көрінетін кілегейлі қабықтарының түсі ақшыл-сары. Ортада өздерін тұрақты ұстайды. Рефлекстік жауап қайтарымы орташа дәрежеде. Дене температурасы тәжірибе қойылған 8 шошқасында 38,5° С (экспериментке дейін 37,9° С), 6 -нда 38,1°С (экспериментке дейін 38,3°С), 12-нде 38,8° С (экпериментке дейін 38,3° С). Жалпы тәжірибеде тұрған теңіз шошқаларының дене температурасының төмендеуі 0,2° С аралығынан 0,6° С-қа дейінгі аралықта болды. Сонымен қатар тыныс алуы және тамыр соғуы зерттеу мерзімдерінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды.

Эритроциттердің сандық мөлшері азайып эритроцитопения құбылысы пайда болады. Эритроциттердің саны зерттеу мерзімінің 3-ші күні алғашқы күнгі мәліметпен /фондық көрсеткіш/ салыстырғанда күрт азая бастағандығын байқауға болады, оның мөлшері 22,4 %-ға дейін кемиді. Қан гемолизге ұшырап, гемоглобиннің оттегін тасымалдау қызметі де айтарлықтай төмендейді, яғни гемоглобиннің мөлшері фондық мәліметпен салыстырғанда 12,2 %-ға дейін төмендейді /P<0,05/. Гемоглобин бұл қанның тыныс алу ферменті, глобин белогынан және гемнен тұрады. Глобин бауырда синтезделеді, альбумин белогымен ұқсас. 2,4-Д тобының қышқылдарымен улану кезінде бауырдың белок түзу қызметі бұзылатынын дәлелдейді.

Ағзада патологоморфологиялық құбылыстар, яғни қабыну процесі басталады. Бұған дәлел ретінде лейкоциттердің мөлшерінің жоғарылауынын айтуға болады, яғни қанда

лейкоцитоз құбылысы дами бастайды. Лейкоциттердің мөлшері 1-ші күнгі мәліметпен салыстырғанда 16,8 %-ға дейін артатындығын байқауға болады / $P < 0,001$ /.

Клиникалық белгілері. Тәжірбиедегі теңіз шошқалары өте қатты тынышсызданады, жиі-жиі іші өтеді, кейбір жануарларда қан аралас іш өту байқалады, әлсірейді, теңселіп жүреді, көзге көрінетін кілегейлі қабықтары сарғаяды.

Жүргізілген тәжірибе нәтижесінде біз органдар және ұлпаларда удың әсерінен болған өзгерістерді байқадық. Барлық мүшелерде гемморагиялық қанталаулар, ауыз қуысының кілегей қабығы анемиялы, құрғақ, тілі болбыр, жұтқыншақтың кілегей қабығы қызғылт, ылғалды. Асқазан және жіңішке ішектің кілегейлі қабықтары қызарған, катаральды-геморрагиялық қабыну, кілегейлі қабықтар ісінген, борпылдақ, сыртқы беткейі көпіршікті, созылмалы кілегеймен жабылған. Жіңішке ішектің лимфа түйіндері шамалы ұлғайған, кесіп көргенде қызарған. Ішектің ішінде созылмалы, иісі жағымсыз масса анықталды. Шажырқайдың қан тамырлары кеңейген.

Өкпесі біркелкі боялмаған, кара-қызыл түсті. Қарайған өкпе бөліктері суға ауыр батады. Консистенциясы жұмсақ.

Бауырдың консистенциясы болбыр, көлемі ұлғайған, түсі қызғылт-қоңыр. Ағза шеттерінде түйіршікті некрозды ошақтар байқалды. Өт қабы жасыл түсті, өтке толы. Бүйректері біршама ұлғайған, түсі күрең, мұлы және шекаралық қабықтар қосылып кеткен. Консистенциясы болбыр. Бүйрек капсуласы жеңіл алынады. Қуық зәрге толы, сарғыш-қызыл түсті. Бүйрек үсті безі қоңыр-сарғыш түсті. Ми және шекаралық қабықтар тегістеліп кеткен. Жүрек қуыстары кеңейген, қан ұйындылары байқалады, миокард болбыр

Қорыта айтқанда, хлорорганикалық пестицидтерді практика жүзінде анықтау мақсатында жіті түрде анықтау әдістерін пайдалану тиімді болып табылады. Зерттеу барысында алынған мәліметтерді «Ветеринариялық фармакология және токсикология» пәнінен 5В120100-Ветеринариялық медицина мамандығы бойынша оқитын студенттердің оқу процесіне енгізуге болады. Оның үстіне, базарлардағы ветеринариялық лабораторияларында хлорорганикалық пестицидтердің мөлшерін сынамаларда жіті (экспресс) әдістерімен анықтау тиімді, ал хромотография әдісімен анықтау аса күрделі, бұл әдіспен күмән туған жағдайда ғана жүргізуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Аргунов М.Н. Проблемы экологии и токсикологии животных // Мат. межд.конф. Воронеж, 2002, Т.2, С. 4-7.
2. Баженов С.В. Ветеринарная токсикология. Л.: Колос, 1970, 319 с.
3. Жуленко В.Н., Рабинович М.И. Ветеринарная токсикология. М.: Колос, 2004, 384 б.
4. Баранников В.Д., Кириллов Н.К. Экологическая безопасность сельскохозяйственной продукции. М.: Колос, 2005, 352 б.
5. Қорабаев Е.М., Заманбеков Н.А. ж.б. Токсикология. Оқулық. Алматы: Дәуір, 2011, 262 б.
6. Аргунов М.Н. Ветеринарная токсикология с основами экологии. Санкт-Петербург: Лань 2007, 415 с.
7. Шахов А.Г., Бузлама В.С., Аргунов М.Н. Эколого-адаптационная стратегия защиты здоровья и продуктивности, животных в современных условиях. Воронеж, Воронежский государственный университет, 2001, 89 с.

Аннотация

В научной статье различные химические вещества широко используются в качестве гербицидов в сельскохозяйственном производстве. Последние, если их использовать в больших количествах, увеличат производство продукции животноводства и позволят им получать более высокие урожаи. Полученные данные могут быть использованы в учебном процессе студентов специальности 5В120100 - «Ветеринарная медицина». Кроме того, в ветеринарных лабораториях на рынках эффективно определять количество хлорорганических пестицидов в образце быстрыми

(экспрессными) методами. По результатам научных исследований были испытаны различные образцы и их влияние на организм. По результатам исследования были сделаны выводы и даны рекомендации по производству. Для практического обнаружения хлорорганических пестицидов эффективно использовать методы быстрого обнаружения. В рыночных ветеринарных лабораториях более эффективно определять количество хлорорганических пестицидов в образце быстрыми (экспрессными) методами, а метод определения хроматографии труднее обнаружить и вызывает сомнения.

Abstract

In a scientific article, various chemicals are widely used as herbicides in agricultural production. The latter, if used in large quantities, will increase livestock production and allow them to get higher yields. The obtained data can be used in the educational process of students of the specialty 5B120100 - "Veterinary medicine". In addition, in veterinary laboratories in the markets, it is effective to determine the amount of organochlorine pesticides in a sample by rapid (rapid) methods. According to the results of scientific research, various samples and their effect on the body were tested. Based on the results of the study, conclusions were drawn and recommendations for production were given. For practical detection of organochlorine pesticides, rapid detection methods are effective. In market veterinary laboratories, it is more efficient to determine the amount of organochlorine pesticides in a sample by quick (express) methods, and the method for determining chromatography is more difficult to detect and is doubtful.

ӘОЖ 582.746.66

О.А. Дәуленов¹, Г.С. Оспанова¹, Қ.Р.Қалыбаев²

¹магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

¹а.ш.ғ. к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

²аға ғылыми қызметкер, Сайрам -Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Шымкент, Қазақстан

ТАУ ПІСТЕ (PISTACIA) ӨСІМДІГІНІҢ СОРТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ КҮТІП-БАПТАУ ШАРАЛАРЫ

Түйін

Тау пісте (Pistacia) – Сумахтар тұқымдасының пісте туысына жатады, көп дінді ағаш, биіктігі 5-7 (10) метрге дейін жетеді. Қабығы ақшылдау, сұр ақшыл, бір жылдық өркендерінің қабығы сұр, қызғылт қоңыр. Ұшарбасы қалың, шар тәрізді, көпдінді өсімдіктерде диаметрі 4-5 метрге дейін болады. Екі үйлі ағашқа жатады, бүршіктері үлкен емес, үшкір, қоңырқара түсті, аналық түрлерінде созылған, ал аталық түрлерінде дөңгелек және ірі болып келеді. Гүлдері күрделі шашақты бүйірдегі гүл шоғырына жиналған. Аталық гүлдері дөңгелек және ірі болып келеді. Аталық гүлдерінде екі гүл жапырақшасы және бір жапырақшалы гүлсерігі бар. Аналық гүлдер бір немесе екі гүл жапырағымен және 2-5 жапырақшалы гүлсерігімен болады. Жемісі – жұқа экзокарпті және қатты эндокарпті бірұрықты сүйекше. Наурыз, сәуір, мамыр айларында гүлдеп, шілде-қыркүйек айларында жеміс салып, піседі. Тау пісте Орталық Азияда Өзбекстанда, Қырғызстанда, Тәжікстан мен Түрікменстанда, Тянь-Шань, Памиралай, Копетдаг тауларында таралған. Оңтүстік Қазақстан кәдімгі пістенің ареалының солтүстік шекарасы болып табылады. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Көкбұлақ, Дәубаба, Машат шатқалдарында кездеседі.

Кілттік сөздер: табиғи парк, тау пісте, сорт, селекция, вегетация, ядро, жеміс, биохимиялық құрамы

Өзбекстанның Жызақ облысында орналасқан Республикалық ғылыми-өндірістік сәндік бау және орман шаруашылығы орталығына қарасты Галля -Арал учаскесінде кәдімгі пістенің 40 астам сорттарының коллекциясы жинақталған. Бұл сорттар авторлық куәліктермен

қорғалып алынған патенттермен расталған. А.ш.ғ. докторы, кәдімгі пісте жөніндегі белгілі ғалым Г.М.Чернованың ұсынысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысындағы ұлттық парктің Көкбұлақ учаскесінде кәдімгі пістенің Альбина, Апшерон, Азербайджанка, Ситора–10 сорттарын енгізу жоспарланды. Сайрам-Өгем МҰТП - ның Көкбұлақ учаскесінде плантацияда енгізуге ұсынылған кәдімгі пістенің шаруашылық-құнды сорттардың биологиялық және экологиялық, шаруашылық сипаттамалары төмендегідей:

Альбина. Шаруашылықта жеміс салуға бұл сорттың ағашы 10-12 жасында түседі. Жемісінің салмағы 0,88г; ядросының дәмі тәтті; ядросында қант 5%, май 59%, ақуыз 13%. Жемісінің сыртқы қауызы ақшыл. 12-15 сәуірде гүлдеп, тамыз айының екінші жартысында жемісі піседі. Екі жыл өнім беріп, бір жыл жеміс салмайды, құрғақшылыққа өте төзімді. Оңтүстік Тәжікстандағы Теректітау шатқалындағы пістенің табиғи алқаптарынан шыққан.

Апшерон. Жемісінің салмағы 1,4г, ядросының үлесі 54%, дәмі тәтті. Жарылған жемістерінің үлесі 90%. Ядросының құрамында 5% қант, 58% май, 12% ақуыз бар. Жемісінің қауызы ақшыл. Мамыр айының бірінші онкүндігінде гүлдеп, қыркүйек айының үшінші онкүндігінде жемісі піседі. Үш жыл өнім береді, бір жыл өнім салмайды. Аурулар мен зиянкестерге шыдамды, құрғақшылыққа төзімділігі орташа. Бұл сорт Азербайжанның Апшерон түбегінде іріктеліп алынған.

Азербайджанка. Ұшарбасы пирамида тәрізді, ағаш сияқты. Жемісінің салмағы 1,1г; ядросының үлесі 53%. Жарылған жемістерінің үлесі 90%. Жемісінде қанттың болуы 5%, май 58%, ақуыз 12%. Аурулар мен зиянкестерге, құрғақшылыққа төзімділігі орташа. Мамыр айында гүлдеп, жемісі қыркүйек айының үшінші онкүндігінде піседі. Бір жыл өнім беріп, бір-екі жыл өнім бермейді. Бұл сорт Азербайжанның Апшерон түбегінде іріктеліп алынған.

Ситора-10. Ұшарбасы пирамида сияқты, ағаш тәрізді. Сәуір айының екінші онкүндігінде гүлдеп, жемісі тамыздың соңғы онкүндігі мен қыркүйектің басында піседі. Аурулар мен зиянкестерге, құрғақшылыққа төзімді. Жемісінің салмағы 1,25г. Ядросының үлесі 55%, құрамында 4% қант, 59% май және 12% ақуыз бар. Ядросының дәмі тұщылау. Қауызының түсі сұрлау. Үш жыл өнім береді, бір жыл өнім салмайды [1,2].

Орзу. Дәні ірі (19x14x13мм), эллипс формалы. Қабығының ашылуы екі жақты. Тігсі ұзындығының 4/5 бөлігін алады. Қабығы жұқа, ақ-сұр түсті. Ядросының қабығы қою қызғылт түсті, ядросының дәмі сәл тәттілеу. Сақтау кезінде екі жылға дейін дәмін жоғалтпайды. 100 дәнінің массасы - 90-95г; жарылған жемістерінің үлесі 80-90%, ядроның үлесі 51%. Ядроның биохимиялық құрамы: май 57%, қант 4%, ақуыз 15%. Жемістері зиянкестермен зақымдануына өте төзімді. Салыстырмалы түрде ерте, 2-3 жыл бүршіктенуден кейін жеміс беруге көшеді. Бүршіктенуден кейінгі 5-6 жылдағы орташа өнімділік (әр гектарға 150 ағаш) 3-4 ц / га құрайды.

Горная жемчужина. 100 дәнінің массасы 98г, жарылған жемістерінің үлесі 90%, ядроның үлесі 50%. Ядросының биохимиялық құрамы: май 56%, қант 5%, ақуыз 13%. Құрғақшылыққа төзімділігімен және аурулар мен зиянкестерге иммунитетімен ерекшеленеді. Вегетативтік көбею кезінде 15-20 жылдық ұластырылған бұталары 4-5 жыл бүршіктенуден соң ғана жеміс беруге көшеді. Бүршіктенуден кейінгі 6-7 жылдағы орташа өнімділік (әр гектарға 150 ағаш) 2-3 ц / га құрайды.

Октябрьская. Жемісінің массасы 1,1г, қабығының ашылуы төмен - 3,1%, ядроның үлесі 45,3%. Кемшіліктеріне қалың және қатты сырқты қабығын жатқызса болады. Ол өзінің тартымсыз сыртқы келбетімен клиенттерді қызықтыра алмайды.

Сабоx. Құрғақ тазартылған дәнінің орташа өнімділігі 4,1ц/га құрайды. Универсалды сорт: жаңа піскен жемістерді тұтынуға және ядродан кондитерлік өнімдерді жасауға болады. Жемістері кеш жетіледі. Дәнінің орташа массасы 1,4г, ядроның үлесі 54,8%, қабығының ашылуы 58-75% [3].

Осы аталған сорттарды Сайрам Өгем МҰТП - ның мүшелерімен бірге тау пістенің қазіргі таңда отырғызылған плантацияға вегетативтік жолмен көзшелерін телу жасаланынып жатыр. Көп жылғы селекциялық жұмыстардың нәтижесінде алынған көрсетілген кәдімгі тау

пістенің шаруашылық құнды сорттарын біздің ұлттық парктің аумағындағы отырғызылатын плантацияларға енгізу – тау пісте плантациясын өсірудің пайдалылығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді, ал, екінші жағынан аумақты тау пістенің гендік қорын көбейтеді.

Объектімен жақсылап танысу үшін оның агротехнологиясын білу керек. Тау пісте аты айтып тұрғандай таулы және құрғақ аймақты жақсы көреді. Топырақтың негізгі түрлері - кәдімгі және қара сұр топырақтарда жақсы өседі. 600 м-ден төмен аймақта ылғалдылық нормадан төмен болғандықтан өсуі қиындайды. Бірақ ол өңірлерде де қолмен суарып өсірсе болады. Себебі, басқа дақылдармен салыстырсақ тау пісте суды қатты талап етпейді. Тау пісте өсімдігін әдейі 800-1300м (1400-1500м) биіктікте өсіреді. Себебі, бұл аймақ оған ең оңтайлы болып табылады. Одан төмен болса өседі, бірақ жеміс беруі төмендеу болады. Одан жоғары болса да дәл сол жағдай туындайды. Өсіресе, дақылдың қалыптасуы мен пісіп-жетілуі кезінде (шілде-тамыз) қажетті температураның болмауына байланысты оның жемісі тұрақты емес және теңіз деңгейінен өсу алаңының көтерілуіне байланысты одан әрі төмендейді. Былайша айтқанда, егер аталған биіктіктен төмен ексек т.п. топырақтың тым құрғақтығынан, ал жоғары ексек ауа температурасының төмен болуына байланысты қиналады [2].

Тау пісте бақшалары ең жақсы баурайларда, экспозициялары терең топырақта жасалады. Ал тасты, тозған жерлерде көбінесе эрозияға қарсы егуге болады.

Тау пісте өсімдігі кальций мөлшері жоғары топырақты жақсы көреді. Бұл таңқаларлық емес. Себебі, оны кальцефильді өсімдік деп атайды. Бірақ та, тау пісте басқа тұздардың жоғары мөлшеріне шыдамайды. Тау пісте өсімдігі үшін ең жақсы топырақ плантациялары сұр түсті (жарық, типтік, қараңғы). Бұл топырақ тау пістенің талаптарына жауап бере алады.

Тау пісте өсіру мен жақсы өнім алудың сәттілігі көбіне тұқым себуге және көшет егуге топырақты алдын-ала дұрыс дайындауға байланысты. Егіске арналған ең жақсы тұқымдар - бұл орташа дәнінің массасы 0,7-0,8 г, қабығының ашылуы кемінде 60% болатын тұқымдар. Себуге арналған тұқымдардың жарамдылық мерзімі - 2 жыл, үшінші жылы өнгіштігі айтарлықтай төмендейді. [3,4].

Интродукциялау сәтті болуы үшін өсімдікке күтім жасай білу керек. Жас көшеттерге күтім топырақты өңдеу технологиясынан, өсімдіктерге тыңайтқыштарды себуден және зиянкес пен аурулардан қорғау шараларынан тұрады.

Топырақты өңдеу барынша ылғалдылықты жинау мен сақтауға бағытталған болуы керек. Құрғақ аймақтарда арамшөптермен күрес шаралары жүргізілуі керек.

Топырақ егісте вегетация кезінде үнемі борпылдақ, қопсытылған болуы қажет. Ол жыл сайынғы күздік бойлық және көлденең жырту арқылы қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ сәуір-мамыр айларында жүргізілетін (ылғал жабу үшін) тереңдігі 20-25см террасты өңдеу мен тереңдігі 10-15см көктемгі екі-үш культивациямен де қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар механикалық жұмыстармен бірге көшеттер қатарларын қолмен қопсыту жүргізіледі.

Тамақтану (қоректену) режимін жақсарту үшін отырғызудан кейінгі екінші жылдан бастап өсімдіктерді азот, фосфор және калий тыңайтқыштарымен қоректендіру ұсынылады. Тыңайтқыштың оңтайлы дозалары - азот пен фосфор 150кг, калий - әр екі жыл сайын бір рет 50 кг/га [5].

Вегетацияның екінші жылының соңында, отырғызылғаннан кейін, егілген жерлерде 1-2 жақсы дамыған көшет қалдырып, егілген жерлердің қырқу және сирету жұмыстары жүргізіледі. 5-6 жасқа дейінгі көшеттерді күту жыл сайынғы бүйірлік бұтақтардың шыбықтарын тазартудан тұрады.

Толық жастағы плантацияларда үш жылда бір рет 50 кг/га калий фонында азот пен фосфор белсенді затының 400 және 300 кг/га мөлшерін қолдану ұсынылады. Үлкен ағаштардың астына осындай периодтылықпен органо-минералды тыңайтқыш (азот 150-200, фосфор 100-120кг + 50-60 т/га көң) себудің жоғары әсері дәлелденді. Сонымен қатар, аналық ағаштардың жағдайын жақсарту және жақсы сағақтардың шығуын көбейту үшін жыл сайын

200кг/га нормалы азотпен немесе бір жылдан (азот 300 кг/га) соң 250кг/га фосформен және 50кг/га калиймен бірге коректендіру керек [6,7].

Әдебиеттер тізімі

1. Попов К.П. Фисташка в Средней Азии. Ашхабад: Ылым, 1979, 159 с.
2. Зверев Н.Е., Қалыбаев Қ.Р., Исламгулова А.Ф. Қазақстанда пісте өсру бойынша ұсыныстар. Алматы: ҚР БҒМ ҒК «Ботаника және фитоинтродукция институты», 2017, 19 б.
3. Савченко А.Д., Имамкулова З. А., Ахмадов Х.М. Садовая культура фисташки в Таджикистане. Душанбе: НИИТИ, 2010, 24 с.
4. С.М. Аблаев «Культура фисташки в Средней Азии». Ташкент: Гротекс, 1992, 9 с.
5. Булычев А.С. Биоэкологические особенности фисташки в предгорьях Киргизского хребта. Фрунзе: АН Киргизской ССР, 1969, 81 с.
6. Рыбаков А.А., Остроухова С.А. Плодоводство Узбекистана. Ташкент: Укитувчи, 1972, 34 с.
7. Тулемисов Е.Х. «Рост и развитие фисташки настоящей в Южном Казахстане». // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана, 1999г, №1, 65 с.

Аннотация

Фисташка (*Pistacia*) - относится к семейству сумаховых, многоствольному дереву, достигающему высоты 5-7 (10) метров. Кора бледно-серая, кора однолетних побегов серая, розовато-коричневая. Растение толстое, шаровидное, многие растения могут расти до 4-5 метров в диаметре. Он принадлежит к двудольному дереву, почки мелкие, острые, коричневые, удлинённые у женских видов, круглые и крупные у мужских. Цветки собраны в сложное соцветие на боковом соцветии. Мужские цветки круглые и крупные. Мужские цветки имеют два лепестка и одноцветковое соцветие. Женские цветы имеют один или два лепестка и 2-5 лепестков. Плод представляет собой тонкую экзокарпную и твердую одноядерную одноядерную кость. Цветет в марте, апреле и мае, плодоносит и созревает в июле-сентябре. Фисташки встречаются в Центральной Азии, в Узбекистане, Кыргызстане, Таджикистане и Туркменистане, в горах Тянь-Шаня, Памиралая и Копетдага. Южный Казахстан является северной границей общего фисташкового хребта. Встречается в ущельях Кокбулак, Даубаба, Машат, Сайрам-Угамского государственного национального природного парка.

Abstract

Pistachio (*Pistacia*) - refers to the family of sumac, multi-stemmed tree, and reaches 5-7 (10) meters in height. The bark is pale gray, the bark of annual shoots is gray, pinkish-brown. The plant is thick, spherical, many plants can grow up to 4-5 meters in diameter. It belongs to a dicotyledonous tree, the buds are small, sharp, brown, elongated in the female species, round and large in the male. The flowers are collected in a complex inflorescence on the lateral inflorescence. Male flowers are round and large. Male flowers have two petals and a single-flowered inflorescence. Female flowers have one or two petals and 2-5 petals. The fetus is a thin exocarp and solid mononuclear mononuclear bone. It blooms in March, April and May, bears fruit and ripens in July-September. Pistachios are found in Central Asia, in Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan, and Turkmenistan, in the mountains of the Tien Shan, the Pamirs and the Kopetdag. South Kazakhstan is the northern border of the common pistachio range. It is found in the gorges of Kokbulak, Daubaba, Mashat, and Sairam-Ugam State National Nature Park.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

ӘОЖ (336.11)

Р.М. Аяпбергенова, Д.Б. Балабекова

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан
э.ғ.к., Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

ЛИЗИНГ: КӘСПОРЫНДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

Бұл мақалада Қазақстандық лизингтік қызметтер нарығының негізгі операторларын, олардың қызметтерін ұйымдастыру ерекшеліктеріне байланысты мемлекеттік лизингтік компания, коммерциялық банктердің еншілес лизингтік компаниялары, құрылғылардың белгілі бір түріне маманданған лизингтік компаниялар және аймақтық лизингтік компаниялар деп бөліп қарастырылған. Бүгінгі күні Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы лизингтік операциялар нарығын тәуелсіз сараптамашылар лизингтік қатынастарға қатысушы барлық тұлғаларға көп мөлшерде табыс және әлеуметтік-экономикалық тиімділіктер әкелуге қабілетті нарық ретінде бағалауда. ТМД елдеріндегі күрделі қаржылардың тапшылығы, осы мақсат үшін инвестициялаудың басқа түрлерінің жетіспеушілігі лизингтің әр түрлі түрлерін тәжірибеде пайдаланудың экономикалық маңыздылығын көрсетіп отыр. Сонымен, тәжірибе көрсетіп отырғандай, экономикалық қатынастардың дамуының қазіргі кезеңінде лизингтік қатынастарды белсенді түрде пайдалану қажеттіліктерін айтып қана қоймай, сонымен бірге, осы қатынастарды білікті түрде басқаруға да өте көп көңіл бөлу қажеттілігі орын алып отыр.

Кілттік сөздер: Лизинг, экономика, қызмет, тәжірибе, компания, экономикалық қатынастар, тұлға

Кіріспе

Әр түрлі халықаралық ұйымдар үкіметтік емес ұйымдардың, университеттердің, халықаралық агенттіктердің және жергілікті басқару органдарының көмегімен арнайы Жобалар жасау арқылы елдегі лизингтік қатынастардың дамуы үшін қолайлы жағдай жасай отырып, лизингтік қатынастарды мега деңгейде басқаруда маңызды рөл атқарады. ҚР- да халықаралық даму жөніндегі АҚШ агенттігінің қаржылық қолдауымен 2003 жылы лизингті дамыту бойынша жоба өз қызметін бастады. Бұл жобаның негізгі мақсаты лизингтік қатынастарды реттейтін заңдылықтарды жетілдіру үшін мемлекеттік басқару органдарына және Парламентке ұсынастар беру, қаржылық және кәсіпкерлік орталарда лизинг туралы танымдылықты жоғарылату және лизингтік сектордың ресурстық базасын кеңейту бойынша көмектер жасау болып табылады [1]. Қазіргі кезде осы жобаның бірінші және екінші кезеңдері толық іске асырылған. Ал үшінші кезеңін іске асыру үшін Халықаралық қаржылық корпорацияның инвестициялық департаментімен бірлесе отырып, Орталық Азияда лизингті қаржыландыру Қорын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Лизингтік қатынастарды мега деңгейде басқаруды дамыту үшін шетелдік инвесторлар тартуға көбірек көңіл бөліну қажет.

Теориялық бөлім

Лизингтік қатынастардың лизингтік келісімге қатысушы субъектілер арасындағы серіктестік қатынастар ретіндегі экономикалық мәнін ашуға мүмкіндіктер беретін серіктестік тәуекелділігімен толықтырудың енгізілуі болып табылады. Лизингтік қатынастар кезінде пайда болатын тәуекелділіктерді басқару үшін менің ойымша, лизингтік келісімге қатысушы әрбір субъектілердің ұйымдастырушылық құрылымында тек тәуекелділіктерді басқару мәселелерімен айналысатын арнайы бөлім құрылуы керек [2-3]. Сонымен, лизингтік

келісімдердегі тәуекелділіктерді ескере отырып, лизингтік қатынасты басқару жүйесін қалыптастыру кезінде келесідей факторлар ескерілуі керек:

- Бір лизингтік келісімге қатысушы тұлғалар санының неғұрлым көп болуы (лизингтік компания, лизингке алушы, жеткізуші, сақтандыру компаниясы, кредитор және лизингтік келісімге т.б. жанама қатысушылар);

- Лизингтік операцияны іске асыру мерзімінің ұзақтылығы (3 жылдан жоғары);

- Лизингтік қатынастардың сипатының көп болуы.

Осы айтылғандарға сүйене отырып, лизингтік қатынастарды іске асыру кезінде тәуекелділіктерді басқару лизингтік келісімге қатысушы әрбір тұлғаның негізгі қызметі болып табылуы керек.

Еліміздегі лизингтік қатынастарды басқару тетіктерін жетілдірудің бір жолы ретінде лизингтік компаниялардың қосымша қызметтерін дамыту стратегиясы ұсынылған. Осы стратегияға сәйкес лизингтік келісімді бекіту лизингтік компаниядан басталу керектігі ұсынылған. Ол үшін лизингтік компания инвестициялық жобаларды таңдау және бағалау үдерістеріне неғұрлым белсенді түрде қатысуы қажет деп ойлаймын. Яғни, олар лизингке алушылардың тәуекелділіктерінің біраз бөлігін өздеріне алуы немесе мүмкіндіктері болған жағдайларда басқаларға беруі қажет. Осындай қосымша қызметтерді лизингтік компаниялардың өзіне алуы лизингке алушылар тұрғысынан лизингтік қызметтерге деген сұранысты жоғарылату арқылы орны жабылады. Бұл стратегия белгілі – бір түрдегі лизингке алушыларды қаржыландырудың базалық үлгісі болып табылады.

Тәжірибелік бөлім


Лизингтік қатынастарды басқарудың нарық талаптарына сәйкес келетін тиімді технологиясын жасау үшін ең алдымен мемлекет макродеңгейлік қатынастарды реттеуші ретінде неғұрлым маңызды роль атқарады. Еліміздегі лизингтік қызметтер нарығының қалыптасқаннан бергі уақыт аралығында лизингтік қатынастарды ұйымдастыратын және реттейтін бірнеше нормативті актілердің бекітілгені белгілі. Солардың негізінде лизингтік қызметтер нарығын ұйымдастыру қағидаларын анықтайтын база құрылған. Бірақ лизингтік қатынастарды дамыту бойынша елімізде қабылданған заңнамалық актілердің қабылдау уақыттарына жасалатын талдаулар, көптеген жағдайларда нарықтың мемлекеттен реттеуші шараларды талап еткендігін көруге болады. Яғни, бүгінгі күні мемлекет лизингтік қатынастарға заңнамалық базаның көмегімен жергілікті деңгейлерде реттеулер жүргізіліп отырған жоқ [4]. Сондықтан да, біздің қазіргі таңда ҚР-ғы лизингтік қатынастарды мемлекеттік деңгейде басқарудың кейбір тетіктерін сапалық жағынан келесідей бағыттар бойынша қажет екендігін ұсынамыз:

1. Лизингтік қатынастарды әр түрлі келісім шарттық қатынастардың элементтерінен тұратын инвестициялау тетігі ретінде оның әлеуметтік-психологиялық аспектілерін түсіндіруге мүмкіндіктер беретін қосымша заңнамалық нормативтік базаны қалыптастыру қажет. Ол үшін лизингтік қатынастарға байланысты қазіргі уақытта жұмыс істеп жатқан заңнамалық құжаттарды түсіндіретін «төменгі» деңгейдегі, яғни әдістемелік нұсқаулар жасап оларды қолданысқа енгізу керек.

2. ҚР-да лизингтік қатынастарды құру қағидаларын толық қалыптастыруға жауап беретін құқықтық реттеу тетіктерін жасау және оларды нақты қолданысқа енгізу керек. Бұл жерде ең алдымен, «қаржылық лизинг» түсінігінен белгілі бір ерекшеліктері бар «оперативті лизинг» деп аталатын жаңа тетікті қолдануға өту үшін қажетті құқықтық базаны қалыптастыру керектігін айта кеткен жөн. Себебі, шетелдік тәжірибе көрсетіп оырғандай кейбір объектілерді әсіресе, құрылысты жүргізуге қажетті құрылғыларды оперативті лизинг негізінде пайдалану қаржылық лизинг қарағанда неғұрлым тиімді болып келеді. Сондықтан да қазіргі кезде лизингтік қатынастарды оперативті лизинг арқылы дамытуға көп көңіл бөліну керек. Осы мақсат үшін оперативті лизинг тетіктерін пайдалану қағидалары мен тәртіптерін түсіндіретін және реттейтін заңнамалық актілер қабылдау қажет.

3. Соңғы кездері еліміздегі лизингтік нарықтағы өзекті мәселелердің бірі бұрын пайдаланылуда болған мүліктерді лизингке беру тәжірибесін дамыту болып отыр. Жалпы бұл норма «қаржылық лизинг туралы» ҚР-ның Заңында қарастырылғанына қарамастан, қазіргі кезде бұл нарық жұмыс істемей отыр. Содықтан да, бүгінгі күні мемлекет тарапынан осы сектордың жұмысын ынталандыру және белсендіру үшін қосымша жеңілдік шарттар құру қажет. Себебі, елімізде қайталама лизингтік нарықтың дамуы, менің ойымша өтімділігі неғұрлым жоғары лизинг объектілерінің көптеген түрлерінің пайда болуына әсерін тигізді.

4. Лизингке беруші субъектілердің қызметтеріне бақылау жасауды күшейту мақсатында, олардың қызметтерін лицензиялау тәртібін қолдану қажет. Ол үшін «Қаржылық лизинг туралы» ҚР-ның Заңының 10-бабына өзгертулер енгізу қажет. Бұл лизингтік қызметтер нарығын нақты жұмыс істемейтін лизингтік компаниялардан «тазартуға» мүмкіндіктер береді. Сонымен, менің ойымша мемлекет тарапынан лизингті қатынастарды басқару жүйесін реттейтін заңнамалық негіздерге осындай түзетулер мен толықтаулар енгізуеліміздегі лизингтік қызметтер нарығының дамуына қолайлы әсер етеді. Лизингке беруші субъектілердің қызметтерін ерекше қарастыра отырып, олардың ұлғаймалы ұдайы өндіріс үдерісі жүйесінде экономиканың нақты және қызмет көрсетуші секторларының құрылымынан тұрақты аралық «звено» болып табылатынын атап өткен жөн. Елдегі лизингтік қызметтер нарығы экономиканың қаржылық нақты секторларының белгілі бір элементтерінен қалыптасатыны белгілі.



Сурет 1. Лизингтік қызметтерді ұсынушы субъектілердің нарығын қалыптастыру.

1-суреттен көріп отырғанымыздай, лизингке беруші тұлғалар өз қызметтеріне әсер ететін барлық субъектілердің қызметтеріндегі ерекшеліктерді толық ескере отырып, өз бизнестерін құру қажет [5]. Менің ойымша, лизингке берушілер тұрғысынан лизингтік қатынастарды тиімді етіп басқаруды қамтамасыз ету үшін келесідей тетіктерді жетілдіруге көңіл бөлу керек:

- Лизинг объектілерін таңдау лизингтік қатынастарды іске асыру кезіндегі болашақтағы қаржылық ағымдарды қалыптастыруды және лизингке алушылардың мүдделерін ескеру негізінде іске асырылуы қажет. Лизингке беруші ең алдымен, лизинг объектісін жеткізушімен келісімдер жасау арқылы, лизингке алушымен қатынастарын реттеуі керек.

- Лизингтік қатынастар сызбасы лизинг объектілерінің бағасын және лизингтік келісімдерді бекіту кезіндегі пайда болатын тәуелділіктерді төмендетуге әсер ететін субъектілердің санын ескере отырып қалыптасуы қажет.


Лизингтік қатынастарды іске асыру нәтижесін ең соңғы тұтынушы лизингке алушы болып табылады. Олар лизингтік қатынастарды тиімді түрде басқаруға қатыса отырып, қосымша экономикалық тиімділіктерді алуды көздейді. Бүгінгі күні ҚР-да лизингтік қатынастарды іске асыру кезінде лизингке алушылар белсенділіктері өте төмен тұлғалар ретінде, яғни лизингке беруші субъектілердің ұсынған қызметтерін тек «тұтынушылар» ретінде ғана көреді. Менің ойымша лизингтік қатынастарды басқаруға қатысу кезінде

лизингке алушылардың іс-әрекеттері келесідей тетіктерге бағытталуы қажет: өз иелігіне пайдалануға алынатын мүлік құнының оптималды мөлшерін қамтамасыз ету үшін лизингтік қатынастарды құруға белсенді түрде қатысу; лизинг алушылар өз өндірістерінің мүмкіндіктеріне сәйкес, өздерінің есептік саясаттарын дұрыс жасау арқылы лизинг объектісін пайдалану есебінен өндірілген өнімдер мен көрсетілген қызметтердің негізделінген бағасын қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндіктер ала алады.

Нәтижелер мен талқылау

Үшінші тарауда лизингтік қатынастарды басқаруды реттеу жолдарын дамыту, лизингтік келісімдердегі тәуелділіктерді ескере отырып қатынастарды басқару мәселелері мен Қазақстандағы лизингтік қатынастарды басқару тетіктерін жетілдірудің нақты жолдары көрсетілген.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, экономикалық қатынастардың дамуының қазіргі кезеңінде лизингтік қатынастарды белсенді түрде пайдалану қажеттіліктерін айтып қана қоймай, сонымен бірге, осы қатынастарды білікті түрде басқаруға да өте көп көңіл бөлу қажет. Соған байланысты еліміздегі лизингтік қатынастарды басқарудың бірнеше деңгейін қалыптастырудың қажеттілігі бар [6]. Оны келесі 2-сурет түрінде көрсетейін



Сурет 2. Лизингтік қатынастарды басқару деңгейлері.

Әр түрлі халықаралық ұйымдар үкіметтік емес ұйымдардың, университеттердің, халықаралық агенттіктердің және жергілікті басқару органдарының көмегімен арнайы Жобалар жасау арқылы елдегі лизингтік қатынастардың дамуы үшін қолайлы жағдай жасай отырып, лизингтік қатынастарды мега деңгейде басқаруда маңызды рөл атқарады. ҚР- да халықаралық даму жөніндегі АҚШ агенттігінің қаржылық қолдауымен 2003 жылы лизингті дамыту бойынша жоба өз қызметін бастады. Бұл жобаның негізгі мақсаты лизингтік қатынастарды реттейтін заңдылықтарды жетілдіру үшін мемлекеттік басқару органдарына және Парламентке ұсынастар беру, қаржылық және кәсіпкерлік орталарда лизинг туралы танымдылықты жоғарылату және лизингтік сектордың ресурстық базасын кеңейту бойынша көмектер жасау болып табылады. Қазіргі кезде осы жобаның бірінші және екінші кезеңдері толық іске асырылған. Ал үшінші кезеңін іске асыру үшін Халықаралық қаржылық корпорацияның инвестициялық департаментімен бірлесе отырып, Орталық Азияда лизингті қаржыландыру қорын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Лизингтік қатынастарды мега деңгейде басқаруды дамыту үшін шетелдік инвесторлар тартуға көбірек көңіл бөліну қажет.

Қорытындылар

Әлемдік нарықта өздерінің техникалық және құндық параметрлері бойынша ұқсас машиналар мен құрылғылар түрлерінің номенклатурасының көбеюі. Осының әсерінен өз тауарларын өндіру үшін неғұрлым жақсы келетін, тиімді құрылғыларды таңдау мәселелері күшейе түсті және сонымен бірге, құрылғыларды уақытша пайдалану қажеттіліктері арта бастады.

Лизингтік қатынастардың пайда болып дамуына әсер еткен маңызды факторлардың бірі қаржы нарығындағы капиталдардың жеткіліксіздігі. Бұл жағдай орта және кіші кәсіпкерлікпен айналысатын фирмалардың қаржылық жағдайында неғұрлым кері әсер етеді. Сонымен қатар, мемлекеттердің өзіндік өндірістік инфрақұрылымы жеткілікті деңгейде дамымаған жағдайларда, тапшылық әсерінен бағалардың тез қарқынмен өсу және валюталық дағдарыстар кезінде өзіндік қаражаттар есебінен құрылғыларды сатып алу мәселелері терендейді [7].

Лизингтік қатынастардың қалыптасып дамуына әсер еткен себептердің бірі ретінде лизинг негізінде қаржыландыру нарықтық экономикасы дамыған елдердегі қаржыландырудың негізгі қағидасына, яғни, қаражаттарды өз атынан емес делдалдар арқылы орналастыру қағидасына сәйкес келетіндігін атауға болады. Мұндағы негізгі мақсат – жауапкершіліктер мен тәуекелділіктерді бөлу. Сонымен қатар шетелдерде лизингтік қатынастардың дамуына төлем қабілеттігі бар сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкессіздіктер, мемлекеттің әсер ету шаралары сияқты экономикалық шараларды қоса кеткен жөн.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, шетелдерде және отандық нарықта лизингтік қатынастардың пайда болып, даму шарттарының бір-бірінен ерекшеленетінін көруге болады. Сондықтан да, біз үшін әлемдік және отандық экономикалық нарықта лизингтік қатынастардың қалыптасу және даму тәжірибесін зерттеудің маңыздылығы өте зор.

Сонымен жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қазіргі уақытта лизингтік қызметтер нарығы әлемнің шамамен барлық аймақтарында дамуда деп айтуға болады. Әлемнің көптеген елдеріндегі инвестицияның жалпы көлеміндегі лизингтің алатын үлесіне байланысты лизингті инвестициялаудың болашағы бар бір формасы деп толық санауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Инвестиция негіздері: Оқулық / А.С. Асилова. Алматы: «Master Print» баспасы, 2019, 252 б.
2. Богомолов О.Т. Мировая экономика в век глобализации. М.: ЗАО «Издательство «Экономика», 2007, 359 с.
3. Четыркин Е.М. Финансовые риски: науч. практич. пособие. М.: Издательство «Дело» АНХ, 2008, 176 с.
4. Гейдаров М.М. Финансирование и кредитование инвестиций. Алматы: Алматинский коммерческий институт, 2000, 193 с.
5. Хохлов Н.В. Управление риском. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005, 239 с.
6. Синки Дж. Финансовый менеджмент в коммерческом банке и в индустрии финансовых услуг. Москва: Альпина Бизнес Букс, 2007, 1018 с.
7. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (10 қаңтар 2018ж.)

Аннотация

Основные операторы казахстанского рынка лизинговых услуг в зависимости от особенностей организации их деятельности разделены на государственные лизинговые компании, дочерние лизинговые компании коммерческих банков, лизинговые компании, специализирующиеся на

определенных видах устройств и региональные лизинговые компании. На сегодняшний день на рынке лизинговых операций в Содружестве Независимых Государств независимые эксперты оценивают как рынок, способный приносить наибольший доход и социально-экономические выгоды всем лицам, участвующим в лизинговых отношениях. Дефицит капиталовложений в странах СНГ, недостаток для этой цели других видов инвестирования свидетельствует о экономической значимости практического использования различных видов лизинга. Таким образом, опыт показывает, что на современном этапе развития экономических отношений существует необходимость не только рассказать о потребностях активного использования лизинговых отношений, но и уделять большое внимание квалифицированному управлению этими отношениями.

Abstract

The main operators of the Kazakhstan leasing services market are divided into state leasing companies, subsidiary leasing companies of commercial banks, leasing companies specializing in certain types of devices and regional leasing companies, depending on the specifics of their activities. Today, independent experts assess the leasing market in the Commonwealth of Independent States as a market that can bring the greatest income and socio-economic benefits to all persons involved in leasing relations. The lack of capital investment in the CIS countries and the lack of other types of investment for this purpose indicates the economic significance of the practical use of various types of leasing. Thus, experience shows that at the present stage of development of economic relations, there is a need not only to talk about the needs for active use of leasing relations, but also to pay great attention to the qualified management of these relations.

ӘОЖ 349.422.231

А. Әбдішім

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

АЙМАҚТЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ

Түйін

Қазақстанның элеуметтік, өндірістік потенциалын қалыптастыру ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету, жалпы алғанда элеуметтік-экономикалық жоспарларды іске асырудағы аймақтық инвестициялардың маңызы өте маңызды. Сондықтан да қазіргі кезде экономиканың жаһандануы дәуірінде инвестициялық үдірісті аймақтық тарту жағынан болмасын зерттеу заманауи экономика талап етіп отыр десек те болады және де ол заңды құбылыс болып қала береді. Қазақстандағы инвестициялық үдерістің дамуы алғашқы кезеңдегі дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі элементі болып табыла береді. Сондықтан да, аймақтық экономиканы дамыту барысында инвестицияны тарту тетіктері шетел инвестицияны тартумен тікелей байланысты. Халықаралық капитал қозғалысының ХХІ ғасырда инвестицияны тарту қарқындап дамуы дүние жүзілік экономиканың интернационалдандыруының процессінің басталуына, халықаралық кәсіпкерлік пен қарыз капиталының Қазақстанның аймақтық экономикасын дамытуда, экономикамыздың дамуын тұрақтандырып, элеуметтік саласын өркендетуге, инфрақұрылымдарды дамытуға, соның ішінде елдің қолайлы инвестициялық ахуалын қалыптастыру үдерісінің маңызы өте зор болып табылады. Мақала авторлары ұлттық экономиканың тұрақты даму факторларының бірі өнімнің, оның ішінде жануардан және өсімдіктен алынатын азықтүліктердің экспортын ұлғайту болып табылады деп есептейді, оның үстіне экспортта қомақты үлесті ауылшаруашылық өнімін өңдеу құрауы тиіс.

Кілттік сөздер: Агроөнеркәсіп, экономика, аймақ, ауылшаруашылығы, өнім, бәсеке қабілеттілік, тиімділік.

Кіріспе

"Қазақстан – 2030" стратегиясында әлемдік трансформациялық үрдістерінің негізгі ерекшеліктерінде, Қазақстан геосаясылық және ұлттық тарихы ерекшеліктері, ресурстарының элеуметтік-экономикалық жағдайын ескере отырып, мемлекеттің элеуметтік

экономикалық даму векторын ұсынған болаты [1]. Экономикалық аспектілеріне қарай "Қазақстан – 2030" ең алдымен экономикалық өсу стратегиясы тұр.

Атап айтқанда, мұндай үдерісті, Қазақстанның экономикасының дамуына және дамыған елдер қатарына қосылуы жолдарына аймақтық экономиканы дамыту және оған инвестицияны тарту, экономиканың дамуына үлкен маңызы бар. Сондықтан да Қазақстанның ішкі қорларында, қаржыларында экономиканың өнеркәсіптік саласын жетілдіру мен оны дамытуға деген қорлардың жеткіліксіз деңгейде болып келді. Сондықтан да аймақтық экономиканы дамыту үшін инвестицияны тарты өзекті мәселе болып қала береді. Инвестициялар өндірістің экономикалық өсуіне жергілікті биліктің және басқару органдарының инвестициялық қызметін жетілдіру мен оны ары қарай дамыту инвестицияны тарту тетіктеріне байланысты мәселелер белсенділігін арттыра түсіру қажет болып отыр.

Теориялық талдау

Инвестициялар экономикалық жүйенің микро және макродеңгейінде жиі кездесетін категориялардың бірі. Дегенмен де экономикалық ғылыми ой инвестиялардың әмбебап анықтамасын әлі күнге дейін бере алмай келеді. Қазіргі экономикалық әдебиеттердегі инвестициялардың анықтамалары оның мазмұнын толық аша алмай отыр, көп жағдайда тек кейбір жақтарына ғана көңіл бөлінуде [2].

Көптеген анықтамалар инвестицияларды тек қана капиталдың өсуін мақсат тұтумен немесе ағымдағы экономикалық пайда табуды көздеумен байланыстырады. Әрине нарықтық экономика жағдайында бұл шарт анықтаушы болып саналатынмен, инвестициялар экономикалық мақсаттармен қатар экономикалық емес мақсаттарды да көздеуі мүмкін.

Сондай-ақ, көп әдебиеттерде кездесетін қате – инвестиция ұғымы мен капиталды салымдар ұғымын теңдестіру. Капиталды салымдар ұғымында инвестициялар өндірістік немесе өндірістік емес сфералардағы негізгі құралдардың ұдайы өндірісіне салынатын капиталды қарастырады. Ал сонымен қатар инвестициялар материалды емес активтерге де, қаржылық құралдарға да салынатыны аян. Яғни, инвестициялар капитал салымдары ұғымынан әлдеқайда кең ұғым болып табылады [3].

Көпшілік әдебиетте инвестицияларды ақшалай қаражаттардың салымы деп есептейді. Бірақ инвестициялар тек қана ақшалай формада емес, сонымен қатар басқа да формаларда жүзеге асады: қаржылық және материалды емес [4].

Сонымен бірге көптеген анықтамалар инвестицияларды ұзақ мерзімді салымдар деп қарастырады. Сөзсіз инвестициялардың басым көпшілігі ұзақ мерзімге салынады, бірақ қысқа және орта мерзімге де салынатын инвестициялар да бар. Мысалы, облигациялар, қысқа мерзімді қаржылық салымдар, депозиттік сертификаттар.

Қазіргі отандық және шетелдік әдебиеттердегі инвестиция терминін көптүрлі түсіндіру оның көпқырлылығымен сипатталады. Сондықтан да бұл категорияның мазмұнын қалыптастыратын негізгі мінездемелік сипаттарына аса көңіл бөлу керек. Инвестициялар кәсіпорынның басқару объектісі ретінде келесідей мінездемелік сипаттамалардан тұрады [5]:

Біріншіден, инвестициялар экономикалық басқарудың объектісі ретінде қарастырылады. Инвестициялар технологиялық, экологиялық, әлеуметтік салалармен тығыз байланыста болғанмен экономикалық қатынасты, экономикалық қызметті білдіреді. Сәйкесінше, инвестициялар экономикалық мүдделерді қамтамасыз ететін микро және макродеңгейдегі экономикалық басқарудың объектісі болып табылады.

Екіншіден, инвестициялар экономикалық процеске жинақталған капиталды тартудың белсенді формасы ретінде қарастырылады. Инвестициялар мен жинақталған капитал бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл инвестициялуға бағытталған экономикалық ресурс болып табылатын капиталдың табиғи мазмұнымен астарлас. Жинақталған капитал тек қана инвестициялау арқылы нақты экономикаға тартыла алады.


Үшіншіден, инвестициялар кәсіпкерлік қызметтің әсерін жинақтаушы қайнар көзі ретінде қарастырылады. Кәсіпорын деңгейінде инвестициялаудың мақсаты экономикалық

әсерге қол жеткізу болып табылады. Ал инвестициялардың экономикалық әсеріне табысты жинақтау әлеуеттік қабілеттілігімен қол жеткізеді. Инвестициялар табыстың қайнар көзі ретінде инвесторлардың болашақ әл-ауқатын қалыптастыратын маңызды қаражат болып табылады. Сонымен бірге инвестициялардың табыс әкелу сияқты әлеуеттік қабілеті лезде жүзеге асып отырмайды, табыс тек инвестициялық объектілерді тиімді таңдау шартымен қамтамасыздандырылады.

Төртіншіден, инвестициялар нарықтық экономика объектісі ретінде қарастырылады. Кәсіпорындардың пайдаланатын инвестициялық ресурстары инвестициялық нарықта шоғырланады. Инвестициялық нарықта оның бағасы сұраныс пен ұсыныс нәтижесінде қалыптасады. Сондай-ақ инвестициялық тауарлар мен құралдардың бағасы олардың инвестициялық тартымдылығымен сипатталады. Бұл баға инвестициялық нарықтың нақты жағдайларындағы инвестициялық тауарлар мен құралдарға деген сатушылар мен сатып алушылардың экономикалық қызығушылығы мен мүдделерін көрсетеді.

Бесіншіден, инвестициялар тәуекел факторы ретінде қарастырылады. Тәуекел инвестициялардың барлық түрлері мен формаларының ажырамас сипаттамасы болып табылады. Инвестор инвестициялауды жүзеге асыру процесінде міндетті түрде түрлі тәуекелге бел буатыны сөзсіз. Инвестициялық тәуекел кәсіпкерлік қызметтегі табыс табу көзімен тікелей байланысты. Инвестордың инвестициялардан түсетін табыстың деңгейі жоғары болған сайын оның тәуекел деңгейі де соғұрлым жоғары болады, яғни табыстылық деңгейі мен тәуекел деңгейі бір-бірімен объективті байланысы пропорционалды болады.

Инвестицияларды тиімді басқару үшін олардың түрлерін жүйелеу қажет. Ал жүйелеу инвестициялардың экономикалық болмысын сипаттайтын негізгі классификациялық белгілеріне сүйене отырып жасалынуы тиіс. Осыған орай кәсіпорын инвестицияларының жіктелуі төмендегі кестеде орын алады [6].



Сурет 1. Инвестициялардың жіктемесі
Ескерту – Құрастырған автор

Жоғарыдағы кестеге сәйкес инвестициялар нақты және қаржылық болып бөлінеді. Нақты инвестициялар материалды активтерге, мысалы жерге, құрал-жабдықтарға салынатын инвестициялар болып табылады. Дәлірек айтқанда, бұл нақты активтерге салынатын, яғни тікелей өндіріс құралдарына (кәсіпорынның материалдық сферасының өндірістік қуаттарына, жылжымайтын мүлік пен құрылысты қоса алғанда) салынатын қаражаттар. Ал қаржылық инвестициялар бұл қаражаттардың материалды өндіріс сферасындағы кәсіпорындардың, сондай-ақ банктік мекемелердің құнды қағаздарына салынуы. Бірінші

жағдайда қаржыны салатын кәсіпорын-инвестор өзінің өндірістік капиталын (негізгі өндірістік қорлар мен оның қызмет етуіне қажетті айналым қаражаттары) ұлғайтады. Ал екінші жағдайда инвестор құнды қағаздардан дивиденд түрінде табыс ала отырып өзінің қаржылық капиталын ұлғайтады.

Инвестициялық процеске қатысу сипаты бойынша инвестициялар тікелей және жанама болып келеді. Тікелей инвестициялар мүлікке немесе құнды қағазға жеке меншік хұқын беретін қаржылық салым нысаны болып табылады. Мысалы, инвестор акция, облигация немесе жер телімін ақшаның құнын сақтап қалу үшін және табыс табу үшін сатып алуы тікелей инвестициялау болып табылады.

Жанама инвестиция құнды қағаздардың немесе мүліктік құндылықтардың жиынтығына, басқаша айтқанда қоржынға салынатын салымдар. Мысалы, инвестор қандайда бір қордың акциясын сатып ала алды, ал ол өз кезегінде түрлі фирмалар шығарған құнды қағаздардың диверсификацияланған құнды қағаздардың жиынтығы болып табылады. Бұл акцияларды сатып ала отырып инвестор қоржындағы құнды қағаздардың қандай да бір үлесін иемденеді.

Әсіресе айтып кететін мәселе, бұл инвестициялардың тікелей және қоржындық болып бөлінуі тек қан теориялық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ тәжірибелік тұрғыдан да өте маңызды. Кейбір авторлар тікелей инвестициялардың келесі артықшылықтарын атап айтуды жөн деп есептейді [7]:

а) тікелей инвестициялар экономикаға салынатын қаржылардың тікелей және ұзақ мерзімді әсерін тигізеді (құрылыстағы үлестік қатысу мен шаруашылық объектілерді ұйымдастыру, тиімді пайдалану мақсатында толығымен не бөлшектеп сатып алу). Ал қаржылық инвестициялар көп жағдайда уақытша және спекулятивті сипатта болады.

ә) тікелей инвестициялар капиталдан түсетін табысмы ғана көздемейді, сонымен қатар кәсіпкерлік пайданы толығымен не оның қомақты бөлігін иемденуді көздейді, фирманы қадағалаудан (өндірістік, сатып алу, қаржылық саясатты жүзеге асыру барысында) түсетін тікелей және жанама пайдана да көздейді. Ал қоржындық инвестициялардың көздейтін мақсаты капиталдан түсетін тұрақты табыс алып отырумен шектеледі, табыс мөлшері банк пайызынан жоғары болса немесе акциялардың курстық бағасы жоғарыласа тіптен жақсы.

б) тікелей инвестициялар қоржындық инвестицияларға қарағанда жоғары рентабельділікпен сипатталады, уақыт өткен сайын инвесторға қатысты пайданың мөлшері ұлғая түседі.

в) тікелей инвестициялар ішкі нарықтың әл-ауқатына, жұмыспен қамтылуға қоржындық инвестицияларға қарағанда көбірек оң әсерін тигізеді.

г) тікелей инвестициялар қоржындық инвестицияларға қарағанда ұлттық бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатуға, елдің халықаралық еңбек бөлінісінде қоржындық инвестицияларға қарағанда елдегі ұлттық меншік қатынастарының өзгеруіне, дәлірек айтқанда шетелдік инвесторлардың жағына өтуіне ықпал етеді.

ж) тікелей инвестициялар елдегі ішкі бәсекелестікті арттырады.

Тікелей инвестициялар мен қоржындық инвестициялардың принципіалды айырмашылығы тікелей инвестициялардың инвесторға меншікті иемденуге және кәсіпорынның қызметін қадағалауға мүмкіндік беретіні, ал қоржындық инвестициялар мұндай мүмкіндікті бере алмайды.

Қоржындық (портфельдік) инвестициялаудың объектілері ретінде әртүрлі бағалы қағаздар: акциялар, облигациялар, бағалы қағаздардың шартты түрлері әрекет етеді. Қоржынның бір бөлігі ақша түрінде ұсынылуы мүмкін. Инвестор инвестициялық мақсатына тәуелді белгілі бір типтерді қалыптастырады. Келесі типтерін бөліп көрсету қабылданған: бірінші тип - өсім қоржыны, екінші тип - табыс қоржыны.

Қоржынның бірінші типінің мақсаты өсімді көбіне дивиденттер мен проценттер алу есебінен емес, бағалы қағаздардың бағамдық өсімінің есебінен алу болып табылады. Бұл негізгі салымның басым бөлігін акция құрайды. Күтілетін капитал өсімімен және

тәуекелділіктің ара қатынасына байланысты қоржындық өсімнің ортасынан бөліп көрсетуге болады.

Агрессивті өсім қоржындары капиталдың маскималды өсіміне бағытталады. Бұл қоржын үлкен тәуекелділікпен байланысты екенін көрсетеді, бірақ эмитент - кәсіпорындардың қолайлы дамуы кезінде ол үлкен табыс әкелуі мүмкін. Қоржынның бұл құрылымы, әдетте, тез өсетін жас компаниялардың акцияларымен көрсетілуі мүмкін. Консервативтік қоржынның өсаімі негізінен ірі, жақсы белгілі және тұрақты компаниялардың акциясынан тұрады, бұндай қоржынның тәуекелділігі де аса үлкен болмайды.

Қоржынның орташа өсінде агрессивті қоржынға да, консервативті қоржынға да тән инвестициялық қасиеттері болады. Оның құрамына сенімді кәсіпорындармен қоса даму үстіндегі жас кәсіпорындардың да акциялары енеді. Мұндай қоржын жеткілікті табысқа және тәуекелдің орташа деңгейін ұстауына қолайлы жағдай туғызады.

Қоржындардың екінші типі дивиденттер мен проценттерден табыс алу болып табылады. Қоржынның бұл типі тәуекел кезінде алдын ала жоспарланған табыстың деңгейін қамтамасыз етеді және онда тәуекелділіктің деңгейі нольге тең болады. Қоржындардың аталған типін инвестициялау объектілері ретінде сенімділігі жоғары бағалы қағаздар алынады. Оның құрамына енетін қорлардың инструменттеріне байланысты олар: конверттелетін, нарықтық ақшалай және облигациялар болып бөлінеді.

Конверттелетін (айырбасталынатын) қоржындар: айрықша акциялардан және облигациялардан тұрады. Мұндай қоржын оны құрайтын бағалы қағаздардың есебінен нарық конъюктурасы мүмкіндік беретін болса, онда оларға жай акциялардың өзі де қосымша табыс әкелуі мүмкін. Басқа жағдайда, қоржын инвестициясы тек тәуекелділік төмен болған кезінде ғана табыспен қамтамасыз етіледі. Ақша нарығының қоржындары капиталды толық сақтау мақсатынан тұрады. Оның құрамына ақшалай қаражат пен тез сатылатын активтер кіреді. Егер де ұлттық валюта өзінің төмендеу бағасын көтерсе, онда ол шетелдік валютаға айырбасталуы мүмкін. Сөйтіп, салынған капитал нольдік тәуекелділік кезінде өз өсімін сақтайды. Облигациялар қоржындары облигациялардың есебінен қалыптасады және нольдік тәуекелділік кезінде орташа табыс әкеледі.

Инвестициялау кезеңіне байланысты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді инвестицияларды ажыратады. Қысқа мерзімді инвестициялар деп бір жылдан артық емес мерзімге салынған капитал салымдарын айтады. Мысалға, қысқа мерзімді депозиттік салымдар, қысқа мерзімді жинақ сертификаттарын саып алу және т.б), ал ұзақ мерзімді инвестициялар деп бір жылдан артық мерзімдегі капитал салымдары түсіндіріледі.

Инвестицияланатын капиталдың меншік формасы бойынша инвестицияларды жіктеу маңызды деп саналады: мемлекеттік инвестициялар, шетелдік инвестициялар, біріккен инвестициялар. Мемлекеттік инвестициялауды бюджеттік қаражаттар есебінен, бюджеттен тыс қорлар есебінен және қарыз қаражаттары есебінен орталық және жергілікті басқару органдары жүзеге асырады. Шетелдік инвестициялар деп шетелдік азаматтармен, заңды тұлғалармен, мемлекетпен жүзеге асырылатын салымдарды айтамыз. Біріккен инвестициялар – бұл шетелдік мемлекеттер мен осы елдің субъектілері арқылы жүзеге асырылатын салымдар.

Инвестициялық тәуекел деңгейіне байланысты тәуекелді және тәуекелсіз инвестициялар болып бөлінеді. Тәуекел деп жобаның жекелеген қатысушыларына немесе барлығына негативті нәтижелерге әкеліп соқтыратын жағдайлардың пайда болуы түсіндіріледі. Тәуекелсіз инвестициялар деп капиталды және күтілетін пайданы жоғалту тәуекелі жоқ, инвестициялық пайданың нақты есептелген таза сомасын алу кепілдендірілген объектілерге жасалған салымдар түсіндіріледі. Инвестициялық тәуекел - мемлекеттік билік пен басқару органдарының іс-әрекеті нәтижесінде капитал салымдарының құнсыздану тәуекелі.

Аймақтық аспектіде инвестицияларды шетелдік және ел ішіндегі инвестициялар деп бөліп қарастыруға болады. Ел ішіндегі инвестициялар деп қаражаттарды аталған елдің

инвестицияланатын объектілеріне салу түсіндіріледі. Шетелдік инвестициялар деп қаражаттарды ел территориясынан тыс инвестициялау объектілерге салу түсіндіріледі. Өкінішке орай, еліміз ұлттық жинақтар мен инвестициялар арасындағы айырмашылықты жабу үшін нәтижесінде сыртқы қарыздың өсуіне алып келетін шетелдік займдарды белсенді тартып отыр.

Қорытындылар

Кәсіпорын инвестициялары қаржының, оның барлық нысандарында пайда табу мақсатында шаруашылық қызметтің түрлі объектілеріне, сондай-ақ басқа да экономикалық және экономикалық емес әсерге жетуге бағытталған, уақыт пен тәуекел факторына байланысты, нарық принциптеріне негізделе отырып жүзеге асырылады. Аймақтық аспектіде инвестицияларды шетелдік және ел ішіндегі инвестициялар деп бөліп қарастыруға болады. Ел ішіндегі инвестициялар деп қаражаттарды аталған елдің инвестицияланатын объектілеріне салу түсіндіріледі. Шетелдік инвестициялар деп қаражаттарды ел территориясынан тыс инвестициялау объектілерге салу түсіндіріледі. Өкінішке орай, еліміз ұлттық жинақтар мен инвестициялар арасындағы айырмашылықты жабу үшін нәтижесінде сыртқы қарыздың өсуіне алып келетін шетелдік займдарды белсенді тартып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14.12.2012ж. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (14 желтоқсан 2012 ж.)
2. Теория и практика агробизнеса/ Под ред. Оспанов М.Т., Аутов Р.Р., Ертазин Х. Алматы: «СП «Франклин», 2017, 215 с.
3. Молдашев А.Б., Никитина Г.А. Проблема формирования экспортных ресурсов мясного животноводства в Казахстане. Проблемы агрорынка, 2016, №2, С. 7-15
4. Ә.Н.Дәуренбекова Қазақстанда инновациялық дамудың жаңа бағыттары/ ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы, №2 (72), 2009, Б.111-115.
5. Сихимбаева Д.Р., Абдраимова К.К., Балгимбеков Д.У., Талимова Г.У., Байгожина Г.М., Мусаева Э.А., Научные подходы к исследованию проблемы устойчивого развития аграрного сектора экономики. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований, 2015, № 11-1, С. 93-97.
6. Джакишева Р.У. Развитие аграрного сектора в условиях модернизации экономики. Вестник, КазНПУ, №3, 2013, С. 56-60.
7. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» / Официальный сайт Президента Республики Казахстан. Доступно на: <http://www.akorda.kz/> (28 мая 2020 г.)

Аннотация

Формирование социального, производственного потенциала Казахстана очень важно обеспечить непрерывность воспроизводства, в целом важность региональных инвестиций в реализацию социально-экономических планов. Поэтому в настоящее время в эпоху глобализации экономики исследования по региональному вовлечению инвестиционного процесса требуют современной экономики и остаются законным явлением. Развитие инвестиционного процесса в Казахстане является основным элементом мирового хозяйства на первом этапе. Поэтому механизмы привлечения инвестиций в развитие региональной экономики напрямую связаны с привлечением иностранных инвестиций. Динамичное развитие международного движения капитала в XXI веке привлечения инвестиций является важным для начала процесса интернационализации мировой экономики, развития международного предпринимательства и заемного капитала в развитии региональной экономики Казахстана, стабилизации развития нашей экономики, развития социальной сферы, развития инфраструктуры, в том числе процесса формирования благоприятного

инвестиционного климата страны. Авторы статьи считают, что одним из факторов устойчивого развития национальной экономики является увеличение экспорта продукции, в том числе продуктов животного и растительного происхождения, причем значительную долю в экспорте должна составлять переработка сельскохозяйственной продукции.

Abstract

Formation of social and production potential of Kazakhstan is very important to ensure the continuity of reproduction, in General, the importance of regional investment in the implementation of socio-economic plans. Therefore, at present, in the era of economic globalization, research on regional involvement in the investment process requires a modern economy and remains a legitimate phenomenon. The development of the investment process in Kazakhstan is the main element of the world economy at the first stage. Therefore, the mechanisms for attracting investment in the development of the regional economy are directly related to attracting foreign investment. The dynamic development of international movement of capital in the twenty-first century, attracting investment is important to begin the process of internationalization of the global economy, develop international business and borrowed capital in the development of the regional economy of Kazakhstan, stabilization of our economic development, social development, infrastructure development, including the process of formation of the favorable investment climate in the country. The authors of the article believe that one of the factors of sustainable development of the national economy is the increase in exports of products, including products of animal and plant origin, and a significant share in exports should be the processing of agricultural products.

ОӘЖ 658 (075.8)

А.М. Бекжанова

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Түйін

Бұл мақалада инновациялық қызметтерді мемлекеттік реттеу мақсатында инновациялық қызметке тікелей немесе жанама қызмет көрсету қажет екендігі туралы айтылады. Инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу ғылым мен техниканың дамуының негізгі бағыттарының бірі болып табылады және мемлекеттік бюджеттен жобаларды мақсатты қаржыландыру мен инновациялық қызмет инфрақұрылымын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Ал инновациялық қызметті жанама реттеуге фискалдық әдістерді қолдану (салық салу мен мемлекеттік бюджетке төленетін төлемдер мен алымдар бойынша, жылдамдатылған амортизация, жеке нарықтар саласында реттеу бойынша жеңілдіктер қарастыру бойынша инновацияны мемлекеттік қолдау), интеллектуалды меншікті құру мен оны қорғау саласында нормативті құқықтық реттеу, ғылыми білімді комерциялизациялауға қатысушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы жүзеге асырады. Эволюциялық даму жағдайында ұлттық деңгейде инновациялық жүйенің қалыптасуының негізгі субъектісі жеке бизнес болғандықтан, инновациялық кәсіпкерлікті қалыптастыруға мемлекеттің белсенді қатысуы заңды құбылыс деп есептелінеді.

Кілттік сөздер: инновация, мемлекеттік реттеу, жеке кәсіпкерлік, үдеріс, ғылым, саясат

Кіріспе

Қазіргі таңда, инновациялар кәсіпкерлік қызмет пен мемлекет экономикасының даму қарқынын өсіретін нарықтық экономиканың ең бір маңызды элементтерінің бірі ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев және бірқатар қазақстандық мамандар өздерінің баяндамаларында, «Еліміз шикізат экспорты тәуелділігінен айырылу үшін инновациялық экономикаға немесе «білім экономикасына» өтуі керек, себебі экономикалық өсудің негізгі шарты ретінде зияткерлік және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін жасау және қолдану болып табылады» деп атап өткен болатын [1].

Қазіргі таңда мемлекет инновациялық үдерістердің координаторы ретінде оның ынталандырушы рөлін атқарады. Сондықтан да ғылыми технологиялық саясаттың негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

- ғылыми-техникалық және инновациялық саланың заңдастырылған негізінде мемлекет тарапынан қорғау мен қолдау;
- өнеркәсіп пен ғылыми техникалық прогресс арасындағы байланысты күшейту, оларды өнеркәсіптерге енгізу;
- ғылыми-технологиялық бағыттарды реттеу мен өнеркәсіптердің стратегиялық дамуына жағдай жасау;
- ғылыми-технологиялық зерттеулерді мемлекет тарапынан қаржыландыру жолдары мен формаларын ұйымдастыру, инвестицияларды тарту, қолдау, ынталандыру;
- ғылым саласында білім беру, мамандандыру мәселелерін шешу, жоғарғы оқу орындарын, ғылыми институттарды, лабораторияларды қолдау;
- мемлекет экономика инновациялар диффузиясы мен технологиялар трансфертін күшейту, отандық өндіріс салсын бәсекелестерден қорғау

Осы айтылған шарттар мемлекет инновациялық саясатты жаңа өнім мен жаңа технологияны өндіруге және отандық тауарларды нарыққа өткізу мәселесін қолға алып толық қанды қолдауды қажет етеді.

Инновациялық саясаттың негізгі қағиделарын қалыптастыруда, қоғамның әлеуметтік-экономикалық мақсаттары ескеріледі.

Инновациялық кәсіпкерліктің субъектілеріне инновациялық қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар жатады. Инновациялық кәсіпорынның қызметі технологиялық немесе өнімдік инновацияларды пайдаланудың нәтижесінде пайда табудан көрінеді. Дамыған елдерде кәсіпорындардың 70%-на жуығы рыноктың жаңа сегменттерін игеру мақсатында өнімнің ассортиментін кеңейтумен байланысты инновацияларды жүзеге асырады.

Теориялық талдау

Инновациялық қызметтерді реттеу мақсатында мемлекет инновациялық қызметке тікелей және жанама түрде әсер ете алады. Инновациялық кәсіпкерліктің басты функцияларының бірі ғылыми-техникалық және өндірістік сала арасындағы байланыстырушылық (делдалдық) рөлді жүзеге асыру болып табылады. Инновациялық кәсіпкерліктің жұмыс істеуі ғылыми-техникалық ұйымдар және шаруашылық субъектілер көтеруге мәжбүр инновациялық өнімді құрумен немесе жаңа ғылыми-техникалық шешімдерді олардың коммерциялық пайдаланылу мүмкіндіктеріне дейін жеткізумен байланысты шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Осы ретте ҒЗТҚЖ-ға арналған шығыстар инвестициялардың 30%-на жуығын құрайды.

Инновациялық кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі мыналарға:

- жаңа ғылыми идеяларды әзірлеуге немесе іздеуге және оларды бағалауға;
- қажетті инвестициялық ресурстарды іздеуге;
- жобаны немесе кәсіпорынды басқарудың тиімді модельдерін құруға;
- ақшалай табыс алуға негізделген [2].

Қазіргі уақытта Қазақстанда негізінен шетелдік капиталдың қатысуымен ірі корпорацияларда, ұлттық компанияларда, екінші деңгейлі банктерде, қаржылық-өнеркәсіптік топтарда менеджменттің жоғарғы деңгейі бар. Сонымен қатар, технологияларды, теорияларды және құқықтық қорғаудың тәжірибесін және зияткерлік меншікті пайдалануды коммерциализациялаудың іскери қағидаттарын кәсіби меңгерген, инновациялық және жоғарғы технологиялық жобаларды басқара алатын кәсіби инновациялық менеджерлер — мамандардың институты мүлдем жоқ.

Кез келген елде және бизнестің кез келген түріндегі инвестордың негізгі тәуекелі барабар емес менеджментпен байланысты болғандықтан бұл тәуекелді барынша азайту

басқару және кәсіпкерлік мәдениетті көтерумен, барлық деңгейдегі менеджерлерді сапалы оқытумен және қайта даярлаумен, оларды қажетті қолдаумен (консалтинг және ақпараттық) қамтамасыз етумен қол жеткізіледі.

«Ұлттық экономиканың дамудың инновациялық қорына көшуі барлық қоғамның инновацияларды қабылдауынсыз және инновациялық процестерді басқару мен инновацияларды іске асыруды жүзеге асыруға қабілетті кадрлар жеткілікті санының болуынсыз мүмкін емес» [3].

Қолда бар ғылыми-технологиялық әлеуетке қарамастан Қазақстанда инновациялық қызметтің мынадай инновациялық өнімді құру және инновациялық өнімдірін оққа жылжытумен байланысты делдалдық қызметтерді орындау сияқты негізгі түрлерін жүзеге асыратын кәсіпкерліктің болмауы елдегі төменгі инновациялық белсенділік себептерінің бірі болып табылады.

«Қазақстанның алдында нарық субъектілерінің өзара тауарлар мен қызметтерді өндірудегі бәсекелестікті қолдап және дамыту міндетімен қатар елімізде ғылыми сыйымды технологиялар саласындағы әлемдік бәсекелестіктің толыққанды қатысушыларына айналу үшін білім экономикасын дамытуға арналған іс-әрекеттерді жандандыру міндеті тұр.

Тәжірибелік бөлім

Экономикалық дамыған елдерде мемлекет инновациялық қызметтің дамуына қажетті экономикалық, қаржылық, ұйымдастырушылық және нормативтік-құқықтық жағдайларды жасау арқылы ынталандырады.

Кесте 1. Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін реттеу әдісі

Реттеу әдісі	Сипаттамасы
Техника-технологиялық	Жаңа техника мен технологияны, технологиялық инновацияны жасап шығару және оны жетілдіру
Экономикалық	Салықтық жеңілдіктер, банктік және мемлекеттік кепілдемелер, табыстылық нормасы, инвестициялық жеңілдіктер, мемлекеттік инвестиция, кеденді жеңілдіктер, жедетілген амортизация, және т.б.
Ұйымдастырушылық	Бірлескен кәсіпорын құруға қатысу, кәсіпорынды қайта құру, орта, шағын бизнесті дамыту және т.с.с
Нормативті-құқықтық	Шаруашылық субъектілерінің қызметін реттейтін ережелерді бекіту экономикалық орталықтандырып бақылау

Инновациялық инфрақұрылымдарды құруда мемлекет инновациялық үдерістерді дамытуға қолдау көрсетеді, яғни инновацияның таралу орталықтарын құру, ғылыми технологиялық парктер, бизнес инкубаторлар, әр түрлі инновациялық қорлар құру.

Әлемдік тәжірибеде инновация үдерістерге тек тікелей ғана емес, сонымен бірге көптеген жанама әсерлер арқылы жүзеге асырып отырады [4].

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыруда мемлекеттің және коммерциялық құрылымдардың қатысу деңгейі Еуропа мен одан тыс жерлерде әртүрлі: егер Жапония мен АҚШ-та ғылымдағы коммерциялық құрылымдардың үлестері сәйкесінше 75 және 77%-ы құраса, Еуропада 66%-ды құрайды. Еуропа елдерінің ішінен ҒЗТКЖ-ды мемлекеттік қазынадан қаржыландырудан келесілер алдыңғы орындарды алып отыр: Португалия (70%), Италия мен Греция (50%-ға жуық), Польша (58%), Венгрия (53%), Словакия (48%) және Чехия (42%). Әлемдік нарыққа ғылыми өнімді шығарудан көшбасшы тұрған елдер ЖІӨ есебінен ғылымға бөлінген қаражаттарға қатаң бақылау орнатады. Ол үшін мемлекет тарапынан салықтық жеңілдіктер, бюджеттік қолдау, инвестициялар тарту, құрал-жабдықтар лизингі сияқты экономикалық механизмдер қолданылады. Әдетте әлсіз дамыған елдерде ЖІӨ есебінен ғылымға бөлінетін үлес - 0,5%-ды құрайды. Қазақстан да осындай елдердің

құрамына кіреді. 2005 жылы Қазақстан зерттеулер мен әзірлемелерге ЖІӨ-нің 0,29%-ын бөлді, соның ішінде бюджеттің қатысуы 51,2%-ды құрап отыр. Осындай шектеулі қаржыландырудың арқасында Қазақстанның әлемдік нарыққа ғылыми өнімді шығару деңгейі нөлге тең болады. Басқа елдермен салыстырсақ, ғылыми өнімді шығару жағынан әлемдік нарықтағы Ресей үлесі 0,3-0,5%, Еуропа Одақ елдері-35%, АҚШ-25%, Жапония-11%, Сингапур-7%, Оңтүстік Корея-4%, Қытай-2% [5].

Көптеген мемлекеттерде инновациялық саясат шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған. Өйткені бұл сфера жаңа өнімдерді енгізуге тез икемделеді және қолайлы инновациялық бәсекелі ортаны қалыптастырады.

«Қазіргі кезеңде Қазақстанда инновацияларды құру және енгізу аясында кәсіпорындардың белсенділігінің төмендеуін көреміз. ҚР статистика агенттілігінің бағалауы бойынша, 01.01.2010 ж. мерзіміне сәйкес республикада кәсіпорындардың инновациялық-белсенділігінің меншікті салмағы жалпы респонденттік санының 3,9% құрайды (10096 бірлік). Салыстырма бойынша Ресей кәсіпорындарының инновациялық-белсенділігі 13% (2008 ж.), ал Шығыс Европада – 40%-ға дейін (Румыния – 28%, Словения – 32%, Польша – 38%)».

Нәтижелер мен талқылау

Инновациялық дамудың келесі түрі «тасымалдау» стратегиясы болып табылады және ол кейбір елдерде: Оңтүстік Шығыс, Азия және Қытайда қолданылады. Бұл стратегия ғылыми-техникалық қайта жұмыстарды қажет етпейтіндіктен өте қарапайым болып табылады. Инновацияны сатып алушы ел бұрыннан белгілі өнімді өз елінде ешқандай өзгеріссіз және жетілдіріусіз шығарады.

Мысалы, инновация стратегиясын қабылдау уақытында жетістіктерге жеткен ел – Жапония болып табылады. Жапонияның технологиялық саясаты экономикалық өсудің негізі болып табылады. Соңғы 30 жылда Жапония 10 млрд. долларды шетел технологиясын сатып алуға жұмсады. Жалпы лицензияның саны 52 мыңға жуықталды, және соның жартысы АҚШ-тан сатып алынған. Ғылыми техникалық білімнің белсенді импорты Жапония үшін өндірістік дамыған елдермен технологиялық жарылысты елеулі азайтты. Бұл жерде маңызды рольді мемлекет атқарады, мемлекет қана капитал қысымын, технологиялық білімнің ірі кәсіпорындар мен кіші фирмаларға таралуын қамтамасыз етеді.

Мемлекет бұл секторды мақсатты инвестиция, жеңілдік несие, салық және амортизация нормасы көмегімен қолдайды. Инновациялық қызметті қолдаудың дәстүрлі тәсілдерінен бөлек Жапонияның мемлекеттік органдары арнайы әдістерді кең қолданады:

1. жеке банктер арқылы ұсынылған қаржылық қаражаттың мақсатты бөлінуі, және олардың басым салаларға бағытталуы;
2. озық технологияны жасап шығарудағы кәсіпорындармен бірлесіп жұмыс жасау;
3. шетелдікелдермен ғылыми-техникалық қайырбасты бақылау.

Жапониялық имитациялық моделінің артық жерін Қазақстан үшін пайдалануға, ұсынуға болады. Қаншалықты жоғарғы деңгейдегі, фундаментальды зерттеулеріне қарамастан, Қазақстан әлі де ішкі ғылыми техниканы игерген жоқ, және жаңа жоба үшін қаржы инвестицияларының қайнар көздері жоқ. Бұл стратегия қаржы қаражаттарын инновациялық процестің кейбір кезеңінен «секіріп өту» есебінен үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жапония фирмалары патент пен лицензияны өзгеріссіз күйде сирек қолданатынын атап өткен жөн. Сатып алынған 90 %-ға жуық технологиялар қайта жасалған және жақсартылған. Сондықтан, имитациялық стратегия, өзіміздің инновациялық мүмкіндіксіз көп бере қоймайды [6].

Әлемдік тәжірибе ресурстарды ғылымға салудың екі негізгі сызбасын ұсынады: білімді өндіру, бюджет пен қаржыландырылған және алынған нәтижелерді кең тұтынушылар тобына тегін ұсынатын ірі лабораторияларды ұйымдастыру жолымен мемлекеттің тікелей қатысуы. Көбіне мұндай лабораториялар денсаулық сақтау, қорғаныс, энергетика мен ауыл шаруашылығы мәселелерін шешумен айналысады.

Бірінші жағдайда мемлекет өз мойнына 20 %-дан 50 %-ға дейінгі ғылыми шығындарды алады. Бюджет есебінен университеттегі түбегейлі ғылым, мемлекеттік лабораторияда қорғаныс сипатындағы зерттеулер толығымен қаржыландырылады және келісім-шарт бойынша ҒЗТКЖ-дың жеке салаларын дамуын құрайды: АҚШ – 34%, Франция – 22%, Ұлыбритания - 16,5%, Жапония - 1,2% (Жапония экономикасы қорғаныс құрамдасының төменгі үлесімен ерекшеленеді). Зерттейтін жобаға грант ретінде өтеусіз субсидияны ұсыну – түбегейлі ғылымды қаржыландырудың тиімді формасы болып табылады. Көптеген елдерде өтеусіз субсидияны шағын инновациялық бизнесті қолдау бағдарламасы бойынша шағын инновациялық фирмалар алады.

Қорытынды

Қорыта келіп, дүниежүзілік тәжірибе ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттың экономикалық құрал-жабдығының үлкен спектрін ұсынады, оның көмегімен макро және микродеңгейде инновациялық процесті реттеуге болады. Бұларды толық мөлшерде пайдалану тіпті бай елдер өздеріне рұқсат ете алмайтын үлкен қаржы қаражатын талап етеді.

Қазақстан Республикасы өзі ұстанып отырған инновациялық даму бағытын айқын анықтай білді және бұл жолдан тайынбасы анық. Себебі тәуелсіздік алған жылдан бастап еліміз индустриалды-инновациялық дамусыз ел болашағының болмайтындығын анық білді. Сол себепті инновациялық жүйені дамыту және мемлекеттік реттеу мақсатымен бірқатар нормативтік-құқықтық актілер мен бағдарламалар әзірленген болатын. Бірақ, Үкімет бір бағдарламаны соңына дейін жеткізе алмай, жаһандық бәсекелестікті ескере отырып, анағұрлым прогрессивті жаңа бағдарламаларды қабылдағандығын байқай аламыз. Алайда, мемлекет бағдарламалды тек қабылдап қана қоймай, оның нәтижелігін, жүргізіліп жатқан шаралардың орындалуын қадағалау қажеттілігін де ойлауы тиіс. Себебі, инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу ол, мемлекет тек стратегиялық бағдарламаларды әзірлеп, инновациялық үрдістің даму бағытын айқындап қана қоймай, нормативтік-құқықтық база мен инновацияның дамуына түрткі болатын инфрақұрылымды құруға тікелей араласуы шарт. Бұндай шараның болуы, ұлттық инновациялық жүйенің бүгінгі күні толық қалыптаспағандығымен түсіндіруге болады, ал халық шаруашылығының кез келеген саласын дамыту барсында, оның алғашқы қадамдары кезінде мемлекеттік қолдаудың қажеттілігі өте жоғары [7]. Қазіргі кездегі заңнамалардағы кемшілік инновациялық қызметтің субъектілерін қолдау механизмі толық қарастырылмаған. Құқықтарды жүзеге асыру механизмі дегеніміз құқықтар мен еркіндікті жүзеге асыруға жағдайлар жасауға мүмкіндік беретін шаралар екендігін ескерсек, қазіргі кезде бұл шараларды бекіту қажеттілігі айқын көрінуде.

Әдебиеттер тізімі

1. Сәбден О. Инновациялық экономика. Таңдамалы еңбектері. Монография. Алматы: ҚР БҒМ ҒК ЭИ, Том I, 2011, 328 б.
2. Инновационный менеджмент : учебник для академического бакалавриата / под ред. С. В. Мальцевой. М.: Издательство Юрайт, 2015, 527 с.
3. Пятецкий В.Е. Управление инновационными процессами: методологические основы и принципы инновационного менеджмента в управлении предприятиями. М.: Изд. Дом МИСиС, 2012, 152 с.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығы «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы». Астана, 2013, 10 б.
5. Казбеков Т.Б., Баймаганбетов Д.З., Факторы и условия государственного регулирования в инновационной. Вестник КарГУ, серия Экономика № 4(64), 2011, С. 33-38.
6. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. Мына сілтемеде: <http://www.adilet.zan.kz/> (03 маусым 2019ж.)

7. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (10 қаңтар 2018ж.)

Аннотация

В целях государственного регулирования инновационной деятельности необходимо оказание прямых или косвенных услуг инновационной деятельности. Государственное регулирование инновационной деятельности является одним из основных направлений развития науки и техники и осуществляется за счет целевого финансирования проектов из государственного бюджета и формирования инфраструктуры инновационной деятельности. А косвенное регулирование инновационной деятельности осуществляется посредством применения фискальных методов (государственная поддержка инноваций по налогообложению и сборам в государственный бюджет, ускоренной амортизации, рассмотрению льгот по регулированию в сфере частных рынков), нормативно-правового регулирования в области создания и защиты интеллектуальной собственности, создания благоприятных условий для участников коммерциализации научных знаний. Как основной субъект формирования инновационной системы на национальном уровне в условиях эволюционного развития является частным бизнесом, активное участие государства в формировании инновационного предпринимательства, понимая закономерное явление, становится вкладом соискателей в этом направлении

Abstract

For the purpose of state regulation of innovation, it is necessary to provide direct or indirect services for innovation. State regulation of innovation is one of the main directions of development of science and technology and is carried out through targeted financing of projects from the state budget and the formation of infrastructure for innovation. And indirect regulation of innovation activities is carried out through the use of fiscal methods (state support for innovation on taxation and fees to the state budget, accelerated depreciation, consideration of benefits for regulation in the field of private markets), regulatory regulation in the field of creation and protection of intellectual property, creating favorable conditions for participants in the commercialization of scientific knowledge. As the main subject of formation of the innovation system at the national level in the conditions of evolutionary development is private business, the active participation of the state in the formation of innovative entrepreneurship, understanding the natural phenomenon, becomes the contribution of applicants in this direction

ӘОЖ 365.244

Д.А. Беркимбаева

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

КӘСІПКЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМІ

Түйін

Қоғам мен өндірістің даму үрдісінде адамдар әр түрлі ұйымдық-экономикалық қатынастар аясында кәсіпкерлік қызметпен айналыса бастады. Кәсіпкерлік тарихы орта ғасырлардан бері бастау алады. Сол уақыттың өзінде көпестер, саудагерлер, колөнершілер жаңадан қалыптасып келе жатқан кәсіпкерлер ретінде таныла бастады. Сонымен қатар, кәсіпкерліктің даму тарихы айырбас қатынастарының, қоғамдық еңбектің бөлінісі мен жалпы нарықтық қатынастар даму тарихымен тығыз байланысты. Әртүрлі көзқарастарды талдай отырып, кәсіпкерлік қызмет бұл инновациялық тәуекелді тәсіл негізінде, өндіріс факторларын оңтайлы үйлестіру тұрғысынан сипатталып, адамның ерекше қабілеттерін жүзеге асыру деген тұжырым жасауға болады. Кәсіпкер өндірісте жаңа техника мен технологияны қолдану арқылы, еңбекті жаңаша ұйымдастыру, жаңашылдық тұрғысынан басқару кәсіпкерлік құрылымның қалыптасу мен дамуының мотивациялық механизмі қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Заманауи экономика жағдайында, экономиканың жаһандануы кәсіпкер маркетингтік қызметті максималды тиімді түрде ұйымдастыруын қажет етеді. Ол нарықты

басқалардан жақсы анықтау үшін, өндіріс құралдарын қандай нарықтық сегментте сатып алған тиімді пайдалану және дер кезінде өнімге деген тиімді төлем қабілеттілік пен сұраныстың болатындығын нақты анықтауына мүмкіндік береді.

Кілттік сөздер: Агроөнеркәсіп, экономика, аймақ, ауылшаруашылығы, өнім, , кәсіпкер, нарық, кәсіпкерлік

Кіріспе

Кәсіпкерлік құрылымның қалыптасуы мен дамуының мотивациялық механизм қызметі бұл инновациялық тәуекелді тәсіл негізінде, өндіріс факторларын оңтайлы үйлестіру тұрғысынан сипатталып, адамның ерекше қабілеттерін жүзеге асыру деген тұжырым жасауға болады. Кәсіпкер өндірісте жаңа техника мен технологияны қолданады, еңбекті жаңаша ұйымдастырады, жаңашылдық тұрғысынан басқарады дегенді білдіреді деп санаймыз

Өнім өндірудің шығындарының төмендеуі негізінде баға белгіленеді. Кәсіпкер маркетингтік қызметті максималды тиімді түрде ұйымдастырады. Ол нарықты басқалардан жақсы анықтайды, өндіріс құралдарын қандай нарықтық сегментте сатып алған тиімді екенін және дер кезінде өнімге деген тиімді төлем қабілеттілік пен сұраныстың болатындығын нақты анықтайды. Нәтижесінде ол әдеттегі шаруашылық жүргізушілерге қарағанда көп пайда табады. Сонымен қатар, кәсіпкер үнемі тәуекелге барады. Ол әдеттегідей тәуекелден қашпайды, керісінше оған саналы түрде барады. Оның себебі басқалар сияқты осы тәуекел үшін өтемақы алудың орнына үлкен табыс табуға ұмтылады [1].

Кәсіпкерлік табыс деп ең алдымен, қосымша табысты, басқарудан түскен табысты, кәсіпкердің табиғи қасиеттері немесе сыртқы жағдайларға байланысты өндіріс факторларын жаңа тұрғыдан үйлестіру мен ерекше талдау қабілеттерінің арқасында түсетін артық қаражаттар деп түсіну керек.

Кәсіпкерлік қызмет- белгілі бір функцияларды жүзеге асырумен байланысты екенін ескере отырып, мұндай қызметті пайда алу мен қоғамның (оның мүшелерінің) экономикалық, элеуметтік және экологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында тауарлар мен қызметтердің үздіксіз, үнемі жаңартылып отыратын ұдайы өндірісін жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру үрдісі ретінде сипаттауға болады.

Кәсіпкерлік қызметі келесідей жолдармен жүзеге асырылады:

- 1) қандай да бір тауарды, өнімді немесе қызметті тікелей өндірумен;
- 2) продуценттен (өндірушіден) тұтынушыға тауарды жеткізу бойынша делдалдық функцияларды жүргізу жолымен [2].

Кәсіпкерлік қызмет-өзіндік ынтаға, жауапкершілік пен инновациялық кәсіпкерлік идеяға негізделген, пайда табуға жұмсалатын, қызметтің ерекше түрі.

Кәсіпкерлік идея - қандай да бір нақты экономикалық нысандық көрінісі бар, өндірушінің айқындалған мүмкіндігі мен қызығушылығын сипаттайды. Мұндай қызығушылықты анықтау, кәсіпкер мүмкіндіктерін нарық қажеттіліктерімен сәйкестендіру, немесе нарық қажеттіліктерін кәсіпкер мүмкіндіктерімен сәйкестендіру жолымен жүзеге асыруға болады.

Кәсіпкерлік экономикалық белсенділіктің ерекше түрі болып табылады, өйткені оның бастапқы сатысы, әдетте тек идеямен, ал кейіннен материалдық нысанға айналатын, ойлау қызметінің нәтижесімен байланысты.

Кәсіпкерлікті құрамдас жүйе ретінде қарастыратын болсақ, ол келесі функцияларды атқарады:

- новаторлық инновациялық қызметті кәсіпкерліктің функциясы ретінде;
- кәсіпкерлік іс-әрекет оның функциясын атқарушы және жүзеге асырушы механизм ретінде.

Кәсіпкерлік жаңа мотивациялық механизмге, қызмет ету аясын ауыстыру немесе жаңа кәсіпорынды құру тұрғысынан болсын, инновациялық жағдайдың міндетті түрде болуымен

сипатталады. Өндірісті, сапаны басқарудың жаңа жүйесі, өндірісті ұйымдастырудың жаңа әдістері немесе жаңа технологияларды енгізу - бұл да инновациялық жағдайлар.

Теориялық талдау

Ал ағылшынның атақты ғалымы Адам Смит кәсіпкер деп, өзінің қызметінің негізгі мақсаты кәсіпкерлік пайда табатын кәсіпорын иесі деп түсінген. XIX ғасырдағы Францияның экономисі Жан Батист Сэй, кәсіпкердің негізгі функциясы өндірістің қызметін біріктіру және үйлестіру деген пікірді ұстанған. Альфред Маршалл мен жолын ұстанушылар кәсіпкердің ұйымдастырушылық функциясына ерекше көңіл бөлген. Олардың пікірінше әрбір қалаушы - кәсіпкер бола алмайды, оған ерекше қабілет керек деп есептеген.

Кәсіпкерлік туралы ерекше жұмысты ұстанған Йозеф Шумпетер, кәсіпкер тек жеке адамдар болып қана қоймайды, ол адамдар тобынан да құрыла алады деген көзқараста болған. Сонымен қатар, оның пікірінше, кәсіпкерлікте ең басты - инновациялық қызмет, ал кәсіпорын меншігіне деген құқық кәсіпкерліктің маңызды белгісі болып табылмайды деп есептеген [3].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде кәсіпкерлікке төмендегідей анықтама берілген: кәсіпкерлік-меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға жұмысталған жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Кесте 1. «Кәсіпкер» және «кәсіпкерлік» түсініктерінің эволюциялық тұрғыдан дамуы

Мерзімі	Анықтама авторы	Анықтама мазмұны
1	2	3
1723	Коммерцияның жалпыға ортақ сөздігі, Париж қ.	Кәсіпкер - өнім өндіру немесе құрылыс объектісі бойынша міндеттемені өз мойнына алатын адам.
1725	Ричард Кантильон	Кәсіпкер - белгісіздік жағдайларында шешім қабылдайтын және өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын адам. Кәсіпкердің табысы - ол тәуекел үшін төлем.
1-кесте жалғасы		
1770	А. Тюрго	Кәсіпкердің тек қана белгілі бір ақпараты ғана емес, сонымен қатар капиталы да болуы керек.
1776	Адам Смит	Кәсіпкер - кәсіпорын иесі және тәуекелді коммерциялық идеяларды жүзеге асырушы. Негізгі функциясы - күнделікті шаруашылық қызмет барысында өндірісті ұйымдастыру мен басқару.
1797	Карно Бодо	Кәсіпкер - атқарылып жатқан іске жауапты тұлға ретінде кәсіпорын қызметін жоспарлайтын, бақылайтын, ұйымдастыратын және оның иесі. Оның белгілі бір интеллектуалдық деңгейі, яғни алуан түрлі ақпараттар мен білім иесі.
1830	Жан Батист Сей	Кәсіпкерлік - бұл нарықтық кеңістіктің аталған нүктесіндегі өндіріс факторларының рационалды комбинациясы. Кәсіпкер - өндірістік бірлік аясында адамдарды ұйымдастыратын тұлға. Кәсіпкер өнім өндіру мен бөлу үрдісінің аясында қызмет атқарады, ал кәсіпкерлік қызмет негізін - өнім өндірісі мен өткізуді ұйымдастыру қабілеті құрайды.

1876	Фрэнсис Уокер	Кәсіпкер - өзінің ұйымдастырушылық қабілеттері арқасында пайданы иеленетін тұлға.
1890	Альфред Маршалл	Әрбір қалаған адам кәсіпкер бола алмайды. Кәсіпкерлердің «табиғи» таңдауы Ч.Дарвин ашқан табиғи таңдауға сәйкес жүргізіледі.
1910	Макс Вебер	Кәсіпкерлік қызмет-рационалдылықты жүзеге асыру. (Рационалдылық деп ол функционалды тиімділікті, салынған қаражаттары мен жұмсалған күштерді және т.б. пайдаланудан түскен максималды табысты түсінген). Кәсіпкерлік негізінде протестантизмнің рационалды этикасы жатыр, ал әлемтанушылық, тәрбиешілік кәсіпкердің қызметіне маңызды әсерін тигізеді.
1911	Иозеф Шумпетер	Кәсіпкерлікте ең бастысы - инновациялық қызмет, ал кәсіпорын меншігіне деген құқық кәсіпкерліктің маңызды белгісі болып танылмайды. Кәсіпкер ретінде, өндіріс факторларының жана комбинацияларын жүзеге асыратын кез келген адам, акционерлік қоғамның қызметкері, мемлекеттік шенеунік және меншіктің әр түрлі нысанындағы кәсіпорын менеджері бола алады. Бастысы «... басқалар жасайтын іспен айналыспау» және «...басқалар жасайтындай етіп жасамау». Кәсіпкерлік статус тұрақсыз, өйткені нарықтық экономика субъектісі тек жаңашылдық функцияларын жүзеге асырған кезде ғана кәсіпкер бола алады, ал өз қызметінде күнделікті ұсақ-түйек жұмыспен айналысқан кезде осы статусынан айрылады.
I-1927	И.фон Тюнен	Кәсіпкер - ерекше қасиеттерді иеленуші (тәуекелге бара алатын, стандартты емес шешімдерді қабылдай алатын және өз іс-әрекеттеріне жауап бере алатын) және сондықтан да жоспарланбаған (күтпеген) табысқа үміткер. Кәсіпкер тәуекел үшін, сонымен қатар кәсіпкерлік өнері үшін табыс алуы керек. (Ескертетін жағдай, И. Тюнен кәсіпкердің жаңашыл болуы міндетті емес деп санаған).
1936	Джон Мейнард Кейнс	Кәсіпкер - шаруашылық жүргізушінің өзіндік элеуметтік-психологиялық типі, ол үшін ең бастысы «... тек қана Вебердің рационалды калькуляциясы немесе Шумпетердің жаңашылдығы емес, белгілі бір психологиялық қасиеттердің жиынтығы». Негізгі кәсіпкерлік қабілеттер: тұтыну мен жинақтауды сәйкестендіру, тәуекелге бару қабілеті, белсенділік рухы, болашаққа деген сенімділік және т.б. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі мотивтері - жақсыға, тәуелсіздікке ұмтылыс, мұрагерлерге байлық қалдыру.
1961	Дэвид Макклелланд	Кәсіпкер - шамаға қарай тәуекел ету жағдайларында әрекет ететін белсенді адам.
1- Кесте жалғасы		
1964	Питер Друкер	Кәсіпкер - кез келген мүмкіндікті максималды табыспен қолдана алатын адам.
I-1975	Альберт Шапиро	Кәсіпкер - ынталы, элеуметтік- экономикалық механизмдерді ұйымдастыратын, белгілі бір тәуекел жағдайларында қызмет ететін, мүмкін болатын сәтсіздік үшін толығымен жауапты болатын адам.
1980	Карл Веспер	Кәсіпкер - экономист, психолог, басқа кәсіпкерлер мен саясаткерлер көзқарасында әр түрлі мәніне түсінік.
1983	Гиффорд Пиншо	Интрапренерлік - фирма ішілік кәсіпкерлік. Интрапренердің жана кәсіпорынды құрайтын антрепренерден ерекшелігі, ол қолда бар кәсіпорын жағдайында жұмыс істейді.
1985	Роберт Хизрич	Кәсіпкерлік-құны бар жаңабір нәрсені құру, ал кәсіпкер - осының барлығына уақыты мен бар күшін жұмсайтын, қаржылық, психологиялық немесе элеуметтік тәуекелді өз мойнына алатын және соның арқасында сыйақы ретінде ақша мен қол жеткізгені нәтижесі үшін қанағатқа кенелетін адам.

1988	М. Алле	Кәсіпкер шаруашылық жүргізуді нарықтық ұйымдастыруда жетекші рөлді иемденетін адам.
1993	Т.Ю. Горькова	Кәсіпкер - бизнестегі жетекші фигура, ол өз міндеті ретінде өндірістің барлық факторларын бірегей шаруашылық үрдіске біріктіруді мойнына алады.
Ескерту: [4] әдебиет негізінде құрастырылған		

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден кәсіпкерлік ұғымы әр түрлі көзқарастар тұрғысынан қарастырылады: шаруашылық жүргізу стилі ретінде, нарық жағдайында қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асыру үрдісі ретінде, нарық субъектілерінің өзара әрекеттесуі ретінде және т.б. [4].

Тәжірибелік бөлім

Кәсіби тұрғыдан кәсіпкерлік белгілі бір қағидалар бойынша ұйымдастырылады. Ол туралы кәсіпкерлік бизнестің тәжірибелі субъектілері жақсы біледі және өз қабілеттері мен қалауларына сай қолайлы істі іздеумен айналысатын жаңадан қалыптасып келе жатқан кәсіпкерлер бұл жағдайларды есте ұстауы керек. Латын тілінен аударғанда «қағида» сөзі негіз дегенді білдіреді. «Қағида» сөзінің жалпы философиялық мағынасы оны құбылыс мәнінің құрылымымен байланыстырады [5].

Кәсіби кәсіпкерлік қағидалары деп кәсіпкерлікте кәсіби табысқа қол жеткізуді көздейтін барлық адамдар басшылыққа алуға міндетті, кәсіпкерлік бизнестің негізін құраушы элементтерін айтады. Аталған қағидалар объективті сипатқа ие және экономиканың тарихи және ұлттық ерекшеліктеріне тәуелсіз, адамдар қызметінің ерекше типі ретінде сипатталады.

Кәсіби кәсіпкерлік бизнес қағидалардың 5 тобы негізінде ұйымдастырылады және дамиды. Оларға мыналар жатады:

1. кәсіпкерліктің жұмыстаушы қағидалары;
2. кәсіпкерліктің ынталандырушы қағидалары;
3. кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық мінез-құлық қағидалары;
4. кәсіпкерліктің эволюциялық қағидалары;
5. кәсіпкерліктің жүйелік қағидалары.

Кәсіпкерліктің бағыттаушы қағидаларына бизнестің кәсіпкерлік бейімділігіне сәйкестігі қағидасын және бизнестің бәсекеге қабілеттілік қағидасын жатқызады. Кәсіпкерлердің өмірде өзіне лайықты орынды іздеуі олардың кәсіпкерлік миссия деп аталатын арнаулы жұмысына байланысты. Әр адам өзінің іскерлік карьерасының алғашқы кезеңі немесе ұзақ үзілістен кейін кәсіпкерлікке келуі болсын, кәсіпкерлік миссиясын өзі анықтауы қажет.

Кәсіпкерлердің өз миссиясын орындауы олардың кәсіпкерлік бәсекеге қабілеттілігінің әлеуетіне тікелей байланысты. Бәсекеге қабілеттілік деп бәсекеге түсу қабілеті дегенді түсінеді. Бәсекеге қабілетті кәсіпкерлер өнімді өндіру, қызмет көрсету, жұмыстарды орындау бойынша таңдалған сферадағы істі жүргізуге ғана емес, сонымен қатар бизнесті өз бәсекелестерінен нашар емес, керісінше мүмкіндігі бойынша олардан жақсы етіп жүргізуге де дайын болуы керек.

Нәтижелер мен талқылау

Кәсіпкерлік құрылымның қалыптасуы мен дамуының мотивациялық механизмі оның бәсеке қабілеттілігімен анықталады және де бәсекеге қабілеттіліктің әлеуеті (КБӨ) деп кәсіпкерлік бизнес субъектілерінің бәсекелік артықшылықтары мен кемшіліктерінің арақатынасын (өз бәсекелестерінен қай жағынан кем, қай жағынан артық екендігін) айтады. Әрбір кәсіпкер өз бәсекелестеріне қарсы тұруға және қарсы әрекет етуге міндетті. Кәсіпкерлік бизнес субъектісінің бәсекеге қабілеттілігі оның өз қарсыластарынан бәсекелік

артықшылықтарын анықтап, оларды ұстап қалуға деген қабілетімен анықталады. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейі, оның бәсекелік артықшылықтары мен кемшіліктерін қарсыластардың бәсекелік артықшылықтары мен кемшіліктерімен салыстыру жолымен анықталады.

Кәсіпкерлер (Кәсіпкерлік бәсекеге қабілеттіліктің әлеуеті) КБӘ құру мен арттыруға мүдделі. Өйткені олардың барлығы нарыққа енген кезден бастап-ақ бәсекелестік ортаға қатысушы болады.

Кәсіпкерліктің кез келген субъектісінің КБӘ құрамына мыналар кіреді:

- кәсіпкерлердің жеке бәсекеге қабілеттілік әлеуеті;
- кәсіпкерлік фирмалардың институционалдық бәсекеге қабілеттілігінің әлеуеті.

Кәсіпкерлердің жеке бәсекеге қабілеттілік әлеуеті кәсіпкерлік бизнес субъектілерінің кәсіби қабілеттерінің, кәсіби құзыреттерінің және жеке қасиеттерінің жиынтығымен анықталады. Бұл әлеует кәсіпкерлер жағынан істерді жүргізу және нарықтағы қарсыластарына төтеп беруге жұмсалады [6].

Кәсіпкерлік фирмалардың институционалдық бәсекеге қабілеттілігінің әлеуеті кәсіпорындардың материалдық және адами ресурстарының жиынтығымен анықталады. Бұл әлеуеттің типтік құрылымы әдетте келесідей міндетті элементтерден тұрады:

- кәсіпорындардың іскерлік қызметі құралдарының, еңбек заттары мен технологияларының жиынтығы;
- құрылған және өткізілуге тиісті тауарлардың, сонымен қатар кәсіпкерлік фирманың қаржы активтерінің жиынтығы;
- ұйымдастырушылық әлеуеті, оның ішінде фирманың ұйымдастырушылық құрылымы, фирма ішілік менеджменттің деңгейі, аталған фирманың сыртқы коммуникацияларының болуы мен олардың жағдайы;
- кәсіпкерлік бизнес субъектісінің іскерлік жағымды беделі;
- кәсіпорын фирма қызметкерлерінің кәсіби қабілеттері;
- кәсіпорын иелерінің, оның қызметкерлері мен менеджерлерінің іскерлік әлеуетінің болуы;
- кәсіпкерлік бизнесті күшейтуге және кәсіпорынның іскерлік қызметінің тиімділігін арттыруға деген алғы шарттардың болуы.

Жоғарыда келтірілген элементтер кәсіпкерлік құрылымның қалыптасуы мен дамуының мотивациялық механизмінің алғы шарттары деуге болады

Қорытындылар

Қорыта келе, өндірістік кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы және оның мотивациялық механизмдерінің басты шарты табиғи ресурстардың болуы, оларды өндіру мен өңдеу, әсіресе шығындардың маңызы зор. Кәсіпорындарды құруға деген шығындар төмен болатын аймақтарда кәсіпкерліктің дамуы үшін қолайлы жағдайлар қалыптасатыны анық. Кәсіпкерліктің дамуына елдегі, оның аймақтарындағы демографиялық жағдайдың тигізетін әсері де мол. Кәсіпкерлік табыс көптеген факторларға байланысты, олардың ішінде маңыздысы ретінде кәсіпкерлік ұйым қызмет етуінің ішкі жағдайларының белгілі бір жиынтығы ретінде сипатталатын ішкі кәсіпкерлік ортаны атауға болады. Көбінесе ішкі кәсіпкерлік орта субъективті сипатқа ие болады: ол тікелей кәсіпкердің өзіне, оның құзыреттілігіне, күшіне, мақсаттылығына, деңгейіне, бизнесті жүргізуіне және оған деген қабілетіне байланысты. Ішкі кәсіпкерлік ортаға келесідей қосалқы жүйелерді (факторларды) жатқызған дұрыс:

- меншікті капиталдың қажетті көлемде болуы;
- фирманың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын дұрыс таңдау;
- қызмет ету аясын таңдау;
- әріптестер командасын таңдау;
- нарықты білуі және маркетингтік зерттеулерді білікті түрде өткізу;

• кадрларды таңдау мен персоналды басқару, оны материалдық-моральдық тұрғыдан ынталандыру;

• кәсіпкерлік құпияны қорғау механизмі және т.б.

Табысты кәсіпкерлік қызмет үшін негізделген бизнес-жоспарды жасап шығарудың, болжамды тәуекелдерді жобалап есептеудің, жаңа технологияларды енгізудің, қызметті әртараптандырудың, фирма дамуының ғылыми тұрғыдан негізделген стратегиясын жасап шығару мен енгізудің маңызы ерекше [7]. Ішкі орта факторларына, сонымен қатар кәсіпкерлер мен жалдамалы менеджерлермен кәсіпкерлік ұйымның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны үшін немесе бизнестің аталған түрі үшін қызметті реттейтін заңдар мен нормативтік актілерді нақты ұстануын да жатқызуға болады.

Жоғарыда аталып өткендей, тек өз білімін үнемі арттыратын, бизнесті ұйымдастыру мен жүргізудің құқықтық механизмін жақсы білетін, мәмілелерді жасай алатын, кәсіпкерлік келісім шарттарды жасай алатын және олар бойынша дивидендтер ала алатын кәсіпкерлер ғана табысқа қол жеткізе алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика/ ауд. М.Қыстаубаева, Б.Сабденәлиев, М.Сейітжаппарұлы // Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық. Алматы, 2018, 458 б.
2. Гарина Е.П., Медведева О.В., Шпилевская Е.В. Основы предпринимательской деятельности. М.: Феникс, 2010, 322 с.
3. Сейдахметов А.С., Елшібекова Қ.Ж., Измаханова А.Қ. Кәсіпкерлік: Оқулық. Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. Алматы: «Экономика», 2011, 344 б.
4. Хамитова Г. Экономика және кәсіпкерлік негіздері. Алматы: Экономика, 2016, 200 б.
5. Исабек Б.Т. Инновации и предпринимательство. Учебное пособие. Алматы: Эверо, 2013, 174 с.
6. Рахметулина Ж.Б. Механизмы снижения рисков в предпринимательской деятельности. Шымкент: БО Елнұр, 2011, 176 с.
7. Кожаметова Г.А. Качество и конкурентоспособность: учебное пособие. Астана, ТОО «Мастер-ПО», 2016, 28 с.

Аннотация

В процессе развития общества и производства люди стали заниматься предпринимательской деятельностью в сфере различных организационно-экономических отношений. История предпринимательства начинается с Средневековья. Уже тогда купцы, купцы, торговцы, ремесленники стали узнавать как вновь формирующиеся предприниматели. Вместе с тем, история развития предпринимательства тесно связана с развитием обменных отношений, общественного труда и обще рыночных отношений. Анализируя различные взгляды, предпринимательская деятельность-это на основе инновационного экономического анализа, характеризующегося устойчивой гармонизацией факторов производства и реализации индивидуальных способностей человека. В настоящее время одним из актуальных проблем является мотивационный механизм формирования и развития предпринимательских структур с использованием новой техники и технологии в производстве, новейшей организации труда, с точки зрения инноваций. В условиях современной экономики, глобализация экономики требует максимально эффективной организации маркетинговой деятельности предпринимателя. Он позволяет четко определить, в каком рыночном сегменте приобретены инструменты производства, чтобы лучше определить рынок от других, и своевременно определить, будет ли выгодная платежеспособность и спрос на продукцию.

Abstract

In the process of development of society and production, people began to engage in business activities in the field of various organizational and economic relations. The history of entrepreneurship begins with the middle Ages. Even then, merchants, merchants, tradesmen, and artisans began to be recognized as newly formed entrepreneurs. At the same time, the history of entrepreneurship development is closely related to the

development of exchange relations, social labor and General market relations. Analyzing different views, business activity is based on innovative economic analysis, characterized by a stable harmonization of factors of production and the implementation of individual human abilities. Currently, one of the most pressing problems is the motivational mechanism for the formation and development of business structures using new equipment and technology in production, the latest labor organization, in terms of innovation. In the modern economy, the globalization of the economy requires the most effective organization of marketing activities of the entrepreneur. It allows you to clearly determine in which market segment production tools are purchased, in order to better determine the market from others, and to determine in a timely manner whether there will be a profitable solvency and demand for products.

ӘОЖ 330.347.4;330.342;338.33

Ә.С. Габдуллина¹, Г.Ғ. Шінет², Д.Б. Балабекова¹

¹магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

²PhD, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

¹э.ғ.к., Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДА САҚТАНДЫРУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Қазіргі кезде сақтандыру экономиканың неғұрлым серпінді дамып келе жатқан қаржы институттарының бірі болып келеді. Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастарының тұрақтанып, нығаюы сақтандырудың жаңа сипатқа ие болуының объективті алғышартына айналды. Яғни, сақтандырудың әртүрлі түрлері, қосымша секторлары, сақтандыру қызметін ұйымдастырудың нысандары мен әдістері, тұрақты жұмыс істейтін мамандандырылған сақтандыру кәсіпорындары пайда болды. Сақтандыру - жеке немесе заңды тұлғаның сақтандыру жағдайы немесе сақтандыру шартында айқындалған өзге де оқиға басталған кезде заңды мүдделерін сақтандыру ұйымы өз активтері есебінен жүзеге асыратын сақтандыру төлемі арқылы мүліктік қорғау жөніндегі қатынастар кешені. Сақтандыру тетігінің өзіне тән бірегейлігі - ол кәсіпорындар мен азаматтардың мүліктік мүдделерін қорғау функциясын орындауға ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің көптеген макроэкономикалық міндеттерін шешуге де қабілетті. Дегенменде, сақтандыру алыс тарихқа тамырлаған қоғамдық өмірдің ең ескі және тұрақты нысандары қатарына жатады.

Кілттік сөздер: сақтандыру, сақтандыру нысандары, сақтандыру әдістері, сақтандыру қызметі, сақтандыру принциптері, сақтандыру түрлері.

Кіріспе

Сақтандыру мемлекет тарапынан көзделген шаралардың сипаты мен көлеміне қарамастан халық пен ұйымдардың түрлі мүдделерін қосымша қорғауға мүмкіндік бере отырып, әлеуметтік экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Сақтандыру компанияларының резервтері экономикалық дамуды қаржыландыратын инвестициялардың сенімді көзі болып табылады, сақтандыруды дамытудың негізі мақсаты - мемлекеттердің, азаматтарды және шаруашылық субъектілерінің мүддесін қорғаудың нақты құралы бола алатын толық қанды орнықты жұмыс істейтін ұлттық сақтандыру нарығын қалыптастыру.

Сақтандыру экономиканың маңызды әрі аз зерттелген саласы болып табылады. Қазақстанда өзінің даму кезеңінде болуына қарамастан, ерте кезде пайда болған. Содан бері жазатайым жағдайлардан сақтандыру жүйесі арқылы қорғап, адамзаттың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып даму жолында.

Сақтандыруда адамдар арасында материалды игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну саласындағы экономикалық қатынастар орнайды. Ол барлық шаруашылық субъектілеріне және қоғам мүшелеріне залалдардан кепілдік береді.

Қайта өндіру процесі табиғат, табиғи және қоғамдық сипаттағы қарым -қатынастарды білдіреді. Қоғам мен табиғат арасында түрлі қайшылықтар орнайды. Қоғамдық өндіріс

саласында түрлі тәуекел қаупі орын алады. Міне, осының барлығы әлемдегі сақтандыру қатынастарының пайда болуы мен дамуына негіз болды. Кәсіпкерліктің дамуы тиісінше тәуекелдердің өсе түсуіне әкеледі, олар іскерліктегі әріптестердің сеніміз болып шығуы, нарықтағы бағалар құндылықтар кенет өзгеріп кетуіне шарт бойынша әріптестердің банкротқа ұшырауына байланысты болуы мүмкін шығындар болады. Өз кезегінде бұл сақтандырудың дамуына қосымша түрткі болды. Уақыт ағымында мұндай қажеттілік азаймайды, керісінше азаматтар мүліктік жағдайы жақсаруының және кәсіпкерлік дамуының салдарынан сақтандыруға деген қажеттілік одан әрі өсе түседі. Нарықты экономикасы дамыған елдерде сақтандыру экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларына жатады.

Қазіргі кезде сақтандыру ісін ұйымдастыру бір жағынан нарықтық экономиканың әрекет етуінің жалпы экономикалық заңдылықтарына сүйенсе, екінші жағынан оған Қазақстан Республикасының өтіуінің өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Өз кезегінде сақтандырудың өзі реттеу объектісі болып табылады. Нарықтық қатынастарға өту Қазақстан Республикасының сақтандыру жүйесіне бірқатар құрылымдық өзгерістер алып келді. Қазіргі кезде өз жұмыстарын жаңашыл қалыптастыратын сақтандырудың қазіргі жағдайы сақтандыруды одан әрі дамыту мен модернизациялаудың әлемдік тәжірибелерге негізделуін қажет етеді. Бұл ең алдымен құқықтық және ақпараттық базаның жетілмегендігіне, әдістемелік жұмыстардың жүргізілмеуіне байланысты [1].

Осы орайда сақтандыруды ұйымдастырудың әдістемелік негізін қалыптастырудың ұлттық сақтандыру ісінің даму ерекшеліктері мен тенденцияларын айқындаудың өзектілігі зор.

Тәжірибелік бөлім

Сақтандырудың бастапқы нысандары ежелгі дәуірде пайда болды. Қазіргі уақытқа дейін жеткен сақтандырудың ең көне ережелері Талмуд кітаптарының бірінде баяндалған және мыналардан тұрады: егер есек айдаған адамдардың бірінде жануар өлсе, қалған айдағыштар оған басқа есектің орнына өздерінікінен бөліп беруі тиіс болған. Таяу Шығыста Хаммурапи Вавилония патшасы дәуірінде (б.з. д. XVIII ғ.) сауда керуенінің мүшелері жол бойында бір-бірімен тауарды тонаудан, ұрлаудан немесе бүлдіруден тартқан шығындарды өтеу туралы шарт жасасқан. Осыған ұқсас шарттар Палестина мен Сирияда жасалған, онда қарақшылардың шабуыл жасауы, түйелердің құлауы, ұрлық және т. б. нәтижесінде жолда болуы мүмкін шығындарды бірлесіп атқару туралы погоншылар мен көпестер арасында келісім жасасу көзделген [2].

Ежелгі Грецияның өмірінде маңызды рөл атқарған Родос аралында б.з.д. 916 ж. құқықтық акт қабылданған, онда кеме қираған жағдайда залалды бөлу жүйесі әзірленген. Бұл жағдай өзара сақтандырудың мәнін білдіреді. Осы құжатта баяндалған принциптердің біршамасы осы уақытқа дейін сақтандыруда сақталып келеді.

Орта ғасырларда экономикалық әдебиетте сақтандыру гильдейск -цехтық кезең деп аталады, өйткені осы кезеңде сақтандыру гильдиялар шеңберінде жүзеге асырылды. Гильдияның ең көп тараған түрі өзінің коммерциялық дербестігін сақтаған көпестердің одағы болды. Көпестердің гильдияға жол мен нарықтағы ортақ қорғау және қолдау үшін, бәсекелестерді жою үшін, баға саясатын жүргізу үшін біріктірілді.

Сақтандырудың нысандары мен әдістері біртіндеп көптүрленіп, сақтандыру қызметтеріне деген сұранысқа байланысты өзгерді. XVIII ғ. екінші жартысының басында Батыс Еуропада мүліктік, жеке, ал Орта Азияда мал мүлікті сақтандырудың жүздеген түрі тараған.

Сақтандыруды дамытуда маңызды рөл атқарған келесі кезең XVII-XVIII ғғ. басында Англияда пайда болып, Ықтималдықтар теориясы мен өлім кестелерін практикалық қолдану арқылы басталды. Ғылыми білім саласындағы бұл жетістіктер өмірді сақтандыру шарттарын математикалық негіздеу үшін іргетас болып қаланды.

XIX ғ. екінші жартысында мемлекеттерді сақтандыру қызметіне, мемлекеттілікті және сақтандыруды монополияландыру (Италия, Уругвай), сондай-ақ сақтандыру қызметін

заңнамалық реттеу басталады. XX ғасырдың басында экономикалық дамыған елдерде (Англия, Германия, Швейцария, Италия) жұмыс істейтіндерді мемлекеттік сақтандыру, ал XX ғасырдың 20-шы жылдары– жұмыссыздықтан міндетті сақтандыру енгізіледі [3].

Қазақстанда XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы сақтандырудың тарихы Ресейдің қарамағында болуымен сипатталады және сол кездердегі сақтандыру құрылымдарының қызмет аясы, түрлері тікелей Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік сақтандыру туралы ережесіне сәйкес анықталған.

Қазақстанда өзіндік алғашқы сақтандыру компаниялары 90 жылдардың басында пайда болды. Олардың ұйымдық құрылымдары кооперативтер мен акционерлік қоғамдардың серіктестіктерінен дамыды. Негізінен бұл мемлекеттік сақтандыру компаниялары болды. Қазақстанның сақтандыру нарығын дамытуда 1993 жылы сақтандыру туралы Заңның қабылдануы негізгі түрткі болды. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында көптеген сақтандыру ұйымдарының саны 500-ге жеткен. Бәсекелестік күрес барысында әлсіз сақтандыру ұйымдары компанияларға айналып, жаңа компаниялар пайда болып 2000 жылдары саны 37-ге дейін кеміген. Бүгінде Қазақстанда тұрақтылық пен сенімділікпен ерекшеленетін ҚР ұлттық Банкінің мәліметі бойынша 01.05.2019 жылы 27 сақтандыру компаниясы жұмыс атқарып келеді. Сақтандыру секторының құрылымы төмендегі кестемен сипатталады:

Кесте1. Сақтандыру секторының құрылымы

Сақтандыру секторының құрылымы	01.05.2018 ж	01.05.2019 ж
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша	32 7	27 7
Сақтандыру брокерлер саны	15	14
Актуарилер саны	39	56
Қайта сақтандыру ұйымдар саны	22	23
ҚР резиденттері емес сақтандыру ұйымдарының өкілеттері	3	3

ҚР – да қазіргі заманғы қалыптасқан сақтандыру қызметі бірқатар кезеңдерінен өтті. Әр кезеңде сақтандыруды жетілдіру, дамыту мақсатында толықтырулар мен өзгертулер енгізілді.

Сақтандыру қызметі - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасуға және орындауға байланысты, уәкілетті органның лицензиясы негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес немесе Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызмет.

ҚР-да сақтандыру қызметі қандай кезеңдерден өткен болсада халықаралық практикада ағылшын құқығында бекітілген сақтандырудың бес базистік принциптерін сақтап келеді. Оларға жататындар:

- мүліктік мүдденің болуы;
- тараптардың ең жоғары сенім дәрежесі;
- шығындар мен оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланыстың болуы;
- нақты шығын мөлшерінде өтем төлеу;
- суброгация-сақтандыру өтемін төлеген сақтандырушыға келтірілген залал үшін жауапты адамға талап ету құқығын беру.

Сақтандырудың экономикалық мәні тәуекел, ескерту, бөлу, жинақтау, бақылау сияқты функцияларда көрініс табады.

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған. Заң сақтандыруды кәсіпкерлік қызмет түрі ретінде жүзеге асыру жөніндегі негізгі ережелерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, сақтандыру

брокерлерін құру, лицензиялау, реттеу, қызметін тоқтату ерекшеліктерін, өзге де жеке және заңды тұлғалардың сақтандыру нарығындағы қызмет шарттарын, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу міндеттерін және сақтандыру қызметін қадағалауды қамтамасыз ету қағидаттарын айқындайды. Бұл Заңға сақтандыру қызметін жетілдіру, дамыту, жаңғырту, Қазақстанның Қаржы нарығын серпінді дамыту және экономикаға инвестиция тарту мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп келеді. Мысалы, соңғы жылдарда қабылданған: «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 7 ақпан 2005 жылғы № 30; " Өзара сақтандыру туралы "2006 жылғы 5 шілдедегі №163; "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы " 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405 және басқада Заңдары [4].

Осы Заңдар негізінде, сақтандыру қызметі өз кезегінде сақтандыру шартын жасауға және орындауға байланысты сақтандыру ұйымының қызметі ретінде қаралады.

Сақтандыру қызметі нарықта сатушы, сатыпалушы және делдалдармен және олардың қауымдастықтарымен іске асырылып сақтандыру нарығын құрайды.

Сақтандыру нарығы-бұл ерекше әлеуметтік-экономикалық орта, экономикалық қатынастардың белгілі бір саласы, онда сатып алу -сату объектісі сақтандыру қорғанысы болып табылады және онда оған деген сұраныс пен ұсыныс қалыптасады. Сақтандыру нарығын дамытудың объективті негізі– күтпеген қолайсыз жағдайларда зардап шеккендерге ақшалай көмек көрсету арқылы ұдайы өндіру процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады.

Сақтандыру нарығында- сатушылар санатын сақтандыру және қайта сақтандыру компаниялары құрайды, сатып алушылар ретінде қандай да бір сатушымен сақтандыру шартын ресімдеуді шешкен сақтандырушылар – жеке және заңды тұлғалар әрекет етеді . Сатушылар мен сатып алушылар арасындағы делдалдар сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлері болып табылады, сақтандыру шартын жасасуға өз күш- жігерімен ықпал етушілер.

Қазіргі қазақстандық сақтандыру нарығының ерекшелігін нақтылау үшін жеке сақтандырудың мысалында қарастыруға болады. Әрине,оның жай- күйінің ерекшеліктері (сақтандырудың басқа салалары сияқты) елдегі өтпелі кезеңдегі жалпы экономикалық тұрақсыздықпен, өндіріс пен қызмет көрсетудің барлық салаларын қозғаған терең инфляциялық процестермен анықталған.

Жеке сақтандырудың ерекшеліктерін сипаттайтын басты себептер:

- жеке сақтандырудың тәуекелдік, қысқа мерзімді түрлерінің үлесінің артуы;
- өмірді ұзақ мерзімді аралас сақтандыру шартымен бір айдан бір жылға дейінгі мерзімге жасалатын сақтандыру шарттар нұсқаларының нарықта пайда болуы;
- жеке сақтандыруды шарттарының басым бөлігін кәсіпорындар қаражаты есебінен іске асыру.

Көрсетілген үш себептердің барлығы негізінен ұзақ мерзімді сақтандыруды сақтанушы үшін де, сақтандырушы үшін де тиімсіз ететін барлық мерзімі ұзартылған сақтандыру төлемдерін елеулі түрде құнсыздандыратын инфляциямен байланысты. Осының негізінде бір жылдан кем мерзімге өмірді сақтандыруды жүргізуге 2005 жылдары тыйым салынды. Бұл сақтандырушылардың бір жылға және одан да көп өмірді сақтандыру шарттарына сақтанушыларды тарту жолдарын іздеу қажеттігіне алып келді [5].

Әлеуметтік сақтандыру туралы айтатын болсақ, оның Қазақстан үшін ерекше маңыздылығын атап өту қажет. Елдегі қазіргі әлеуметтік сақтандыру жүйесін сипаттайтын болсақ оның дамуы әліде толық қанағаттаралықтай емес деп бағалануда. Әлеуметтік сақтандыру мекемелеріне дәстүрлі түрде жататын қорлардан бізде тек мыналар жұмыс істейді:

- әлеуметтік сақтандыру саласына қатысты емес, әртүрлі функциялары бар зейнетақы қоры;

- Қазақстанда әлеуметтік сақтандырудың үйлесімді жүйесін құру үшін негіз бола алмайтын әлеуметтік сақтандыру қоры;
- негізгі міндеті жұмыссыздық жағдайында сақтандыру болуы тиіс жұмыспен қамту қоры;
- бюджетті қалыптастырудың бірнеше өзге көздерімен бірдей бюджеттік медицинаны өзінде іске асыра отырып, іс жүзінде сақтандыруға алыс қатынаста болып табылатын медициналық сақтандыру қоры.

Қазақстанда өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кез келген елде бар кәсіби аурулардан сақтандыру сияқты әлеуметтік сақтандырудың маңызды түрі жоқ есеп және ол оқиғалар болған жағдайда шығындар жалпы сақтандыру қорынан төленеді. Әлемнің кейбір елдерінде бар және қазіргі жағдайда жалақының ішінара кешіктірілу жағдайында өте өзекті болатын жалақыны сақтандыру қоры аймақтарда, кәсіпорындарда жоқ болғандықтан жұмыскерлердің еңбек ақы бойынша талаптары дер кезінде орындалмауы кездеседі. Ал бар қорлар өзара жүйеге байланысты емес.

Сақтандырудың даму ерекшеліктеріне жалпы алғанда, сақтандырудың жекелеген түрлерін жүргізуге маманданған ірі мемлекеттік коммерциялық компаниялардың қалыптасуын да жатқызуға болады. Осыған байланысты олардың арасында өзара іс-қимылдың жаңа нысандарын құру бойынша белсенді қызмет атқарылуда. Сақтандыру ұйымдарының ерікті қауымдастықтары құралған, олардың жарғысы жұмыстарды үйлестірумен және өзара көмек көрсетумен қатар өзара қайта сақтандыру мүмкіндіктері кеңейтілген.

Қазақстанның сақтандыру нарығындағы меншіктің басым нысаны акционерлік нысан болып табылады. Әрине, елде жетілдірілген, әлемдік стандарттарына сай сақтандыру нарығын қалыптастыруға қатысты мәселелер әліде бар, бұл жердегі айта кететін мәселе Қазақстанда сақтандырудың ең қолайлы, тиімді сақтандыру нарығының моделін құру. Ең маңыздысы, мемлекет сақтандыру арқылы қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге қатысуы қажет[6].

Бүгінгі жағдайда бюджет қаражаты есебінен әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін міндетті жеке сақтандыруды жүргізу толық заңды және экономикалық жағынан ақталған іс-әрекет болып табылады.

Қазақстанда сақтандырудың дамуы жоғарыда келтірілгендей сақтандыру компанияларының құрылуымен байланысты.

Сақтандыру компаниясы-бұл сақтандырушының міндеттемелерін өзіне алатын және ол үшін тиісті лицензиясы бар кәсіпкерлік қызметтің заңды түрде рәсімделген бірлігі. Сақтандыру компаниясы фирманың барлық құқықтарын пайдаланады. Қазақстанда көптеген мемлекеттер сияқты сақтандыру жүйесінің негізін Акционерлік қоғамдар түріндегі компаниялар құрайды.

Акционерлік сақтандыру қоғамы – бұл белгілі бір бөліктерге – акцияларға бөлінген жарғылық капиталмен құрылатын және әрекет ететін компанияның түрі. Төленген акция оның меншік иесіне қоғамды басқаруға қатысуға және дивидендтер түрінде пайданың бір бөлігін алуға құқық береді.

Акционерлік қоғамның негізіндегі компанияның артықшылығы - жарғылық капиталды құрудың акционерлік нысаны сақтандыру индустриясына өз инвестицияларын тиімді орналастыруға мүдделі көптеген заңды және жеке тұлғаларды тартуға мүмкіндік береді.

Қызмет көрсету аумағы бойынша сақтандыру компанияларын жергілікті, өңірлік, ұлттық және трансұлттық деп бөлуге болады [7]. Қазір аймақтар, облыс шегінде әр компанияның жасасқан келісім-шарттарының статистикасы жоқ. Себебі, лицензиялары бар компанияларға бүкіл ел аумағында қызметті жүзеге асыру құқық беріледі. және белгілі бір аймақ шегінде ғана жұмыс істейтін сақтандырушыларды бөлу қиын.

Қазақстанда трансұлттық сақтандыру компаниялары әлі жоқ, тек ҚР резиденттері емес сақтандыру ұйымдарының өкілеттері бар. Заңнама шетелдік сақтандыру компанияларын

немесе олардың филиалдарын құруға рұқсат бермейді. Мәселе, өз сақтандыру индустриясын қорғау, елдің төлем балансын жақсарту, өз экономикасына инвестицияларды арттыру үшін сақтандырушылардың уақытша бос қаражатын пайдалану туралы болып отыр. Мұндай шараларды ішкі нарықты дамытуға тиісті басымдықтар берілген жағдайда ақталған деп есептеуге болады.

Еуропалық Одақ елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, сақтандыру өзінің дамуының жоғары кезеңінде елден шығуды объективті талап етеді. Бұл сақтандырушыға пайдалы – тәуекелдер аумақтық түрде орналастырылады, полистерді сату көлемі өсіру, демек, пайда алу мүмкіндігі болады. Сақтандырушылар үшін артықшылықтары - сақтандыру қызметтерін жоғары сапада және салыстырмалы төмен ақыға және қажетті өңірде алу.

Дегенменде, Қазақстанның сақтандыру индустриясының даму көрсеткіштері жылдан-жылға артуда: сақтандыру нарығы 2018 жылдың қорытындысы бойынша 385 млрд. теңге сомасына сақтандыру сыйлықақысын жинады, бұл 2017 жылға қарағанда 4% артық. Міндетті с ақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 102 млрд. теңгеге жетті, 2017 жылға қарағанда өсім 23%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 131 млрд. теңге, өсім 30 %, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша– 151 млрд. теңге, төмендеу 12% құрады.

Қазақстанда сақтандыруды дамытудың жаңа кезеңі, ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда электрондық сақтандыру жұмысын іске асыру, сондай-ақ сақтандыру полисін толығымен онлайн-режимде сақтандыру компаниясының сайтында сатып алу мүмкіндігі.

Ұлттық банк 2018 жылы қаңтар айында сақтандырушыларға өз Жол картасын әзірлеуді ұсынды. Бастама кездейсоқ емес: соңғы үш жыл ішінде, номиналды мәндегі көрсеткіштердің тұрақты өсуіне қарамастан, ЖІӨ- ге қатысты сақтандыру нарығы үлесінің төмендеуі байқалады. Сондықтанда, сақтандыру қауымдастығы 2025 жылға дейінгі саланы дамытудың Жол картасын талқылауға шығарды. Ол жаңа қызметтерді енгізуді, реттеуді ырықтандыруды және сақтандыру компанияларының үлкен ашықтығын көздейді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Қазақстанда сақтандыру жүйесін одан әрі дамыту үшін мемлекеттік және өңірлік деңгейде сақтандыру қызметтері нарығын жандандырудың тиімді әкімшілік және экономикалық әдістері қажет. Олар, бір жағынан, халықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекеттің мүдделерін қорғаудың қаржылық құралы ретінде, бюджеттердің жүктемесін төмендетіп, сақтандыруды пайдалануға және екінші жағынан сақтандыру компанияларының қаражатын сақтандыру қорғанысын ұсыну үшін сақтанушылардың ақша ресурстарын шоғырландыратын тиімді қаржы институттары ретінде тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Ұлттық экономика мен әлеуметтік саланың күрделі салымдарға қажеттілігін қанағаттандыру және орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін инновациялық-инвестициялық қызметке салымдар тартудада маңызды болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Страхование дело: учебник/ Скамай Л.Г., М.: Юрайт, 2014, 295 с.
2. Сервистік қызмет :оқуқұралы / Е. К. Барлықов, Б. Т. Онаева. Алматы : Экономика, 2013, 228 б.
3. Сақтандыру: оқу құралы / Г. И. Джемпеисова, О. Н. Чикунев, С. Н. Сүйеубаева. Алматы : Экономика, 2010, 256 б.
4. Конкурентность национального страхового рынка в условиях интеграции ЕЭС. Монография/ Сембеков А.К., Караганда: ТОО «Глосир», 2017, 315 с.
5. Дальке А.Ю., Масакова С.С. Страховой рынок Казахстана: современный этап развития // Вестник, Каз ЭУ №4, 2016, С.55-63
6. Воробьева С.М. Страховой рынок РК: становление и основные направления развития //Финансы, №8, 2015, Б. 63-71

7. ҚР «Сақтандыру қызметі туралы» Заңы. 18 желтоқсан 2000 жыл № 126-II.

Аннотация

В настоящее время страхование является одним из наиболее динамично развивающихся финансовых институтов экономики. Стабилизация и укрепление рыночных отношений в Республике Казахстан стали объективной предпосылкой приобретения нового характера страхования. То есть появились различные виды страхования, дополнительные сектора, формы и методы организации страховой деятельности, постоянно действующие специализированные страховые предприятия. Страхование - комплекс отношений по имущественной защите физических или юридических лиц путем страховой выплаты, законные интересы которых осуществляются страховой организацией за счет собственных активов при наступлении страхового случая или иного события, определенного договором страхования. Уникальность механизма страхования - это способность не только выполнять функции защиты имущественных интересов предприятий и граждан, но и решать многие макроэкономические задачи государства. Тем не менее, страхование относится к числу самых старых и стабильных форм общественной жизни, которые придавали бы дальней истории.

Abstract

Currently, insurance is one of the most dynamically developing financial institutions in the economy. Stabilization and strengthening of market relations in the Republic of Kazakhstan became an objective prerequisite for the acquisition of a new type of insurance. In other words, there are various types of insurance, additional sectors, forms and methods of organizing insurance activities, and permanent specialized insurance companies. Insurance - a set of relations for the property protection of individuals or legal entities through insurance payments, whose legal interests are carried out by the insurance company at the expense of its own assets upon the occurrence of an insured event or other event specified in the insurance contract. The uniqueness of the insurance mechanism is the ability not only to protect the property interests of enterprises and citizens, but also to solve many macroeconomic problems of the state. Nevertheless, insurance is among the oldest and most stable forms of social life that would give a long history.

ӘӨЖ 652.5

Ж.Н. Жандарбек

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

БЮДЖЕТТІК ЖҮЙЕНІҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Түйін

Бұл мақалада бюджет мемлекеттің қолындағы мықты басқарушы механизм болып табылатындығы туралы айтылады. Бюджеттің көмегімен ұлттық табысты сектор аралық, сала аралық, территория аралық қайта бөлу, экономиканы мемлекеттік реттеу және ынталандыру, әлеуметтік саясатты қаржыландыру бойынша жүзеге асырылады. Бюджет мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын жүргізу үшін экономиканың барлық секторларының қаржаттарын жинақтау құралы ретінде қолданылады. Бюджет мемлекеттің және мемлекеттегі барлық мемлекеттік органдардың өмір сүруінің қаржылық базасын құрайды. Бюджетке жинақталған қаржылар мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатты жүргізу үшін, қорғанысты, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Мемлекеттік бюджет кез-келген мемлекеттің өмір сүруінің міндетті шарты болып табылатын ақша қаражаттарын қалыптастыруды, бөлуді және пайдалануды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін, мемлекеттің негізгі қаржылық заңы. Мемлекеттік бюджет мемлекеттік органдарға өз функцияларын орындауды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік аппарат, құқық қорғау органдары, атқару органдары, мемлекеттік мекемелер, бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдар сәйкес бюджет есебінен өмір сүреді.

Кілттік сөздер: Бюджет, мемлекет, әлеуметтік-экономикалық саясат, қаржыландыру, экономика.

Кіріспе

Экономиканың дамуы көбінесе мемлекеттің қаржы жүйесінің жағдайына байланысты. Мемлекеттің дамуындағы қаржылық, несиелік, бюджеттік қарым-қатынастың рөлі, орны және мәні өте маңызды екені белгілі, себебі жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны, жұмыссыздық пен инфляцияның деңгейі, валюталық курс және басқа да макроэкономикалық көрсеткіштердің оңтайлық деңгейіне жету осы қарым-қатынастардың ахуалына тәуелді. Қазақстан Республикасында экономикалық реформаларды жүзеге асыру үшін қазіргі кезеңге дейін нарықтық экономика аумағындағы жинақталған жалпы қаржы қарым-қатынасының, оның ішінде бюджеттік қарым-қатынасының даму тәжірибелерін біліп, дұрыс пайдалану қажет.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының бүкіл қаржы жүйесін реформалау, оның негізгі тармағы-бюджеттік жүйені күрделі түрде қайта құруын мәжбүр етті. Сол реформалаудың логикалық жалғасы - ол жаңа бюджеттік заңнама жасау және қабылдау. Нәтижесінде, 2004 жылы сәуір айының 24 жұлдызында Қазақстан Республикасының жаңа Бюджеттік кодексі қабылданып, 2005 жылы қаңтар айының 1 жұлдызында қолдануға енгізілді.

Жаңа Бюджеттік кодекстің ережелері біздің республикамыздың бүгінгі күнгі қаржылық қарым-қатынас пен жалпы бюджеттік саясаттың даму жағдайын көрсетеді. Кодексте бюджеттік процеске қатынасушылардың барлық іс-әрекеттерінің тәртібі мен ережелері толық және жан-жағынан жазылып дәлелденген. Бұл бірыңғай құжатта мемлекеттің міндеттемелері мен функцияларын орындауға арналған ақша қаражаттарын қалыптастыру мен оларды жұмсау процестері толығымен анықталған. Экономика бағыты бойынша болашақ білікті мамандар дайындаудың негізгі мақсаты - оларды қазіргі уақыттың маңызды біліміне оқыту, оның ішінде: бюджетті жоспарлау, қалыптастыру және атқару аумағындағы білімге.

Айтылған мақсатқа жету үшін нормативтік-құқықтық актілердің ережелеріне сүйене, мемлекеттік бюджет жүйесіндегі теориялық және практикалық аспектілерді қорытындылай отырып, Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің негіздерін логикалық тізбекті түрде жазуын, әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің мазмұны мен функциялары, осы аумақтағы заңнамалық және атқарушы органдардың функцияларын толығынан көрсетілген.

Теориялық талдау

Бюджеттік жүйе, бұл - мемлекетте жұмыс істейтін барлық бюджеттердің жиынтығын білдіреді. Бюджеттен тыс қорлардың жиынтығымен мемлекеттік қаржылардың жиынтығын құрайды. Бюджет жүйесінің құрылысы мемлекеттік басқару органдарының құрылысымен анықталады. Біздің мемлекетіміз унитарлы мемлекет болғандықтан басқару органдарының екі деңгейі бар: орталық және жергілікті. Орталық басқару органдарына ҚР Парламенті, ҚР Президенті, ҚР Үкіметі, ҚР Қаржы министрлігі және ҚР Кіріс министрлігі, орталық атқару органдары, ҚР бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті жатады. Жергілікті басқару органдарына жергілікті өкілді органдар - маслихаттар, жергілікті атқару органдары - әкімдер және әкімшілік жатады.

Осыған сәйкес мемлекеттік бюджет екі деңгейдегі бюджеттерден - республикалық және жергілікті бюджеттерден тұрады. Сондай-ақ мемлекеттік қаржылардың ішінде бюджеттен тыс қорлар үлкен роль атқарады. Қазір мемлекетімізде тек екі бюджеттен тыс қорлар бар. Олар мемлекеттік Зейнетақы қоры және Ұлттық қор. Бұрын, 1999 жылғы Бюджет жүйесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданға дейін бірнеше бюджеттен тыс қорлар болған (жол қоры, міндетті медициналық сақтандыру қоры, геологиялық-іздістелу жұмыстарын жүргізу қоры, әлеуметтік қор, еңбекпен қамтамасыз ету қоры, табиғатты қорғау қоры, экономиканы қайта құру қоры, кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры, т.б.) [1].

Қазір бұл қорлар қысқартылған. Қазіргі кезде салықтар мен басқа да міндетті төлемдер республикалық бюджетке барып түседі де, әртүрлі салаларға және территорияларға бөлінеді.

Жергілікті бюджеттерге барып түсетін кіріс көздер бар, бірақ олар аз көлемде. Мемлекеттегі бюджеттер бір-бірімен тығыз байланыста бола отырып, қызмет етеді. Республикалық бюджет Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Заңмен, жергілікті бюджеттер жергілікті маслихаттардың шешімдерімен бекітіледі. Бюджеттердің жобалары атқару органдарымен: республикалық бюджеттің жобасы - Қазақстан Республикасының Үкіметімен, жергілікті бюджеттің жобасы- жергілікті әкімдермен жасалады. Сосын олардың орындалуын атқару органдары қамтамасыз етеді. Жергілікті бюджеттердің орындалуын маслихаттардың жанынан құрылған тексеру комиссиялары, ал республикалық бюджеттің орындалуын - Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті тексереді.

Бюджеттердің құрылысы:

1) Түсімдерден:

- кірістерден;
- алынған ресми трансферттерден, қайтарылған кредиттерден;

2) Шығыстардан: шығындардан, кредиттерден;

3) Бюджет тапшылығынан(профицитінен) ;

4) Бюджет тапшылығын қаржыландырудан (профицитті қолданудан) тұрады.

Мемлекеттік басқаруды және мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін бірнеше шаралар комплексі қабылданады. Бұл бағдарламалар ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және дамудың бюджеттік бағдарламалары деп бөлінеді. Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар заң актілеріне сәйкес, тұрақты сипатта болатын мемлекеттік басқару функцияларын орындауға бағытталған немесе бір мезгілдік шараларды жүргізуді көрсететін бағдарлама. Дамудың бюджеттік бағдарламалары Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және институционалды дамуына бағытталған бағдарламалар болып табылады [2]. Макроэкономикалық тұрақтылық пен мемлекет қаржысының теңгерімділігін қамтамасыз ету мақсатында бюджет саясаты, негізділерінің бірі бюджет тапшылығының мөлшерін басқару болып табылатын, бірқатар фискалдық шектеулердің негізінде қалыптастырылған. Жалпы мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, бюджет шығыстарының нәтижелілігін арттыруға, экономикаға жеке инвестицияларды ұлғайтуға және тұрақты экономикалық өсу үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Тәжірибелік бөлім

Бюджеттің әрекет етуінің барлық ұйымдастырушылық және экономикалық формалары жоспарлы түрде жүргізіледі, себебі көптеген меншік формадағы шаруашылық өз алды болжам-жоспарлық жүргізуді талап етеді. Бұл, кезекті ретте, бюджеттік қарым-қатынастың осындай болжам-жоспарлық формада әрекет етуін талап етеді. Мемлекеттің ақша қаражаттары орталықтандырылған қорының қозғалысы жоспарлық форма мен бюджеттік байланыстың тұрақты сипаты негізінде болуы бюджеттік байланыстардың арнайы қаржы құжатында - бюджетте, яғни мемлекеттің негізгі қаржы жоспарында анықталады. Бұл құжатта бюджеттің экономикалық мазмұнын құрайтын барлық бөлу процестері қарастырылған [3]. Негізгі қаржылық жоспардың арнайы кіріс және шығыс баптары мемлекеттің ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорын пайдалану бағыттары мен оның қалыптасу көздерін көрсетеді. Негізгі қаржы жоспар мемлекеттің жоспарлық әрекетінің нәтижесі болып табылады, себебі мұнда қоғамның барлық мүшелерінің мүдделерін анықтайтын және оларды орындайтын мемлекеттің күш-жігері жарияланады. Қазақстан Республикасы Парламенті жыл сайын қабылдайтын «Республикалық бюджет жөніндегі» Заңға сәйкес мемлекеттің негізгі қаржы жоспарының көрсеткіштері ешқандай шартсыз орындалуға тиісті [4].

Елдің бюджеттік жүйесінің орталық орнын келесі қаржы жылға Қазақстан Республикасының заңымен бекітілетін республикалық бюджет алады.

2019 жылға арналған республикалық бюджетке түсетін түсімдер 10 663 503,0 млн.теңге сомасында көзделген. 2020 жылғы 1 қаңтарға атқарылу 10 723 623,0 млн.теңгені немесе жылдық жоспарға 100,6%-ті құрады. 2018 жылмен салыстырғанда түсімдер

1 816 003,6млн. теңгеге өсті, өсу қарқыны 120,4%-ті құрады.

Республикалық бюджет кірістері 2019 жылға 10 547 475,3 млн.теңге сомасында көзделді. 2020 жылғы 1 қаңтарға кірістер 10 592 324,1 млн. теңге немесе жылдық жоспарға 100,4%-ті түсті.2018 жылмен салыстырғанда кірістер 1 803 319,6 млн. теңгеге өсті, өсу қарқыны 120,5%-ті құрады.

Республикалық бюджетке түсетін кірістер (трансферттерді есепке алмағанда) 2019 жылға 7 081 317,6 млн. теңге сомасында көзделді. 2020 жылғы 1 қаңтарға кірістер 7 124 429,6 млн. теңге сомасында немесе 43 112,0 млн. теңгеге артығымен орындала отырып, жылдық жоспарға 100,6%-ті түсті. 2018 жылмен салыстырғанда кірістер (трансферттерді есепке алмағанда) 1 275 815,7 млн. теңгеге өсті, өсу қарқыны 121,8%-ті құрады.

2019 жылға салықтық түсімдер бойынша жоспар 6 871 663,1 млн. теңге сомасында көзделді. 2020 жылғы 1 қаңтарға салықтар 6 835 513,4 млн. теңге немесе жылдық жоспарға 99,5%-ті түсті, өсу қарқыны – 120%-ті құрады. Салықтар бойынша 36 149,7 млн. теңгеге атқарылмау негізінен импортқа 114 172,1 млн. теңге – ҚҚС, 47 445,6 млн. теңге – КТС есебінен қалыптасты. Сонымен қатар, жоспар салықтар бойынша халықаралық саудаға – 97 268,1 млн. теңгеге, ПҚӨС – 27 230,7 млн. теңгеге, ІӨТ-ке ҚҚС – 8 294,8 млн. теңгеге асыра орындалды.

Салықтық емес түсімдер бойынша 2019 жылға арналған жоспар 202 769,5 млн. теңге сомасында көзделді. 2020 жылғы 1 қаңтарға атқару 279 410,3 млн. теңге деңгейде немесе жылдық жоспарға 137,8%-ті болды. 76 640,8 млн. теңгеге артығымен орындалу негізінен 64 075,6 млн. теңге – басқа да салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасты. Республикалық бюджеттің тапшылығы ағымдағы жылғы 1 қаңтарға 1 269 265,9 млн. теңгені немесе ЖІӨ-ге (67 668,4 млрд.теңге) 1,9%-ті құрады.

Республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыруға 1 269 265,9 млн. теңге пайдаланылды, оның ішінде қарыздар түсімінің есебінен – 1 903 937,9 млн. теңге, қарыздарды өтеу есебінен – 690 422,3 млн. теңге, бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары есебінен – 82 750,4 млн. теңге пайдаланылды.

Бюджет қаражаттары жеке (бөлек шаруашылық субъектілер) және қоғамдық (барлық ұлттық шаруашылық) негізгі қорлар айналымдылығын қамтамасыз етуге де пайдаланады. Мемлекеттің бюджеттік-салық саясатында қаржылық жоспар - бюджет арқылы іске асырылады. Мемлекеттің бюджеттік - салық саясаты - ол халықтың ауқаттылығын жоғарлату мен экономикалық дамуды қамтамасыз етуге арналған іс-әрекеті. Бұл саясат еліміздегі жұмыссыздықты қысқарту, инфляцияның қарқынын төмендету мен басқа да осындай мәселелерді шешуін қамтамасыз етуге бағытталған [5].

Осындай күрделі мәселелерді шешуге және еліміздің жалпы экономика жүйесіне әсер ету үшін мемлекет өз қызметінде мемлекеттік қаржы басқарудың механизмдері мен құралдарыш пайдаланады. Бюджет тарапынан негізгі құралдар ретінде мемлекеттік кіріс пен мемлекеттік шығыс табылады.Мемлекеттік бюджеттің экономикалық маңызы жалпы қаржы қасиеттерімен сипатталады, яғни экономикалық маңызды әлпеттейтін әдіс жалпы қаржы мен оның тізбектерінде біртептік функцияларға сәйкес [6]. Сондықтан, мемлекеттік бюджет, барлық қаржы жүйесі секілді бөлу және бақылау функцияларын атқарады. Сонымен қатар, «қаржы» категориясына қарағанда бюджет ерекше категория, оған келесі негізгі функциялар атқаруы тәнті:

- ұлттық табысты қайта бөлу;
- әлеуметтік саясатты қаржымен қамтамасыз ету;
- экономиканы реттеу мен ынталандыру;

ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорын қалыптастыру мен пайдалануын бақылау.

Ұлттық табыс пен жалпы ішкі өнімдердің құнды бөліс құралы ретінде мемлекеттік бюджет осы функция арқылы өзінің экономикалық маңызын тікелей әлпеттейді. Бөліс функция арқылы мемлекет ауқымыда ақша қаражаттарын орталықтандыру мен оны

жалпы мемлекеттік мұқтаждықты қанағаттандыруға пайдалану іске асырылады. Ал бақылау функциясы мемлекет тарапына уақытында және толық қаржы ресурстар түсуі, орталықтандырылған қаражаттар бөлуіндегі пропорциялар жағдайы, сол қаражаттар үнемді және тиімді пайдалану жөнінде мәлімдейді. Мемлекеттік бюджеттің бөлу мен бақылау функциялары бір бірінен бөлек емес, неғұрлым бірігіп, бір уақытта іске асырылады, себебі бұларда бюджеттік қарым-қатынастың барлық жағы бейнеленеді. Содан кейін өндірістік емес сала мекемелерін бюджеттік қаржыландыру жүргізіледі. Мұндай бюджеттік қаржыландырудың ұлттық табысты пайдаланушының құрылымын қалыптастыруда рөлі өте зор, себебі мемлекеттік бюджет экономика секторлары арасында ұлттық табысты қайта бөлудің маңызды құралы болып табылады. Әрине, қазіргі уақытта ақша қаражаттарының басым жағы орталықтандырылған қорға мемлекеттік сектордан түседі, бірақ жалпы мемлекеттік қажеттілікті қамтамасыз етуге жеке кәсіпкерлер мен экономиканың мемлекеттік емес саласының басқа да субъектілердің қаражаттары тартылады.

Нәтижелер мен талқылау

Бюджеттік процестегі жоғары және төмен тұратын бюджеттер арасындағы бүктемелеуленген қатынастарды бюджетаралық қатынастар деп атайды. Бюджетаралық қатынастар жүйесі тек қана республикалық бюджет пен республиканың аймақтар бюджеттері арасындағы қатынастардан тұрмайды, оған аймақтар ішіндегі облыстық және аудандық бюджеттер арасындағы қатынастар да кіреді. Бюджетаралық қатынастардың негізі болып мемлекеттік басқару деңгейлерінің өкілеттілігі мен функцияларын айқын шектеу, бюджет деңгейлері арасында кірістер мен шығыстарды бөлу әдістерінің бірлестігі табылады.

Бюджет аралық қатынастар белгілі принциптерге негізделеді. Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінде келесі бюджет аралық принциптер мазмұндалған:

- төмен тұрған бюджеттердің жоғары тұрған бюджеттермен арақатынасындағы теңбе-теңдік;

- түсімдердің келесі шектеу критерийлерін есепке ала отырып, оларды тиімді бөлу:

- а) төмен тұрған бюджеттер маңында тиянақты сипаттары бар, сыртқы факторлардың әсеріне тәуелсіз салықтық және салықтық емес түсімдер бекітіледі;

- ә) мемлекеттік мекемелер көрсеткен қызметтерге төленген төлемдер салықтық және салықтық емес түсімдер ретінде сол қызметтерді қаржыландыратын бюджеттің кірісі болып түседі;

- б) қайта бөліс сипатты және салықтық базасының жайғастыруы бірқалыпты емес салықтар бюджеттік жүйенің неғұрлым деңгейіне бекітіледі;

- в) салықтар мен бюджеттің басқа міндетті түсімдері неғұрлым оларды жоғары дәрежеде жинайтын бюджет деңгейіне бекітіледі;

- г) тиянақты аумақтық салықтық база бойынша жинайтын салықтар жергілікті бюджеттер маңына бекітіледі.

- әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша бюджеттік деңгейлерді қамтамасыз етуді теңестіру;

- жергілікті атқарушы органдардың мөлшерлес деңгейде мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

- мемлекеттік қызметті максималды тиімді және нәтижелі көрсету, яғни мемлекеттік қызмет көрсетуді неғұрлым соларды тиімділік және нәтижелілік түрде өндіретін және көрсететін мемлекеттік органдар маңына бекіту;

- мемлекеттік қызмет көрсету деңгейді оларды алушыларға максималды жақындату.

Тәжірибеде бюджетаралық қатынастарды реттеудің әртүрлі формалары бар. Олар бюджет деңгейінің әрбіреуінің салықтық потенциалы, аймақтардың мұқтаждықтарын объективті бағалау нәтижесі мен бекітілген натуралды нормалардың есебі арқылы анықталады [7]. Республиканың Бюджеттік кодексі бойынша бюджетаралық қатынастар реттеудің формалары орта мерзімді фискалдық саясатқа сәйкес тағайындалады. Республикалық және облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана бюджеттері

арасындағы бюджетаралық қатынастарды реттеу формалары жөнінде ресми трансферттер мен бюджеттік несиелер қолданылады. Ал облыстық және аудандық, облыстық мағынадағы қала бюджеттері арасындағы бюджетаралық қатынастар ресми трансферттер, бюджеттік несиелер және кіріс бөлу нормативтер арқылы реттеледі. Трансферттер механизмі бюджеттік реттеуді біріккен әдістемемен қамтамасыз ету мен бюджетаралық қатынастар қалыптасуының субъективтік түрде болмауы үшін қолданылады. Трансферттер нормативті-бөлшекті әдіс негізінде есептеледі, сондықтан ол аумақтардың бюджеттік кірістерін көлбеулі теңестіру мен оларға қаржылық жәрдемді бәріне бірдей тәртіппен көрсетуге мүмкіншілік береді [2].

Қорытындылар

Мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты болып келетін бюджеттің жұмыс жасауы ерекше экономикалық нысандар өз бюджеттің кірістері мен шығыстары арқылы болып отырады. Олар құндық бөліністің жеке көздерін білдіреді. Санаттардың екеуі де бюджеттің өзі сияқты объективті және олардың өзгеше қоғамдық арналымы болады: кірістер мемлекетті қажетті ақша қаражаттарымен қамтамасыз етеді, шығыстар орталықтандырылған ресурстарды жалпымемлекеттік қажеттіліктерге сәйкес бөледі. Бюджеттің түсімдері кірістер, бюджеттік несиелерін өтеу, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер, сондай-ақ мемлекеттік қарыздар, ал оның шығыстары шығындар, бюджеттік кредиттер, қаржы активтерін сатып алу, қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу болып табылады.

Бюджеттің кірістерін көбейтуге және шығыстарын қысқартуға, бюджет тапшылығын реттеуге, басқа экономикалық дағдарысқа қарсы шаралардың жиынтығында нысаналы басқаруға бағытталған шараларды әзірлеу және дәйекті іске асыру мемлекеттің қаржы жағдайын тұрақтандыруға жағдай жасайды.

Бюджеттің кірістері салықтық және басқа міндетті төлемдер (салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер), ресми трансферттер, мемлекетке өтеусіз негізде берілетін, қайтарылатын сипатта болмайтын және мемлекеттің қаржы активтерін сатумен байланысты емес, бюджетке есептелуге тиісті ақшалар болып табылады.

Әрбір мемлекеттің басты мақсаты бюджет жүйесін құрғанда, осы бюджеттік кірістер бөлігіне жыл сайын еселенген сипатта түсімдердің келіп түсуін барынша мол көлемін қамтамасыз ету болып табылады. Осыған орай көптеген міндеттер мен қажетті шараларды орындау жағдайы туындайды. Яғни тиісті кірістерді арттыру жолдарын іздестіру, тиімді әрекеттерді орындау, т.с.с істерді жасау қажеттілігі туындайды және оларды шешу үшін бағдарламада бекітілген белгілі шаралары сипатталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Бибатырова А.А., Кекілов Б.Ж. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу. Алматы: "Қазақ университеті", 2017, 248 б.
2. Өмірбаев С. М. Мемлекеттік бюджет. Оқулық. Алматы: Дәуір, 2012, 640 б.
3. Государственное регулирование рыночной экономики. Учебник/под ред. В.И. Кушлина, Н.А.Волгина. М: "Экономика", 2012, 316 с.
4. Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Особенная часть: Учебник. Алматы: ТОО «Издательство «НОРМА-К», 2010, 344 с.
5. Сальжанова З.А., Омарханова Ж.М., Садвокасова Ж.М. Государственное регулирование экономики. Карагандинский экономический университет, Казпотребсоюза, Караганда, КЭУК, 2016, 345 с.
6. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі.
7. Ж.А. Кулекеев, А.Ж. Султангазин, А.Б. Зейнельгабдин, А.М. Мухаметкарим Проблемы эффективности использования средств государственного бюджета Республики Казахстан в условиях развития рыночных отношений. Астана: АГС при Президенте РК, 2003, 192 с.

Аннотация

Бюджет является мощным управляющим механизмом в руках государства с помощью бюджета осуществляется межсекторальное, межотраслевое, межрегиональное перераспределение доходов, государственное регулирование и стимулирование экономики, финансирование социальной политики. Бюджет применяется как инструмент накопления средств всех секторов экономики для проведения внутренней и внешней политики государства. Бюджет составляет финансовую базу существования государства и всех государственных органов в государстве. Средства, накопленные в бюджет, используются для проведения государственной социально-экономической политики, обеспечения обороны, безопасности государства. Государственный бюджет является основным финансовым законом государства, обеспечивающим формирование, распределение и организацию использования денежных средств, являющимся обязательным условием существования любого государства. Государственный бюджет обеспечивает выполнение государственными органами своих функций. Государственный аппарат, правоохранительные органы, исполнительные органы, государственные учреждения, организации, финансируемые за счет бюджета, живут за счет соответствующего бюджета.

Abstract

The budget is a powerful governing mechanism in the hands of the state. The budget is used for intersectoral, intersectoral, and interregional redistribution of income, state regulation and stimulation of the economy, and financing of social policy. The budget is used as a tool for accumulating funds from all sectors of the economy for conducting domestic and foreign policy of the state. The budget is the financial basis for the existence of the state and all state bodies in the state. The funds accumulated in the budget are used for carrying out the state social and economic policy, ensuring the defense and security of the state. The state budget is the main financial law of the state, ensuring the formation, distribution and organization of the use of funds, which is a prerequisite for the existence of any state. The state budget ensures that state bodies perform their functions. The state apparatus, law enforcement agencies, Executive bodies, state institutions, and organizations financed from the budget live from the corresponding budget.

ӘОЖ 349.422.231

Б.С. Жүсіпов

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

АЙМАҚТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОЦЕССТЕРДІҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

Қазіргі кезеңдегі ұлттық шаруашылықты қайта қалыптастырудың басты мәселелерінің бірі – экономиканың аймақтық шағын және орта бизнесті институционалдық қамтамасыз ету саласын тұрақтандыру және дамыту барысында индустриалды-инновациялық дамуға үлкен мән беру болып табылады. Осыған байланысты әлеуметтік – экономикалық процесстердің дамуы және оның экономикалық тиімділігін арттыру жолдарын іздестіруге арналған зерттеулері ерекше өзектілікке ие. Институционалдық қамтамасыз ету үрдістері өзінің мәні бойынша ғылым өндірістікті бейнелейді және олардың техникалық, биологиялық және химиялық құралдары мен заттардың, технологиялары мен шаруашылықты жүргізуінің тәсілдерін үздіксіз қайта жаңалауы, ауыл шаруашылық өндірісін агроклиматтық факторлары мен нарықтың талаптарына сай болуы, тауар өнімдеріне әлемдік стандарттарды қолдануы үшін жағдайлар жасауы, мемлекет пен кәсіпкерлікті қолдау әлеуметтік – экономикалық процесстердің негізгі мақсаттары болып табылады. Бұның барлығы аймақтық шағын және орта бизнесті дамыту және қайта өңдеу өндірісінің интенсивтік дәрежесін көтеруіне, инновацияны игеруімен кәсіпкерліктің барлық салаларында еңбек өнімділігін арттыруына және қосымша пайдасын алуға мүмкіндік береді.

Кілттік сөздер: Агроөнеркәсіп, экономика, аймақ, ауылшаруашылығы, өнім, кәсіпорын, перспектива, өндіріс

Кіріспе

Қазіргі таңда шағын және орта бизнестің тиімділігін арттыру мақсатында институционалды қамтамасыз ету олардың инновациялық үрдістерді бейімдеуі арқылы және аймақтың табиғи, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуеттеріне үйлесімді пайдалануы факторларын есепке ала отырып, кәсіпкерлік іс әрекеттерін жүргізуге бағытталған.

Өнеркәсіптік өндірісісте инновацияны игеруі тәжірибесінің негізінде технологиялық, техникалық құралдарын мен қондырғыларын, нақты климаттық және өндірістік жағдайларын есепке ала отырып өнімдері мен қызмет көрсетуін жаңа немесе жетілдірілген сорты мен нәсілді малдарды қолдану қажет. Сол үшін инновациялық үрдістерін дамытуы арқылы, инновациялық қызметтердің жаңа түрлерін құруы, өнеркәсіптік өндірісінің аймақтық ерекшеліктерінде есепке алыу, ғылыми техникалық және инновациялық саясаттың қалыптастыруына әдістемелік жаңалықтарды негіздеуі өте өзекті мәселеге айналуға және ол өз шешімін табуы қажет етеді [1].

Дегенімен, кәсіпкерлікті дамыту, қазіргі кезеңдегі орта және шағын бизнесті ауыл шаруашылық қызметтерінде және инновацияны игеруі, ғылыми және институционалдық қамтамасыз етуі мәселелері аймақтық өнеркәсіптік өндірісінде инновациялық үрдістерін дамыту бойынша әдістемелік негіздерді анықтауы, болашақта дамытуы және тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеуді қажет етеді.

Аймақтық шағын және орта бизнестің тиімділігін институционалдық қамтамасыз етудегі ғылыми-техникалық саясатты жетілдірудің басты мақсатының бірі – қоғамдағы экономикалық дамуының тереңдету және оны дамытуға жол көрсетеді. Дамыған елдер тәжірибесі көрсетіп отырғандай, жалпы ұлттық негізде ұйымдастыру талап ететін шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету ғылыми-техникалық жаңартуларының кезеңі күрделі және қаржылай ауқымды болуы мүмкін. Алайда, бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету саясаты арқылы еңгізілген жаңартулары экономикалық дамудың негізгі іргетасы болып қала береді. Аймақтық шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы инновациялық саясатының мақсаты мен негізгі міндеті: бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету мақсатында ғылым мен техникадағы заманауи жетістіктерді өндірістік барлық инфрақұрылымдарға ұштастыруы, бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруы болып табылады. Бизнестің тиімділігін институционалдық қамтамасыз ету қызметін жетілдіруен бүгінде дүние жүзіндегі озық экономикасы мен қоғамдық дамудағы жетістіктері, көзге түсіп отырған өркениетті елдерінің қатарынан көрінуге талпыныс жасауы және оған қол жеткізуі негізгі мәселе болып отыр. Шағын және орта кәсіпкерлікті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету мақсатында бизнесті аймақтық институционалдық ғылым мен техниканың нарықтық қатынас жағдайында басқа салалары сияқты өз алдына дербес даму беруі кейде қабілетсіз болып табылады. Алайда, инновациялық қызметті қолдап отырған елдерде санатына кіріп отырған АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея елдерінің тәжірибелері толықтай дәлел болып табылады. Инновациялық саясатты дамытуы – бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету, жетістіктерінің нәтижесінде индустриалды қоғамды ары қарай дамытуға қол жеткізеді. Сонымен негізгі мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып инновациялық саясаттың басым бағыттарын дамытуы жолдарын саяси жүйеде жүзеге асыруы басты қажеттілік болуы қажет [2].

Сонымен бірге, оның жаңа өндірістік формалары – концерндер, өндірістік салалар арасындағы мемлекеттік бірлестіктері, әртүрлі ассоциациялары, түрлі серіктесіктері мен акционерлік қоғамы және тағы басқа түрінде бағалау жиі кездеседі. Аймақтық және тұтастай мемлекеттік деңгейдегі шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық тиімділігін арттыру, ғылыми-техникалық прогресивті басқарудағы өзара байланысы мен өзара тәуелділік инновациялық саясатының бірлігін тануға әкеледі. Қазақстанның 2003-2015 жылдарына арналған Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясында «Шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз етуді ғылыми-техникалық және инновациялық қолдау» - деп аталатын бөлімінде анық көрсетілген. Экономикалық

қатынастарының жалпы жүйесі ретінде, инновациялық қызметтің түпкі нәтижелері - өндірістің тиімділігін арттыруы, еңбек өнімділігімен капиталдың өсуін қамтамасыз етуі, жоғары технологиялы өнім көлемін - елдің қуаттылығын айқындайтын болғандықтан, ол негізгі орынды алады.

Нәтижелер мен талқылау

Бүгінгі ХХІ ғасыр аса жылдамдықпен дамуы да осы даму үрдісі қоғамда тезірек көшке ілесуді талап етуде. Ақпараттық технологиялардың озық заманын, қоғамның тез өзгеруіне, қоғамдық санаға үлкен ықпал етіп отырғаны бар. Инновациялық саясаттың негізгі принциптеріне келетін болсақ, оны қалыптастыруқоғамның әлеуметтік-экономикалық мақсаттарын есепке алынады. Осындай қысқа, ұзақ, орта мерзім және ішкі заңдылықтарға негізделген аймақтық институционалдық қамтамасыз ету ғылым мен техниканың дамуын халық шаруашылығының артыруымен, есеп жүргізудің бірлігімен анықталады. Инновациялық саясатын іске асыру өнеркәсіп, кәсіпорындарын көбіне экономикалық өркениетке ұмтылуға тырысады. Жалпы, мемлекет жүргізіп отырған инновациялық саясатты қалыптастырудың негізгі принциптеріне келетін болсақ, олар төмендегідей:

- орта және шағын бизнесі субъектілерін инновациялық қызметке тартуы, олардың қаржылық- несиелік салада толық мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуін талап етуі;

- инновациялық саясаттың дамытуы халықаралық серіктестіктерін тарту және ұлттық мүддені, интеллектуалдық әлеуетті қорғау арқылы;

- инновациялық саясат экономикалық-әлеуметтік бағыт бойынша жеке дара қарастыруы;

- әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ететін шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық дамудың жаңа бағыттарын таңдап алуы;

- шағын және орта кәсіпкерлікті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету мақсатында ғылым мен техниканың басым бағыттарын іске асыру үшін ресурстарын бір жерге топтастыруы;

- шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету мақсатында ғылым-өндіріс-тұтыну жүйесіндегі халықаралық еңбек бөлінісінің объективті үрдістерін көрсету алу үшін , халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтарды , топтарға мүше болуы;

- осы жүйені жүзеге асырып қалыптастыру үшін қажетті орталықтың болуы міндетті .

Сонымен қатар, инновациялық саясат принциптерін дайындауында кезеңінде келесі аспектілерін қарастыру тиіс [3]. Бүкіл мемлекет деңгейінде шешілетін сұрақтары арасындағы бірлікті, сонымен қатар аймақтық жүйелері деңгейіндегі шешілетін мәселелерінің бірлігін ұмытпауы қажет. Кез-келген мәселенің шешімін табу оған жауапты құрылымдарының бірлігі аса маңызды рөліне ие екендігі сөзсіз. Аймақтық жүйелердің инновациялық саясатын қалыптастыру және оны жүзеге асыра алуы. Сондықтан да, шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық тиімділігін арттыру негізін ғылыми еңбектеріне, әдебиеттерінде аймақтық инновациялық саясат мәселелері (алдыңғы қатарлы ірі өндірістік қалалары, облыстары деңгейінде), сондай-ақ инновациялық саясаттың оқу орындары, академиялар, өндіріс жүйелері деңгейінде қарастыруы керек. Жаңа шаруашылықтың даму жағдайында инновациялық саясатын қалыптастыру мен оны жүзеге асыруда шағын және орта бизнесті аймақтық институционалдық қамтамасыз ету жолдары ғылыми мекеме ретінде қарастыру жиі орын алады.

Қорытынды

Негізінде базалық моделін инновациялық даму, ішкі және сыртқы көздерден инновациялар арасындағы қарым-қатынас. Даму стратегиясы зерттеулеріне негізделген іргелі және қолданбалы инновация, озық технологиялар, ынталандырады меншікті жеке

елдерде. Стратегия технологиялар трансферті, әзірлеу іргелі және қолданбалы жеке және елдің ресурстарын осы мақсатқа жоқ [4].

Сонымен қатар, қамтамасыз ету мақсатында өңірлік институционалдық тиімділігі шағын және орта бизнес ғылыми-техникалық қызмет және оларға және мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары болып табылады:

- өңірлік шағын және орта бизнес өкілдерінің қатысуымен венчурлік капитал маманданған мемлекет институционалдық, ғылыми-техникалық және инновациялық тартуға саласы;

- әдістерін әзірлеу нысандары мемлекеттік қолдау инновациялық қызмет субъектілерінің;

- инновациялық қызметтің мемлекеттік, салааралық, салалық және өңірлік сипаттағы құру, инновациялық инфрақұрылымның мамандандырылған субъектілерін, кіретін қалыптастыру лымды.

- кадрларды дайындау және қайта даярлау үшін инновациялық сала;

- көзі, жаңа технологиялық құрылымдардың базалық салаларында өнеркісіптің-лицензиялау шарттары үшін жасауы өркенитетті нарығы технологиялар, яғни, авторлық құқық, патенттер, сауда белгілері мен тану барлық халықаралық конвенцияларды ортаны қорғау саласындағы ынталандыру арқылы шетел технологиясының трансфертін - жандандыруы өту отандық кәсіпорындарға сапа " және үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес. - Инновациялық шағын және орта бизнестің қоғамдағы ғылыми-техникалық прогресс және жолдарын анықтау деңгейі салым [5].

Бұл негізгі белгілері инновациялық дамудың, қазақстанның бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарынан көрінуі. Жоғары технологиялық өндірісті дамыту, арттыру, бюджетке түсетін түсімдер көлемінің өсуі, өнімнің шағын және орта бизнесті дамыту арқылы өңірлік ғылыми ауқымды институционалдық, экономикалық және әлеуметтік проблемалар мүмкіндік береді негізінде жаңа технологияларды пайдалану. Институционалдық инновациялық саясат, бизнес, аймақтық ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеу нақты тетіктерін жетілдіру көрсету мақсатында ғылыми-техникалық прогрестің тиімділігі. Демек, анықтау нақты мақсаттар мен міндеттерге инновациялық дамуының әр түрлі салаларында біздің елімізде оған терең теориялық талдау, одан әрі жетілдіруге бағытталған инновациялық саясатты ашады. ХХІ ғасырдағы дамуына елеулі үлес қосқан қоғам және басым бағыттары инновациялық саясат, игеру болып табылады озық технологиялар [6].

Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену концепциясына сәйкес, ғылымды қажет ететін экономиканың басты құрауыштары - инновациялар, инвестициялар және кәсіпкерлік. Еңбек өнімділігінің ұзақ мерзімді өсімі, инновациялардың дамуы, өндіріс пен экспортты әртараптандыру, сондай-ақ сыртқы ресурстарды тарту және ішкі ресурстарды белсенді пайдалану арқылы елдің бизнес секторларын дамыту экономикалық өсімнің негізі болмақ. Экономиканың әрі қарай дамуы үшін маңызды артықшылық ретінде МШОК секторын экономикалық өсімнің негізгі «қозғалтқышы» ретінде дамыту, соның ішінде заманауи бизнес дағдыларды жетілдіру арқылы дамыту (ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 2050 жылға қарай 50%-ға дейін артады) міндеті қойылып отыр.

Қазақстандағы және оның аймақтарындағы кәсіпкерлікке кешенді қолдау көрсетудің маңызды құралы «БЖК - 2020» бірыңғай бағдарламасы болып табылады. «БЖК - 2020» бағдарламасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және 2050 жылға дейінгі Қазақстанның стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру мақсатында жетілдірілді. «БЖК -2020» бағдарламасының мақсаты - бар жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңа тұрақты жұмыс орындарын қалыптастыру, сондай-ақ, экономиканың шикізаттық емес секторларындағы аймақтық кәсіпкерліктің тұрақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету. Кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің негізгі критерийлері:

- экономика секторына артықшылық беру;

· экспортқа негізделу және/немесе қазақстандық қамтуды арттыра отырып, болашақта сыртқы нарықтарға шығу;

· жаңа жұмыс орындарын жасау.

«БЖК - 2020» бағдарламасы аясындағы барлық қолдау көрсету шаралары бағыттар бойынша және мақсатты сегменттер мен қолдау шараларына байланысты бөлінген:

- 1) Жаңа бизнес бастамаларға қолдау көрсету.
- 2) Кәсіпкерлік секторды қалпына келтіру.
- 3) Кәсіпкерлердің валюталық қауіптерін азайту.
- 4) Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту.

«Даму» қоры пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялайтын және несиелерге кепіл беретін қаржы агенті ретінде әрекет ете отырып, «БЖК - 2020» бағдарламасын жүзеге асырушылардың негізгілерінің бірі болып табылады. «БЖК - 2020» бағдарламасы - жаңа жобаларды іске қосқан жаңа кәсіпкерлерге де, аймақаралық және халықаралық нарықтарда жұмыс істеп жүрген тәжірибелі кәсіпкерлерге де арналған қолдау көрсету құралдарының кешенінен тұратын жеке кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. «БЖК - 2020» бағдарламасының қатысушы бола отыра, кәсіпкерлер келесілерге қол жеткізе алады:

1. Өз несиелері немесе қаржы лизингтерінің сыйақы мөлшерлемесін 7%-дан 10%-ға дейін мемлекет тарапынан ұсынылған субсидия есебінен төмендету.
2. Несие көлемінің 85%-на дейін мемлекеттік кепілдік алу.
3. Бизнес жүргізу саласындағы біліктілік деңгейін тегін түрде көтеру.
4. Өз кәсіпорнындағы нақты өндірістік және басқарушылық сипаттағы мәселелерді шешуде тегін көмек алу.

«БЖК - 2020» бағдарламасы жүзеге аса бастаған сәттен бері Бағдарламаның болашағы зор екені анықталды. «БЖК -2020» бағдарламасы кәсіпкерлер арасында 13 танымалдылыққа ие болды, мемлекеттік органдар мен ЕДБ арасындағы өзара әрекеттесу механизмдері қабылданды, бүгінгі күннің өзінде Бағдарламаның бірқатар мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізілгенін айтуға болады. Экономиканың басым секторларындағы ЕДБ несиелер қоржындарының жалпы көлемімен салыстырғанда, «БЖК - 2020» бағдарламасының үлесі 17%-ды құрап отыр [7].

Осылайша, нарықпен салыстырғанда экономиканың басым секторларындағы 6 несиенің 1-і және өңдеу өнеркәсібіндегі 4 несиенің бірі «Даму» қоры бағдарламаларының қатысушыларына беріледі. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және несиелеуге кепілдік беру құралдарының көмегімен «БЖК - 2020» бағдарламасы кәсіпорындардың тұрақты және табысты даму жолына түсулеріне қолдау көрсетеді. Өз кезегінде кәсіпорындар өз жұмысын жүзеге асыру барысында бағдарламалардың бюджеттік тиімділігін және экономикалық дәйектілігін арттыра отырып, бюджетке төленетін түсімдерді қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Теория и практика агробизнеса/ Под ред. Оспанов М.Т., Аутов Р.Р., Ертазин Х. Алматы: «СП «Франклин», 2017, 215 с.
2. Экономика сельского хозяйства/ Под ред. Попов Н.А. М.: ЭКМОС, 2016, 352 с.
3. Трудовые крестьянские (фермерские) хозяйства/ Под ред. Калиев Г.А., Сатыбалдин А.А., Григоркж В.В. Алматы: Экономика, 2016, 285 с.
4. Еркінбаева Л.К. Аграрные правоотношения в Республике Казахстан. Дисс. юрид. наук. докт. КазНАУ, Алматы: 2015, 354 с.
5. Молдашева А.Б. Ауылшаруашылығындағы ылғал сақтау технологиялары. Аль Пари ғылыми журнал, Алматы, 2017, №1, Б.86-93
6. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (14 желтоқсан 2012 ж.)

7. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (10 қаңтар 2018ж.)

Аннотация

Одним из главных вопросов реформирования национального хозяйства на современном этапе является то, что экономика придает большое значение индустриально – инновационному развитию в ходе стабилизации и развития отраслей институционального обеспечения регионального малого и среднего бизнеса. В этой связи особую актуальность приобретают исследования для поиска путей развития социально – экономических процессов и повышения его экономической эффективности. Процессы институционального обеспечения по своей сути отражают производство науки и являются основными целями социально – экономических процессов в области непрерывной модернизации технических, биологических и химических средств и веществ, технологий и способов хозяйствования, соответствия сельскохозяйственного производства требованиям рынка и агроклиматическим факторам, создания условий для применения мировых стандартов на товарную продукцию, поддержки государства и предпринимательства. Все это позволит повысить интенсивную степень развития регионального малого и среднего бизнеса и перерабатывающего производства, повысить производительность труда во всех сферах предпринимательства с освоением инноваций и получить дополнительные выгоды.

Abstract

One of the main issues of reforming the national economy at the present stage is that the economy attaches great importance to industrial and innovative development in the course of stabilization and development of branches of institutional support for regional small and medium-sized businesses. In this regard, research to find ways to develop socio – economic processes and increase its economic efficiency is particularly relevant. The processes of institutional support essentially reflect the production of science and are the main goals of socio-economic processes in the field of continuous modernization of technical, biological and chemical means and substances, technologies and methods of management, compliance of agricultural production with market requirements and agro-climatic factors, creation of conditions for the application of world standards for commodity products, support of the state and entrepreneurship. All this will increase the intensive development of regional small and medium-sized businesses and processing production, increase labor productivity in all areas of entrepreneurship with the development of innovations and get additional benefits.

ӘОЖ 339.187.44

Г.Н. Жұбат

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ФРАНЧАЙЗИНГ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

Бұл мақалада қазіргі заманғы нарықтық экономиканы дамыту жағдайында, қазіргі уақытта өзекті проблемалардың бірі стратегиялық тұрақты инновациялық даму барысында елдің жаһандық кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін экономика мен қоғамның терең құрылымдық қайта құрылуымен сипатталатын экономикадағы франчайзинг жүйесін дамыту болып табылатындығы туралы айтылады. Негізгі мәселелердің бірі экономикалық үдерісті жаһандану жағдайында қызметтің табысты нысандарын таңдау және отандық кәсіпорындарды дамыту болып табылады. Республикада бизнесті дамытудың перспективалық нысандарының бірі франчайзинг болып табылады. Франчайзингті дамыту қажеттілігі республиканың инновациялық даму қарқынымен, шаруашылық жүргізуші субъектілердің ғылыми-техникалық жетістіктері мен мүмкіндіктерімен байланысын қамтамасыз ету мақсатын көздейтін қатынастарды дамыту және отандық жағдайларда пайдаланылуы мүмкін теориялық білім мен терең ғылыми зерттеулер ғана

емес, экономиканың түрлі салаларында оны кеңейту жөніндегі міндеттерді шешу жөніндегі шағын және орта бизнес қызметінің негізінде қатынастарды дамыту үшін үлкен маңызға ие.

Кілттік сөздер: Агроөнеркәсіп, экономика, аймақ, ауылшаруашылығы, өнім, франчайзинг, кәсіпкерлік

Кіріспе

Қазіргі заманғы бизнес-жобаларды іске асыру кәсіпкері басқару, маркетинг, жарнама саласында ауқымды білімінің болуын және нарықтың ерекшеліктерін ескере білуді қажет етеді. Әрбір нақты жағдайда кәсіпкерлікті ұйымдастырудың тиімді схемасы мен әдістерін жасау үшін көп уақыт пен материалдық шығын керек. Франшиза негізінде жолға қойылған және өзінің тиімділігін дәлелдеген бизнесті пайдалану кәсіпкерлік тәуекелді біршама төмендетеді. Дамып келе жатқан нарықтарда франчайзинг кәсіпкерлерді табысты бизнес жүргізу үшін қажетті іс жүзіндегі стандарттарға үйретудің ең жылдам әдістерінің бірі болып табылады. Осылайша, франчайзингті дамыту шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың барынша тиімді нысандарының, аса маңызды мемлекеттік міндеттің мүмкін болатын шешімдерінің бірі болуы ықтимал.

Алайда, қызметтің осындай түрінің әдістемелік негіздері мен тұжырымдамалық тәсілдерінің болмауы отандық тәжірибеде франчайзингтің даму мүмкіндіктерін шектейді және кәсіпкерлік қызметтің осы бір моделін ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттілігін тудырады. Осыған байланысты бизнестің франчайзингтік моделін Қазақстан жағдайында қолдану бойынша теориялық ережелер, әдістемелік тәсілдер мен тәжірибелік ұсынымдар әзірлеу, франчайзингтік бизнестің қазіргі бар моделдерін отандық нарық жағдайына бейімдеу қажет.

Франчайзингтің дамуының экономикалық аспектілерінен басқа оны заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етудің маңызы бар екенін атап өткен жөн, себебі кәсіпкерліктің осы бір моделінің тиімді және тұрақты дамуы үшін тиісті құқықтық өріс болуы тиіс. Бүгінгі күні франчайзингтегі «ойын ережелерін» жете әзірлеу, нақты заңнамалық және терминологиялық базаның болмауы отандық франчайзерлердің жоғары бәсекелестік нарыққа шығуын қиындатып отыр.

Теориялық талдау

Франчайзинг кеңінен белгілі және барлық әлемдік қоғамдастықта іс жүзінде қабылданған түсініктердің бірі. «Франчайзинг» сөзінің шығу мағынасы осы уақытқа дейін дау туғызуда. «Franchising» деген сөздің өзі француз тілінен «franchise» деген сөзден шыққан, ол «жеңілдік, артықшылық, салықтан босату, салым» деген мағынан білдіреді [1].

Нәтижесінде бұл сөз ағылшын тілді мемлекеттерде де бекітілді. Тілдердің фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты «franchise» сөзінен туынды сөздер әртүрлі айтылады, бұл терминнің мәні үшін қатып қалған дүние емес, алайда франчайзинг қарым-қатынастардың салыстырмалы түрде жаңа жүйесі болып табылатын мемлекеттердегі кәсіпкерлік орта өкілдері үшін оның маңызы жоғары.

Кейірінек кәсіпкерліктің осы түрімен байланысты ұғымдарды белгілеу үшін туынды сөздер қалыптасты: франшиза, франчайзер, франчайзи. Ғылыми экономикалық әдебиетте франчайзинг сипаттамасының мәніне және жалпы оның категориялық аппараттағы мазмұнына, оның пайда болу уақыты мен орнына, сондай-ақ отандық жағдайларда франчайзингтік қатынастарды құқықтық реттеуге қатысты қарама-қайшы пікірлер кездеседі.

Британдық ғалымдар Дж. Стенворд және Б. Смит, А. Ермолинский, О. Новосельцев, С. Поворин, А. Цират секілді ресейлік экономистер франчайзингтің шығу бастамасын «байланысты үйлер» британдық жүйесінен көреді және франчайзинг орта ғасырлық Англияда пайда болған деп есептейді [2].

Сонымен бірге, франчайзингтің отаны АҚШ болып табылады деген пікір де бар, онда XIX ғасырдың екінші жартысында «Зингер» компаниясы белгілі бір аумақта жұмыс істеу

және сатудан кейінгі қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін тігін машиналарын бөлшек саудада сататын сатушылардан ақы ала бастаған.

Бұл тәсілді «Дженерал Моторс» компаниясы да қолданған, ол автомобильдерді сату үшін сатып алушыларға жоғары деңгейде қызмет көрсететін делдал фирмаларды жұмысқа тартып, осылайша өндіруші компанияның беделін сақтап келген [3].

Франчайзингте, әдетте, шарттың тараптары франчайзер (франшиза беруші, лицензиар, басқасіпорын, құқық иеленуші) және франчайзи (франчайзиат, франшиза алушы, лицензиат, оператор, франшизаны ұстаушы, құқық алушы) болады.

Франчайзер ретінде, әдетте (бірақ міндетті емес), кеңінен танымал тауар белгісі немесе бренд бар және тұтынушылар нарығында жоғары беделге ие ірі фирма (корпорация) жеке кәсіпкерлерге немесе олардың топтарына коммерциялық қызметте өзінің сауда белгісін пайдалануға белгілі бір мерзімге және белгілі бір шарттармен лицензияны, айрықша құқықтар кешенін (франчизаны) береді. Әдетте, франчайзердің аталған өнімді шығару өндірісінде көп жылғы тәжірибесі, сондай-ақ аталған жобаны табысты іске асыру туралы білімі болады.

Жалпы алғанда франчайзингтік жүйе бизнес саласындағы ұйымдық құрылым болып табылады, ол құрылымды басқаратын франчайзер-компаниядан және оның бақылауында болатын франшизалық кәсіпорындар желісінен тұрады. Түрлі әдебиеттерде «франчайзинг» термині әр түрлі түсіндіріледі. Аталған терминнің шетелдік тәжірибедегі классикалық анықтамалары берілген.

Шетелдің экономикалық әдебиеттерінде франчайзинг анықтамасының шектелуі тар мағынада түсіндіруден тұрады, себебі франчайзинг қызмет көрсету операцияларының және роялти төлемдерінің технологияларын сақтауға келіп тіреледі. «Франчайзинг» түсінігінің негізгі белгілері франчайзер мен франчайзидің болуы, бизнесті жүргізу тұжырымдамасын беру, бренд, сапаны бақылау, төлемдер болып табылады.

Сонымен бірге кәсіпкерлік қызметті дамытудың ұйымдық-экономикалық тетігі ретінде франчайзинг анықтамасын әзірлеу мәселесі оның көп қырлылығымен және оның көмегімен шешілетін міндеттердің алуан түрлілігімен күрделене түседі. Сондықтан түрлі экономистер франчайзингті:

- сауда маркасының меншік иесінің капиталды тарту;
- гибридті кәсіпорындарды құру;
- брендтің трансфері;
- шарттық маркетингтік жүйені қалыптастыру;
- ірі және шағын кәсіпорындардың арасында өзара тиімді ынтымақтастықты ұйымдастыру;
- өткізу қызметінің аутсорсингі (франчайзер үшін) және брендті басқару (франчайзи үшін), бұл ретте өткізу қызметінің аутсорсингі қатынастары реттелмеген және франчайзер тарапынан нақты түрде төлем жасауды көздемейді;
- франчайзидің тәуекелдерін барынша төмендету үшін қолданылатын құрал ретінде қарастырады.

Осы себептен көптеген авторлар өз зерттеулерінің мақсатына қарай франчайзингтің белгілі бір аспектісіне ғана көңіл бөледі және тек осы бағытқа негізделген анықтаманы ұсынады.


Франчайзинг – бұл өзінің ісін табысты әрі сенімді түрде жүргізетін франчайзер үшін ол өзінің бизнесін дамытудың тиімді әдісі болып табылатын әріптестік бизнес деп айтуға болады. Бұл әдіс аумақтық дамудың дайын технологиясы бойынша франчайзилердің көптеген желісін құру идеяларына негізделген.

Тәжірибелік бөлім

Кәсіпкер үшін франчайзинг өзінің сауда маркасымен бірге беретін және жан-жақты көмек көрсететін нарықтың дайын «бос орнында» өзінің бизнесін ашу мүмкіндігі.

Шетелдердің статистикасы өздерінің кәсіпкерлік қызметін өз бетімен бастаған кәсіпорындардың 70%-дан астамы бес жылдан кейін экономикалық дербестігінен айырылатындығын көрсетеді. Франчайзинг негізінде жұмыс жасайтын кәсіпорындар бұларға толық қарама-қарсылықта, себебі олардың банкрот болу мөлшері 10% кедергіден сәл ғана асады (сурет 1).

1-суретке сәйкес 10 жылдан кейін франчайзинг негізінде жұмыс істейтін кәсіпорындардың 90%-ы жұмыс істеуін жалғастырады, ал банкрот болған кәсіпорындардың саны 10% құрайды [4].



Сурет 1. Франчайзинг бойынша жұмыс істейтін, нарықта қалған фирмалар Ескерту-Әдебиеттер көздерін талдау негізінде автормен құрастырылған

Франчайзингтің мәні экономикалық үдерістер деңгейлерінің өзара байланыстылығына негізделген экономикалық жүйе үшін оның маңыздылығын айқындаудан көрінеді [5].

Қызмет көрсету саласында қызмет ететін ең танымал, әйгілі және белсенді американдық франчайзерлердің арасында «Америка Центр» (қызметтер), «А~15» (автомобильдерді жалға беру), «Baskin-Robbins» (балмұздақ), «Burger King» (жылдам тамақтану) «Век 21» (жылжымайтын мүлік), «Кем Драй» (химиялық тазалау бойынша қызметтер), «Сити Лукс» (шаштараз салондары), «Comfort Inn» (қонақүйлер), «Domino's Pizza» (пиццаны жеткізу), «ЭРА» (жылжымайтын мүлік), «Фьюча Кидс» (балаларға білім беру), «Holiday Inn» (қонақүйлер), «Левис Стор» (киім-кешек), «Mail boxes» (пошта қызметтері), «McDonalds» (жылдам тамақтану), «New Horizons» (компьютерлік оқыту), «Петлэнд» (жануарларға арналған құралдар), «Pizza Hut» (жылдам тамақтану), «Рэйнбон Интл» (қызметтер) атауға болады.

АҚШ-ғы франчайзинг нарығы әлемдегі ең ірі нарық болып табылады: шағын бизнестің 60% франчайзинг моделі бойынша жұмыс жасайды; франчайзинг саласында шамамен 1 миллион кәсіпорын жұмыс жасайды; 21 млн. астам жұмыс орнын қамтамасыз етеді және АҚШ-ғы барлық еңбекақы құнының 12,5% төлейді;

Франчайзингтік бизнестің жыл сайынғы айналымы - \$2.31 триллион, салыстыру үшін: әлемдік франчайзингтің айналымы – жылына \$ 3 трлн.

1-ші кестеде соңғы 5 жыл ішіндегі АҚШ-ғы франчайзинг көрсеткіштерінің динамикасы берілген.

Кесте - 1. АҚШ-ғы франчайзингтік бизнестің көрсеткіштері

		2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	01.09. 2013 ж.
Қолданыстағы		770,835	774,016	746,646	740,098	736,114	747,359	758,120
Франшизалар	% өзгеріс		0,4%	-3,7%	-0,9%	-0,5%	1,5%	1,4%
Жұмыс істейтін қызметкерлердің саны	мың адам	7,994	8,028	7,800	7,780	7,930	8,101	8,254
	% өзгеріс		0,4%	-2,9%	-0,3%	1,9%	2,1%	1,9%
Сағу көлемі	млрд дол	675	696	674	699	734	768	800
	% өзгеріс		3,0%	-3,3%	3,6%	4,8%	4,4%	4,0%
ЖІӨ	млрд долл	403	410	405	414	434	453	471
Франчайзингтік сектор	% өзгеріс		1,7%	-1,2%	2,2%	4,6%	4,2%	3,8%
Ескерту-[5] әдебиет негізінде құрастырылған								

АҚШ-та коммерциялық концессия жөніндегі жүйенің қарқынды дамуына байланысты заңнамалық база түбегейлі пысықталды. Елде штаттардың әділ франчайзинг туралы Заңы қолданылады.

Қазақстан Республикасындағы франчайзингтік қатынастардың дамуы келесі заңдармен және заңнамалық актілермен реттеледі:

«Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы»;

Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 24 маусымындағы № 330 «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» Заңы, 2013 жылдың 3 шілдесіндегі № 124 –V Заңымен енгізілген өзгерістермен бірге;

Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 1 шілдесіндегі № 410-1 Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 2007 жылғы 2 наурызда енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге;

Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 26 шілдесіндегі № 456 «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңы, 2007 жылдың 2 наурызындағы өзгерістермен бірге.

Қазақстандағы франчайзингті қолдау, дамыту және реттеу қажеттігі туралы «Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»

Қазіргі уақытта қолданыстағы «Франчайзинг туралы» Заң мен ҚР Азаматтық кодексі сектордың мәмілелерді заңды түрде ресімдеу қажеттілігін жалпы қанағаттандырады. Олар Қазақстан Республикасындағы франчайзингті мемлекеттік қолдаудың келесі негізгі шараларымен толықтырылып отырады

Осылайша, аталған заңдар франчайзингтік қатынастар үшін «құқықтық өрісті» анықтайтын және ондағы ойын «тәртібін» белгілейтін франчайзингтің институционалдық ортасының үстірт (формалді) факторлары болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан Республикасының экономикасындағы франчайзингтік қатынастардың мазмұны мен нақты нысандарына франчайзингтік жүйелердің пайда болуына әр бағытта әсер ететін экзогендік және эндогендік сипаттағы бірқатар факторлар ықпал етеді. Белгілі бір құрамнан және параметрлерден тұратын жаңа франчайзингтік жүйелерді іріктеудің әлеуетті мүмкіндігінің негізінде өңірлердің салалық кешендерінің нақты қалыптасқан құрылымы жатыр [6]. Соңғысының динамикасы бір жағынан нарықтық құрылымдардың сұраныс

импульстерін нақты және сенімді тарату қабілеттілігімен, екінші жағынан – кәсіпкерлік құрылымдардың оларға пара-пар әрекет етуге дайындығымен анықталады. Республикадағы франчайзингтің дамуында, біздің пікірімізше, сандық және сапалық үрдістер байқалады (кесте 2).

Кесте - 2. ҚР-да франчайзингтің дамуының сандық және сапалық үрдістері

Сандық үрдістер	Сапалық үрдістер
1	2
ҚР-ғы франчайзинг нарығына қатысушылар санының өсуі	ҚР нарығында франчайзингтің әлемдік флагмандарының төменгі үлесі Ресейлік және американдық франшизалардың жоғары үлесі.
Республиканың шағын және орта бизнесінің көлеміндегі франчайзингтік қатынастар үлесінің өсуі	Франшизалардың тауар маркаларының елге тиесілігінің кеңеюі. Франчайзинг секторындағы қызмет көрсету салаларының жоғары үлесі.
Франчайзингтік желілерді кеңейтудің жоғары қарқыны	Сауда (дистрибьютерлік) франчайзингтің жоғары үлесі
Франшизаларға ұсыныстардың сұраныстан асып түсуі.	ҚР-да франчайзинг жүйесіндегі қосалқы лицензиялық қатынастардың жоғары үлесі
Қазақстандық франчайзингтік жүйелер санының өсуі	Франчайзингтің өңірлер бойынша біркелкі дамымауы Франчайзингтің ел ішіндегі миграциясының төменгі деңгейі
Ескерту- [6]Әдебиет негізінде құрастырылған	

Алғашқылары түрлі факторлардың әсерінен франчайзингтік қатынастардың өзгеру динамикасын көрсетеді. Ал, сапалық үрдістер – бұл франчайзингтік жүйе элементтерінің арасындағы маңызды байланыстар және республикадағы франчайзингтік қатынастардың мазмұндық сипаттамаларын көрсетеді [7]. Сандық және сапалық өзгерістердің өзара байланысы бар және тіпті бірін-бірі байланыстырады: сандық өзгерістердің сапалық өзгерістер өтуі ғана болмайды, сонымен бірге, кері үдеріс – франчайзингтік қатынастар сапасының өзгеруі нәтижесінде сандық сипаттамалардың өзгеруі жүреді. Сонымен бірге сандық және сапалық үрдістердің экономиканың жекелеген салаларында пайда болуының өзіндік ерекшелігі бар.

Қорытынды

Франчайзинг – бұл желілік өзара қарым-қатынастардың ұзақ уақыттық жүйесіне негізделген ірі және шағын бизнестік өзара іс-қимыл жасауының тиімді нысаны, онда бір тарап (франчайзер) бизнесті жүргізудің табысты жүйесі мен танымал брендті иелене отырып, екінші заңды түрде тәуелді тарапқа (франчайзи) қайтарымды негізде (франчайзингтік төлемдерді төлеуге негізделген) өзінің сауда маркасын, бизнесті жүргізу форматын және коммерциялық және өзге де технологияларын пайдалану құқығын (белгілі бір мерзімнің ішінде, белгіленген аумақта және келісілген төлеммен) береді және бизнестің барлық аспектілері бойынша оқытуды, қолдау мен бақылауды қамтамасыз етеді, бұл екі тараптың да қызмет тиімділігінің өсуіне алып келеді. Бұл анықтама қазақстандық шынайылық жағдайында франчайзингтің мәнін барынша кеңінен ашады, нағыз франчайзингтік компанияны басты мақсаты бизнесті дамыту емес, франчайзи есебінен жылдам қаржылай қаражаттарды алу болып табылатын жалған франчайзингтік компаниялардан ажыратуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Рыкова И.В. Франчайзинг: новые технологии, методология, договоры. М.: Современная экономика и право, 2000, 224 с.
2. Стэнворт Дж., Франчайзинг в малом бизнесе. Смит Б. пер. с англ.; под ред. Л.Н.Павловой. М.: Аудит, ЮНИТИ, 1996, 200 с.
3. Кисиков Б. Франчайзинг в Казахстане. Алматы: Образовательный фонд «Игілік», 2011, 292 с.
4. Ягудин С. Ю. Венчурное предпринимательство. Франчайзинг: учебно-методический комплекс. М.: Изд. Центр ЕАОИ, 2008, 272 с.
5. Что такое франчайзинг. Доступно на: <http://www.triarh-franchising.com/> (от 26 января 2019г.)
6. Дүйсембаев А.А. Қазақстандағы франчайзингтік бизнес: қазіргі жағдайы мен даму келешегі. Қарағанды: 2013, 169 б.
7. Региональный франчайзинг. Доступно на: <http://www.tgrowr.ru/itsm34.html/> (от 04 марта 2019г.)

Аннотация

В условиях развития современной рыночной экономики одним из актуальных в настоящее время проблем является развитие системы франчайзинг в экономике, характеризующееся глубокой структурной перестройкой экономики и общества для обеспечения конкурентоспособности страны в глобальном пространстве в ходе стратегического устойчивого инновационного развития. Одним из основных вопросов является выбор успешных форм деятельности в условиях глобализации экономического процесса и развитие отечественных предприятий. Одним из перспективных форм развития бизнеса в республике является франчайзинг. Необходимость развития франчайзинга имеет большое значение для развития отношений на основе деятельности малого и среднего бизнеса по развитию отношений, преследующих цель обеспечения связи республики с темпами инновационного развития, научно-техническими достижениями и возможностями хозяйствующих субъектов, и решения задач по его расширению в различных отраслях экономики, которые имеют практическое значение не только теоретические знания и глубокие научные исследования, которые могут быть использованы в отечественных условиях.

Abstract

In the context of the development of a modern market economy, one of the current problems is the development of the franchising system in the economy, characterized by a deep structural restructuring of the economy and society to ensure the country's competitiveness in the global space in the course of strategic sustainable innovative development. One of the main issues is the choice of successful forms of activity in the context of globalization of the economic process and the development of domestic enterprises. One of the most promising forms of business development in the Republic is franchising. The need for the development of franchising is of great importance for the development of relations based on the activities of small and medium business, development of relations, aimed at ensuring communication of the Republic with the pace of innovative development, scientifically-technical achievements and capabilities of economic entities and solve problems for its extension in various sectors of the economy that are of practical importance not only in theoretical knowledge and in-depth research that can be used in domestic conditions.

ӘОЖ 005(075.8)

А.Т. Исай

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Түйін

Бұл мақалада нарыққа өту жағдайында халықтың төменгі деңгейдегі қажеттілікке қанағаттанбайтындығы және олар жоғарғы деңгейдегі қажеттілікті таңдайтындығы айтылады (әлеуметтік маңыздылықты көтеру, өзін-өзі білдіру). Адамгершілік тәсілі әрқашан қолайлы бола бермейді, “қымбатшылық” кейде жанжал туғызады. Бірақ ол ұзақ мерзімді перспективада ұйым қызметінің нәтижелілігін арттырады және қолдайды. Адам ресурстарын басқарудың жалпы концепциясы әр ұйымда кадрлық саясат және кадрлық қызметтер арқылы нақтыланады. Бұл– адам потенциалына ұйымның негізі ретінде сүйенетін, икемді реттеу мен айналаның талаптарына жауап беретін және бәсекелестік артықшылықтарға жетуге мүмкіндік беретін, ал ол жиынтығында ұйымға ұзақ мерзімді болашақта өз мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретін ұйымдағы мерзімді өзгерістерді жүзеге асыратын басқару болып табылады. Нарыққа көшу және дағдарыстың болуы адами ресурстар потенциалын өндіру және жаңартуды талап етеді. Компания қызметкерлерін басқаруды жетілдірудің стратегиялық бағыттары қызметкерлерге жалдамалы жұмысшы ретінде емес, құндылықтардың жалпы корпоративтік жүйесімен бірлескен топ мүшесі ретінде қарау болып табылады.

Кілттік сөздер: Компания, қызметкерлер, басқару, еңбекті бөлу, адам ресурсы, кадр, кәсіби жұмыскерлер.

Кіріспе

Компания қызметкерлерін басқару стратегиясының тиімділігі кадрлық қызметтің ұйымдастырушылық құрылымының тиімділігін бағалау арқылы сипатталды. Құрылым тиімділігінің тікелей көрсеткіштері толық болғандықтан, басқарудың белгілі бір құрылымын реттеу үшін шығындар және олардың кәсіпкерліктің өндірістік шығындарының жалпы сомасындағы үлесі, оның қарапайымдылығы сияқты жанама критерийлер пайдаланылады. Байланыстар күрделі және көп санды болған сайын, иерархиялық деңгейлердің саны ұлғая береді және сонымен бірге басқару жүйесінің әрекет ету сапалығы төмендей береді. Құрылымдық бөлімшелердің көп сандылығы, бір функцияны бірнеше құрылымдық бөлімшелердің атқаруына алып келеді, ал бұл іс-әрекеттің координациясы мен келісімділігін қиындатады, басқарушылық лауазымдардың санын көбейтеді, қызметкерлердің іс- әрекет ету деңгейін төмендетеді, аппарат ұстаудың қымбаттауына алып келеді[1].

Тәжірибелік қатынастағы ең қолайлысы болып жұмыстың жеке бағыттарын бағалау болып табылады, бұл оларды жүргізуге шығындарды белгілеуге және де тиімділік көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік береді.

Персоналды басқару стратегиясының элементтері:

- ұйым қызметінің мақсаты;
- ұйымның жоспарлау жүйесі;
- жоғары басқарушылық кадрлардың қарым-қатынасы;
- персоналды басқару қызметінің ұйымдастырушылық құрылымы;
- персоналды басқару жүйесінің тиімділік критерийлері;
- жүйенің қызмет етуіндегі шектеулер (қаржылық, уақыт, материалдық, жас, әлеуметтік);
- пайдаланылатын ақпараттардың қол жетерлігі, толықтылығы және дәлелділігі;
- басқарушылардың білімі (барлық басқару деңгейлерде);
- сыртқы ортамен байланыстылығы.

Компания қызметкерлерін басқару стратегиясының құраушылары:

1. еңбек күшінің ағымын жоспарлауды қосатын персоналды іріктеу;
2. квалификациясын бағалау;
3. ақы төлеу немесе еңбек шығынын жалақы түрінде толтыру, пайда алуда қатысу, акцияларды сату және т.б.;
4. персоналдың дамуы.

Теориялық талдау

Жұмыс күшіне шығындардан басқа компания қызметкерлерін басқарудың экономикалық тиімділігін бағалау кезеңінде осындай әрекеттің нәтижелік көрсеткіші қолданылады. Кәсіпорын ұжымының (жеке жұмыскерлердің) еңбек потенциалының дамуы басқару шешімдерін қабылдау салдары ретінде өндірістік әрекеттен қосымша нәтиже алуға сілтеме жасайды. Бұл қосымша нәтиже әр түрлі нысанды қабылдай алатын және әр түрлі көрсеткіштермен бағалана алатын әсер қайнар көзі болып табылады. Сонымен нәтиже мынадай түрде көріне алады:

- еңбек өнімділігінің өсуі, оның сапасы мен түрінің жоғарылауы салдарынан өнімді өндіруді ұлғайту түрінде (бұл жерде біз нәтиженің тікелей сандық құраушылығын айтып отырмыз);

- еңбекпен қамтамасыздандырылу түрінде, әсіресе егер кадрлармен жұмыс еңбек қатынастарындағы әлеуметтік мезеттерді есептеу арқылы құрылды;

- кәсіби жұмыскерлерді іріктеу арқылы оқыту мерзімдерін қысқарту кезінде құралдарды қатыстық үнемдеу түрінде (нәтиже еңбек потенциалының белгілі бір жағдайына жету үшін қажетті құралдарды үнемдеумен көрінеді).

Сонымен қатар нәтиже аралық бола алады, ал фактордың сандық сипаттамасы өзгермелі және соңғы бола алады, сондай-ақ өндірістік әрекеттің нәтижесіне осы фактордың салдары әсер етеді. Сонымен, аралық нәтиже ретінде жұмысшылардың біліктілігін жоғарылатуды қарастыруға болады (орта разряд 3,1 болды, одан кейін 3,4), ал соңғы нәтиже өндірілген өнімнің немесе жоғары сапалы өнімдерді өткізуден түскен пайда көлемін ұлғайтады.

Жалпы соңғы эффекті, біріншіден, барлық нәтижелердің жалпыланған көлемі ретінде (мысалы, өндіріс көлемінің өсуі, өткізуден түскен пайда және т.б.), екіншіден, нақты шараларын жүзеге асырудың жеке әсерлерінің сомасы ретінде есептеуге болады. Бұл әдістердің әрқайсысының оң және теріс жақтары бар[2].

Егер кәсіпорын ұжымы әрекетінің жалпы көрсеткіші ретінде өндіріс көлемі, оның өсуі, еңбек өнімділігінің деңгейінің өзгеруі сияқты синтетикалық көрсеткіштерді қолданса, онда олардың шамасына Компания қызметкерлерін басқару арқылы жұмылдырылған өндірістің жеке факторы ғана емес, сонымен қатар техникалық-технологиялық және ұйымдастырушылық факторлары да әсер етеді. Сондай-ақ ағымдағы жыл нәтижесіне өткен жылдардың шығындары, әлде ағымдағы кезеңнің шығындары үлкен әсер ете алады. Сондықтан өз-өзіне жалпыланған көрсеткіш эффектінің бар-жоғы туралы сұраққа біржақты жауап алуға мүмкіндік береді, компания қызметкерлерін басқару тиімділігіне қатысты тұжырым ашық болып қалуда. Жұмыс күшіне шығындардың тиімділігін бағалаумен байланысты тым ірілендірілген есептер нәтижені бағалаудың ірі қателіктері бар.

Тәжірибелік бөлім

Жоғарыда аталған өзекті мәселелердің, бағдарламаның негізгі мақсаттары қаржы жағдайын сауықтыру болып табылады және оларға келесілер жатады:

Басқарушылық еңбектің бөлінуі - басқарушылық қызметкерлер түрлі топтарының еңбек әрекеттерінің тәуелсіз өрістерде дербестелуі - объективтік процесс. Бұл процесс басқарушылық ықпал сапасының жоғарылауына жағдай туғызады.

Басқарушылық еңбек бірнеше түрге бөлінеді (кесте 1). Олардың арасында атқаратын міндетіне байланысты функционалды бөлінуі ерекше орын алады. Себебі, еңбек бөлінісінің бұл түрі басқаларының пайда болуының негізі [3].

Кесте 1. Басқарушы еңбекті бөлу түрлері

	Түсінігі
Функционалды	Міндеттерді бөлу белгілі бір қызметкерлердің немесе басқару аппараты бөлімшесінің арасында өндірісті тиімді басқару үшін жүзеге асырылады.
Иерархиялы	Басқару иерархиясының деңгейлеріне қызметтерді іске асыру үшін оларды белгілі бір топтағы басқарушы қызметкерлерге бөліп беріп, соның негізінде соның өкілеттілігін қалымтастыру
Техникалық	Белгілі бір қызметкерлердің категориялары орындайтын ақпараттарды жинау, сақтау, қайта құру операцияларын басқару процессін жіктеу
Кәсіпшілік	Басқарушы қызметкерлерді кәсіби даярлығына байланысты жіктеу.
Мамандылық	Жұмысты басқарушылық қызметіне қарай және мамандығына, жұмыс өтіміне жеке бастарының қабілеттілігіне байланысты жіктеу.
Лауазымы	Басқарушы қызметтерді басқару жүйесіндегі қабілетіне қарай

Мысалы, кадрлармен жұмыс істеу барысында кәсіпорын басшылығы, біріншіден, талап етілген материалдық, қаржылық шығындарға және ұйымдастырушылық күш-жігерге көңіл бөледі. Өзін-өзі қаржыландыру жағдайында жұмыс істейтін кәсіпорын үшін мұндай жағдай барлық шығындарды ақтайды [4].

Сондықтан компания қызметкерлерін басқару теориясы мен методологиясы Компания қызметкерлерін басқару тиімділігін бағалау мәселесіне көп көңіл болу керек. Себебі оның теориялық және тәжірибелік маңызы зор.

Экономикалық тиімділік - бұл белгілі бір шығын жұмсап, сондай-ақ нәтижеге жету немесе белгілі бір нәтижеге жетіп, шығындарды азайту. Компания қызметкерлерін басқару тиімділігі мәселесін қарастырып, шығынның не екенін және экономикалық тиімділік түсінігін анықтауымыз керек.

Өндіріс процесі үшін әр кәсіпорынға материалдық және еңбек ресурстары қажет. Ресурстар басқаша авансталған шығындар деп аталады, дәлірек айтсақ, бұл өндіріс процесі жүзеге аспай тұрып шығындалған ресурстар [5].

«Еңбек ресурстары» «ресурс» термині болса да мағынасы мүлдем басқа. «Ресурстар» мұнда «жұмыс потенциалы» түсінігіне сай келеді, ол адамның қоғамдық өндіріске қатысу мүмкіндігін сипаттайды. Солай бола тұра, қызметкердің біліктілік мүмкіндіктерінің ресурсы оларды ұлғайтуға бағытталған шаралардың нәтижесінде өседі, кейде өндірістік және жеке сипаттағы себептерге байланысты толық игерілмейді.

Нәтижелер мен талқылау

Компания қызметкерлерін басқаруға қатысты экономикалық тиімділікті бағалаудағы шығындар мен нәтижелерді өлшеу мәселесі нақтылықты талап етеді және ең алдымен нені бағалау керек екенін анықтап алу керек:

- іс-әрекеттің белгілі бір нәтижесіне таңдап алынған кадрлық саясатты жүзеге асыру нәтижесінде құрылған арнайы таңдап алынған, оқытылған және ынталандырылған «кәсіпкерлік» ұғымы көмегімен жету;

- компания қызметкерлерін басқару алдына қойылған максаттарға ең төменгі қаражаттармен жету;

- басқару процесінің нәтижелілігін қамтамасыз ететін ең сапалы басқару әдістерін таңдау.

Енді осы әдістерді жекелей қарастырайық.

Жалпы экономикалық тиімділікті тек өндірістік іс-әрекет нәтижесі ретінде немесе кәсіпкерліктің бүкіл шаруашылық іс-әрекеті нәтижесі ретінде қарастырса болады. Бірінші жағдайда экономикалық тиімділік болып табиғи немесе ақшалық мазмұндағы өндірілген

өнім болып табылады (жалпы, тауарлық таза өнім). Екінші жағдайда, көңілге алатын тек қана өнім өндірісі емес, сонымен қатар оны өткізу, сату (өткізілген өлімнің көлемі, пайда). Өнім ағымды (нақтылы) бағаларда белгіленуі тиіс, бұл арқылы нәтижені шығындармен салыстыра аламыз.

Осылайша тиімділіктің жоғарылауы дәл сол өндірістік нәтиже көлеміне жету үшін шығындарды қысқарту жолымен жету немесе нәтиженің өсу үрдісі қолдағы ресурстарды тиімді пайдалану нәтижесінде көтерілген кезде шығындардың ұлғаю үрдісінің біртіндеп төмендетелуі есебінен жүргізілуі.

Көбіне өндірістің тиімділігін бағалау үшін еңбек шығындарының тиімділік көрсеткіші пайдаланылады, жекелей айтқанда еңбек өнімділігінің көрсеткіші $\Theta\varepsilon$:

$$\Theta\varepsilon = K\theta / \varepsilon, \quad (1)$$

мұндағы $K\theta$ — белгілі бір календарлық кезеңдегі өндірілген өнім көлемі (тг); ε — еңбек шығындары

(адам-сағат, адам-күн, жұмыскерлердің орташа тізімдік саны).

Бірақ ескеретін жайт, бұл көрсеткіш көптеген факторлар ықпалынан өзгереді.

Компания қызметкерлерін басқару саласындағы жұмыстар тиімділігі туралы негіздемелерді жұмыс күшіне кәсіпкерлік шығындардың құны арқылы бағалау әдісі болады (Ш).

Расында да, еңбек процесі жүру үшін, кәсіпкерлік біраз шығындалуы керек. Әр түрлі кәсіпкерліктерде еңбек бірлігінің құны $К\varepsilon$ бірдей емес, өйткені жұмыс күшіне шығындар көлемі әр түрлі болады

$$К\varepsilon = Ш / \varepsilon. \quad (2)$$

Кәсіпкерліктегі тиісті есепті ұйымдастыру арқылы жұмыс күшінің (Φ) 1 теңгелік шығынына келетін өнім көлемін (немесе өнім көлемінің өсімін) сипаттайтын көрсеткішті есептеуге болады. Бұл көрсеткіш анықталады:

А) жұмыс күшіне шығындар көлемінің өндірілген өнімнің құндық көрінісінің көлемінің қатынасы ретінде

$$\Phi = K\theta / Ш; \quad (3)$$

Б) еңбек өнімділігі деңгейінің (құндық көріністе) бір еңбек шығынына сай келетін шығындар көлеміне қатынасы:

$$\Phi = \Theta\varepsilon / К\varepsilon. \quad (4)$$

Өнімнің қор сыйымдылық көрсеткішіне ұқсата отырып, «өнімнің бірге шаққандағы шығын сыйымдылық» көрсеткішін есептеуге болады, онда шығындар ретінде жұмыс күшіне ($Yж$) кәсіпкерлік шығындарын аламыз

$$Yж = Ш / K\theta. \quad (5)$$

Бірге шаққандағы шығын сыйымдылық $Yр$ көрсеткіші 1 теңгеге шаққандағы Φ шығындарымен өнім көлемі көрсеткішіне кері болып табылады және 1 теңге өнімді алу үшін қажетті жұмыс күшіне шығындарды (тг) сипаттайды [6].

Өндіріс көлемінің 1 теңгеге шаққандағы шығындардың Φ жұмыс күшіне есептелген көрсеткіш динамикасы осы шығындардың тиімділігінің өзгеруін бақылауға мүмкіндік береді: шығындар бірлігіне өнім өндірісінің өсуі олардың мақсаттылығын білдіреді.

Шығындарды төмендетуде ықпалды анықтауда сыртқы және ішкі факторларды белгілеуге себептер талдауы қажет, яғни өндірілген шығындар арқылы құрылған еңбек потенциалын кәсіпкерлік тиімді пайдалана алды ма. Еңбек шығынының бірлігіне жұмыс күшіне есептегендегі шығындар және Ф жұмыс күшіне шығындар бірлігі есептегендегі өнім көлемі арасындағы байланыс суретте көрсетілген.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандай, жұмыскерлерге жұмсалатын шығындар адамға тікелей қатынастағы шығындар, яғни оның еңбекке қабілеттілігін жоғарылатуға, мамандандыру есебінен өнімділікті арттыруға, қабілеттерді, мотивацияны және т.б. дамыту бағытында жатқызылады.

Шығындарды қызметкерлердің өндірілген белгілі бір фазасына жатқызу үлкен теоретикалық мағынаға ие. Тәжірибеде бұл үш фаза тығыз байланысты және олардың біреуінде жұмсалған шығындар соңғы нәтижеде, яғни кәсіпорының еңбек әлеуетінде, тура немесе жанама негізінде оңды жерін тигізеді. Әдебиеттерде белгіленгендей, «жұмыс күшін қолдану фазасының өндірістік циклдің өзге элементтеріне әсер ету, жекелеп алғанда, жұмыс күшін өндіру фазасымен байланысты процестер», «дәстүрлі әсер» екінші реттік құбылыстың бірінші реттік шегінен асады және анықтаушы рөлді атқарады [7].

Жұмыс күшін үнемді қолдану арқылы сапалы да, сандық қатынастарда жұмыс күшінің әрі қарай даму қаражатының қайнар көзінің бірі болатын пайда табуға есептелген.

Жұмыс күшіне жұмсалатын шығындарды сараптық есептеу кәсіпорын деңгейінде жұмыс атқарып жатқан есеп жүйесінде үлкен еңбекті талап ететін жұмыс.

Өзіндік құнға жататын шығындар тізімі белгілі бір мақсатты бағытқа ие шығындар тобын анықтауға және қаржыландырудың қайнар көзіне қатысты анық суретін көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бухгалтерлік есеп нысандары жұмыс күшіне жұмсалатын шығындардың жалпыланған көрсеткіштерді қоспайды, осыған байланысты алғашқы есеп құжаттарымен жұмыс қажет.

Кәсіпорындарды қаржыландыру көзін таңдау өте маңызды, жұмыс күшіне жұмсалатын шығындарды өзіндік құнға қосу өнім өткізілгеннен кейін олардың қайтарылуының кепілі болады.

Кәсіпорының кадрлық саясатын талдау мақсаттары үшін жұмыс күшіне шығындардың міндетті және міндетті емес деп бөлу кезінде соңғыларға ерекше қызығушылықты білдіреді, өйткені олар арқылы өздерінің мақсаттарына сәйкес өндірістік нәтижелерді үлкейтуді қамтамасыз еткелі қызметкерлердің өзін-өзі ұстауға ықпал етеді. Өздерінің мақсаттарына сәйкес кәсіпорынды реттеп отырады.

Шығындарды (резервті қалыптастырушы және резервті қалыптастырмайтын қысқартылу мүмкіндігі бойынша жіктеу мына мәндегі мәселені анықтайды: өндірістік ұсталымдардың басқа түрлері сияқты жұмыс күшіне шығын келтіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Көпешова С., Мұхтарова К.С. Стратегиялық менеджмент. Алматы: Экономика, 2016, 275 б.
2. Управление персоналом в системе здравоохранения: практикум / А. А. Маукенова [и др.]. Караганда : ТОО "Medet Group", 2016, 128 с.
3. Заманауи басқару жүйелері. III.: оқулық / Р. К. Дорф, Р. Х. Бишоп. 12- бас. Алматы : Дәуір, 2017, 338 б.
4. Аманшаева, Д. М. Нарықтық қатынастар жағдайындағы кәсіпорынның кадрлық саясатының ерекшеліктері. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. Транзитная экономика, 2009, №1, 52-62 б.
5. Сирченко А. Е. Кадровая политика как инструмент управления персоналом. Молодой ученый, 2015, №12, С. 496-499.

6. Одегов Ю. Г., Лабаджан М. Г. Кадровая политика и кадровое планирование. Москва: Юрайт, 2014, 444 с.
7. Сейсекеева Ж.Р. Кадрлық потенциялық пайдалануды жетілдіру стратегиясы // Экономика негіздері, 2015, № 3, 6 б.

Аннотация

В условиях перехода на рынок население не будет удовлетворено низкими потребностями, которые выбирают высокую потребность (повышение социальной значимости, самовыражения). Нравственный подход не всегда удобен, иногда является “дорогим”, вызывающим конфликт. Но именно он повышает и поддерживает результативность деятельности организации в долгосрочной перспективе. Общая концепция управления человеческими ресурсами конкретизируется в каждой организации через кадровую политику и Кадровые службы. Это управление, опирающееся на человеческий потенциал как основу организации, отвечающее требованиям гибкого регулирования и окружающей среды и позволяющее достичь конкурентных преимуществ, а в совокупности осуществляющее периодические изменения в организации, позволяющие организации достичь своих целей в долгосрочной перспективе переход на рынок и кризис требует производства и обновления потенциала человеческих ресурсов. Стратегические направления совершенствования управления персоналом компании рассматривать работников не как наемного работника, а как члена совместной группы с общей корпоративной системой ценностей.

Abstract

In the conditions of transition to the market, the population will not be satisfied with low needs, which choose a high need (increasing social significance, self-expression). The moral approach is not always convenient, sometimes it is “expensive” and causes conflict. But it increases and supports the organization's performance in the long term. The General concept of human resource management is specified in each organization through the personnel policy and Personnel services. This management is based on human potential as the Foundation of the organization, meets the requirements of flexible regulation and the environment and allows to achieve competitive advantages, and together implements periodic changes in the organization, allowing the organization to achieve its goals in the long term. the transition to the market and the crisis requires the production and renewal of human resources potential. Strategic directions for improving the company's personnel management consider employees not as employees, but as a member of a joint group with a common corporate value system.

ОӘЖ: 330.142.212

И.Ж. Исатаева

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

КӘСІПОРЫННЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

Табыстың кәсіпорын қызметіндегі атқаратын рөлі үлкен және ол кәсіпорынның мүлкінің ұлғаюының, қарыз қаражаттарын тартудың, жалпы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының алғы шарты болып табылатындығы туралы айтылады. Табыс таппай кәсіпорын кредиторлар мен инвесторлары тарапынан қосымша қаражаттарын тарту мүмкіндігіне ие бола алмайды. Сонымен бірге, табыс кәсіпорынның ішкі қаржылық мұқтаждықтарының негізгі көзі болып қоюмен шектеліп қоймайды, ол қоғам өміріндегі, мемлекеттік бюджет ресурстарының, бюджеттен тыс қорларының және қайырымдылық қорларының қаражаттарының қалыптасуына да үлкен роль атқарады. Бұл бәсекелестік ортада кәсіпорынның нарықтық және өндірістік стратегиясын анықтайтын басқару қызметінің басты буыны болып табылады. Осы жағдайға байланысты кәсіпорынның өндірістік барысы қаржы ресурстарымен қажетті көлемде қамтамасыз етілуін, тартылған қаржы ресурстарын өндіріске тиімді орналастырылуын, өндірілген өнімнің шығындарын барынша азайту, нәтижесінде кәсіпкерлік қызметтен табыс алуды қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді атқарады. Сонымен бірге, кәсіпорынның табыстылығын арттыру жолдары ғылыми ізденушілерді де қызықтырып отыр.

Кілттік сөздер: табыс, пайда, тиімділік, кәсіпорын, рентабельділік, өндіріс, бәсеке, басқару, тиімділік

Кіріспе

Кәсіпорынның нарықтық экономика жағдайында қызмет етуінің экономикалық пайдалылығы табыс табумен анықталады. Табыстың кәсіпорын қызметіндегі атқаратын ролі үлкен, ол кәсіпорынның мүлкінің ұлғаюының, қарыз қаражаттар тартудың, жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуының алғы шарты болып табылады. Табыс таппай кәсіпорын кредиторлар мен инвесторлар тарапынан қосымша қаражаттар тарту мүмкіндігіне үміт арта алмайды. Сонымен қатар, табыс кәсіпорынның ішкі қаржылық мұқтажықтарының негізгі көзі болып қоюмен шектеліп қана қоймайды, ол қоғам өмірінде, мемлекеттік бюджет ресурстарының, бюджеттен тыс қорлардың және қайырымдылық қорларының қаражаттарының қалыптасуында да үлкен роль атқарады.

Кәсіпорынның өндіріске салынған активтерінің рентабельділік (табыстылық) деңгейі инвестициялық шешімдер қабылдау барысында, қаржылық жоспарлау жұмыстарында, жоспарлық көрсеткіштерді нақты көрсеткіштермен салыстыру және үйлестіру, сондай-ақ шаруашылық қызметі мен оның нәтижесін бақылау мен бағалауда маңызды роль атқарады. Үлгілі басқарылатын кәсіпорындар табыстың қалыптасуын, оның әрбір орталықтары бойынша қатаң түрде бақыланып отырады және сәйкесінше, осы нәтижелер негізінде құрылымдық басшыларға сыйақылар беріледі, бұл өз кезегінде олардың өз қызметіне деген ынтасын арттыруға септігін тигізеді. Өндірістік активтерге немесе инвестициялық жобаларға жаңа қаржы салымдарын салу қажеттілігін бағалаған кезде, олардан алынатын табыс есептеледі және бұл есептер қаржылық сипаттағы шешімдер қабылдауда негіз болып табылады [1].

Тек табыс қана бірімен бірі тығыз байланысты үш мәселені шешуге қабілеті жетеді: не өндіру қажет, кім үшін және қалай өндіру керек? Табыс табу және оны арттыру кез келген шаруашылық жүргізуші субъектінің қызмет етуінің мақсатына айналды, нарықтық экономикалық қатынастар жағдайларында ол оның өндірістік және әлеуметтік дамуының негізгі көзі болып табылады. Осылайша, табыс пен рентабельділік кәсіпорынның өндірістік және қаржылық қызметін бағалау үшін аса маңызды көрсеткіш болып табылады. Ол оның іскерлік белсенділігінің және қаржылық тұрақтылығының деңгейін сипаттайды. Алайда, қажетті шығындарды шығармай, бәріміз білеміз, мақсат еткен нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Өз кезегінде табыс алмай, кәсіпорынның дамуын және әлеуметтік мәселелерді шешуді жүзеге асыру мүмкін емес.

Нарықтық экономика жағдайларында табыстың кәсіпорын қызметіндегі ролі мен оны арттырудың жолдарын іздестіру болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жұмыс өзінің алдына келесідей сұрақтарға жауап беруді көздейді:

- кәсіпорын табысының экономикалық негіздерін қарастыру;
- кәсіпорын табысының талдау және жоспарлау әдістемелерін қарастыру;

кәсіпорындардағы табыстың артуын түрлі факторлардың және қаржылық тәуекелдердің әсерін анықтау.

Теориялық талдау

Табыстың экономикалық мәні бүгінгі экономикалық теорияның ең бір күрделі және әрқилы ұғымдарының бірі болып табылады. Экономикалық көзқарас бойынша табыс дегеніміз – бұл ақша шығыстары мен кірістерінің айырмасы болып табылады. Шаруашылық тұрғыдан қарастыратын болсақ, табыс – бұл кәсіпорынның есепті кезеңнің басындағы және соңындағы мүліктік жағдайының айырмасы болып табылады [2]. Бұл жерде табыс ұғымы кәсіпорынның өзінің қаржылық-шаруашылық қызметінен алатын алуан түрлі табыстарының шығындар көлемінен басым болатын жағдайын білдіреді.

Біз білетіндей, кәсіпорын табыстары оларды алудың және қолданудың сипаттамасы мен шарттарына байланысты негізгі екі түрге бөлінеді:

- негізгі қызметтен алынған табыс;
- өзге де табыстар.

Негізгі қызметтен алынған табыс өнімді өткізумен, қызметтер көрсетумен және жұмыстар орындаумен байланысты қаражат кірістерін қамтиды.

Өзге табыстарға өткізілімнен тыс операциялардан, мүлікті сатудан түскен қаражаттар, сондай-ақ, төтенше жағдайлардан алынған табыс жатады.

Бухгалтерлік есеп теорияшылары табыс ұғымымен байланысты келесідей мәселелерді атап көрсетеді.

Тауарлар жөнелтілді, өнімдер сатылды, қызметтер көрсетілді, жұмыстар орындалды, алайда олар әлі төленген жоқ, демек кәсіпорын әлі табыс алған жоқ. Бұл мәселе кәсіпорынның өндіріс барысына салынған, алайда әлі бітпеген капитал айналымының экономикалық мәні мен меншіктік құқықтың сәйкес келмеуінен туындайды.

Тауарлар жөнелтілді, өнімдер сатылды, қызметтер көрсетілді, жұмыстар орындалды, алайда олар әлі төленген жоқ, алайда кәсіпорынның балансында табыс көрсетіледі. Бұл жағдайда құндылықтар толық құны бойынша дебиторлық борыш құрамында тіркеледі. Қаржылық тұрғыдан қарастырғанда кәсіпорынның өзінің алған табысын пайдалануға нақты мүмкіндіктері жоқ.

Кәсіпорын өзінің табыс сомасына үлкен сомаға ірі көлемдегі құндылықтар сатып алды. Бухгалтерлік есеп бойынша табыс бар, алайда кассада немесе есеп-шоттарда нақты ақша қаражаттары жоқ. Бұл жағдайда кәсіпорын ақша қаражаттарымен қамтамасыз етілмеген салықтық, пайыздық, дивидендік төлемдерді жүзеге асыруына тура келеді.

Жоғарыда аталған жағдайдың шегіне жеткен нұсқасы – бухгалтерлік есепте табыс көрсетілген кәсіпорын банкрот деп жарияланады. Мұндай жағдай кәсіпорын өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған табысты өтімсіз активке салумен сипатталады. Нәтижесінде кәсіпорынның өтімділігі жойылады да, банкроттық жағдайға ұшырайды.

Кәсіпорынның мүлкі есепті кезеңде ұлғайғанмен, табыс жоқ. Құндылықты қайтарымсыз және өтелімсіз берген жағдайларда кәсіпорынның табысы емес, қосымша капиталы ұлғаяды. Мұндай жағдай мүлікті қайта бағалау немесе инвентаризация барысында артық құндылықтарды анықтау нәтижесінде де кездеседі [3].

Кәсіпорын нақты түрде шығын көруде, бірақ бухгалтерлік есепте номиналды есептік табысты көрсетеді. Мысалға, кәсіпорын қандай да бір өндірістік активке ірі көлемдегі қаражаттар салды, ал бұл актив бірнеше жылдан кейін ғана толық өтеледі. Нәтижесінде, активтік бүкіл өтелім кезеңі бойында кәсіпорын зиян көруде болады, ал бухгалтерлік есеп тұрғысынан осы кезеңдер ішінде ай сайын табыс көрсетіледі.

Кәсіпорынның біртұтас тұлға ретіндегі құны мен оның активтерінің құнының жиынтығының арасында айырмашылықтар болады. Бұл көрсеткіштердің айырмасы «гудвилл» немесе «фирманың құны» деген ұғыммен белгілі. Әдетте бұл көрсеткіш оң нәтижені көрсетеді, яғни кәсіпорынды бөлшектеп сатқан жағдайда оны толық сатқандағы жағдаймен салыстырғанда көп қаражат өндіріп алуға болады.

Табыспен байланысты барлық көзқарастарды зерттеудің нәтижесінде ғалымдар мынадай қорытындыға келді: «бухгалтерлік есепте көрсетілген табыс қаржылық-шаруашылық қызметтің нақты нәтижелерін көрсетпейді. Бұл, өз кезегінде, бухгалтерлік және экономикалық табыс деген түсініктерді бөліп қарастыру керек деген тұжырымға алып келді. Біріншісі – тауарлар мен қызметтерді өткізудің нәтижесі деп қарастырылса, екіншісі – капиталдың «жұмыс істеуінің» нәтижесі деп қарастырылады [4].

Табыстың осындай екі түрлі тұжырымдамасы батыс елдерінде кеңінен даму алды. Батыстық негіздерге сүйенсек, табыс концепциясы үш түрлі мақсат үшін маңызды:


- салықтарды есептеу үшін;
- кредиторлар мен акционерлердің мүдделерін қорғау үшін;
- тиімді инвестициялық саясатты жүзеге асыру үшін.

Табыстың бухгалтерлік тұжырымдамасы тек бірінші мақсатқа қол жеткізу үшін ғана қолайлы және үшінші мақсатты қамтамасыз ету үшін мүлдем қолайсыз болып табылады.

Табыстың түрлі ғылыми тұжырымдамаларын талдай отырып, «табыс» ұғымына келесідей анықтама беруге болады. Табыс деп тауарды өткізу, қызметтер көрсету және жұмыстар атқару нәтижесінде қалыптасқан қосылған құнды айтады. Өзге мүліктерді сату, өткізілімнен тыс операциялардан түскен қаражаттар және басқа да қаражат кірістері кәсіпорынның пайдасын арттырады.

Тәжірибелік бөлім

Кәсіпорын табысының қалыптасуы және оның орналастырылуы (үлестірілуі, пайдаланылуы) оның кәсіпкерлік қызметінің ерекшеліктерімен және стратегиялық мақсаттарымен анықталады. Кәсіпорынның жалпы табысы оның ағымды кезеңдегі негізгі, қаржылық, инвестициялық қызметтерден, төтенше жағдайлардан алған табыстарының жиынтығынан қалыптасады. 1-суретте кәсіпорынның жалпы табысының қалыптасу үлгісі берілген [5].



Сурет 1 - Кәсіпорынның жалпы табысының қалыптасуы

Жалпы табыстың құрамында кәсіпорынның барлық қызмет түрлерінен алынған табыстары кіреді. Бірінші кезекте жалпы табыс өнімді өткізуден, яғни негізгі қызметтен алынған табысты қамтиды. Бұл табыс жалпы өнімді өткізуден түскен сомадан қосылған құн салығы мен акциздерді және өнімді өндіруге, өткізуге кеткен шығындарды шегеріп тастау арқылы анықталады.

Екіншіден, жалпы табыстың құрамына тауарлық емес өнімдерді сатудан алынған табыс, яғни кәсіпорынның балансында есептелетін қосалқы өндірістердің (ауыл шаруашылық өндірісінің, көлік шаруашылығының және басқа да шаруашылықтардың) табыстары кіреді.

Үшіншіден, жалпы табыстың құрамына негізгі қорларды және өзге де мүліктерді сатудан түскен табыс кіреді.

Сондай-ақ, жалпы табыс өткізілімнен тыс алынған табыстар мен шығындарды, яғни тауарды немесе қандай-да бір активті сатудан тыс операциялардың нәтижесін, қамтиды.

Кәсіпорынның қарамағында қалатын жалпы табысы әрі қарай үлестіру объектісі ретінде қарастырылады. Оны үлестіруді табыстың бір бөлігін мемлекеттік бюджетке және басқа да міндеттемелерді өтеуге, ал қалған бөлігін кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарына сәйкес мүдделеріне бағыттау деп түсінуге болады. Табысты үлестіру заңдылығы – салықтар мен басқа да міндетті төлем шарттары түрінде түрлі деңгейдегі бюджетке түсетін бөлігі. Содан кейін қалатын табысты үлестірудің бағытын анықтау кәсіпорынның құзіретіне жатады.

Табысты үлестірудің негізгі принциптері келесілер:

- кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық, қаржылық және инвестициялық қызметтерден алынған табысы шаруашылық субъектісі ретінде мемлекет пен кәсіпорын арасында бөлінеді;
- мемлекет қазынасына түсетін табыстың бөлігі салықтар және алымдар ретінде мемлекеттік бюджетке түседі. Салықтардың құрамы, мөлшерлемелері және сәйкес деңгейдегі бюджеттердің есебіне түсу тәртібі заңды түрде белгіленеді;
- салықтардан кейін шаруашылық субъектінің қарамағында қалатын табыс мөлшері өндіріс көлемінің арттыруға және өндірістік-шаруашылық, қаржылық, инвестициялық қызметінің жақсаруына, сонымен қатар, кәсіпорынның қаржы қызметінің жақсаруына мүдделілігін арттыруға жетерліктей болуы керек;
- шаруашылық субъектінің қарамағында қалатын табыс әуелі кәсіпорынның әрі қарай дамуын қамтамасыз ететін қорларға, ал қалған бөлігі тек тұтыну қорларына кетеді.

Кәсіпорын қарамағында қалатын табыс (таза табыс) екі бөлікке бөлінеді. Бірінші бөлігі тұтыну қорларына, екінші бөлігі жинақтау қорларына бағытталады [6].

Тұтыну қорларына бағытында қолданылатын табыс кәсіпорынның мүлкін арттыру мақсатында өндірістік активтерді, жаңа технологияларды енгізуге, сондай-ақ, қосымша еңбек ресурстарын тартуға жұмсалады. Кәсіпорынның капиталын ұлғайтуға орналастырылған табыс өндірілген өнімнің көлемін арттыруға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, түптеп келгенде шаруашылық субъектінің келешектегі әлуетті (потенциалды) табыстылығын арттырудың алғы шарты болып табылады.

Қорытынды

Кәсіпорын табысын қамтамасыз ету барысында оның қандай факторлардың есебінен артатынын немесе азаятынын анықтау қажет. Жоғарыда біз табыстың өткізілген өнімнің көлемінен тәуелді екенін қарастырған болатынбыз. Өнімнің өзіндік құнында тұрақты шығындардың үлесі басым болса, өнімді өткізу көлемінің артуы табыстың өсуіне алып келеді. Сонымен қатар, табыс тауардың бағасы мен өзіндік құнының айырмасы ретінде анықталатындықтан, табыс көлеміне бағалардың өсуі мен өзіндік құнның төмендеуі де әсер етеді.

Инфляцияның жоғары қарқыны жағдайларында табыстың өсуі баға факторының есебінен қамтамасыз етіледі. Алайда, елімізде инфляция деңгейінің төмендеуі, отандық нарықтың тауарлармен толуы, кәсіпорындар арасындағы бәсекелестіктің артуы тауар өндірушілердің бағаны өсіру арқылы табыс табу мүмкіндіктеріне тосқауыл бола білді. Кәсіпорындардың қазіргі таңдағы табысты арттырудың бірден-бір әдісі - өндірістік шығындарды төмендету болып табылады.

Кәсіпкерлік қызмет тәжірибесінде өзіндік құнды төмендетудің алуан түрлі тәсілдері қолданылады. Әрине, кәсіпорындар отын-энергетикалық ресурстарды, материал және еңбек шығындарын үнемдеу, амортизациялық аударымдар үлесін азайту, әкімшілік шығындарды қысқарту секілді тәсілдердікеңінен қолданады. Алайда, айта кету керек, өзіндік құнды азайтудың да шегі бар. Өндірістік шығындарды осы шектен төмен азайту тауардың басты қаисетінің, яғни сапасының, төмендеуіне алып келеді. Осы айтылғандар әкімшілік және коммерциялық шығындарға да байланысты, өйткені оларсыз кәсіпорын қажетті деңгейде қызмет ете алмайды және тауарды өткізу мүлдем мүмкін болмай қалады.

Табыс кәсіпорынның кәсіпорындардың шаруашылық-қаржылық қызметінің нәтижесі болып табылады. Табыс – өндіріс тиімділігін, өндірілген өнімнің көлемі мен сапасын, еңбек өнімділігінің жағдайын, өзіндік құнның деңгейін, өндірістік активтердің тиімді қолданылуын нақты сипаттайтын маңызды көрсеткіш. Сонымен қатар, табыс өндірісті дамытуға және ресурстарды тиімді қолдануға ынталандырушы қызмет атқарады.

Нарықтық жағдайларда кәсіпорындардың басты мақсаты табыс табу болғандықтан, осы көрсеткішке қол жеткізу басқару құрылымдарының басты міндеті болып табылады. Кәсіпорынның табыстылығын (рентабельділігін) басқару стратегиясының мазмұны оның қызметінің табыс орталықтары мен шығын орталықтарын анықтаумен сипатталады.

Шаруашылық субъектінің табыстарының орталығы – бұл мейлінше жоғары табыс алып келетін қызметі болып табылады. Шығындар орталығы – бұл өндірісте қолданылатын ресурстардың жиынтығы болып табылады және өндірістік-коммерциялық процесте өте маңызды роль атқарады.

Батыстық қаржы менеджментінің негізгі дилеммасы – «немесе табыстылыққа, немесе өтімділікке қол жеткізу», яғни осы екі көрсеткіштің біреуін стратегиялық мақсат тұту. Кәсіпорын өз табысын арттыру мақсатында өндіріс көлемін арттыра түседі, сәйкесінше өндірісте тұтынылатын айналым активтерінің мөлшері де үлкен болады, негізгі қорлардың табиғи тозу деңгейі жоғары көрсеткіштермен сипатталады. Нәтижесінде активтердің өтімділік деңгейі төмендеп кетеді және үлкен табыстарға қол жеткізген кәсіпорын төлемдер мен несиелерге қабілетсіз деп танылады.

Кәсіпорындардың қазіргі таңдағы табысты арттырудың бірден-бір әдісі - өндірістік шығындарды төмендету болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет тәжірибесінде өзіндік құнды төмендетудің алуан түрлі тәсілдері қолданылады.

Бәсекелестік күрестің күшеюі кезінде бағаны төмендету арқылы сатылым көлемін арттыруға кәсіпорындардың қабілеттері жетпейді, өйткені жұмыс тиімсіз бола бастайды. Табыстылықты қамтамасыз ету үшін кәсіпорындар бағаны шығындардың төмендеуіне сәйкес төмендетулері тиіс немесе нарықта үлкен сұраныстарға ие бола алатын басқа тауарды өндіруге күш салулары қажет [7]. Осы факторды ескере отырып, кәсіпорындар өнімнің жаңа түрлерін игеруге табыс көлемінің барынша артқан кезінде кірісулері керек. Бұл ескі тауардың рентабельділігінің төмендеуі басталған мезетте жаңа өнімді шығару залалсыздық нүктесіне жетіп үлгеруіне жағдай жасайды.

Мұндай стратегия кәсіпорындардың қол жеткізген табыстылық деңгейін сақтап қалуға және қолайлы нарықтық жағдайларда бұл көрсеткішті барынша арттыруға мүмкіндіктер береді.

Табыстылық көрсеткішіне оңтайлы қосымша ретінде өнімнің өзіндік құнын төмендетудің нәтижесінде алынған табыстың артуының салмақ үлесін де қарастыруға болады. Мұндай қосымша кәсіпорынның бастапқы буынын (кәсіпорын басшылығын) еңбек өнімділігін арттыруға, шикізат көздерін, материалдарды, электрлік және энергетикалық ресурстарды төмендетуге, негізгі құралдарды және өндірістік қуаттарды барынша тиімді қолдануға, нәтижесінде жалпы өнімнің өзіндік құнын төмендетуге итермелеген болар еді. Бұл өндіріс көлемін арттыруға, нәтижесінде кәсіпорынның табыстылығын арттыруға септігін тигізер еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Оразалин, К. Ж. Кәсіпорын экономикасы. Алматы: LEM, 2007, 296 б.
2. Үмбетәлиев А.Д. Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік. Алматы: Экономика, 2009, 461 б.
3. Раицкий К.А. Кәсіпорын экономикасы: жоғарғы оқу орнына арналған оқулық. М: Маркетинг, 2009, 693 б.
4. А.К. Нурпеисова, Г.Е. Жандыкеева, А.Д. Тлеубекова Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік құқықтың негізгі аспектілері. Алматы: LEM, 2012, 336 б.
5. Құрылыс компанияларының бәсекеге қабілеттілігін басқаруды жетілдіру, автореф. дис. экон. ғылым. канд.: Талғат Жұмабекұлы Демесинов, С. Аманжолов атын. Шығыс Қазақстан мемлекет. ун-ті. Алматы: Саға, 2007, 25 б.
6. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (10 қаңтар 2018ж.)
7. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (14.12.2012 ж.)

Аннотация

Доходы имеют большую роль в деятельности предприятия, которая является предпосылкой увеличения имущества предприятия, привлечения заемных средств, социально-экономического развития общества в целом. Без получения дохода предприятие не может иметь возможность привлекать дополнительные средства со стороны кредиторов и инвесторов. Вместе с тем, доходы не ограничиваются ставкой основных источников внутренних финансовых потребностей предприятия, что играет большую роль в жизни общества, формировании государственных бюджетных ресурсов, внебюджетных фондов и средств благотворительных фондов. Это является главным звеном управленческой деятельности, определяющим рыночную и производственную стратегию предприятия в конкурентной среде. В связи с этим, производственный процесс предприятия выполняет обязанности, связанные с обеспечением необходимого объема финансовыми ресурсами, эффективного размещения привлеченных финансовых ресурсов в производство, минимизации затрат на производимую продукцию, в результате чего получение доходов от предпринимательской деятельности. Вместе с тем, пути повышения доходности предприятия привлекают и научных соискателей.

Abstract

Income plays an important role in the company's activity, which is a prerequisite for increasing the company's assets, attracting borrowed funds, and socio-economic development of society as a whole. Without income, the company cannot attract additional funds from creditors and investors. At the same time, income is not limited to the rate of the main sources of internal financial needs of the enterprise, which plays a large role in the life of society, the formation of state budget resources, extra-budgetary funds and charitable funds. This is the main link of management activity that determines the company's market and production strategy in a competitive environment. In this regard, the production process of the enterprise performs duties related to providing the necessary amount of financial resources, effective placement of attracted financial resources in production, minimizing the cost of manufactured products, resulting in income from business activities. At the same time, ways to increase the profitability of the enterprise attract scientific applicants.

ӘОЖ 349.422.231

Д.А. Исламов

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ САЛАСЫНЫҢ БӘСЕКЕЛІК ҚАБІЛЕТІН ЖАҢҒЫРТУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

Заманауи нарықтық экономиканың терең құрылымдық және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырумен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының аграрлық саласының бәсекелік қабілетін жаңғырту жолдары реформа тұрғысынан алып қарағанда, тұрғындарды сапалы тамақ өнімдерімен және олардың жалпы әлеуметтік жағдайының көтерілуін, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолға қойылады. Экономиканың негізгі саласы – ауыл шаруашылығына маманданған, бұл саладағы өндіріс көлемі жылдан жылға азайып, оның себебінен, өңдеу өнеркәсібінде өңделетін ауыл шаруашылығы шикізаттары да кеміп, бұлардың өндірістік қуаттылығы толық пайдаланылмай тиімділігі төмендеп отыр. Агроөнеркәсіптік кешен салаларын жаңғырту, бәсекелесуге қабілетті ауылшаруашылық өнімін өндіру азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өсуіне мүмкіндік туғызады. Мақала авторлары ұлттық экономиканың тұрақты даму факторларының бірі өнімнің, оның ішінде жануардан және өсімдіктен алынатын азық-түліктердің экспортын ұлғайту болып табылады деп есептейді, оның үстіне экспортта қомақты үлесті ауылшаруашылық өнімін өңдеу құрауы тиіс. Тиімділігі жоғары агроөнеркәсіп кешенін құру экономикалық тұрақтылықты, бәсеке қабілетін жаңғырту арқылы олардың материалдық әл-ауқатын әрі қарай көтерудің негізгі алғышарты болып табылады.

Кілттік сөздер: Агроөнеркәсіп, экономика, аймақ, ауылшаруашылығы, өнім, бәсеке қабілеттілік, тиімділік.

Кіріспе

Ауыл шаруашылығындағы экономиканың қалыптасуы, агрокәсіпкерлік құрылымдарды қалыптастырып дамыту аз уақыт ішінде өзінің нәтижелерін беретіні, нарықтық жағдайға сай құрылған агроқұрылымдар өндірістік тиімділікті арттыру барысында құлдырап кеткен ауыл шаруашылығының экономикасын жақсаруына, аграрлық саладағы кәсіпкерлік жүйесіндегі шағын және орта бизнестік субъектілердің ұлғая бастағаны мысал бола алады. Сондықтан аграрлық кәсіпкерліктің тиімді дамуы олардың тек ауыл шаруашылық бағытында ғана болмай, сондай-ақ тұрмыстық қызмет көрсетуді, халықтың кәсіпшілік бұйымдарын өндіруді, сауықтыру-профильді формасында қызмет көрсетуді, ұлттық дәстүрлерді насихаттау бағытында қызмет етуді және тағы басқа түрлерін қалыптастыру – олардың өрістеуіне мүмкіндік береді. Дамушы елдерде нарыққа негізделген дамуға қарай елеулі өзгеріс орын алып, оған жеке меншік сектор мен азаматтық қауым барған сайын көп тартыла бастады [1].

Ал ауыл шаруашылығы саласы біршама технологиялық жетістіктерге қол жеткізіп, ақпараттың таралуы шапшаңдай түсті. Ауыл шаруашылығы экономикалық дамудың негізгі катализаторы болып отырған кезде ауылды дамыту мәселесі әлдеқайда кешенді көзқарасты қажет етеді.

Нарықтық қатынастар жағдайындағы қалыптасқан аграрлық кәсіпкерлік өз қызметіне кіріскенімен, өзінің өмірлік қажетті деңгейіне жете алмағаны ақиқат. Елдегі жүргізілген реформалардың алғашқы нәтижесі кәсіпорындарға, олардың жоғары тиімділікті қызметіне ішкі факторлардың оңайлықпен әсер етпейтіндігін көрсетті. Аграрлық саладағы кәсіпкерліктің көптеген нысандары өз мүмкіндіктерін дер кезінде бағалауға дәрменсіз болып шықты.

Сондықтан да аграрлық саладағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, олардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыру негізінде ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету, олардың тұрмыстық жағдайын жақсарту, қаржы тапшылығы, материалдық-техникалық ресурстардың жетіспеушілігі, аграрлық өнеркәсіптегі дағдарыстың бетін қайтару, саланы тұрақтандыру мүмкіндіктері әлі де болса жойылмауы себепті қазіргі кезде күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Бұлар біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыздың негізгі бағытын айқындайды [2].

аграрлық саладағы кәсіпкерлікті дамытудың негіздерін зерттеу арқылы теориялық, әдістемелік және жетілдіру бағыттарына ұсыныстар жасауды көздейді. Аталған мақсат келесі міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:


- нарық жағдайында ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерліктің теориялық негізін зерттеу;
- агрокәсіпкерлік субъектілерді дамытудың шетел тәжірибелерін саралау;
- кәсіпкерліктің дамуын бағалау көрсеткіштерін жетілдіруге ұсыныстар жасау;
- агроөнеркәсіп кешеніндегі кәсіпкерлік менеджментін тиімді пайдалану ерекшеліктерін негіздеу [3].

Ауылдық жерді дамыту тек қана ауыл шаруашылығын дамытуды емес, одан әлдеқайда кең ұғымды, яғни ауылдық қауымдастықты қамтитын бүкіл қатынастар кешенінің дамуын көздейді. Ауылдың тұрмыс жағдайын жақсарту олардың мықты өндірістік және әлеуметтік сала мен қоршаған ортадағы жетістіктерін жақсарту арқылы мүмкін болады. Бұл фермерлік және тағы басқа да агрошаруашылықтардың өнімділігі мен дамуын көтеруді білдіреді

Теориялық талдау

Нарықтық экономикаға өту барысында ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін кәсіпорынның экономикалық қатынастарын түпкілікті қайта құру – қазіргі кезеңдегі аграрлық саясаттың өзекті мәселелерінің негізіне айналып отыр. Сондықтан да,

агрокәсіпкерлік субъектілерінің экономикадағы рөлі өздерінің іскерлік және озық идеяларын жүзеге асыра отырып, қоғамда жаңа жұмыс орындарын ашады. Сол арқылы жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайларының оңалуына ықпал етеді. Кез келген кәсіпкерлік субъектілері өндіріс шығындарын мейілінше азайтуға, тұтынушы сұранысын максималды қанағаттандыруға тырысады (Сурет 1).



Сурет 1. Агрокәсіпкерлік субъектілерінің экономикадағы орны

Ауыл шаруашылығы өндірісі тұтастай және аграрлық кәсіпкерлікте кез- келген табиғи-климаттық жағдайда қалыпты кәсіпкерлік жұмыс істеуі үшін ішкі және сыртқы ортаны қалыптастыруы қажет. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, ауыл шаруашылығында кәсіпкерліктің тиімді қызмет ету шарты еркін шаруашылық жүргізуде жер (ішкі орта) және оны мемлекеттік қолдаудың (сыртқы орта) оптималды үйлесуін көрсетеді.

Аграрлық кәсіпкерліктің дамуының ішкі жағдайына жекешелендіру, жер реформасы, материалдық-техникалық база, өндірістің концентрациясы және мамандану, еңбек потенциалы (еңбекке ынтасы, мамандығы, тәжірибесі, саны) жатады. Осының барлығы ауыл шаруашылық өнімдерінің негізгі өндірушілері болып табылатын субъектілердің нарықтық қатынастарға дайын еместігіне әкеледі [4].

Меншік нысандарының әртүрлілігіне негізделген ауылдың әлеуметтік-экономикалық құрылымының пайда болуының басты шарты болып ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жекешелендіруі болады. Жаңа кәсіпкерлік құрылымдарының пайда болуындағы жекешелендірудің рөлі нақты келесілерде болып табылады:

- нарықтық емес түрдегі бұрынғы шаруашылық субъектілердің, яғни бірлестіктердің жойылуы;
- мүліктік пайлар түріндегі өндірістің материалдық-заттық факторларын ауыл тауар өндірушілерінің қолына беру;
- басты фактор жұмысшыларды шаруашылықтың бұрынғы нысанынан босату және шаруашылықтың жаңа нысанын ерікті түрде таңдау үшін жағдай жасау.

Кәсіпкерліктің сыртқы жағдайларына қазіргі кәсіпкерліктің қалыптасуы мен тұрақты дамуы үшін экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, құқықтық және саяси жүйені қамтамасыз ететін мемлекеттік реттеу жатады.

Ауыл шаруашылығы саласын дамыту мен шешілмеген мәселелерді анықтауда кәсіпкерлікті тиімді ұйымдастыру маңызды орын алады. Жалпы өндірісті дамыту

мемлекеттік саясатпен және экономиканы дамыту мәселелерін шешумен тікелей байланысты. Ол халықтың әл-ауқаттылығын көтеруге, еңбек өнімділігін арттыруға, халықты арзан бағадағы азық-түлікпен қамтамасыз етуге және елдің азық-түліктік тәуелсіздігін сақтауға бағытталады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру қоғамдық өндіріс деңгейі мен тұтыну және қорлану қорларының мөлшері секілді бірқатар негізгі факторлармен анықталады.

Тәжірибелік бөлім


Шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржы ресурстарын пайдалану жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымы, сонымен қатар оның оның кадрлық құрамы кәсіпорынның мөлшеріне, оның қызметінің түрлеріне байланысты әр түрлі әдістер арқылы құрылуы мүмкін. Кәсіпорынның қаржы ресурстарын пайдалануды тәжірибеде мамандан-дырылған ұйымдастырусыз жүргізу мүмкін емес. Кәсіпорындар мен корпорацияларда қаржылық механизмнің әрекет етуінің негізгі қағидалар болып келесілер табылады: кешенділік, функционалдылық, біркелкілік және бейімденушілік

Кешенділік – бұл бір-біріне қосымша болатын қызметті реттеуші қаржылық тетіктерді қолдану. Мысалы, өнімді, қызметті өткізуден түскен түсімді қалыптастыру мен пайдалану бюджеттік жүйе мен мемлекеттік бюджеттік емес қорлар, инвестициялар мен инновацияларды қаржыландыру төлемдерімен тығыз байланысты.

Функционалдылық – қойылған мақсаттарға сәйкес қаржылық механизмнің қызмет етуін қамтамасыз ету.

Бейімдену – қоршаған экономикалық ортаның өзгерісін есепке алу және серіктестермен шаруашылық қатынастарды реттеу процесіне түзетулер енгізу мүмкіндігі.

Біркелкілік – реттеуші фактор ретінде қаржылық механизмнің бір түрлілігі. Басқарудың барлық субъектілері бірлік азаматтық заңнама шегінде және міндетті түрде әр кәсіпорын немесе корпорацияның қызметінің ерекшеліктерін есепке ала отырып қызмет етеді. Қаржыларды пайдаланудың мақсаттары мен міндеттері басқарудың функцияларының бейнесі болып табылады. аграрлық саласының бәсекелік қабілетін жаңғырту жолдарының қызмет ету қисыны 2 - суретте көрсетілген.



Сурет 2. Кәсіпорында бәсеке қабілеттілікті арттыру жүйесінің қызмет ету құрылымы

2-ші суреттен көріп отырғанымыздай, шаруашылық жүргізуші субъектінің бәсеке қабілеттілігін жаңғыртуды ұйымдастырушылық құрылымы, сонымен қатар оның оның кадрлық құрамы кәсіпорынның мөлшеріне, оның қызметінің түрлеріне байланысты әр түрлі әдістер арқылы құрылуы мүмкін екендегі көрсетілген [5].

Қорытынды

Аграрлық саладағы кәсіпкерлік субъектілерінің экономикадағы орнын дамыту үшін Моңғолияда кәсіпкерлікті қолдаудың келесі үлгісін ұсынамыз (үлгіде аграрлық кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекет, кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымы, инвесторлардың әсерін қарастырдық. Яғни, мемлекет тарапынан құқықтық, әкімшілік тәсілдермен қатар жеңілдіктер, мемлекеттік несиелер ықпал етеді. Ал ауыл шаруашылығының дамуы ешқандай инвестиция болмайынша дамуы қиын, сондықтан инвесторлар қажет. Мұнда шетел инвестициясы мен шетелдік несиелер өте қажет. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерінің инвестициялық белсенділігін ынталандыру керек [6]. Аграрлық саладағы кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымы кәсіпкерлік субъектінің дамуына тікелей әсер етеді. Бұл ауыл шаруашылығын қолдау қоры, кәсіпкерлікті дамыту қоры, лизингтік компаниялар, екінші деңгейлі банктер, сақтандыру компаниялары, кеңес беру, маркетинг, кадрларды оқыту және қайта даярлау қызметтері өте үлкен рөл атқарады.

Кесте 1- Ауыл шаруашылығы өндірісін ҒТІІ негізінде дамытудың негізгі бағыттары

Мал шаруашылығы	Егін шаруашылығы
<ul style="list-style-type: none"> - асылдандыру жұмыстарын жетілдіру; - мал шаруашылығындағы еңбекті механизациялауды дамыту; - мал азығын тиімді дайындау мен пайдалану; - ветеринарлық қызметті жетілдіру; - мал өнімін жақсарту жолдарын жетілдіру; - мал шаруашылығы мен өнеркәсіп арасындағы байланысты дамыту; 	<ul style="list-style-type: none"> - минеральды және органикалық тыңайтқыштарды пайдалануды жетілдіру; - тұқым сапасын жақсарту; - ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін жоғарылату; - ауыл шаруашылық жерлерін агротехникалық өңдеуді жетілдіру; - топырақ құрамын су эрозиясынан қорғау шараларын дамыту

Агроөнеркәсіп өндірісін мемлекеттік реттеу ауыл шаруашылығы өнімі, шикізат пен азық-түлік өндірісіне, қайта өңдеу және сатуға құқықтық, әкімшіліктік және экономикалық мемлекеттік әрекет ету жүйесі [7].

Сондықтан да аграрлық саланы мемлекеттік реттеуде шешуге тиісті міндеттерге болып агроөнеркәсіп өндірісін дамыту, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аймақтағы өндіріс саласын басқаруды жетілдіру, ауыл шаруашылық өнім, азық-түлік, шикізат нарығын реттеу, халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуін жақсарту, ауыл шаруашылығы және экономиканың басқа салалары арасындағы паритетті экономикалық қолдау, ауыл шаруашылығы және басқа салалар жұмыскерлерінің табыстарын жақындату, отандық тауар өндірушілерді қорғау жатады. Осы міндеттерді шешу үшін мемлекеттің экономикадағы рөлі жоғары болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Теория и практика агробизнеса/ Под ред. Оспанов М.Т., Аутов Р.Р., Ертазин Х. Алматы: «СП «Франклин», 2017, 215 с.
2. Молдашев А.Б., Никитина Г.А. Проблема формирования экспортных ресурсов мясного животноводства в Казахстане. Проблемы агрорынка, Алматы: 2016, №2, С.7-15
3. Ә.Н.Дәуренбекова Қазақстанда инновациялық дамудың жаңа бағыттары/ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы, №2 (72), 2009, Б.111-115.

4. Сихимбаева Д.Р., Абдраимова К.К., Балгимбеков Д.У., Талимова Г.У., Байгожина Г.М., Мусаева Э.А., Научные подходы к исследованию проблемы устойчивого развития аграрного сектора экономики // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. Алматы: 2015, № 11-1., С. 93-97
5. Джакишева Р.У. Развитие аграрного сектора в условиях модернизации экономики. Вестник, КазНПУ. Алматы: 2013, №3, С. 3-6
6. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». Доступно на: <http://www.akorda.kz/> (от 27 января 2019г.)
7. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (14 желтоқсан 2012ж.)

Аннотация

Пути модернизации конкурентоспособности аграрной отрасли Республики Казахстан, непосредственно связанные с осуществлением глубоких структурных и социально-экономических реформ современной рыночной экономики, в отличие от реформы, будут налажены обеспечение населения качественными продуктами питания и повышение их общего социального положения, продовольственной безопасности страны. Из года в год уменьшаются объемы производства в основной отрасли экономики – отрасли, специализирующейся на сельском хозяйстве, в связи с тем, что в обрабатывающей промышленности снизились объемы переработки сельскохозяйственного сырья, производственные мощности которых не полностью используются. Модернизация отраслей агропромышленного комплекса, производство конкурентоспособной сельскохозяйственной продукции способствуют росту обеспечения продовольственной безопасности. Авторы статьи считают, что одним из факторов устойчивого развития национальной экономики является увеличение экспорта продукции, в том числе продуктов животного и растительного происхождения, причем значительную долю в экспорте должна составлять переработка сельскохозяйственной продукции. Создание высокоэффективного агропромышленного комплекса является основной предпосылкой дальнейшего повышения их материального благосостояния путем модернизации экономической стабильности, конкурентоспособности.

Abstract

Ways to modernize the competitiveness of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan, directly related to the implementation of deep structural and socio-economic reforms of the modern market economy, in contrast to the reform, will be established to provide the population with quality food and increase their overall social status, food security of the country. From year to year, the volume of production in the main branch of the economy – the branch specializing in agriculture, due to the fact that the processing of agricultural raw materials has decreased in the manufacturing industry, the production capacity of which is not fully used. Modernization of the agro-industrial complex, production of competitive agricultural products contribute to the growth of food security. The authors of the article believe that one of the factors of sustainable development of the national economy is an increase in exports of products, including products of animal and plant origin, and a significant share in exports should be the processing of agricultural products. The creation of a highly efficient agro-industrial complex is the main prerequisite for further improving their material well-being by modernizing economic stability and competitiveness.

ӘОЖ 349.422.231

Г.А. Кешубай

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

ӘЛЕУМЕТТІК СФЕРА ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІНЕ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТІНІҢ ӘСЕРІ

Түйін

Әлеуметтік проблемалардың ішіндегі ең қауіптісі және мемлекет пен халықты кедейлікке, деградацияға апаратын түрі әлеуметтік масылдылық феномені болып табылады. Классикалық түсінікте қалыпты әлеуметтік масылдылық жұмысқа қабілетсіз, мүгедек, қарт, асыраушысы жоқ отбасы және кәметтік жасқа толмаған адамдарды өмір сүруге керекті дүниелермен қамтамасыз етуді білдіреді. Дегенмен, бүгінгі күндері қалыптан тыс әлеуметтік масылдылық түсінігінен денсаулығы жақсы, еңбекке қабілетті адамдардың саналы түрде өзінің күшін, мүмкіндігін пайдаланбай, өзге адамның немесе тұтастай қоғамның есебінен өмір сүруге ұмтылуын айтамыз. Масылдылық қоғамның кері құбылысы екені және қоғамда адамдардың өздерінің масылдылығына ұялмаса, бас тартпаса, онда бұл қоғам дамуынын тежейтіні, тіпті, тоқырауға ұшырататыны анық. Әлеуметтік жұмыс ғылымында мұндай адамдарды кәсіби қайыршы, кәсіби масыл және девиантты мінез құлықты адам деп атайды.

Кілттік сөздер: Әлеуметтік сфера, ұйым, қызмет, корпоративтік мәдениет, проблема, мінезқұлық.

Кіріспе

Әлеуметтік масылдылық кедейлік, әлеуметтік теңсіздік, халықтың психологиялық ерекшеліктері мен мемлекеттің әлеуметтік саясатының аясында зерттелуді қажет етеді. Әлеуметтік масылдылық – кедейліктің бастауына, оның сақталуы әрі кедейліктің өрбуіне әсер етуші феномен. Кедейлік – еңбектенбеуден, еңбектенбеу – жалқаулықтан, жалқаулық – масылдылықтан пайда болады. Бірақ осы аталған факторлардың қалыптасуы мемлекеттік саясат пен қоғамның санасына тікелей байланысты. Кеңестік әлеуметтік жүйеде адамдардың басым бөлігі универсалды жалпыға ортақ өмір сүру стратегиясын ұстанды. Әр адамның алауқаты өзінің еңбекқорлығына, жұмысты көп істеуіне байланысты болмады [1].

Адам белгілі бір салада жұмысты жақсы, орташа немесе нашар істесе де жалақының көлемі бірдей болды. Сәйкесінше, бұл адамның тиімді еңбек етуіне және жұмысшының еңбегінің мотивациялануына алып келмеді, себебі еңбегінің нәтижесін толық көре алмайтынын білді. Адамның тұрмыс тіршілігі, үй-жайы, басқа да материалдық дүниелерге қол жеткізуі адамның қызметіне, еңбек өтеліміне, бір салада ұзақ қызмет етуіне байланысты анықталды. Ал адамның материалдық жағдайын жақсартуға социалистік жүйе мүмкіндік бермеді. Әлеуметтік масылдылық қоғамның даму бағыты мен ұстанған жүйесінен бөлек халықтың мәдениетіне, діліне және дініне байланысты.

Посткеңестік мемлекеттерде масылдылықтың көрінісі болып табылатын адамдардың жұмыс істемеуі, еңбек етуге ұмтылмауы, алкогольді өнімдерді қолдануы, еңбекке қабілетті болып қайыр сұрауы, жалқаулық секілді құбылыстарды қоғам тарапынан жек көрушілік, ұнатпау, жақтырмау секілді құбылыстар көрініс таба бермейді. Яғни, қоғамда бұл үйреншікті жағдай. Аталған келеңсіздіктер қоғамда негативті тенденцияларды тудырмаудың әсерінен масылдылық жойылмай, қайта өрши түсуде. Біздің қоғамда ұзақ жылдар кәсіпкерлікпен адал айналысқан, адал еңбекпен жетістікке жеткен адамдарға қарағанда мемлекеттік қызмет, билік ресурсы арқылы тез байыған, кәсіпкерлігін үлкен биіктерге шығарған, пара алып еркін жүрген, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жақсы өмір сүріп жатқандығын көп адамдар жақсы біледі (жемқорлықтың кең таралуы) [2]. Сол себепті өскелең жас көпшілік тарапына көптеп енуде. Қоғам, мемлекет тарапынан жасалатын құрмет адал еңбек өкілдеріне

емес, жоғарыда аталған көпшілік өкілдеріне жасалады. Яғни, идеологияның әлсіздігі деп айтуға болады.

Теориялық талдау

Әлеуметтік сфера ұйымдарының қызмет тиімділігіне корпоративтік мәдениетінің әсері үт көз жүгіртсек, қоғамның мәселесін тек мемлекет қана емес, қоғамның проблемасын, ең алдымен, қоғам болып реттеу керектігін ұғуға болады. Сондықтан, Түркия мемлекетіндегі қайыршылықтың жеңіліс табуына қоғамның ұстанған діні әсер етті деп топшылауға толдық негізіміз бар. Жалқаулықтың, қайыршылықтың, біреудің есебінен өмір сүрудің дұрыс еместігін түсінген қоғам қарыштап дамиды, қоғамның тұтастығы күшейеді. Осы тұста айта кетерлік жайт, масылдылық көп ғалымдар айтып жүрген тек әлеуметтік, экономикалық, психологиялық проблема ғана емес, масылдылық діни, мәдени проблема [3].

Бүгінгі қазақ халқының еңбекқорлығына таластудыратындар көпшілік. Біреулері қазақ халқы жалқау десе, енді біреулері қазақ халқы еңбекқор дейді. Біздің ойымызша, қазақ халқы болмысында еңбекқор, мұсылман халық. Бірақ тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайдан еңбекқорлық пен мұсылмандық әлсіреп тұр. Мәселен, Оңтүстік Корея және Солтүстік Корея халқының тарихы, салт-санасы, менталитеті, діні, мәдениеті бір. Екі ұлтта болмысында еңбекқор және адал [4]. Бірақ 1945 жылдан кейін социализмдік даму бағытын алған Солтүстік Корея, капитализмдік даму бағытын алған Оңтүстік Кореядан дамуы тұрғысынан артта қалды. Демек, халықтың еңбекқорлығын, адалдығын, жаңашылдығын, психологиясын басып жоқ ететін және түбегейлі масылдыққа бой алдыратын жүйеде халықта, мемлекетте алдыға суырылып шыға алмайды. Бүгінгі Солтүстік Корея тәуелсіздік алса 20 жылда үлкен жетістікке жетіп, проблемаларды түбегейлі шеше алмайтыны секілді, КСРО ыдырап, тәуелсіздігін қолына алған 30 жылдың аясында Қазақстанның да әлемнің алдыңғы қатарға бірден шыға алмайтыны заңды жағдай. Жоғарыда аталған мемлекеттердегі секілді Қазақ халқының да дәстүрінде, дінінде, ділінде, салтсанасында еңбекке үлкен мән береді. Мәселен, Қазақтың бас ақыны Абай:

«...Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер

Диханшылар жер жыртып, егін егер,

Шаруаның біреуі екеу болып,

Жаңа төлмен көбейіп, дәулет өнер...», – деген өлең жолдарында халықты адал еңбек етуге, еңбекті қадірлей және құрметтей білуге шақырса,

«...Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар...» – деген шумақтарында ұрлықтың, қулықтың, алдау-арбаудың, еңбексіз тапқан малдың (дүниенің) жағымсыз, ондай дүние ыстық күні қолға түскен мұз секілді еріп адамға бұйырмайтынын меңзеген деп ойлаймыз.

«...Кеселді жалқау, қылжакпас, әзір тамақ, әзір ас, Сыртың-пысық, ішің-нас, артын ойлап ұялмас...» [5].

Бұл өлең жолдарында адамның жалқаулығын, дайын асқа тік қасық, сөзі көп, бірақ ісі жоқ, істеген ісіне есеп бермейтін адамдарды қатты сынайды. Абай өзінің отыз үшінші қара сөзінде:

«Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерші – қазақтың әулиесі сол. Бірақ Құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтың кеселдері болады. Әуелі бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп артық ісмерлер іздеп жүріп көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Қолындағы аз-мазына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады. Екінші, ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара табылса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншек, салқау, салғырт, кербездікке салынады...» [6], – дейді. Ақынның меңзеп отырған рухани проблемалары кеше де, бүгін де қазақ халқының өмірі мен қызметіне әсер етіп жатқандығы ақиқат.

Қазақтың ғұламаларының мұндай сөздерінен бөлек, еңбекке, жалқаулыққа, еңбек ету технологиясына, еңбек нәтижесіне, еңбектегі коллективизмге, жерді дұрыс падалануға қатысты көптеген халық мақалдарынан кездестіруге болады. «Еңбегі аздың өнбегі аз», «Шебердің инесі де алтын, Соққан күймесі де алтын», «Шеберді саусағы асырайды», «Еріншектің ертеңі бітпес», «Еңбексіз өмір жоқ, Ауырсыз жеңіл жоқ», «Қойшыны таяғы асырайды, Қасқырды аяғы асырайды», «Сен істі сүйсең, іс саған бас иеді», «Еңбекқылмайероңбас, Бірлікқылмайелоңбас», «Еңбексіз өмір – сөнген көмір», «Азығымен жер мүсінді, Еңбегімен ер мүсінді», «Қолы қимылдаған адамға кедейлік жоқ», «Диқан жерді анасындай сүйеді, Жер диқанын баласындай сүйеді», «Жылай-жылай арық қазсаң, Күле-күле су ішерсің», «Әлің барда еңбек ет, еңкейгенде емерсің», «Еге білсең, егін тасқа да шығады», «Егіншіні кетпеннің жүзі асырайды», «Еңбектің көзін тапқан, Байлықтың өзін табады», «Ердің атын еңбек шығарады», «Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер», «Бақыт кілті еңбекте», «Көп еңбегі көңілді», «Бір кісі қазған құдықтан мың кісі су ішеді», «Сүйіп істеген іс шаршатпайды», «Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, Бітірген ісін сұра», «Жақсы жұмыс – жанға тыныс», «Еңбек – ширатады, Өмір сүйретеді», «Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді», «Еңбек патшалықты асырайды», «Еңбек шаһар түзетеді, Еңбексіздік оны жүдетеді» [7] секілді мақалдар халықтың еңбекке көзқарасын қандай болғанын білдіреді.

Масылдылықтың тағы бір көрінісі адамның өзге адамның есебінен еңбек етуі, өмір сүруі, бір адамға немесе адамдар тобына жүк болуы деп қабылдаймыз. Әлеуметтік масылдылық топтық эффектіде көрініс табады. Яғни, жұмыс ұжыммен бірге істелетін болса, онда масылдылыққа бой алдыратын адамдардың саны көбейеді. Себебі ұжымның еңбегі, белгілі бір жобалардың нәтижесі топпен бағаланады. Ал адамның еңбегі нақты көрінбегендіктен жалқау адамның еңбек етпеуі өзге адамдардың да аз еңбек етуіне әсер етуі ықтимал.

Бұл үдерісті жұмысшының «топтың ішінде жоғалуы» деп атауға болады. Ұжымның ішінде адамдардың жоғалуына бірнеше фактор әсер етеді:

1. Ұжымдағы адамдардың команда ретінде әлсіз болуы;
2. Бір ретті жалақы саясаты;
3. Адамның ұжымдық жұмысты өзінің қатысуысыз-ақ бітетіндігін білуі;
4. Ұжымдық бір бағытты идеология;
5. Ұжымдағы қарым-қатынастың өте жақсы болуы;
6. Әр адам еңбегінің нақты бағаланбауы;
7. Ұжымдағы кадр саясатының әділетсіздігі;
8. Адамның жұмысқа өзінің қатыстылығын сезінбеуі.

Аталған факторларды бірнеше мысалдармен салыстырып көрейік. ҚР сот жүйесінде жұмыс істейтін қызметкерлерді алалық. Елімізде барлық аудан судьяларының жалақылары теңдей. Бірақ логикаға сүйенсек барлық судьялар бірдей жұмыс істеген жағдайда ғана теңдей жалақы алуы қажет. Адам робот емес екенін ескерсек, барлық адамдардың еңбек қабілеті, еңбек ету ауқымдылығы әртүрлі, сондықтан теңдей жалақы алу қиынсыз жағдай. Мәселен, еліміздегі аудандық, қалалық, облыстық деңгейдегі судьяларға қаралатын іс теңдей бөлінбейді, істі судьяның бітіруіне қарай бөледі. Яғни, бір судья 1 ай қаралатын істі 2 ай қарауы мүмкін, ал екінші судья 1 айлық істі 1 ай қарастыруы мүмкін. Демек, екінші судьяға бірінші судьяға қарағанда іс көбірек түседі, бірақ жалақылары бірдей деңгейде болады. Бұл жағдайда жұмыс көп істейтін судья өзінен аз жұмыс істейтін судьяға қарағанда жалақылық, статустық артықшылықтарға ие болмағандықтан топтың эффектісіне (судьялардың ықпалына) түсіп адамның еңбек өнімділігі төмендейді. Себебі еңбек етсе де, етпесе де алатын жалақысы бар. Екінші мысал, университеттерде жұмыс істейтін мамандардың, ассистенттердің, оқытушылардың, аға оқытушылардың, ғылым кандидаттары мен ғылым докторларының өз деңгейіне сәйкес жалақылары бар. Мәселен, барлық оқытушылар бірдей деңгейде жұмыс істемейді, бірақ теңдей жалақы алады. Барлық аға оқытушылар бірдей жұмыс істемейді, алайда, теңдей жалақыға ие. Логикаға сүйенсек өте белсенді адам мен

белсенді емес адамды теңдей дәрежеге түсіріп отырмыз. Адамның біліктілігі, кәсіби деңгейі, студенттерге беретін ақпараттардың тереңдігі, дәрістердің қызық өтуі секілді факторлар адамның жалақысына, оның статусына, ұжымдағы абыройына әсер етпейді. Сол себепті адамның өз еңбегінің нәтижесін толығымен көрмегендіктен демотивациялық үдерістердің ықпалына түседі, еңбек өнімділігі азаяды, ұжымның активтілігі бәсеңдейді.

Жұмысбарысында ұжымның бірлігі, бірідаяны көре алмауы адамдардың еңбек өнімділігін төмендетеді. Мәселен, бір жоба аясында дүниеге, мәселелерге әртүрлі көзқарастардағы адамдарды жұмыс істетуге қиын. Егер басшылық жұмыс командасына анық мақсат қоймаса, онда жобадағы адамдар әр жаққа тартатыны анық. Ұжымның бірлігінің әлсіздігі адамдардың коммуникабельділігінің төмендігінен де болуы мүмкін. Яғни, басшылық ұжымның бір-бірін жақсы тануы үшін бейресми шараларды ұйымдастырмауынан да болады.

Мәселен, «Сони» компаниясының негізін салушы Акио Морита «Біз өнеркәсіп саласында адамдармен жұмыс істеп, олардың тек ақша үшін еңбектенбейтінін және оларды стимулдағың келсе ақша ең тиімді әдіс емес екендігін түсіндік. Адамдарды стимулдау үшін оларды отбасы мүшесі ретінде қабылдап, отбасының құрметті мүшесі ретінде араласу керек» депті. XX ғасырдың екінші жартысын – да адамның еңбегі үшін ақшадан бұрын мүдде, құндылық пен қызығушылықтың рөлі жоғары екендігін білген Акио Морита осы сөзді айтқан секілді. Яғни, фирманың дамуы «корпоративті мәдениетке» байланысты екендігін меңзеген. Фирма жұмысының тиімді, жұмысшылардың еңбек өнімділігінің жоғары болуы өндірісті ұйымдастыруға ғана емес, сонымен қатар адамдық ресурсты сәтті ұйымдастыруға, басқаруға байланысты екенін әлемдегі көптеген компаниялар мен корпорациялардың тәжірибесі көрсетіп отыр. Корпоративті мәдениет проблемалары мен перспективаларына тоқталмас бұрын «корпоративті мәдениет» ұғымына ғалымдар тарапынан берілген анықтамаларға тоқталайық:

- мекемедегі барлық жұмысшылардың белгілі бір деңгейде ортақ қабылдаған әдеттері, дәстүрге айналған ойлау қалпы, іс-әрекет әдістері (Эллиот Жакус);
- мекеме мүшелерінің сенімдері мен болжамдарының кешені және осы құндылықтардың жеке тұлғалар мен топтардың іс-әрекетін белгілі бір деңгейде анықталуына әсер етуі (Х. Шварц, С. Дэвис);
- уақыт аралығында сынақтан өткен қарым-қатынас, іс-әрекет пен артефактілердің жүйесі және аталған жүйенің мәдени қауымдастық мүшелерінің ерекше ортақ психологиясын қалыптастыру (П.Б. Вейл);
- ұйымның барлық мүшелері ұстанатын жорамалдардың, құндылықтардың және нормалардың жиынтығы (Д. Ньюстром, К. Дэвис);
- компания жұмысында қалыптасқан психологиялық климат;
- ұйымның атмосферасы немесе климаты оның мәдениеті деп аталады (М.Х. Мескон);
- бір компанияны басқа компаниялардан айырып тұратын ерекше сипаттамалары бар ұйым (К. Голд);
- ұйымның алдына қойған мақсатына жету үшін топарды және жеке тұлғаларды біріктірудің әдістерін анықтайтын уникалды нормалардың, құндылықтардың, сенімдердің және мінезқұлық үлгілерінің жиынтығы (Д. Элдрид, А. Кромби);
- Топқа ортақ идеялар, мүдделер мен құндылықтар. Бұл феноменге қызметкерлердің жұмыс барысында басынан кешірген тәжірибелері, дағдылары, дәстүрлері, коммуникация үдерістері, мифтері, қорқыныштары, үміттері, ұмтылулар мен болжамдары жатады. Корпоративті мәдениет дегеніміз адамдардың өзінің жұмысына қатынасы және персоналдың бірге ынтымақтастықта жұмыс жасауы. Адамдарды ұстап тұратын клей, жұмсартатын май дейді... (Б.Феган);
- фирма жұмысшыларының әрекетін анықтайтын нормаларды игеруі (Л. Розенштил);
- ұйымның мүшелеріне құндылық пен сенім жайлы түсінік беретін символдардың, рәсімдердің және мифтердің жиынтығы («Z» теориясының негізін қалаушы У. Оухи);

• жаңа ұжымға беретін ортақ өткені бар адамдар тобының игерілген әрекеттер жүйесі (М. Мид);

• компанияның ішкі құрылымын күшейтетін дәстүрлер жиынтығы, жұмысшының компанияға адалдылығы және адамдық факторлар (Ф. Герцберг).

Аталған анықтамаларды сараптай отырып корпоративті мәдениет дегеніміз – ұйым мүшелерінің бір-бірімен бөлісетін ортақ пікірлері, іс-әрекет жүйесі, символдары, ұстанымдары, кәсіпке қатынасы, бизнесті жүргізу әдістері.

Кез келген компанияның, мемлекеттік мекеменің немесе ұйым жұмысының нәтижелігі үшін корпоративті мәдениеттің маңыздылығы келесі жағдайларға байланысты:

1. Корпоративті мәдениет мекемедегі, компаниядағы сабақтастық пен тұрақтылықтың негізі, ұжымның ұйым туралы нақты түсініктерге ие болуының кепілі, қызметкерлердің өзара бірегейлігін қамтамасыз етуші фактор. Компания қызметкерлері өздерін ұжымда жақсы сезінулеріне, қоршаған адамдармен ортақ мүдделерінің бар екендігін сезінуге алып келеді.

2. Компанияның корпоративті мәдениетті жетік түсінуі жұмыс барысында мекеме үшін қажетті басымдықтарды анықтай білуге, мекеменің стратегиялық маңызды және мәнді қызметіне қатысты ұсыныстарды даярлауға және оны іске асыруға мүмкіндік береді.

3. Корпоративті мәдениет қызметкерлердің (жұмысшылардың) алдына қойған міндеттерді іске асыруда жауапкершілік пен компания алдындағы парызды жете түсінуге ынталандырады. Қызметкерлерді үнемі ынталандыру шараларын өткізу әр қызметкердің сәтті қызметкер болуына итермелейді.

Америкалық компаниялардан бөлек әлемдік деңгейге жеткен Азияның Самсунг компаниясының негізін салушы Ли Бьюнг Чулл (Lee Byung-chul) компанияның негізгі үш миссиясы ретінде келесі ұстанымдарды анықтаған:

- Ұлттың экономикалық дамуына жәрдем беру;
- Экономикалық пайда тұрғысынан әрекет ету;
- Еңбек ресурстарына құрметпен қарау.

Самсунг компаниясы адамды жұмысқа алудан бұрын 27 күндік тернингтік бағдарламадан өткізеді. Осыуақытаралығындажұмысқаүміткер адамның қызметтік міндеттерін орындауға қабілетін, шығармашылық пен кретивтілікке икемділігін тексергеннен кейін оны жұмысқа алынатынын немесе алынбайтынын айтады. Компания өзінің қатарына тек білімді және білікті мамандарды алуға тырысады. Сәйкесінше, алынған адамнан бірден тапсырылған тапсырмаларды уақытысымен орындауды талап етеді. Жұмысқа кірген адамдарға этикалық қағидалар, яғни пара алмау, жеке мүддесі үшін ғана жұмыс істемеу секілді ұстанымдар үйретіледі. Әр адам адал болуы керек ұстанымы сіңіріледі. Ол үшін жаңадан келген және бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан қызметкерлерге мастер-класстар өткізіледі. Мәселен, адамға пара ұсынылған жағдайда қандай әрекеттер жасауы керек деген жағдайларды талқылауы мүмкін.

Ал Д. Лайкер мен М. Хосеустің «Тойотаның корпоративті мәдениеті» атты еңбегінде корпоративті мәдениеттің бірнеше негізгі компоненттерін көрсетеді:

• Персоналды жұмысқа алу бірнеше қиын этаптардан тұрады;

• Тойотаға қызметкер өмірлік шарт бойынша алынады;

• Персоналдың жаңа жұмысқа әлеумет-тенуін, білімін жетілдірудің тиімді жүйесінің қызмет етуі;

• Қателік жасадың ба, онда мойындау керек;

• Қызметкер толық әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етіледі;

• Компанияның барлық деңгейдегі қызметкерлері компанияның ішкі мәдениетінің негізі;

- Компанияның негізгі активі қызметкерлер және олардың мүмкіншіліктері;
- Персоналға көмек тек жұмыста емес, сонымен қатар одан тыс жағдайда да беріледі;

- Тойота – үлкен бір команда. Яғни, компанияда жұмыс істеу, командалық рухта жұмыс істеу.

- Лидер мен басшы мағынасы бір-біріне сәйкес келмейтін екі ұғым. Тойотаның ерекшелігі жұмысқа алынған адамдардан лидер тәрбиелейді.

- Қызметкерлердің мансаптық өсуі өте баяу жүреді. Бірақ мансаптық өсу басқа компаниялардан келген адамдардың есебінен емес, тойотада ұзақ уақыт жұмыс істеп келе жатқан адамның есебінен жүреді.

- Қызметкерлердің өндірістегі қауіпсіздігін сақтау;

- Коммуникация. Қызметкерлер мен топтардың, жетекшілер мен персоналдың арасындағы ашық, айқын байланыстың болуы;

- Үздіксіз шыңдалу мен жетілу.

Жеткен қандай жетістік болмасын үздіксіз еңбек ету.

Қорытынды

Жоғарыда аталған мәселелерді қарастыра келе мынадай қорытындыға келдік:

Біз қарастырған екі компания да ұлттың дәстүрі мен халықтың психологиялық ерекшелігін, батыстың корпоративті мәдениет пен адам құқығын сақтау үлгілерін алуы, оны іске асыра білуі бұл компанияда жұмыс істеу миллиондаған адамның арманына айналды, ал бұл компаниялар әлемдегі кейбір мемлекеттердің бюджетінен көп қаржыға кенелді. Демек, халықтың еңбекқорлығы – кез келген қоғамды өркениетке жеткізетін ең бірінші фактор.

Жоғарыда аталған мәселелерді талдай отырып, мемлекеттің қоғамдағы масылдылықтың теріс және дұрыс емес әрекет екендігін насихаттауы, халықтың өзіндік болмысын сақтай отырып дамуы, халықтың еңбегін тежемейтін жүйені ұстануы және жеке сектор мен мемлекеттік секторларда адамдарды біріктірудің, еңбектенуге итермелейтін заманауи технологияларды қолдануы кезек күттірмейтін маңызды іс деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. 3-е изд., стереотипное. М.: АЗЪ, 1995, 415 с.
2. Ильдар Мавляутдинов. Трудовая этика ислама: региональные. Особенности Татарстана. Уфа: Власть, 2009, С. 95-97.
3. Бизнес этикасы: экономика мамандықтарының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік кешеннің жинағы/Аленова Н.М. Павлодар: Кереку, Бизнес этикасы, 2011, 77 б.
4. Корпоративтік басқару: оқу құралы/Әбділдин С.Ә. Алматы: Агроуниверситет, 2008, 166 б.
5. Абай. Қара сөз. Поэмалар. Алматы: ЕЛ, 1993, 272 б., 71 б.
6. Алаш арыстары айтқан асыл сөз. Мына сілтемеде: <http://alash-orda.kz/info/902-alash-arystary-aytan-asy1-sz> (25 қыркүйек 2019ж.)
7. Қазақ мақал-мәтелдері/кұраст.: Малайсарин Ж. Алматы: «Ана тілі» баспасы, ЖШС, 2006, 184 б.

Аннотация

Наиболее опасным из социальных проблем является феномен социальной иждивенчества и форма, ведущая к бедности, деградации государства и населения. В классическом понимании нормальное социальное иждивенчество подразумевает обеспечение необходимыми для жизни людьми трудоспособных, инвалидов, престарелых, не имеющих иждивенцев и несовершеннолетних людей. Тем не менее, на сегодняшний день из-за нестандартного социального иждивенчества мы говорим, что трудоспособные люди с хорошим здоровьем, сознательно стремятся жить за счет другого человека или общества в целом, не используя свои силы, возможности. Если иждивенчество является отрицательным явлением общества и в обществе не стесняются, не отказываются, то это сдерживает развитие общества и даже подвергается стагнации. В науке социальной работы таких людей называют профессиональным попрошайником, профессиональным иждивением и человеком с девиантным поведением.

Abstract

The most dangerous of social problems is the phenomenon of social dependency and the form that leads to poverty, degradation of the state and the population. In the classical sense, normal social dependency means providing people with the necessary resources for life for the able-bodied, disabled, elderly, without dependents, and minors. However, today, due to non-standard social dependency, we say that able-bodied people with good health consciously seek to live at the expense of another person or society as a whole, without using their strength and capabilities. If dependency is a negative phenomenon of society and the society does not hesitate, do not refuse, then this hinders the development of society and even undergoes stagnation. In the science of social work, such people are called professional beggars, professional dependents, and people with deviant behavior.

ӘОЖ 349.422.231

А.К. Кумисбекова

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІ ЖОСПАРЛАУ, ПАЙДАЛАНУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Түйін

Мемлекеттік бюджет кез-келген мемлекеттің өмір сүруінің міндетті шарты болып табылатын ақша қаражаттарын қалыптастыруды, жоспарлауды, бөлуді және пайдалануды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін, мемлекеттің негізгі қаржылық заңы болып табылады. Мемлекеттік бюджет мемлекеттік органдарға өз функцияларын орындауды қамтамасыз ететін негізгі тұтқа боып табылады. Бюджет мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын жүргізу үшін экономиканың барлық секторларының қаржаттарын жинақтау құралы ретінде қолданып, бюджеттің көмегімен ұлттық табысты сектораралық, салааралық, территорияаралық қайтабөлу, жоспарлау, экономиканы мемлекеттік реттеу және ынталандыру, әлеуметтік саясатты қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады. Бюджет арқылы мемлекет өзінің алдындағы әртүрлі саяси, әлеуметтік, мәдени бағдарламаларын жүзеге асырып, экономикалық, тұрғын үй, құрылыс, денсаулық сақтауды қамтамасыз ету, білім беру, еңбекпен қамтамасыз ету, т.б. сұрақтарын шешеді. Бюджетті дұрыс пайдалану және оны жоспарлау — қайта өндіру процесінің жүзеге асырылуының аса маңызды құралы. Оның көмегімен әлеуметтік бағдарламаның орындалуына, қоршаған аймақты қорғауды қамтамасыз етілуіне, ғылыми — техникалық процесті жетілдіруге, қорғаныс саласының дамуына және басқа да мемлекеттік қызметтерді орындауына шарттар жасалынады.

Кілттік сөздер: Мемлекет, бюджет, жоспарлау, болжау, талдау, пайдалану, тиімді, үнемдеу.

Кіріспе

Бюджет — мемлекеттің заңмен немесе жергілікті өкілді органдардың шешімдерімен бекітілетін, мемлекет өз міндеттерін қамтамасыз етуіне арналған және салықтар, алымдар, басқа да міндетті төлемдер, капиталмен жүргізілетін операциялардан алынатын кірістер, салыққа жатпайтын және заң актілерінде көзделген өзге де түсімдер есебінен құрылатын орталықтандырылған ақша қоры.

Мемлекеттік бюджеттің экономикалық қатынастардың жиынтығы ретінде өзіне тән объективті сипаты бар. Оның дербес бөлу сала ретінде бар болуы дамуы орталықтандырылған сәйкес ресурстарға мұқтаж болатын қоғамдық өндіріспен алдынала объективті анықталған.

Айрықша бюджеттік саланың құндылық бөлінуінің бар болуы тағы табиғат пен мемлекет функцияларымен шарттасылған. Соңғысы тез қарқынмен дамып жатқан салаларды қаржыландыру үшін, қоғамдық масштабта әлеуметтік-мәдени шараларды өткізу үшін, қорғаныс саласындағы мәселелерді шешу үшін, мемлекеттік басқарудағы жалпы шығындарды өтеу үшін орталықтандырылған қаражаттарды қажет етеді. Сол сияқты

мемлекеттік бюджеттің бар болуы — адамдардың субъективті қалауы емес, ол кеңейтілген қайта өндірудің қажеттіліктерімен, табиғат және мемлекет функцияларымен анықталған объективті қажеттілік [1].

Мемлекеттік бюджетте мемлекетпен жүзеге асырылатын қаржылық орталықтандыру қағидасы нақты қолданған. Орталықтандырылған қаржылық ресурстар мемлекеттің өндірілетін жоспарланған қарқынын және үйлесімділігін, салалық және территориялық құрылымын дамытуға, бірінші кезекте экономика салаларының прогрессивті дамуына қажетті мөлшердегі қаржыларды қалыптастыру, ірі әлеуметтік жаңғыртуларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Қаржылардың орталықтанылуы арқасында мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатының табысты жүзеге асуына жағдайлар дайындап, қаржылар экономикалық және әлеуметтік дамудың шешімді телімдерінде шоғырланады.

Қаржылық қайта бөлудің ерекше бөлімі ретінде мемлекеттік бюджет өзіндік қоғамдық арнаулы қызметін атқарады — жалпы мемлекеттік қаржыларды қанағаттандырады.

Бюджет қатынастары арқасында ғылыми-техникалық прогрессті жеделдету және қоғамдық өндірістің салалық және территориялық құрылымдардағы жоспарланған жылжытуларға жетумен байланысты өндірісті дамыту шығындары өтелінеді; жалпы мемлекеттік масштабтағы резервтік қорлар құрылды; өндіріске қатысты емес, жалпы басқару шығындары өтелінді; ұжымдық қажеттіліктерді қанағаттандыру және еңбекке жарамсыздарды асырауға арналған қорларды құруға кеткен шығындар, мемлекет шекарасын қорғауға кеткен шығындар, Қорғаныс күштерін асырауға, интеграцияның және басқа да дамуларға кеткен шығындар іске асырылады [2].

Біз көріп отырғанымыздай, мемлекеттік бюджет қаржылық қатынастардың анықталған жиынтығы ретінде жалпы қаржы категорияларына тән сипаттарға ие болады: бюджеттік қатынастардың бөлу сипаты; әрқашанда ақша түрінде іске асырылады; қалыптастыру және арнаулы ақшалай қорлармен еріп жүреді.

Теориялық талдау

Бюджеттік құралдардың қалыптасуы, бөлісуі және пайдалану процесін басқару бюджетті жоспарлау мен болжамдау арқылы іске асырылады. Бюджетті жоспарлау рөлі мен мәні бюджеттік құралдарды қалыптастыру мен оларды негізгі мақсаттарға, әлеуметтік реформаларды дамыту мен әрі қарай тереңдетуге, білім мен денсаулық сақтауды дамытуға, индустралды-инновациялық дамуға, аграрлық сектордың дамуына, пайдаланудағы мемлекеттің мүмкіншіліктерін анықтайтын адресті қаржылық жоспар – бюджетті құрғанда көрінеді [3].

Мемлекеттің жалпы қаржылық жоспарлаудың және оның маңызды құрамалы буыны ретінде – бюджеттік жоспарлау және оны тиімді пайдалануы, яғни барлық халықшаруашылығын жоспарлаудың органикалық бөлшегі болып табылады. Сонымен қатар, қаржы ресурстары басқарудағы бюджеттік жоспарлаудың рөлі өте зор, себебі ол тек қана бюджеттің кірістері мен шығындарының жоспарын құруы және оларды атқаруы, яғни төлемдер бойынша міндеттемелер тағайындау мен бюджеттік қаржыландыру көлемін анықтаумен шектелмейді. Бюджеттің басқа қаржы жоспарлар ішінде алатын ерекше ахуалы бюджеттік жоспарлауға жалпы мемлекеттік мән береді. Ол мемлекеттік басқаруды реформалау мен биліктік өкілеттілікті орталықсыздандырудың барлық бюджеттік процеске қатысушылар арасындағы қаржылық және бюджетаралық қатынастырды жетілдіру байланысында және мемлекеттік шығындарды, олардың формалары мен қаржыландыру әдістерін ұтымдылауда білінеді.

Бюджеттік жоспарлау қаржылық жоспарлаумен, бюджеттік арнаулардың мақсаттық сипаттарымен, резервтердің барлығымен және кірістер мен шығындардың теңгерушіліктерімен өзара байланыс талаптарына сәйкес болуы тиіс. Жоспарлау процесінің негізгі мақсаты – ол төлемдердің әрбір түрі бойынша салықтар мен басқа да кірістердің жылдық түсімін анықтау және әр түрлі деңгейдегі бюджеттер арасында кірістерді дәйекті бөлісін қамтамасыз ету. Кірістер мен шығындарды басқарудың тиісті өкілетті органдардың

мемлекеттік бюджетке салықтар мен төлемдердің түсуін болжамдау, талдау мен бақылау жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру мен басшылық ету, бюджеттік құралдарды тиімді жұмсау және мемлекеттік бюджеттің кірістік пен шығындық бөлімдерін атқару жөнінде есеп дайындаумен тұжырымдалады.

Мемлекеттік бюджетті жоспарлау процесінде келесі негізгі мақсаттар шешіледі:

- Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қаржылық жоспар арасындағы қажетті арақатынас пен жалпы қаржылық қатынастарды анықтау;
- Бюджеттік процесінің әрбір қатысушыларының елдің дамуын қаржылық қамтамасыз етудегі қатысу дәрежесін тағайындау;
- Қаржы ресурстарының жалпы көлемін тағайындау мен оларды мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктері бойынша бөлу;
- Салалар, іс-әрекет салалары мен экономика секторларының қаржы жоспарлары негізінде мемлекеттік бюджет кірістерінің жалпы көлемі мен әр түрлі көздер арқылы түсетін кірістер көлемін анықтау;
- Бюджеттің жалпы және шығын түрлері бойынша шығындар көлемін анықтау.

Бюджетті жоспарлау процесінде осы мақсаттарды шешу бөлек бюджеттер арасында мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарын тиімді бөлуді, әрбір бюджеттің нақты теңгерушілігін, жыл бойы кірістердің бірқалыпты түсуін және қарастырылған шараларды уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге мемлекеттік материалды және қаржы резервтер, жоспарларды орындау мен бюджетті атқару барысына қаржылық бақылық қарастырылады.

Тәжірибелік бөлім

Республикалық бюджет жобасын дайындау үшін Қазақстан Республикасының Президенті бюджеттік комиссияны құрайды. Бұл комиссия экономика және бюджеттік жоспарлау Министрілігімен енгізілген республикалық бюджет жобасының негізгі болжамдық көрсеткіштерін қарастырады. Бюджеттік процесте басты роль Қаржы Министрілігіне келеді. Ол ҚР-ның Президентінің жыл сайын халыққа үндеуін ескере отырып территория дамуының экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларына және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспарының негізгі параметрлеріне негізделіп отырып алдағы үш жылдық мерзімге мемлекеттік бюджеттің болжамдық көрсеткіштерін жасайды. Қазіргі уақытта Қазақстанда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімдік (бес жылдық) және ағымдағы (жылдық) индикативті жоспарлары құрылуда. Қоғамдық іс-әрекеттердің барлық аспектілерінің стратегиялық жоспарлануы және реттелуі бойынша практикалық жұмыстарды өкіметтің атқарушы органы Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады. Экономиканы реттеуге және жоспарлық жұмысқа тікелей қатысатын ҚР Үкіметінің жұмысшы органдарының жүйесіне, ең алдымен, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігін жатқызамыз. Бұл Министілік ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында қарастырылатын квартал сайын «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы» атты доклад құрайды. Мұнда аналитикалық және кестелі-графикалық материалдармен көрсетілген есепті мерзім ішіндегі экономика дамуының тенденциясына көңіл бөлінеді, қалыптасқан негативті факторларды шешудің жолдары көрсетіледі және де алдағы кварталға экономикалық дамудың болжамы беріледі. Материалдар Министрствалар мен агенстволардың, облыстардың, Алматы және Астана, Шымкент қалаларының отандық және шетелдік эксперттердің ақпараттарына негізделеді [4].

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан Республикасында бюджеттің құрылуы бюджеттік заявқалардың қосылуына және бюджеттік ұйымдар арасында шектеулі қаражаттың ары қарай нақты бөлінуіне келіп тоқталуда. Нәтижесінде өз кезегінде төлемсіздік тізбегін әкелетін, несиелік қарыз тудыратын, «нақты емес» бюджет құрылатын. Әсіресе, арнайы шоттар мәселесін айта құру керек. Олардың бар болуы тиімді жоспарлау сұрағын бұзатын: тәжірибеде арнайы шоттар арқылы

бір соманы қабылдау кезінде мемлекеттік органдар қосымша пайда алатын, сөйтіп, олар коммерциялық іс-әрекетке бағытталған және көбінесе, өздерінің негізгі функцияларына тиімсіз жұмыс істеген.

Сонымен, бюджетті құру процесі мемлекеттің нақты мәселелерін шешуге көмектеседі және де ең бастысы жоспарланған шаралардың және іске асыруға жататын бағдарламалардың қаржылық қамтамасыз ету сұрақтарын шешеді.

Мысалы, «2019 жылдың 11 айының қортындысы бойынша мемлекеттік бюджетке 8 трлн 514 млрд теңге кіріс жиналды. Мемлекеттік бюджет бойынша кірістер 101,3%-ға, республикалық - 100,3%-ға және жергілікті бюджеттер бойынша – 104,1%-ға асыра орындалды. Республикалық бюджеттің таза кірістері 6 трлн 219 млрд теңгені құрады. Ағымдағы жылдың 11 айында өткен жылдың дәл осы кезеңіне қарағанда мемлекеттік бюджеттің кірістері 115%-ға немесе 1 трлн 129 млрд теңгеге, республикалық бюджет кірістері 118%-ға немесе 965 млрд теңгеге және жергілікті бюджеттер кірістер 107,7%-ға немесе 165 млрд теңгеге өскенін көрсетіп отыр. Кірістердің өсу қарқыны негізінен келесі салықтар есебінен қалыптасты: ішкі тауарларға салынатын қосылған құн салығы, корпоративтік табыс және халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар.

Салықтардың көлемінің ұлғаюына салық және кеден әкімшілендіруді жақсартумен бірге, 2019 жылдың қаңтар-қазан айларында өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, экономиканың келесі салаларындағы тауарлар мен қызметтердің өсуі себеп болды: құрылыс – 112,7%, сауда – 107,5%, көлік – 105,6%, байланыс - 104,5%, өндіріс – 103,5%. Сонымен қоса, Қаржы министрлігінің мәліметтерінше, жалпы мемлекеттік бюджеттің шығыстары 98,3%-ға, республикалық бюджет кірістері 99,4%-ға және жергілікті бюджеттер кірістері 97,4%-ға атқарылды. Есепті кезеңде мемлекеттік бюджеттен 12 трлн 352 млрд теңге бөлінді. Республикалық бюджеттің шығыстары 10 трлн 594 млрд теңгеге атқарылды. 69 млрд теңге атқарылмады. Оның 19 млрд теңгесі үнемдеу болды. Ал, игерілмеу сомасы 50 млрд теңгені құрады». Бұл мәліметтер бойынша мемлекеттік бюджет жоспары артығымен орындалғанын, сонымен бірге игерілмей қалған шығыстар көлемі бар екені көрініп тұр, оған өз себептері бар [5].

Қорытынды

Бюджеттік болжамдаудың негізгі мақсаты – ол экономикада қазіргі кезеңде пайда болған тенденцияларды, нақты әлеуметті экономикалық шарттарды және олардың өзгерістерінің болашақ бағалаулануына сәйкес ала отырып, бюджеттің оңтайлы дамуын жасау мен дәйектемелеу. Мұндай болжамдау нәтижесінің мемлекеттің қаржы-бюджеттік саясатында тиімді шаралар қабылдауда өте маңызды мәні бар [6].

Мемлекеттің бюджетін жоспарлау мен болжаудың үш маңызды бағыттарда жұмыс істеуді қарастырады:

- кірістер мен шығындардың барлық түрлері бойынша континенттердің болжамдық мөлшерін анықтау;
- әрекеттегі заңнамаларға сәйкес бюджет жүйесінің деңгейлері бойынша реттеуші кірістердің бөлісі;
- қаржылық жәрдем, бюджеттік қамсыздандырулықты теңестіру себепін жоғары, төмен тұрған бюджеттер арасында арақатынасты тағайындау;

Бюджеттік жоспарлау іс-әрекетінің негізгі шарты – ол жалпы мемлекеттік мұқтаждыққа қажетті бюджеттік құралдарды тұрақты және бірқалыпты түсуін қамтамасыз ету.

Бюджеттік жоспарлау бірлестік, жалғастырушылық, басымдылық, теңгерушілік және дәйектемелік принциптер талаптарына сәйкес іске асылылады.

Бюджеттік жоспарлаудың бірлестік принципі құрамына республикалық және жергілікті бюджеттер кіретін елдің мемлекеттік бюджетін құрумен қамтамасыз етіледі. Әрекеттегі заңнамаларға сәйкес бұл принцип республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылған бюджеттер деңгейлері арасындағы кірістер бөлісу нормативтері мен ұзақ

мерзімді субвенциялар және бөлісу нормативтері мен ұзақ мерзімді субвенциялар және бюджеттік алымдар мөлшерін тағайындау негізделеді [7].

Жоспарлаудың жалғастырушылық принципі орта мерзімді фискалдық саясаттың бағыттары мен елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына негізделген ағымдағы және болашақ бюджеттік жоспарлау тіркемесімен қамтамасыз етіледі.

Басымдылық принцип елдің орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының басымдылықты бағыттары негізінде бюджеттік жоспарлаумен қамтамасыз етіледі Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын тиімді шешуге арналған бюджет шығыстарын бағдарлау үшін мыналар көзделеді:

- стратегиялық, орта мерзімді және бюджеттік жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін ықпалдастыру;
- бюджетті жоспарлау және атқару процесін бюджеттік шығыстардың тиімділігі мен нәтижелілігіне, тиімсіз шығындарды қысқартуға бағдарлау;
- бюджетті қалыптастыру мен атқару процесінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бюджеттік тәртіпті сақтау бойынша қойылатын талаптарды күшейту;
- бюджет ақшасын (қолма-қол ақшаны) басқарудың сапасын арттыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу. Оқу құралы/Бибатырова А.А., Кекілов Б.Ж. Алматы: "Қазақ университеті", 2017, 248 б.
2. Мемлекеттік бюджет, оқулық/ С.М. Өмірбаев. Алматы: Дәуір Дәуір, 2012, 640 б.
3. Государственное регулирование рыночной экономики. Учебник/под ред. В.И. Кушлина, Н.А.Волгина. М: "Экономика", 2012, 316 с.
4. Сальжанова З.А., Омарханова Ж.М., Садвокасова Ж.М. Государственное регулирование экономики. Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, Караганда, КЭУК, 2016, 345 с.
5. Мемлекеттік бюджет кірістері. Мына сілтемеде: <https://primeminister.kz/kz/news/dohody-gosudarstvennogo-byudzheta-perevypolneny-na-101-3-a-smailov> (13 желтоқсан 2019ж.)
6. Атапханов К.А. Фискальная система государства: роль и вопросы совершенствования. Международная экономическая академия Евразии Алматы: Ғылым, 2012, 285 с.
7. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі.

Аннотация

Государственный бюджет является основным финансовым законом государства, обеспечивающим формирование, планирование, распределение и организацию использования денежных средств, являющимся обязательным условием существования любого государства. Государственный бюджет является основным инструментом, обеспечивающим государственным органам выполнение своих функций. Бюджет будет осуществляться с помощью бюджета посредством межсекторального, межотраслевого, межрегионального перераспределения, планирования, государственного регулирования и стимулирования экономики, финансирования социальной политики, использования средств всех секторов экономики для проведения внутренней и внешней политики государства. Через Бюджет государство реализует перед собой различные политические, социальные, культурные программы, решает вопросы экономического, жилищного, строительства, обеспечения здравоохранения, образования, трудоустройства и др. Правильное использование бюджета и его планирование — важнейший инструмент реализации процесса переработки. С ее помощью заключаются договоры на выполнение социальных программ, обеспечение охраны окружающей среды, совершенствование научно — технического процесса, развитие оборонной отрасли и выполнение других государственных функций.

Abstract

The state budget is the main financial law of the state that provides for the formation, planning, distribution and organization of the use of funds, which is a prerequisite for the existence of any state. The state budget is the main tool that ensures that state bodies perform their functions. The budget will be implemented by using budget through cross-sectoral, intersectoral, interregional redistribution, planning, state regulation and stimulation of economy, Finance, social policy, use of funds all sectors of the economy to allow domestic and foreign policy. Through the Budget, the state implements various political, social and cultural programs, solves issues of economic, housing, construction, health care, education, employment, etc. Proper use of the budget and its planning is the most important tool for implementing the recycling process. It is used to conclude contracts for the implementation of social programs, ensuring environmental protection, improving the scientific and technical process, developing the defense industry and performing other state functions.

ӘОЖ (336.11)

Д.Е. Мамыраева

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚР-НЫҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕТІЛДІРІЛУІ

Түйін

Бұл мақалада, негізі екінші деңгейдегі банктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қарыз алушының несиелік қабілеттілігін анықтау және оны бағалау негізгі мәселе болып табылады. Қарыз алушының несиелік қабілеттілігі бұл – қарыз алушы бойынша алынған ссуда көлемі арқылы қарыздың уақтылы және толық көлемде қайтарылуының қабілеттігі бойынша бағалаумен сипатталады. Банктен алынған несиені қайтара алмауы тәуекелдің көптеген факторларының әсерінен болуы да мүмкін, сондықтан да, банктік клиентке несиені беруге шешім қабылдаудан бұрын оның несиелік қабілеттілігін талдау қажет. Бұл көрсеткіш өз кезегінде банктің өтімділігіне әсер етеді. Қазіргі кезде еліміздің несиелік нарығы жоғары дәрежелілік қарқынмен дамуы, одан әрі кемелденуі дәрежесіне жеттіп отыр деуге болады. Банктік несиенің дамуының бірден бір себебі болып – депозиттерді алдын ала сақтандыру жүйесінің құрылуы болып отыр. Бұл жүйенің қалыптасуы мен біздің экономикамызда дамып отырғаны, халықтың банк жүйесіне деген сенімін арттыра түсіреді де, банк өз қарамағындағы қаржы ресурстарының шоғырлануына ықпалын тигізеді. Ал, банктерге келетін болсақ олар өз кезегінде осы ресурстардың тиімді орналастыруы мақсаты мен тұтыну несиесі нарығындағы белсенді саясатты жүргізе бастайтындығы айтыла бастайды.

Кілттік сөздер: Агроөнеркәсіп, экономика, аймақ, ауылшаруашылығы, өнім, банк, екінші деңгейлі.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктердің жеке капиталының қажетті мөлшердегі үлесі, оның қаржылық тұрақтылығын білдіретін негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Банкттердің меншік капиталына қаржылық талдау жасау арқылы банк көрсететін қызметтерінде кездесетін көптеген тәуекелдерін банктердің қаншалықты тәуекелден қорғалғанын анықтауға болады.

Сондықтан екінші деңгейлі банктер қызметтерін бақылаудың негізгі бағыттарының бірі болып - банктің негізгі капитал көлемі туралы және оның мәні, құрамы мен құрылымын сипаттайтын толық деректі ақпарат алу орын алады.

Көптеген елдерде негізгі капитал көлемінің ең аз мөлшері нормативы падаланады, негізгі капитал жеткілікті мөлшері әрдайым бақылау органдарымен қадағаланып отырады. Капиталдың жеткілікті мөлшері Базель комитетінің талаптары мен ережелері бойынша

банктер ақшалай ресурстары мен барлық активтерінің тәуекел деңгейі есептеліп болғаннан кейінгі баланстан тыс міндеттемелермен салыстыру жолдары арқылы анықталады[1].

Екінші деңгейлі банктер үшін меншік капиталы, банктің таза активтерінің құнының көрсеткіштеріне сәйкес орындалады. Сонымен қатар, банктердің капиталы көрсеткіші, сол екінші деңгейлі банктер құнының мөлшері мен оның нарықтық бағалаудың негізгі бір факторы болып табылады.

Екінші деңгейлі банктердің басқа да коммерциялық шаруашылық субъектілер сияқты коммерциялық және де банктің шаруашылық қызметтерін атқару үшін белгілі мөлшерде негізгі капиталы болуы қажет, басқаша айтқанда банктердің жеке ресурстары болу тиіс. Нарықтық экономикалық жағдайда ресурстардың қалыптасуы бойынша мәселелер бірінші орында тұрады. Өйткені нарықтық қатынас модельіне өтуге байланысты банктік істің монополияның жойылуына және екінші деңгейдегі банктер жүйесінің құрылуы банктік ресурстарының құрамына және құрылымына, оның мәні мен мазмұнының өзгерісіне әсер етеді.

Осы бағыттағы зерттеулер ғылымымен айналысатын мамандардың банктің меншіктік капиталының әр-бірі жеке банктік қызметтерінің ерекшеліктеріне сәйкес пайда болуы мен оның тәуекелдерінің орнын жабуға қажетті негізгі капитал деп қарастыруға болады.

Теориялық талдау

Қандай да ел болмасын экономикасы дамыған әлемдік экономика белгілі уақыт аралығында аз немесе көп уақытты алатын дағдарыстан өтеді. Экономикада әрқашан өрлеу құлдыраумен, несиелік экспанция рецессиямен алмастырылады. Бұл – табиғат заңдылығы.

Оның пікірінше, банктердің несиелік белсенділігіне жұмыс істемей тұрған несиелердің жоғарғы деңгейі үлкен жағымсыз әрі тұрақсыздандырғыш әсер береді. Осы жағдайда аталған мәселені шешу жалпы қаржы секторын одан әрі дамытудың маңызды факторы болып табылады.

Дағдарыстық жағдайлар көптеген себептердің әсерінен пайда болады. Олардың ішінде, табиғат апаттарын, экологиялық, қаржы, азаматтық немесе құқықтық дағдарыстар атап айтылып жүр. Кейбіреулері себепін қаржылық жүйенің жетілмегендігі, басшылар мен банк менеджерлерінің дұрыс емес әрекеттері, тіпті, олардың алдаушылығында деп түсінсе, екіншілері қаржылық дағдарыс қаншалықты жаһандық болса, оның себебі де соншалықты өзекті деп санайды.

Дағдарыс жағдайында Қазақстанның экономикасының басқа да нақты секторларына қарағанда, қаржы секторы да айтарлықтай зардап шекті деуге болады. Сондықтан да қазіргі кездегі эконмикалық жағдайда банк секторының қызметтерін қолдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық банкпен және қаржы нарығын қадағалау агенттігімен және «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп дағдарысқа қарсы жыл басында бірқатар қатаң іс шаралар қабылдады. Бұл іс шаралардың негізгі мақсаты болып– халықтың әлеуметтік – экономикалық игілігіне сәйкес мұқтаждықтарын қамтамасыз ету негізгі мәселе болып отыр.

Дағдарыстың екінші толқынында әсер ететін негізгі факторлар мен оның сипаттамалары келесі суретте көрсетілген (сурет-1).

Кесте - 1. Болашақта күтілетін дағдарысқа әсер ететін факторлар.

№	Дағдарыстың екінші толқыны әсер ететін негізгі факторлар мен олардың сипаттамалары	
1	Бірінші фактор	Экономикасы дамыған елдерге, сонымен бірге Еуропа елдерге экспортқа шығаратын негізгі тауарларымыз: мұнай мен газ конденсаттары, металлдар, химия өнімдері сияқты шикі заттарымызға сұраныс азаяды.
2	Екінші фактор	Еуропа елдеріндегі орын алып отырған жағдай, яғни ол елдердің экономикасының құлдырауы, АҚШ және Қытайға да зиянын тигізеді. Өйткені, АҚШ елінің 10 – 12 пайызы өз өнімдерін Еуропа елдеріне жібереді. Салдарынан Еуропа мен АҚШ-тың банктік жүйесінде бір – бірімен тығыз

		байланыста болады. Нәтижесінде қаржылық қызмет көрсету негізгі орында тұрады. Сондықтан да, банкік сектордың барлығы құрдымға құритын болса, онда ол экономиканың барлық секторының барлығын қамтиды. Мұндай құбылыс жалпы әлемдік нарықтағы мұнайдың бағасын төмендетіп жіберді. Нәтижесінде, мұнай мен газ конденсаты бойынша экспортымыздың үлесі 50 пайыз құрап, бұл біздің экономикамыздың дамуына кері әсерін тигізді
3	Үшінші фактор	Еуропа елдерінің экономикасы рецессияға түскеннен соң, бұл мемлекеттердің валюталары құнсыздана бастады. Бұл өз кезегінде қазіргі экспорт көрсеткіші бойынша 1 доллар 20 центке дейін төмендеуі мүмкін. Онда, еліміздің мұнай бағасы да төмендейді. Мұнай мен газ конденсаты бағасы төмендегеннен кейін, экспорт бағалары төмендеп, еліміздің кірісі төмендейді. Мұндай жағдай біздің экономикамызға елеулі теріс әсерін тигізеді.
4	Төртінші фактор	Қытай мемлекетінің экономикасы да уақыт келе әлемдік дағдарыс нәтижесінде төмендеп келеді. Қазіргі кезде біздің экспорт көлемінің 16,5 пайызы Қытай еліне шығарылады. Егер де, Қытай елінің экономикасы 6- 7 пайызға дейін қысқарса, біздің экспортқа шығаратын металдарға сұраныс азаяды.

Болашақта күтілетін дағдарысқа әсер ететін факторлар.

Ескерту: [2] әдебиет негізінде құрастырылған.

Осы жоғарыда көрсетілген факторлар ескеретін болсақ Қазақстан экономикасының даму деңгейі осы дағдарыс толқынында 1 – 2 пайызға төмендейді деп болжаулауға болады. Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктері қазіргі кезде шетел инвесторларынан қомақты қарыз қаражат тарту арқылы тұрақтылықты қамтамасыз ете алады.

Тәжірибелік бөлім

Осы бағыттағы ғылым авторларының басым көпшілігі екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының негізін сол банктің жеке немесе меншік капиталының құрылымы мен құрамы және оның атқаратын қызметтеріне байланысты анықтайды. Осы бағыттағы зерттеушілердің меншікті капиталдарының құрамдас элементтері ретінде, әдетте жарғылық капиталды, резервтік қорларды және банктің бөлінбеген пайдасын жатқызады. Екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталының құрамына келесі қызметтер маңызды орын алады:

1. Екінші деңгейдегі банктің бастапқы капиталына, яғни жарғылық капиталының Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісімен бекітілген ең төменгі мөлшердегі банктік заңды тұлғаны тіркеу үшін тиіс, қажетті талаптардың бірі болып табылады. Осы кезеңдегі құрылтайшыларының жиынтық құралдарынан жиналатын меншік капиталы оперативті түрде қызмет атқарады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісімен талап етілетін меншікті капитал көлемі сол банкпен қалыптасқан ресурс базасының көлемін сипаттайды. Сонымен бірге, банктің меншік капиталының көлеміне тиісті тәуекел деңгейімен шектелген активтерді операциялар арқылы реттеп отырады. Негізгі капитал арқылы банктік қызметтері мемлекет жағынан реттеліп, басқарушылық шешімдері қабылданады. Сонымен бірге, екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталы көлемінің банктік қызметтерін стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер деңгейін анықтау кезінде баланстық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады.

3. Меншік капиталы мен оның құрамындағы шығындардың жабуға арналған қорлары салымшылары, кредиторлары және банктік клиенттерінің басты мүдделерін қорғауға арналған болып табылады. Банк капиталының қорғаныстық қызметі меншік капиталының тәуекелдерінің деңгейіне деген адекваттылығы оның көзқарасынан бағалау арқылы қажетті мөлшерін анықтайды [3].

Аталған қызметтердің барлығын атқара алатын капиталының көлемі меншіктік капиталының адекватты көлемін анықтауға, банк теориясы мен тәжірибесі де меншіктік капиталдың жеткілікті деңгейдегі көлемі деп атайды.

Негізі банктің жиынтық меншік капиталы келесі құрамдардың тұрады:

- жай акциялары;
- қосымша капиталы;
- бөлінбеген пайдасы.

Екінші деңгейдегі банктердің меншік капиталының бухгалтерлік есебі мен есепке алуы келесі стандарттарға сәйкес орындалады:

- баланстық күн бойынша есептеу (GAAP), яғни «бухгалтерлік есептің жалпылама қағидалары» бойынша есептер жүргізу;

- қадағалау органдарының талаптары бойынша есепке алу (RAP), яғни «бухгалтерлік есептің реттеушілік қағидалары» бойынша есептер жүргізу;

- нарықтық құны бойынша есептер жүргізу [4].

Сонымен қатар, екінші деңгейдегі банктердің қызметтерін ҚР ның Ұлттық Банк жағынан тікелей пруденциалды қадағалау мен сандық көрсеткіштеріне негізделген капиталды реттеушілік концепциясы пайдаланады.

Банктің қаржылық тұрақтылығын анықтау үшін банкті тәуекелдерден қорғайтын алдын ала алатын «тұрақты пассивтерінің» немесе меншіктік капиталы қажетті деңгейдегі, банктің тәуекелдерінің адекватты болуы негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Банктік меншіктік капитал банктің активтері және оның міндеттемелерінің арасындағы айырма ретінде немесе банктің таза активі ретінде сипатталады.

Нәтижелер мен талқылау

Екінші деңгейдегі банктердің реттеулік капиталына қойылатын жалпы талаптарға 1988 жылы банктік қызметті реттеу бойынша Базель комитеті арқылы Базель I құжатымен бекітілген. Бұл құжатта алғаш рет халықаралық деңгейде, екінші деңгейдегі банктердің несиелік, сонымен бірге нарықтық тәуекелді жабуға қабілеттілікке ие, меншік капиталының ең төменгі мөлшеріндегі талаптарды ұсынған болатын. Осы құжаттардағы қағидалар мен тәсілдер, көптеген ұлттық реттеулік органдармен қазіргі уақытқа дейін қолданылып отыр [5].

Банктердің реттеушілік (the regulatory capital) капиталдары қадағалау органдарының нормативтері арқылы орындалып, солардың қағидаларына сәйкес келу мақсатында есептелінеді және де болашақта жоспарланбаған шығындардың орнын толтыруға арналған. Сонымен қатар, банктің идентификацияланған және болашақта күтілетін шығындары бойынша арнайы провизиялары құрылып, ағымды табыстарын қолданылады. Реттеушілік капитал бақылау органдардың талаптарына сәйкес банк иелігіндегі және оның қызметінен пайда болатын жоспарланбаған шығындарының орнын жабуға арналған меншікті капитал болып табылады.

Базель I меншік капиталы жеткіліктілігі бойынша оның ең төменгі деңгейіне жалпы талаптарын, яғни баланстың және баланстан тыс тәуекел деңгейін есептелген активтерінің сомасы қатысының мөлшерлерін де бекітті:

- жиынтық капиталдың үлесі 8 %-ті;
- негізгі капиталдың үлесі 4 %-ті.

Сондықтан да, банктік қызметтерді қадағалау Базель комитетінің капитал құрылымы мен көлеміне сәйкесінше талаптарын күшейтті. Екінші деңгейдегі банктердің капиталы жеткіліктілігі мөлшерінің жалпы көлемі 2019 жылы 10,5 %-ке жету керек деп бекітіліп отыр (Кесте 2) [6].

Кесте - 2. Базель 3 құжатына сәйкес капиталдың жеткілікті минималды коэффициенттерін еңгізу кезеңдері. Активтерден %-бен

Кезеңдері	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Акционерлік капиталдарының үлесі	3,5	4,0	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5
Резервтік буфері (Conservation Buffer)				0,625	1,250	1,875	2,500
Акционерлік капиталы + буфер	3,5	4,0	4,5	5,125	5,75	6,375	7,0
Tier 1 Capital коэффициенті	4,5	5,5	6,0	6,0	6,0	6,0	6,0
Tier 1 Capital құрамындағы қаржылық құралдардың 15 пайыздық мөлшерінің қысқарылуы (кейінге қалдырған салықтары, қаржы ұйымдарындағы инвестициялары және т.б.)		20	40	60	80	100	100
Total Capital коэффициентінің мөлшері	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0
Total Capital + резервтік буфері	8,0	8,0	8,0	8,625	9,25	9,875	10,5
Ескерту: [6] Пайдаланған әдебиет мәліметтері бойынша құрастырылған							

Алайда әлемдегі орын алып отырған, қаржылық дағдарыс жоғарыда (2 - кесте) көрсетілген талаптар мен ережелерге байланысты меншікті капиталының көлемі жеткіліксіз екендігін көрсетіп отыр.

Осыларға байланысты, айта кететін жағдай, жоғарыдағы кестедеге байланысты банктің реттеушілік капиталының коэффициенті оның жалпылама стандарттық көрсеткіштері болып табылады, ал ол жеке жеке әр банктің ішкі ерекшеліктерінің көзқарасынан, меншікті капиталының жеткіліктілігін есептеу мақсатына, мамандардың айтуынша, банктік экономикалық меншік капиталы арқылы талдау жүргізген дұрыс деп отыр.

Қорытынды

Нарықтық қатынастардың дамуы Қазақстандағы екінші деңгейлі банктер тұрақтылығының жалпыэкономикалық проблемаларының нақты есебіне айналды. Оның айқын дәлелі экономиканың банк секторындағы жағдай болып отыр, яғни мұндағы банк жүйесінің дамуымен қатар банк тұрақтылығының төмендеуі тенденциясы байқалуда. Ел Президенті өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің қаржы секторын «қайта қалыпқа келтіру» керектігін айтқанын еске салды және де банк секторын қалпына келтірудің кешендік шараларын әзірлеу қажеттігін айтты [7].

Қазақстандық екінші деңгейлі банктердің банкротқа ұшырауы да ерекше толғаныстарды. Бұл жағдайда екінші деңгейлі банктердің тұрақтылығын қамтамасыз ететін әдістердің рөлі арта түсуде. Банктердің тұрақты дамуы әдістемесін қалыптастыру проблемасы тек қана банктердің, банк қызметін тұтынушылардың проблемасы болып қана қоймай, банктік қадағалаудың мемлекеттік органдарының да міндеті болуы шарт.

Екінші деңгейлі банктердің тұрақты дамуындағы әдістердің қалыптасуы ғылыми базаға негізделуі тиіс. Банк тұрақтылығы проблемаларының теориялық нұсқаулары Қазақстандық экономика үшін жаңа бағыт болып табылады. Қазіргі кезде кешенді түрде жүргізіліп отырған зерттеулер жоқтың қасы. Екінші деңгейлі банктер қызметінің жеке аспектілерін зерттейтін жұмыстар ғана бар.

Банк қызметінің дамуындағы тұрақты тенденцияларына жету және оны сақтап қалу оған әсер ететін факторлардың тепе-теңдігі ретінде қарастырылады. ол банктің қауіпсіздігі және құндылығы жағдайын білдіреді.

Банк тұрақтылығы диалектикалық категория және диалектикалық тепе-теңдік жағдайын білдіреді. Мұнда оның тұрақтылығына автоматты түрде жетуге болмайды. Ол үшін мақсатты бағытта жұмыс жүргізу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. С.Т. Мыржақыпова. Банктердегі бухгалтерлік есеп. Алматы: Экономика, 2009, 875 б.
2. Мировая экономика в век глобализации: учебник/ Богомолов О.Т. М.: ЗАО «Издательство», «Экономика»2017, 357 с.
3. Финансовые риски: науч. практич. пособие/ Е.М. Четыркин. М.: Издательство «Дело» АНХ, 2008, 176 с.
4. Финансирование и кредитование инвестиций. Учебное пособие/Коргасбаев Ж.К., Сигарев М.И., Осрикова Д.К. Алматы: Экономика, 2002, 118 с.
5. Управление риском: Учеб. пособие / Н.В. Хохлов. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2015, 239 с.
6. Финансовый менеджмент в коммерческом банке и в индустрии финансовых услуг / Дж.Синки.; Пер. с англ. Москва: Альпина Бизнес Букс, 2007, 1018с.
7. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (10.01.2018 ж.)

Аннотация

Основной проблемой является определение и оценка кредитоспособности заемщика и для обеспечения финансовой устойчивости банков второго уровня. Кредитоспособность заемщика характеризуется оценкой по способности своевременно и в полном объеме вернуть заем через объем полученной ссуды по заемщику. Невозможность возврата кредита, полученного от банка, может быть и под влиянием многих факторов риска, поэтому банку необходимо проанализировать его кредитоспособность, прежде чем принять решение о выдаче кредита клиенту. Данный показатель, в свою очередь, влияет на ликвидность банка. В настоящее время кредитный рынок страны достиг высокого уровня развития, дальнейшего совершенствования. Одной из причин развития банковского кредитного рынка является создание системы предварительного страхования депозитов. Это способствует формированию системы и развитию нашей экономики, повышению доверия населения к банковской системе и консолидации финансовых ресурсов, находящихся в ведении Банка. Что касается банков, они, в свою очередь, начинают проводить активную политику на рынке потребительского кредитования с целью эффективного размещения этих ресурсов.

Abstract

The main problem is to determine and assess the creditworthiness of the borrower and to ensure the financial stability of second-tier banks. The borrower's creditworthiness is characterized by an assessment of the ability to repay the loan in full and on time through the amount of the loan received by the borrower. The inability to repay a loan received from the Bank may also be influenced by many risk factors, so the Bank needs to analyze its creditworthiness before making a decision to issue a loan to the client. This indicator, in turn, affects the Bank's liquidity. Currently, the country's credit market has reached a high level of development and further improvement. One of the reasons for the development of the banking credit market is the creation of a system of pre-insurance of deposits. This contributes to the formation of the system and the development of our economy, increasing public confidence in the banking system and consolidating the financial resources under the Bank's jurisdiction. As for banks, they, in turn, are beginning to implement an active policy in the consumer lending market in order to effectively allocate these resources.

ӘОЖ (336.11)

У.А. Мусаева, Д.Б. Балабекова

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан
э.ғ.к., Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚР БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ: ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Түйін

Банктердің тұрақты дамуы әдістемесін қалыптастыру проблемасы тек қана банктердің, банк қызметін тұтынушылардың проблемасы болып қана қоймай, банктік қадағалаудың мемлекеттік органдарының да міндеті болуы шарт. Екінші деңгейлі банктердің тұрақты дамуындағы әдістердің қалыптасуы ғылыми базаға негізделуі тиіс. Банк тұрақтылығы проблемаларының теориялық нұсқаулары Қазақстандық экономика үшін жаңа бағыт болып табылады. Қазіргі кезде кешенді түрде жүргізіліп отырған зерттеулер жоқтың қасы. Екінші деңгейлі банктер қызметінің жеке аспектілерін зерттейтін жұмыстар ғана бар. Банк қызметінің дамуындағы тұрақты тенденцияларына жету және оны сақтап қалу оған әсер ететін факторлардың тепе-теңдігі ретінде қарастырылады. Ол банктің қауіпсіздігі және құндылығы жағдайын білдіреді. Банк тұрақтылығы диалектикалық категория және диалектикалық тепе-теңдік жағдайын білдіреді. Мұнда оның тұрақтылығына автоматты түрде жетуге болмайды. Ол үшін мақсатты бағытта жұмыс жүргізу қажет.

Кілттік сөздер: Ұлттық банк, екінші деңгейлі банктер, тұрақтылық, инвестиция, экономика, несие.

Кіріспе

Нарықтық қатынастардың дамуы Қазақстандағы екінші деңгейлі банктер тұрақтылығының жалпыэкономикалық проблемаларының нақты есебіне айналды. Оның айқын дәлелі экономиканың банк секторындағы жағдай болып отыр, яғни мұндағы банк жүйесінің дамуымен қатар банк тұрақтылығының төмендеуі тенденциясы байқалуда.

Банк қызметінің дамуындағы тұрақты тенденцияларына жету және оны сақтап қалу оған әсер ететін факторлардың тепе-теңдігі ретінде қарастырылады. Ол банктің қауіпсіздігі және құндылығы жағдайын білдіреді.

Банк тұрақтылығы диалектикалық категория және диалектикалық тепе-теңдік жағдайын білдіреді. Мұнда оның тұрақтылығына автоматты түрде жетуге болмайды. Ол үшін мақсатты бағытта жұмыс жүргізу қажет [1].

Мұндай басқарудың элементтерінің бірі банк тұрақсыздығын болжаудан “проблемалы” банктерді анықтауға көшу механизмі болып табылады. Тұрақтылығын жоғалтқан банктер тек “проблемалы” болып қоймай, соның нәтижесі ретінде банкроттыққа ұшырайды. Ол жалпы алғанда ел экономиканың жалпы банк жүйесінің тұрақтылығына әсерін тигізеді.

Әр елде банк банкроттығының нәтижесінде 3 түрлі шаралар тобын қарастырады:

- институтциялық сипаттағы шаралар, соның ішінде банктерге мемлекеттік қолдау көрсетеді;

- банк секторында банктердің бірігуі және ірілендірілуі арқылы қайта топтастыру шараларын жүргізу;

- банктердің өздері қолданылатын шаралары: активтері мен пассивтерін қайта қарастыру, ұйымдастырушылық құрылымын өзгерту, менеджментті дамыту, маркетингті дұрыс жолға қою.

Кез-келген банктің банкроттыққа ұшырауы кәсіпорындарға, шаруашылық органдарға, салымшыларға теріс әсерін тигізеді, сенімділік жоғалтады. Сондықтан нарықтың қатынас жолына түскен елдердің барлығында да банк жүйесі үшін тиімді жүйе қалыптасуы тиіс, соның маңыздысы банк қызметін қадағалаушы органдар [2].

Екінші деңгейлі банктердің тұрақсыздығы проблемаларының әлемдік және отандық тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тиімді шаралар жүргізу үшін мемлекеттің қатысуы шарт. Ең

алдымен, проблемалы банкті анықтайтын арнайы құрылымдар құру қажет. Олар проблемалы банктерді анықтау мен қатар, оларды сауықтыру шараларын жүргізіп, (тікелей немесе жанама) қаржылай көмек көрсете білуі қажет.

Теориялық талдау

Екінші деңгейлі банктердің және банк жүйесінің жалпы қалыптасуы мен дамуындағы басты ерекшелігі, олардың өзгеріп отыратын макроэкономика жағдайында жүзеге асуында. Банктер қызметіндегі шектеулі жағдайлар анықтайтын негізгі макроэкономикалық факторларға жатқызуға болады: ұлттық өндірістің құлдырауы, қаржы капиталының нақыт экономика секторынан басқа жаққа кетуі және т.б.

Осы және аталған басқа да теріс құбылыстар макродеңгейде мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына байланысты болып отыр. Оның мәні мынада: жаппай және жедел жекешелендіру, тұрғын халықтың байыған бөлігіне мүмкіндігінше мемлекеттік мүлікті беру. Ол жекеменшік класын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

Нарықтық экономикаға көшу тиімді болу үшін, біздің ойымызша келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

Біріншіден, стратегиялық басымдылықты анықтау: ұлттық бағдарламаларды жасау;

Екіншіден, осы басымдықтарға сай макроэкономикалық құралдар қалыптастыру;

Үшіншіден, реформаландыру бастапқы кезеңдерінде мемлекет өзіне қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету функциясын жүктеуі тиіс [3].

Мұндай көзқарастың дұрыстығын әлемдік тәжірибе растайды: Жапония, Германия, Оңтүстік Корея. Бұл елдерде мемлекеттің көмегімен қаржылық-бюджеттік тұрақтануға қол жетіп, макродеңгейде экономиканы бір жүйеге келтіру тенденциясы байқалды.

Соңғы жылдардағы ақша айналымы мен төлем тәртібінің бұзылуы және банк жүйесінің дамуына кері әсерін тигізеді.

Мұндай экономикалық және қаржы саясатында банк жүйесінің, соның ішінде екінші деңгейлі банктердің өтімділік деңгейі төмендей түседі. Оның екінші жағы, көптеген екінші деңгейлі банктерді өтімділік пайда болған жағдайда елдегі макроэкономикалық жағдай да нашарлай түседі.

Макроэкономикалық процестерді тұрақтандыру банк жүйесінің, әсіресе екінші деңгейлі банктердің экономиканың нақты секторымен жақындауына әсерін тигізеді, ол Қазақстанның экономикалық дамуында бүгінгі таңдағы маңызды міндет болып табылады.

Макроэкономикалық тұрақтандыру факторларына төмендегі факторларды жатқызуға болады:

- информация қарқынының тез арада төмендеуі;
- нарықтық инфрақұрылым процесінің қалыптасуын жеңілдету, ең алдымен қаржы-банк саласында;
- ұлттық валюта-теңгенің салыстырмалы тұрақтылығы;
- көп меншікті экономиканың қалыптасуы;
- тұтыну тауарлары тапшылығын жою;
- тұрғын халықтың санасын нарықтық экономикаға қарай бейімдеу және т.б.

Қазақстан банк жүйесінің проблемалары соңғы жылдары біздің әдебиеттерімізде кеңінен және белсенді қарастырылып жүр. Экономистердің мұндағы көтерген проблемалары көбіне Қазақстандағы банк ісінің дамуындағы қолданбалы талқылауларға келіп тіреледі.

Тәжірибелік бөлім

Банк жүйесінің қызметін анықтау мақсатында банктің қаншалықты проблемалы екендігін анықтайтын критерийлерді белгілеп алған жөн. Екінші деңгейлі банктердің проблемалылығы деңгейін Қазақстанда пруденциялық нормативтер және бірқатар қосымша көрсеткіштер анықтайды.

Бұл көрсеткіштерді сақтауына қарай екінші деңгейлі банктерді проблемалық деңгейіне байланысты, біздің ойымызша, төмендегідей етіп жіктеуге болады:

1 топ – проблемалықтың алғашқы белгілері байқалатын банктер.

2 топ – уақытша қиындықтарға ұшырап отырған банктер.

3 топ – банкроттықтың алғашқы белгілері байқалатын банктер.

Мұнда бірінші топқа келсе белгілі бір банктерді жатқызған жөн: бір себептік кезеңдегі банктің шығынымен шығуы, банк капиталының жеткіліктілігі нормативін К1 бір есептік кезеңде орындауы, міндетті резервтер қорына қажетті жарнаның аударылмауы, банк басшыларының құрамындағы өзгерістерінің болуы жайлы ақпараттың дамуы т.б. [3].

Уақытша қиындықтарға ұшырап отырған банктерге (2 топ) бірінші топтағы белгілері бар банктер және төмендегі көрсетілген бір немесе бірнеше белгілері бар банктер жатады:

- Соңғы үш ай қатарынан шығынмен жұмыс істеген банктер.

- К1 – капиталдың жеткіліктілігі нормативін орындамаған банктер.

- Соңғы үш ай ішінде несиелік салымдардың жалпы көлеміндегі мерзімі өтіп кеткен қарыздардың үлес салмағының өсуі (6% жоғары).

- Саудалар бойынша мүмкін болатын шығындарға арналған маусымды резервтердің жеткіліксіз болуы және т.б.

Банктердің үшінші тобына (банкроттықтың алғашқы белгілері байқалатын банктер) алғашқы екі топтың жалпы белгілері байқалатын банктерді, сонымен бірге төменде келтірілген белгілердің бірі, немесе бірнешеуі тән банктерді жатқызуға болады:

- соңғы 12 ай ішінде шығынмен жұмыс істеген банктер;

- соңғы 12 ай ішінде К1 нормативін орындамаған банктер;

- жақсы аудиториялық шешімнің болмауы;

- соңғы 12 ай ішінде несие портфелі сапасының төмендеуі;

- несие салымдарының жалпы көлеміндегі мерзімі өтіп кеткен қарыздар үлесінің артуы (60% жоғары).

Әлеуметтік шиеленістердің және қаржылық қатынастардың тұрақсыздануын болдырмау мақсатында, оның маңызды басқарудың механизмдері неге негізделеді?

Проблемалы банктерді басқарумен айналысатын бұл қордың функцияларына келесілер жатуы тиіс:

1. коммерциялық банкте қалыптасқан нақты экономикалық жағдайды бағалау және білу;

2. банкті дағдарыс жағдайдан шығарудың жолдарын анықтау;

3. банкті қайта құру туралы шешім қабылдау;

4. проблемалы банктің басқарушы органдарын ауыстыру туралы шешім қабылдау;

5. қосымша ресурстарды тарту жолымен несиелік ұйымының балансын қайта құру, яғни банктің ресурстық базасын қайта ұлғайту;


6. проблемалы банкке тікелей көмек көрсету. Бұл функцияны орындау үшін біздің ойымызша, біраз уақыт қажет, себебі, банктерге тікелей қаржылай көмек көрсету үшін қордың өзінде жеткілікті капиталы болуы шарт [4].

Сонымен, ұсынылып отырған шаралар, дағдарысты жағдайда екінші деңгейлі банктердің тұрақтылығын қамтамасыз ететін бірден бір дұрыс жолы деп айтуға болмайды. Дегенмен де, жалпы республикалық қор құрудың басқа көптеген ұсыныстарға қарағанда артықшылықтары басым деп есептейміз. Соның ішінде еңбастысы, жалпы құрылымдық шегінде проблемалы банктерді басқарудың заңдық мүмкіндіктері мен қаржылай мүмкіндіктерін қажетті жағдайда біріктіру болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі экономикалық дағдарыс жағдайында екінші деңгейлі банк теріс әрекетіне қаржылық талдау жасау оның қаржылық тұрақтылық деңгейінің қаншалықты бәсеке қабілетті, сонымен қатар оның негізін де білдіреді. Кез келген коммерциялық банкті басқару қазіргі кезде қаржылық талдаусыз мүмкін емес. Банктердің іс әрекетін қаржылық талдауының мазмұны, орны және рөлі көбінесе несиелік - қаржылық сипаттағы қызметтерімен, экономикалық қатынастардың өзара байланыстылығымен және клиенттік базаның дәрежесімен байланысты қызметтер түрлеріне тәуелді болады.

Қаржылық тұрақтылығын талдау ғылым ретінде қаржылардың және қаржылық көрсеткіштері категориясында көрсетілген қаржылық қатынастарымен сипатталады. Онымен бірге, коммерциялық банктердің басқару жүйесі қаржылық тұрақтылығын талдаудағы рөлі, басқару функциясы, басқару инструментімен оны бағалау әдісімен сипатталады [5]. Қаржылық талдау банктік әрекеттердің мәні мен оның объектілерімен анықталады және де ол 1- суретте көрсетілген



Сурет 1.Екінші деңгейлі банктің қаржылық бағалауы

Сонымен бірге, акциялардың орташа өлшемді көлемі, дана бойынша да, құны бойынша да өсіп отыр, бұл өз кезегінде банктің қаржылық көрсеткіштерінің оң нәтижесін білдіреді. ҚР-ның екінші деңгейлі банкісінің балансын талдау этаптары келесі кестеде көрсетілген

Кесте 1. Екінші деңгейлі банк ісінің балансын талдау этаптары

Операция түрлері	Операция мазмұны	Талдауда қлданатын әдістер
Алғашқы кезең		
Құрылымдау	Актив пен пассив топтастыру	Топтастыру әдістері
Бақылау	Талдау жасау кезінде әртүрлі бағыттары бойынша активтері пен пассивтерінің жеке баптарын тексеру	Салыстыру, экономикалық, статистикалық әдістер
Калькуляциялау	Бағалау және нормативті көрсеткіштердің есебі	Абсолюттік және салыстырмалық өлшеу әдісі
Салыстыру	Есептілік көрсеткіштері бойынша салыстырмалы есебі	Салыстыру әдісі, индекстік әдіс, динамикалық талдау әдісі
Көрнекті құралдары, материалдарын дайындау	Қарастыратын қаржылық көрсеткіштердің құрылымы мен динамикасының талдау, көрнекі құралдардың түрін құрау	Алынған қаржылық нәтижелердің көрнекілігін бейнелеу әдісі
Аналитикалық кезең		
Талдау	Алынған қаржылық есептік көрсеткіштерді сипаттау	
Соңғы кезең		
Эксперттік бағалау	Талдау нәтижелерін ұсыну және қорытынды мен ұсыныстар құру	

Баланстық талдаудың алғашқы кезеңін келесілер арқылы жүзеге асырады:

- балансты құруды оқу және аналитикалық жұмыстарына дайындық жасау;
- баланс бойынша оның жеке баптарын құрылымдау қажет (немесе берілген критерилерге сәйкес активтер мен пассивтер баптарын бірыңғай топтастыру);
- активтер мен пассивтері бойынша баланстың жеке топтарының орындалу мерзімі, шығын түрлері мен олардың көздері оның контрагенттерінің категориялары бойынша өз ара байланысы мен Ұлттық Банктің нормативтік талаптарын және коммерциялық банктің ішкі ережелерін сақтау қағидаттары;
- жиынтық кестеде көрсетілетін бағалау мен нормативтік көрсеткіштерді есептеу жолдары;

Екінші кезеңде аналитикалық кезең деп аталады және онда келесілер анықталады:

- қаржылық талдау көрсеткіштерінің көлемі, динамикасы, құрылымы және өзара байланысының есептік көрсеткіштері;
- аналитикалық кезең нәтижелері бойынша қорытынды жасау.

Үшінші кезең қорытындысы болғандықтан, онда қаржылық талдау нәтижелеріне бағалау жасау және банктік жұмысын жақсарту немесе жетілдіру бойынша ұсыныстар беру үшін арнайы сарапшылар тартылып, банктің атқаратын қызметтері бағаланады [6].

Қорытынды

Қазақстан экономикасын рыноктық типтегі экономикаға қайта құру нақты экономика секторын дамытусыз мүмкін емес. “Қазақстан – 2030” стратегиясында айтылған, - “ ... жақын жылдардағы біздің ықыласымыз – нақты экономика секторын сауықтыру, жандандыруы болу қажет” [7]. Экономиканың нақты секторын сауықтыру мен дамытудағы мемлекеттің рөлі тек өнеркәсіп саясатын жүзеге асырудағы заңдық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайларды жасауға келіп тірелмейді: шындығында, мемлекет өзінің институттары арқылы бұл саясатты жүзеге асыруы тиіс. Экономиканың нақты секторын дамыту Қазақстан экономикасының бірнеше өте көкейтесті мәселелерін шешудегі маңызды фактор бола алар еді:

1. Экономикалық реформаларды жүзеге асыру, Кеңестер Одағының күйреуі өндіріс көлемін төмендетуге өз әсерін тигізгендігі бізге мәлім, соның нәтижесінде әлеуметтік саланың ахуалы төмендеді. Соңғы жылдары біздің елімізде екі еседей өндіріс көлемі қысқарып, бюджеттік түсімдер азайды. Бұл жағдай көптеген дамушы елдердің экономикалық өсуінің қарқынының жоғары болуымен қатар болғандықтан, біздің экономикамыз салыстырмалы мөлшерде үш есеге дейін артта қалды.

2. Экономикалық құлдарыау нәтижесінде көптеген тұрғын халықтың өмір сүру деңгейі мен табыстары төмендеді.

3. Әкімшілік-әміршілдік экономикадан нарықтық экономикаға көшу бәрімізге белгілі жұмыссыздық және кедейлік проблемаларын туғызды.

4. Жеткілікті деңгейде тағайындалған және нашар ұйымдастырылған мемлекеттік басқару.

Екінші деңгейлі банктердің қазіргі кезеңдегі қызметінде тәуекел проблемасы және оларды басқару мәселесі күрделене түсуде. Әлемдік банк тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қаржы менеджментінің ең басты қателігі банк тәуекелділігіне алып келетін екінші деңгейлі банктердің активтері мен пассивтерінің мерзімдерінің сәйкестендірілмеуі болып табылады. Оның куәсі ретінде американдық саудалық-жинақтау ассоциацияларының тіркелген проценттік ставкамен ең ұзақ мерзімді (20-30 жылға) және ипотекалық ссудаларды бере отырып, оларды салымшылардың ағымдық шоттары арқылы қаржыландыруы болды. Алайда, қысқа мерзімді несиелер бойынша проценттік ставкалар өскендіктен, мұндай ассоциациялар төлем қабілетін жоғалтып алды.

Сондықтан, экономиканың нақты секторын несиелеуді арттырудың бағдарламасын жасау және оны экономикалық өндіріске ендіру қажет деген тұжырымға тоқталып отырмыз.

Бағдарлама несие саласындағы мемлекеттік саясат статусына ие болуы тиіс және қажетті заңдық инфра құрылыммен қамтамасыз етілген болуы тиіс.

Бағдарламаның басты мақсаты–несиелі кәдістердің көмегімен өндірісті ынталандырудағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Бұл жерде әңгіме мемлекеттің нарықтық механизмдермен құралдардың орнын алмастыруында емес, экономиканың нақты секторының басты параметрлеріне мақсатты бағытта әсер етіп, олардың тиімділігін арттыру үшін қажетті жағдайлар жасауы турасында болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. С.Т.Мыржақыпова. Банктердегі бухгалтерлік есеп. Алматы: Экономика, 2009, 875 б.
2. Мировая экономика в век глобализации: учебник / Богомолов О.Т. М.: ЗАО «Издательство», «Экономика», 2017, 357 с.
3. Финансовые риски: науч. практич. пособие / Е.М. Четыркин. М.: Издательство «Дело» АНХ, 2008, 176 с.
4. Финансирование и кредитование инвестиций.: Учебное пособие / Коргасбаев Ж.К., Сигарев М.И., Осрикова Д.К. Алматы: 2002, 118 с.
5. Управление риском: Учеб. пособие / Н.В. Хохлов, М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2015, 239 с.
6. Финансовый менеджмент в коммерческом банке и в индустрии финансовых услуг / Дж.Синки.; пер. с англ. Москва.: Альпина Бизнес Букс, 2007, 1018с.
7. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (10.01.2018ж.)

Аннотация

Проблема формирования методики устойчивого развития банков должна быть не только проблемой банков, потребителей банковских услуг, но и обязанностью государственных органов банковского надзора. Формирование методов устойчивого развития банков второго уровня должно основываться на научной базе. Теоретические подходы к проблемам банковской устойчивости являются новым направлением для казахстанской экономики. В настоящее время комплексно проводимых исследований нет. Есть только работы, которые изучают отдельные аспекты деятельности банков второго уровня. Достижение и сохранение устойчивых тенденций развития банковской деятельности рассматривается как равновесие факторов, влияющих на нее. он представляет собой состояние безопасности и ценности банка. Банковская стабильность представляет собой диалектическую категорию и состояние диалектического равновесия. Здесь нельзя автоматически добраться до его стабильности. Для этого необходимо вести целенаправленную работу.

Abstract

The problem of forming a methodology for sustainable development of banks should not only be the problem of banks and consumers of banking services, but also the responsibility of state banking supervision bodies. The formation of methods for the sustainable development of second-tier banks should be based on a scientific basis. Theoretical approaches to the problems of banking stability are a new direction for the Kazakh economy. Currently, there are no comprehensive studies. There are only works that study certain aspects of the activities of second-tier banks. Achieving and maintaining stable trends in the development of banking activity is considered as a balance of factors that affect it. it represents the state of security and value of the Bank. Banking stability is a dialectical category and a state of dialectical equilibrium. You can't automatically get to its stability here. To do this, it is necessary to conduct purposeful work.

ӘОЖ 338.43

Р.М. Мусыпыров¹, Г.Ф. Шінет², Д.Б. Балабекова¹

¹магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан
²PhD, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
¹э.ғ.к., Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

**МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ
МӘСЕЛЕСІ**

Түйін

Кез келген заманауи экономикалық жүйе мемлекеттік реттеусіз қалыпты жұмыс істей алмайды. Өзінің өмір сүруінің және дамуының бүкіл тарихында мемлекет тәртіпті, ұлттық қорғанысты қолдап қана қоймай, сонымен қатар экономика саласындағы белгілі бір функцияларды да орындап келеді. Қазіргі кезде мемлекет мемлекеттік кәсіпорындардың, сонымен қатар жеке фирмалардың мүдделерін ескереді, нарықтың қалыпты жұмыс істеуін қолдайды және ел экономикасындағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді. Сонымен, мемлекеттік реттеу тиімді дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік билікті жүзеге асыратын заңнамалық, атқарушылық және бақылау сипатындағы шаралар жүйесін білдіреді деп айтуға болады. Кез-келген мемлекет экономикалық тұрақты даму үшін экономиканы реттейді. Мақалада экономиканы мемлекеттік реттеудің ғылыми-теориялық негіздері, қажеттілі баяндалған. Экономиканы мемлекеттік реттеудің жалпы, оның ішінде аграрлық секторындағы мақсаттары, міндеттері, ерекшеліктері, әдістері ғылыми тұрғыдан зерделеніп, осы саланың даму көрсеткіштері сарапталған.

Кілттік сөздер: мемлекеттік реттеу, басқару, экономикалық саясат, тікелей және жанама әдістер, агроөнеркәсіп кешені, кірістерді қайта бөлу, экономикалық тепе-теңдік.

Кіріспе

Кез келген мемлекеттің проблемаларының бірі мемлекеттің экономикаға араласуы болып табылады. Нарықтық экономиканы дамытудың ұзақ кезеңі барысында мемлекеттік реттеу тетігін зерттеудің бірыңғай әдісі болған деп сараптауға болады.

Мемлекет азаматтардың табиғи еркіндік тәртібін, дербестігі мен меншіктерін қолдауы тиіс және осымен мемлекеттің қызметі шектелуі қажет, ал басқа барлық қатынастар нарықтың "көрімбейтін қолымен", бәселестікпен реттеледі деп тұжырымдаған.

Көріп отырғанымыздай мемлекеттің экономикадағы рөліне, мемлекеттік реттеудің маңыздылығына ғалым-экономистер әрдайым үлкен көңіл бөлген. XX ғасырда мемлекеттің экономикадағы рөлі біртіндеп, бірқатар артты. Бұған саяси және идеологиялық факторлар ықпал етті [1].

Қоғамның даму эволюциясы мемлекеттік реттеудің рөлін күшейту алғышарттарын қалыптастырды. Экономиканы мемлекеттік реттеудің пайда болған алғышарттарына мыналарды жатқызуға болады:

- нарық пен оның құрылымын жетілдіру;
- өндірісті жетілдіру;
- әлеуметтік себептер;
- экологиялық проблемалар және т.б.

Мемлекеттік реттеудің басты мақсаты-жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсарту, оның әрбір мүшесінің әл-ауқатын жақсарту. Мемлекеттік реттеудің мақсаттарын экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрғыдан құрылымдау, сипаттау қабылданған. Бұл реттегі басты құраушылар:

- тұрақты экономикалық даму және өсу;
- халықты жұмыспен қамту саясаты;
- ұлттық валютаның тұрақтылығын қолдау және баға белгілеу;
- халықты әлеуметтік қорғау;
- сыртқы экономикалық қызмет.

Алдыңғы төрт құраушылар және бұлардың өзара байланысы макроэкономика аясында тепе-теңдікке жетуге мүмкіндік береді. Жаһандану процесі жағдайында олардың кешенді өзара іс-қимылының нәтижелері мемлекеттік қызметтің сыртқы экономикалық саласына тікелей әсер етеді.

Ескере кететін жәй, қоғам дамуының белгілі тарихи кезеңінде мақсаттарға қол жеткізу дәйектілігі өзгеруі мүмкін. Дегенменде, мемлекеттік реттеу мемлекеттің саясатына тікелей байланысты (оның ішінде экономикалық) және оны іске асыруға бағытталған.

Тәжірибелік бөлім

Мемлекеттік реттеу тарихы өз бастауын ортағасырдың соңынан бастаған. Сол кезде негізгі экономикалық мектеп меркантилистер мектебі болды. Бұл мектеп мемлекеттің экономикаға белсенді араласуын жариялады және Кейнстік теория деп аталды. Негізін қалаушы Дж. М. Кейнс еркін нарықта экономиканың дағдарыстан шығуын қамтамасыз ететін тетіктердің болмауы себебінен мемлекет экономикаға араласуы тиіс деп санайды. Ол мемлекет инвестицияларды тікелей ұйымдастыру үшін барлық үлкен жауапкершілікті өзіне алады деп болжады. Кейнсиандық тәсіл мемлекеттің экономикалық рөлін кеңейту үшін теориялық негіз болды. А. Маршалл өз заманының экономикалық ғылымы үшін жаңа идея ұсынды. Ол капиталистік экономикаға тепе-теңдікке ішкі беталыс тән деп санады, ал бұл тепе-теңдікті орнату тетігі еркін бәсекелестік болып табылады деп тұжырымдады. Мемлекеттің араласуы мүмкін, бірақ ол барынша аз болуы керек, өйткені экономикада тепе-теңдіксіз туындауы мүмкін. Мемлекеттің рөлі-футбол алаңындағы арбитр рөлі, ал алаңдағы футболистер-кәсіпкерлер. Монетаризмнің бас теоретигі американдық экономист М. Фридмен экономикалық тұрақтану оның ұлғаюын емес, экономикаға мемлекеттік араласуды қысқартуды талап ететінін дәлелдеген. Бұл бағыт «ұсыныс экономикасы» деп аталып экономиканы шамадан тыс реттеуден бас тартуды қолдаған және экономикалық тарихта салық салу мәселелерін әзірлеумен із қалдырған. Олардың пікірінше, мемлекеттік реттеу ақша массасын бақылаумен шектелуі тиіс және бұл Ұлттық банктің несиесі құралдарымен қол жеткізіледі. Олар салықты төмендетуді өндірісті ынталандырудың қайырымдылық құралы ретінде қарастырды. Адам Смит Үкіметке сенудің белгілі бір дәрежесі жоқ, халық өзінің дербестігін толық сезіне алмайтын, келісім-шарттардың күші заңмен қолдау тапқаннан мемлекетте сауда мен өнеркәсіп өркендей алмайды деп санады [2].

Мемлекеттік реттеу әдістері тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей әдіс (құрылымдық, директивалық-адрестік немесе әкімшілік) - әкімшілік-құқықтық іс-шараларды көздейді. Мұның мәні - экономикалық субъектілер іс - әрекеттерін мемлекеттік нұсқамаларды негізге ала отырып жасайды және еркін экономикалық таңдауды толық көлемде басшылыққа ала алмайды. Экономиканы реттеудің әкімшілік құралдарының ерекшелігі олар: оларды іске асыру үшін қосымша материалдық ынталандыру жасаумен байланысты емес; мемлекеттік биліктің күші мен беделіне негізделеді; тыйым салу, рұқсат беру және мәжбүрлеу шараларын қамтиды. Бұл әдіс басым түрде аралас экономиканың элементі болып табылады және аралас экономика жеткіліксіз дамымаған елдерде жоғары тиімділікті көрсетті [3].

Жанама әдістер (құрылымсыз немесе-экономикалық әдістер), әдетте, экономикалық сипатқа ие және экономикалық қатынастар субъектілерін жалпы экономикалық мақсаттарға қол жеткізуге дербес таңдау жасаудың алғышарттарын қалыптастырады. Шаруашылық процестеріне әсер етудің экономикалық құралдары мынадай реттеуші құралдарды пайдалануды болжайды: мемлекеттік экономикалық болжау; мемлекеттік экономикалық бағдарламалау; бюджет-салық жүйесі; ақша-кредит саясатының; валюта саясаты; кеден саясаты. Экономиканы мемлекеттік реттеу міндеттері:

- өзара мүдделердің теңгеріміне әкелуі тиіс, яғни, бір жағынан, ол нарықтық тетіктерді пайдалана отырып, экономикалық реформалардың тиімді жүрісін қамтамасыз етуі, ал екінші жағынан кірістер мен ресурстарды бөлуде әділдікке қол жеткізу;

- бюджеттің кіріс бөлігіне түсімдерді ұлғайту үшін, сондай-ақ экономиканы инвестициялауға, қайта құрылымдауға және дамытуға мемлекеттің ресурстарын (табиғи, адами, қаржылық) тиімді пайдалану;

- әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын, салалық, аймақтық, аймақаралық, сондай-ақ мақсатты бағдарламаларды, инвестициялық жобаларды, әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамаларын, басқаруда мемлекеттің рөлі көрсетілетін, таяу және алыс перспективаға болжамдарды әзірлеу;

- ҚР мемлекеттік билік органдары арасындағы құзыреттілік пен жауапкершілікті нақты ажырату арқылы Қазақстанның барлық өңірлерінің дербес әлеуметтік-экономикалық дамуының экономикалық негізін нығайту;

- аймақаралық айырмашылықтарды болдырмау, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін теңестіру, сондай-ақ төтенше табиғи-экономикалық жағдайлары бар өңірлерді жан-жақты қолдау;

- елдің экономикалық кеңістігінің біртұтастығының принциптерін, тауарлардың, капиталдардың және жұмыс күшінің Қазақстанның бүкіл аумағы бойынша жылжу еркіндігін қамтамасыз ету;

- ж.б..

Әдістердің оңтайлы, үйлесімді іс- қимылы басты міндетті-қоғамның әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етуге ықпалы зор.

Мемлекеттің функцияларына келетін болсақ, олар: қажетті заңнамалық базаны құру, нарықтық экономиканың жұмыс істеуі үшін құқықтық негізді қамтамасыз ету және қазіргі экономикадағы маңызды қызмет - инновациялық және кәсіпкерлік қызметті жандандыру, инвестициялық саясатты ынталандыру. Қазіргі нарықтық экономикада мемлекет халықты әлеуметтік қорғау саласындағы кепілгер ретінде әрекет етеді. Бұл құрал халықтың аз қорғалған топтарының пайдасына кірістерді қайта бөлу қызметін атқарады. Әлеуметтік саясат маңыздылығы жағынан экономиканың мемлекеттік секторын басқару сияқты құралдан кем түспейді, өйткені ол қоғамдағы әлеуметтік шиеленістің өсуіне кедергі келтіреді және әлеуметтік қауіпсіздікке қол жеткізуге ықпал етеді. Мемлекеттік меншікті пайдалануға тиісті, ол ұзақ мерзімді міндеттерді, әсіресе елеулі капитал салуды талап ететін салаларда іске асыру үшін базалық элемент ретінде әрекет етеді [4].

Қазақстанның және оның аймақтарының АӨК-нің өзекті мәселелері 21 ғасырдың жаңа экономикалық болмысына жедел бейімделу қажеттілігімен байланысты: Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі, мұнай бағасының төмендеуі және т.б. Осыған байланысты қазіргі уақытта ұлттық экономиканың базалық құрылымын құраушы кіші жүйесі болып табылатын экономиканың аграрлық секторын мемлекеттік реттеу тетіктерінің мәні арта түсуде. Бұл ретте мемлекеттік реттеуде әкімшілік (тікелей) әдістерден жанама әдістерге ауысуы байқалады. Құқықтық мәртебесіне қарамастан, АӨК-нің барлық ұйымдары мемлекеттік реттеу объектілері болып табылады. Мемлекеттік реттеу мемлекеттік басқару ұғымымен тығыз байланысты. Басқару мен реттеу мемлекетпен заңнаманың және саланы мемлекеттік басқару органдарының бірыңғай жүйесі арқылы жүзеге асырады. Бұл жүйе өз жиынтығында мемлекеттің аграрлық саясатын іске асыру құралы болып табылады.

Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстанда он бағдарламалық құжаттар әзірленді, олардың негізінде АӨК саласындағы мемлекеттік саясат іске асырылып келеді: 1991-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған "Ауыл" әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы; 1993-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі АӨК дамытудың тұжырымдамалық бағдарламасы; 2000-2002 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту бағдарламасы; 2000-2002 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту бағдарламасы; 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық – түлік бағдарламасы; ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 2006-2010 жылдарға арналған АӨК тұрақты даму тұжырымдамасы; 2006-2010 жылдарға арналған ҚР АӨК тұрақты даму тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар бағдарламасы; 2010-2014 жылдарға арналған АӨК дамыту бағдарламасы және "Агробизнес-2017" ҚР АӨК дамыту бағдарламасы; ҚР АӨК 2013-2020 жылдарда дамыту бағдарламасы [5].

Қазіргі уақытта АӨК дамытуды мемлекеттік реттеу саясаты мынадай нысандарда іске асырылуда:

- АӨК субъектілері арасында субсидия, мемлекеттік сатып алу және т. б. түрінде мемлекеттік қолдаудың түрлі нысандарын ұсыну;
- негізгі өндірістік құралдарды-ауыл шаруашылығы техникасы паркін, жабдықтарды, мал басын жаңарту үшін жағдайларды жасайтын қаржы құралдарын қолдану;
- АӨК субъектілерінің қаржылық-кредиттік құралдарының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- АӨК дамыту жобаларына инвестиция тарту үшін тартымды жағдайлар жасау;
- өнім экспортын қолдау;
- ветеринария саласында мемлекеттік қызмет көрсету- және фитосанитариялық қауіпсіздік, бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау;
- ҚР АӨК - ні дамыту үшін қажетті инфрақұрылымды сақтау және дамыту, яғни- көліктік, су, сақтау және т. б.
- салалық ғылымды дамыту және агротехникалық білімді тарату;
- ҚР АӨК дамуын білікті басқару. Аграрлық саясатты әзірлеу әр кезеңдерде агроөнеркәсіптік өндірісті дамыту мақсаттарын және мемлекеттік экономикалық саясатты сәйкестендіруге негізделеді.

Елдің экономикалық дамуының жаһандық мақсатын нақтылау, аграрлық сектордың салалық немесе функционалдық кіші жүйелерінің мақсаттары жиынтығын есепке алу негізінде қол жеткізіледі, оны іске асыру жөніндегі іс-шараларда нақтыланған ғылыми-негізделген стратегия мен тактика әзірленеді, аралық бағдарларға қол жеткізудің мерзімдері мен өлшемдері белгіленеді.

Аграрлық саясат агроөнеркәсіптік өндірістің ауқымы мен сапалық параметрлерін оңтайландыру тұрғысынан мемлекет алдында тұрған міндеттерді шешудің тәсілі болып табылады. Аграрлық саясатты қалыптастыруға арналған база: саланы дамытудың тарихи жолдарының қарқындылығы немесе экстенсивтілігі; саланың нақты экономика секторындағы орны; нарықтың міндетті элементі ретінде саладағы бәсекелестіктің сипаты, деңгейі мен түрлері тұрғысынан талдау болуы тиіс; баға белгілеу, қаржыландыру, кредит беру, сақтандыру, салық салу және басқа да көптеген факторлар жүйесі. Олардың ең болмағанда біреуін елемеу тұтастай ел экономикасының экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізбеуге әкеп соқтыруы мүмкін.

Мемлекеттің дотациясы ауыл шаруашылығы кәсіпорнының жалпы табысында 20% - дан астам үлеске ие. Барлық тікелей төлемдер, дотациялар, субсидиялар ЕАЭО аграрлық комиссиясымен келісілген Үкімет қабылдайтын бағдарламалар шеңберінде айқындалады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жалпы табысы ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан түскен түсімнен құралады.

Экономиканың аграрлық секторын мемлекеттік реттеу әдістері жоғарыда айтылғандай тікелей және жанамаға бөлінеді, бірақ саланын ерекшелігіне қарай қолданылады. Қазіргі жағдайда агробизнес саласындағы экономикалық агенттердің жұмыс істеуіне жанама реттеудің мынадай әдістері әсер қолданылады: бірқатар тауарларға тіркелген бағалар белгілеу, квоталарды пайдаланудан туындайтын шектеулер, бақылаудың әртүрлі нысандары, сонымен қатар валюта бағамы, қызметтің түрлі түрлерін лицензиялау [6].

Экономиканың аграрлық секторын мемлекеттік реттеудің әкімшілік әдістері аграрлық нарықты бақылау, стандарттау мен сертификаттаудың ұлттық жүйесін әзірлеу арқылы экология саласын бақылау, жергілікті халықтың өмір сүру сапасының қажетті параметрлерін анықтау мен қолдау арқылы тиімді. Мемлекеттік реттеудің экономикалық әдістері агробизнес субъектілерінің мүдделеріне жанама әсер етеді: шаруашылық заңнама, салық және несие жүйелері арқылы қолдайды.

Дамыған елдердегі мемлекеттік реттеу негізінен экономикалық әдістерді қолдануға негізделген: баға, салық, несие саясаты, бюджеттік субсидиялар мен субсидиялар. Әдістердің

айырмашылықтары елдің мәдени, тарихи, географиялық ерекшеліктерімен, әлеуметтік басымдылықтарымен анықталады.

Мысалы, АҚШ-та кірістердің тұрақты деңгейіне кепілдік беретін мақсатты бағалар, кепілдік бағалар жүйесі қолданылады. Мүлік салығын есептеу кезінде оның құнының төменгі шегі пайдаланылады, одан төмен салық салу жүзеге асырылмайды. Фермалық несие жүйесімен өзара әрекеттесетін «Фермалық несие жүйесін сақтандыру корпорациясы» құрылып қызмет атқарады. Канаданың қазіргі федералды ауылшаруашылық саясатын ауылшаруашылық өнімдерінің негізгі түрлерін сатуға монополиялық мемлекеттік реттеуді қолдана отырып, жер мен өндіріс құралдары жеке меншік иелерінің өндірістік қызметінің тәсілдері, формалары мен әдістерін еркін таңдау саясаты деп сипаттауға болады.

Ресей мен Қытайдағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақстандағы реформалармен салыстырғанда осы елдердегі реформалардың ең басты ерекшелігі: агроөнеркәсіптік кешенді дамыту перспективаларын белгілеудің тиімді, нақтылық тәсілі. Бұл реттеудің әр түрлі әдістері мен формалары негізінде нақты жағдайларға байланысты әрекет етуге, кооперацияны дамытуға мүмкіндік береді. Соның арқасында шаруа (фермер) және үй шаруасы ретіндегі жеке өндірушілер ұжымдық өндірістен бөлінбеді, ал Қазақстанда шаруа (фермер) және үй шаруасы ұжымдық өндірістен алшақтанған.

ҚР агроөнеркәсіптік кешеннің басты мақсаты - ішкі нарықты 80 пайызға дейін азық-түлік және отандық өнімдермен қамтамасыз ету. Қазақстанның аграрлық секторы келесі сипаттамаларға ие: 1) ауылшаруашылық жерлерінің жалпы ауданы - 222,6 млн. га, оның ішінде 24 млн га (10,8%) егістік алқаптар, 5 млн га (2,2%) шабындықтар, 189 млн. га (85%) жайылымдар.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға республикалық және бюджеттен (ҚР ЭМ мәліметтері негізінде) 2017 жылы – 372,7 млрд. тенге; 2018 жылы – 454,4 млрд. тенге; 2019 жылы – 507,6 млрд. тенге бөлінген. Ал 2020 жылы – 660,2 млрд. тенге; 2021 жылы – 779,5 млрд. тенге бөліну жоспарлануда [7]. Осының негізінде:

- ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға еңбек өнімділігін 2,5 есеге 4,0 млн. теңгеге дейін арттыру;
- қайта өңделген өнімнің экспортын 2,7 млрд. АҚШ;
- ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемін 2 есеге ұлғайту;
- салаға негізгі капиталға инвестициялардың құйылуын 3 есеге арттыру;
- тартылған кредиттік қаражат көлемін 2017 жылғы деңгейге қарағанда 2021 жылға қарай 9 есеге ұлғайту.

Қорытынды жасай отырып, бүгінгі таңда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеуді дамытудың неғұрлым тиімді жүйесін құру үшін негіз болып табылады. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау аграрлық дотациялар, субсидиялар және тікелей төлем нысанында жүзеге асырылуы және т.б. мүмкін.

Қорытынды

Қорытындылай келе, кез келген елдер үшін біркелкі мемлекеттік реттеу құралдары жоқ екенін айтуға болады. Нақты жағдайларға байланысты мемлекет экономикаға араласудың қажетті деңгейін, құралдарын дербес айқындайды, бірақ кез келген мемлекет қоғамына тиімді өмірлік жағдай қалыптастыру мақсатында реттеу жүргізеді.

Мемлекеттік реттеуді іске асырылуын аграрлық сектордың мысалында қарастырайық. Агроөнеркәсіптік кешен (кейін АӨК) - экономиканың бірнеше салаларын біріктіретін, ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру мен қайта өңдеуге және одан түпкілікті тұтынушыға жеткізілетін өнім шығаруға бағытталған ірі салааралық кешені. Бұл ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларын қамтитын, ауыл шаруашылығы өндірісімен тығыз байланысты, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауды, сақтауды, қайта өңдеуді, оны тұтынушыларға жеткізуді жүзеге асыратын, ауыл шаруашылығын техникамен, химикаттармен және

тыңайтқыштармен қамтамасыз ететін, ауыл шаруашылығы өндірісіне қызмет көрсететін ел экономикасы салаларының жиынтығы.

АӨК мемлекеттік реттеу-бұл мемлекеттің ауыл шаруашылығы өнімдерін, шикізатты, азық-түлікті өндіруге, қайта өңдеуге және өткізуге, сондай-ақ агроөнеркәсіптік өндірісті өндірістік-техникалық қызмет көрсетуге және материалдық-техникалық жабдықтауға мемлекеттік экономикалық әсері. Ауыл шаруашылығы саласын, атап айтқанда азық-түлік нарығын қолдау мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Барлық дамыған елдерде ауыл шаруашылығын мемлекет едәуір дәрежеде реттеу арқылы қолдайды. Халық шаруашылығының бұл саласы нарыққа және бәсекелестікке аз шамада бейімделген. Сондықтан, агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу қажеттілігі бірқатар жағдайларға байланысты:

- агроөнеркәсіптік және шикізат нарықтарының макроэкономикалық жағдайға әсері;
- кірістердің экономикалық әділ бөлінуін қамтамасыз ету саласындағы нарықтың құлдырауы;
- табиғи факторлардың ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігіне әсері;
- ауылдық аумақтардың демографиялық рөлі.

Осы тұрғыда, АӨК мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері -агроөнеркәсіптік өндірісті дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, рыноктарды реттеу және ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа да салалары арасындағы экономикалық тепе-теңдікті қолдау, экономиканың аграрлық секторын басқарудың тиімді жүйесін құру және секторда бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты іске асыру, отандық тауар өндірушілерді қорғау және басқалар жатады.

Әдебиеттер тізімі

1. Теория и практика агробизнеса/ Под ред. Оспанов М.Т., Аутов Р.Р., Ертазин Х. Алматы: «СП «Франклин», 2017, 215 с.
2. Молдашев А.Б., Никитина Г.А. Проблема формирования экспортных ресурсов мясного животноводства в Казахстане. Проблемы агрорынка, 2016, №2, С. 7-15
3. Сихимбаева Д.Р., Абдраимова К.К., Балгимбеков Д.У., Талимова Г.У., Байгожина Г.М., Мусаева Э.А., Научные подходы к исследованию проблемы устойчивого развития аграрного сектора экономики // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. 2015, № 11-1, С. 93-97.
4. Джакишева Р.У. Развитие аграрного сектора в условиях модернизации экономики// Вестник, КазНПУ, №3, 2013, С. 3-6.
5. Галанов Е. А. Механизмы и методы государственного регулирования аграрного сектора экономики // Молодой ученый, 2017, №49, С. 168-170.
6. Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021г. Доступно на: <http://adilet.zan.kz/> (от 30 апреля 2020г.)
7. Абрамова И.Е. Роль государственного регулирования аграрного сектора России в условиях инновационного развития // Современные научные исследования и инновации, 2017, № 3, С.66-71.

Аннотация

Любая современная экономическая система не может нормально функционировать без государственного регулирования. За всю историю своего существования и развития государство не только поддерживает дисциплину, национальную оборону, но и выполняет определенные функции в сфере экономики. В настоящее время государство учитывает интересы государственных предприятий, а также частных фирм, поддерживает нормальное функционирование рынка и обеспечивает правопорядок в экономике страны. Таким образом, можно констатировать, что государственное регулирование представляет собой систему мер законодательного, исполнительного и контрольного характера, осуществляемых государственной властью, направленных на обеспечение эффективного развития. Любое государство регулирует экономику для устойчивого экономического

развития. В статье изложены научно-теоретические основы государственного регулирования экономики, необходимость. Научно изучены общие цели, задачи, особенности, методы государственного регулирования экономики, в том числе в аграрном секторе, проанализированы показатели развития данной отрасли.

Abstract

Any modern economic system cannot function normally without state regulation. Throughout the history of its existence and development, the state not only supports discipline and national defense, but also performs certain functions in the sphere of economy. Currently, the state takes into account the interests of state-owned enterprises, as well as private firms, supports the normal functioning of the market and ensures law and order in the country's economy. Thus, it can be stated that state regulation is a system of legislative, Executive and control measures implemented by the state authorities aimed at ensuring effective development. Any state regulates the economy for sustainable economic development. The article presents the scientific and theoretical foundations of state regulation of the economy, the necessity. The General goals, tasks, features, and methods of state regulation of the economy, including in the agricultural sector, are scientifically studied, and the indicators of development of this industry are analyzed.

ӘОЖ (336.11)

А.А. Омарова

магистрант, Шымкент университеті, Шымкент, Қазақстан

ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТАҒЫ ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚАРЖЫ-НЕСИЕЛІК ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Түйін

Әлеуметтік бағыттағы кәсіпкерліктің қолданып отырған әдістері көптеген қазақстандық шағын және орта бизнесті кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік қолдау мәселелері басқарушы меншік иелерінің қажеттіліктеріне сәйкес келмеуіне негізделген. Әлеуметтік бағыттағы кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік қолдау мәселелеріне келетін болсақ бүгінгі өркениетті дүние жүзілік экономикалық даму жолдары кәсіпкерліктің экономикаға үлкен үлес қосатын және тұрақты дамуына күмән келтірмейтіндей салалардың бірі болып табылу қажет. Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына және оның өсуіне, ұлттық табыстың, жалпы ішкі өнімнің, жалпы ұлттық өнімнің, жұмыспен қамтылуы дәрежесінің және тағы басқа да көрсеткіштерінің артуына әсер ететіні анық. Қазіргі кезде елімізде әлеуметтік бағыттағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға елімізде барынша көңіл бөлініп отыр. Әлеуметтік бағыттағы кәсіпкерліктің дамуының негізгі көзі ретінде банктік несиелік үлкен роль атқарады. Әлеуметтік бағыттағы фирмаларын коммерциялық банктер арқылы несиелеуі – ұлттық экономикамыздың өсуіне үлесі бар, мұндағы банктердің атқаратын, өзінің қызметтерін қаржылық секторы, яғни экономиканың ажырамас бөлігі ретінде қарастырған жөн болып табылады. Бұл кәсіпкерліктің дамуы мемлекеттің, экономикалық агенттердің шаруашылық жағдайы үшін өте пайдалы әрі тиімді және де осы бағытқа көп көңіл бөлу қажеттілігі орын алып отыр.

Кілттік сөздер: Әлеуметтік бағыт, кәсіпкерлік, қаржылық, несиелік, тәжірибе, экономикалық қатынастар, тұлға

Кіріспе

Қазіргі кезде капиталды жұмсауы бәсекесінің артуынан көрініс табады. Екінші деңгейлі банктері қарыз алушылары үшін несиелерін алуына жеңілдіктер арқылы беру процессін бастады, яғни несиелік беру процессі ықшамдалынып, пайыздық ставкалары төмендеуінің тенденциясы байқалынып отыр. Бұл негізінен, әлеуметтік бағыттағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағдарламалары арқылы және де екінші деңгейлі банктердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жасалып отырған шаралар деп түсінуге болады.

Қысқа мерзімді, айналымының капиталының толықтыруы мақсатына бөлінген несиелері несиелік портфельдің көлеміне әсерін тигізеді. Екінші деңгейлі банктер ішкі

несиелік саясаттарынң ережелеріне сай несиелік талдауының әдістемесін жасау арқылы, оны маркетингтік жоспарына сәйкестендіріп несиелендіру салаларына несиелік қабілеттіліктерінің анықтауынан қолдану қажет екендігін анықтап несиелендіру, яғни қаржылық-несиелік мәселелерін қарастырып отыр. Белгілі бір жоба арқылы банктердің шағын бизнесті несиелеуіне, несиелеуі механизмдерінің өзекті проблемаларын әлемдік тәжірибеден қолданылатын әдістемелік нұсқауларын құрастыруда. Банктердің кәсіпкерлікті қаржылық несиелік қолдау арқылы несиелеуі ұсынуының тиімділігін арттыруы, ынталылығын көтермелеуі, Қазақстан экономикасының жағдайына сәйкестендіруі механизмдерін жетілдіруі бүгінгі күннің негізгі талабы болып табылады.

Теориялық бөлім

Шағын бизнестің негізгі мақсаты – халықты жұмыспен қамту, оның әлеуметтік мәселелерін шешу, еңбекке деген белсенділігін дамыту, тұтыну нарығын көп ассортиментті тауарлармен, қызметтермен толықтыру. Шағын кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру мақсатымен Қазақстан азаматтарына жайлы құқықтық және экономикалық жағдай туғызу үшін бірнеше заңдылық және ұйымдастыру – экономикалық шаралар жасалды. Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» жарлыққа қол қойды. Президент бұл бағдарламаны бекіте отырып, бір мерзімде оны іске асыру шараларының жоспарын жасап, бекіту жөнінде үкіметке тапсырма берді. Елімізде шағын кәсіпкерлікті қалыптастырып, дамыту жүйесі әлі де жүріп жатыр. Шағын кәсіпкерлік әлі іске жаратылмаған әжептәуір қаржы-қаражаттарын тиімді жұмылдыратын басты құралдардың бірі. Осындай кәсіпкерліктің болмауынан осы ресурстар пайдаланылған болатын еді. Шағын кәсіпкерлік бәсеке күресін қалыптастыруда айтарлықтай үлес қосады, бұл кез келген мемлекеттің жоғары деңгейінде монополиялық экономикасы жағдайында бірінші кезекте тұратын маңызды ерекшеліктерінің бірі.

Шағын кәсіпкерлік халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуде үлкен рөл атқарады. Өнеркәсібі дамыған елдерде оның үлесіне барлық жұмыспен қамтамасыз етілгендердің 50-60% және жаңа жұмыс орындарының 70-80 % келеді. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек үзелдер мен механизмдерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін. Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін. Бірақ ескертетін жағдай кейбір тауарларды шығару, қызмет атқару тек мемлекеттік кәсіпорынға жүктеледі, ал кейбір тауарларды өндіру үшін арнайы рұқсат керек етеді. Кейінгі онжылдықтарда экономикасы дамыған Батыс елдерінде бәсекенің дамуы әсерінен шағын және орта бизнес рөлі арта түсті. Мұның басты себебі-экономикалық сектордың кәсіпорындарына тән артықшылықтар. Тұрақты экономикалық жүйеде шағын және орта кәсіпкерлік: динамикалық түрде дамуы мүмкін, тұтынушылардың сұранысының өзгеруіне төзе бейімделе алады, бәсекелес нарықтық қатынастарға ықпал етеді, экономиканың құрылымдық қайта құрылуына әсер етеді, жаңа жұмыс орындарын ашады, жаңа кәсіпкерлік топ пен меншік иелерінің құрылуына жағдай жасайды, елдің жалпы ұлттық өнімінде үлкен үлеске ие бола алады, мемлекеттік бюджетке үлкен қаржы сомаларын береді. Дамыған елдерде шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорындар мынадай салаларда басым рөл атқарады: сауда, автосервис, құрылыс, қызмет көрсету салалары. Қазір шет елдерде шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорындар жоғары технологиялық сфераларға: машина құрылысы, энергетика, электротехника, химиялық өнеркәсіп, транспорттық қызмет, информатика, микроэлектроника, телекоммуникация салаларына әртараптандырылып жатыр. Қазіргі кезде дамушы мемлекеттердің едәуір бөлігінің экономикалық саясатының негізгі бағыты экономикасы дамыған елдер тәжірибесі мысалында ұсақ өндірісті дамыту және оның орта және ірі кәсіпкерлікпен байланысын нығайту болып табылады. АҚШ шағын және орта бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер басқармасының классификациясы бойынша

шағын және орта бизнес субъектілеріне: жұмыскерлер саны 500-ге дейін болатын өндірістік және сауда кәсіпорындары, ал басқа салалар үшін-жылдық табысы 2 миллион долларға дейін болатын кәсіпорындар жатады. АҚШ-та тіркелген кәсіпорындардың 97%-на жуығы шағын және орта бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер қолдауға ие. АҚШ-та шағын және орта бизнес қоғамда кәсіпкерлік, бәсекелестік атмосферасын несиелендіріп оны дамытуға үлкен үлес қосады. Мемлекет тарапынан болатын шектеулер кәсіпкерлікке кедергі келтіреді. Сондықтан да АҚШ конгресі шағын және орта бизнеске тікелей несие беріп бақылау жасайды. Конгресс шағын және орта бизнесті несиелендіру және дамыту мақсатында бірнеше программа жасады. Шетелдік тәжірибеге қарап, Республикамызда атқарылатын несиелендіру іс-шараның әлі көп екенін байқауға болады. «Шағын және орта бизнесті несиелендіру туралы» заң атқарылатын іс-шаралардың бастамасы ғана, экономиканың бұл секторын көтеру үшін жүйелі түрде жұмыс атқарылуы керек. Республикамызда шағын және орта бизнеске кәсіпкерлеріне қағаз жүзінде емес, шет елдегі сияқты нақты көмек қажет, яғни қаржылай төмен пайызбен несие, несие алу жолдарын жеңілдету, мемлекет бюджетінен тікелей қаржыландыру, лизингтік несиелеу бойынша көмек жасау керек [1-2].

Тәжірибелік бөлім

Бүгінде Оңтүстік Қазақстан облысында 2018 жылдың қорытындысымен жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 173 мың 790-ға жетіп отыр. Бұл республика бойынша үлестің 14,6 пайызына жетіп, облыстар арасында бірінші орынды иеленді. Өңірдегі шағын және орта бизнестің дамуына үлесін қосып келетін Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы бір жыл ішінде 37 232 кәсіп иесіне несиелік қолдау көрсеткен. Сонымен қатар, «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы аясында өз ісін бастаймын деген 2 339 азаматқа 6,6 млрд.теңге көлемінде несие берілген. Өткен жылдың тоғыз айында ШОК субъектілерімен өндірілген өнім көлемі 627,6 млрд. теңгені құрап, 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 44 млрд. теңгеге немесе 7,5%-ға өскен. «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының іске асырылуынан бастап жалпы құны 628,3 млрд. теңгені құрайтын 1 300 жоба мақұлданып, 17 981 жұмыс орны ашылды. Оның ішінде, 2018 жылы 146,2 млрд. теңгеге 303 жоба іске қосылып, 2 126 жұмыс орны құрылды. Ал, кәсіпкерлікті қолдау мақсатында, «Оңтүстік» аймақтық инвестициялық орталығы жобаларды 7% мөлшерінде несиелендіруде. Ауылдар мен шалғайдағы елді мекендердегі кәсіпкерлікті қолдайтын орталық 2018 жылы 7,4 млрд. теңгені құрайтын ауыл шаруашылығы бағытындағы 2024 жобаны қаржыландырған. Нәтижесінде 1 635 тұрақты және 3 мыңға жуық маусымдық жұмыс орындары ашылды [3].

Қазіргі кездегі республикадағы шағын және орта бизнесті несиелеуді дамытуға кедергі болып отырған негізгі факторлар мыналар:

- несие алу барысындағы шарттардың қатал болуы;
- несиенің мерзімі мен пайыздық ставкаларының бизнеске қолайсыздығы;
- несиені рәсімдеу процедурасының ұзақтылығы және оны сақтандыру қажеттігі;
- коммерциялық банктердің кепілге қоятын талаптарының жоғарылығы;
- әлемдік несие нарықтарындағы дағдарыстар әсерінен несиелік ресурстарға қол жеткізу қиындықтары және коммерциялық банктердің жеке ресурстарының аз болуы;
- мемлекеттік инвестициялық-несиелік институттардың ресурстарының тиімсіздігі;
- мемлекеттің қазына қоры арқылы шағын және орта бизнесті несиелеуге бөліп отырған қаражатының аз болуы және оның шарттарының қолайсыздығы [4].

Қазақстан Республикасында енді ғана жанданып келе жатқан шағын бизнеске несие беретін субъект - екінші деңгейдегі коммерциялық банктер болып табылады. Коммерциялық банктер көбінесе заңды гүлғаларды және қысқа мерзімді несиелеуді жақтайтыны - тарихи қалыптасқан жағдай. Банктер кез келген уақытта, қарыз алуға ниет білдірген субъектілерді несиелеген кезде пайда болатын несиелік тәуекелге ұшырайды. Жалпы отандық несиелеу тәжірибесі көрсеткендей банктердің кәсіпорындарды қаржыландыру кезінде келесідей факторлар өз әсерін тигізеді. Банк несиелерді қайтарымдылық, жеделдік, тиімділік

принциптерін қатаң сақтау, несиелерді мақсатты пайдалану мен заңда қарастырылған және екі жақпен келісілген жағдайда коммерциялық негізде береді. Шағын және орта бизнестің күрделі мәселелерінің бірі- несиелік ресурстарды алудың қиындығы. Өйткені, несие алу үшін кепілге қоятын мүлік, бизнес-жоспар дайындауда қиыншылықтар жеткілікті [5].

Нәтижелер мен талқылау

Республикамызда шағын бизнесті дамыту үшін мынадай шараларды жүргізу керек:

- салық салу базасын жетілдіру;
- салықтың түрлерін анықтауға қатысты салық заңдарына өзгерістер енгізу;
- қаржы операцияларын жүргізуге мұрындық болатын салық ставкаларын азайту және соған сәйкес тиісті салықты төлеуді жетілдіру;
- несие беру мерзімдерін ұзарту және аймақтық мәні зор шағын өндірістік кәсіпорындар үшін пайыздық ставкаларды төмендету арқылы отандық өндірістерді ынталандыру және сапасы төмен арзан қолды тауарларды тасып әкелуге тосқауыл қою;
- шағын бизнесті несиелендіру механизмдерін жетілдіру үшін лизингтік несиелерді, венчурлық қаржыландыру, факторинг, сонымен бірге, кепілдік қорларды құру және өзара несиелендіруді қалыптастыру жолдарын ұсынамыз[6].

Сонымен қатар, шағын және орта бизнесті несиелеудің және қаржыландырудың мынадай жүйесін құруды ұсынуға болады:

- Ең басты міндет – ол шағын және орта кәсіпорындарын несиелеу мен қаржыландыру көлемін ұлғайту;
- Елдің барлық аймақтарында несиелік мекемелердің желісін кеңейту бойынша нақты шараларды қолға алу;
- Шағын бизнес субъектілерінің қарыз қаражаттарға қол жеткізу мүмкіндіктерін құру үшін Үкімет, өкіметтің аймақтық органдары шағын және орта бизнес кәсіпорындары алатын несиелердің кепілдендірілген жүйесін құру;
- Банк қызметін қайта құру керек. Мемлекеттің шағын және орта бизнесті несиелеу мен қаржыландыру бойынша саясатын жүргізуге маманданған банктер мен қаржы ұйымдарының жүйесін қалыптастыру;
- Қарыз алушының несиелік тарихын жинақтайтын несие бюросын құру қажет[7].

Қорытынды

Қазақстандағы екінші деңгейлі банктердің де өз ресурстарын нарықтық экономика талаптарына сай тиімді жүргізіп, басқару ғана оң нәтижелерге алып келетіндігін байқадық. Сондықтанда банктер ақша қаражаттарын шоғырландырып ғана қоймай, тиімді жұмсауда халықтың ақша қаражатқа деген ұсыныс-сұраныспен жұмыс жасауы тиіс. Банктердің нарық ұсыныс – сұраныстарымен жұмыс жүргізбеуі өз кезегінде екінші деңгейлі банктердің банкротқа ұшырауына, бір біріне қосылуына әкеп соғып отыр. Банктерге сондай-ақ, қазіргі таңдағы әлемдік дағдарыста теріс ықпалдарын тигізуде.

Екінші деңгейлі банктердің нақты экономика секторында өз қаржылық ресурстарын тиімді жұмсауын қамтамасыз ететін іс-шаралар мен жетілдіру ұсыныстары берілді. Зерттеу жұмысына келесідей міндеттер шешілді:

- Қазақстандағы шағын және орта бизнеске банктік несие беру процесстерін оңтайландырудың теориялық әдістемелік негіздерін айқындау жүргізілді;
- Қазақстандағы шағын және орта бизнеске банктік несие беру процесстерін оңтайландырудың қазіргі таңда орын алып отырған қаржылық тапшылықтарын мен жетістіктерін сараптау анықталды;
- Қазақстандағы шағын және орта бизнеске банктік несие беру процесстерін оңтайландырудың орталықтан, жергілікті және аудандар деңгейіндегі қызметтерін талдау жүргізілді;
- Қазақстанның ҰБ қызметі аясында орталық бюджет пен аймақтық бюджет қарым қатынастарын сараптау және іс-шаралар жүйесін жетілдіру ұсынылды;

- Қазақстандағы шағын және орта бизнеске банктік несиелер беру процесстерін оңтайландыруды нарық талаптарына сай ұйымдастырудың іс-шаралары ұсынылды.

«Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асыру ұзақ мерзімді жоспарлаудағы элементтердің бірі болып табылады. Стратегияның қаржы секторының ұзақ мерзімді перспективада еркін дамуын айғақтайтын міндеттерінің бірі – инфляция деңгейін экономиканың өсуі үшін қолайлы деңгейде ұстап тұру екендігіне назар аудартты. Бұл тұжырымдаманың негізгі мақсаты бәсекеге қабілетті қаржы секторын құру және оның экономикалық ынтымақтастықпен даму ұйымдарының стандарттарын қоса алғанда, үздік халықаралық стандарттар негізінде экономиканың ресурстарды қайта бөлудегі тиімділігін арттыру екені мәлім. Сондықтан, тұжырымдамадағы іске асырылуға тиіс бірқатар міндеттерді айтып өтейін. Әуелі күйзелістер туындаған жағдайда қаржы жүйесінің орнықтылығына қолдау көрсету қоғам мен мемлекеттің шығыстарын төмендету болмақ. Мұнымен қатар, экономикалық ықпалдастық жағдайында қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеті де өте маңызды. Қаржы жүйесінің сапалы дамуы үшін инфрақұрылымды жетілдіру және оңтайландыру да тұжырымдамада көзделген.

Әдебиеттер тізімі

1. Инвестиция негіздері: Оқулық / А.С. Асилова. Алматы: «Master Print» баспасы, 2019, 252 б.
2. Богомолов О.Т. Мировая экономика в век глобализации: учебник. М.: ЗАО «Издательство», «Экономика», 2007, 113 с.
3. Четыркин Е.М. Финансовые риски: науч. практич. Пособие. М.: Издательство «Дело» АНХ, 2008, 176 с.
4. Корғасбаев Ж.К., Сигарев М.И., Осрикова Д.К. Финансирование и кредитование инвестиций.: Учебное пособие. Алматы: Кайнар, 2002, 118 с.
5. Хохлов Н.В. Управление риском: Учеб. пособие. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005, 239 с.
6. Синки Дж. Финансовый менеджмент в коммерческом банке и в индустрии финансовых услуг. Пер. с англ. Москва.: Альпина Бизнес Букс, 2007, 1018 с.
7. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (10 қаңтар 2018ж.)

Аннотация

Используемые методы предпринимательства социальной направленности основаны на несоответствии многих казахстанских вопросов финансово-кредитной поддержки малого и среднего бизнеса потребностям управляющих собственников. Что касается вопросов финансово-кредитной поддержки социально-ориентированного предпринимательства, сегодняшние цивилизованные мировые экономические пути развития должны стать одной из отраслей, которые вносят большой вклад в экономику и не ставят под сомнение стабильное развитие предпринимательства. Очевидно, что будет способствовать устойчивому развитию и росту экономики Казахстана, повышению национального дохода, валового внутреннего продукта, валового национального продукта, степени занятости и других показателей. В настоящее время в стране уделяется большое внимание развитию малого и среднего предпринимательства в социальной сфере. Большую роль в развитии социально-ориентированного предпринимательства играет банковский кредит. Кредитование фирм социальной направленности через коммерческие банки-вклад в рост национальной экономики, где банки должны рассматривать свои функции как финансовый сектор, то есть неотъемлемая часть экономики. Развитие этого предпринимательства очень выгодно и выгодно для хозяйственного положения государства, экономических агентов и имеет место необходимость уделять большое внимание этому направлению

Abstract

The used methods of social entrepreneurship are based on the inconsistency of many Kazakh issues of financial and credit support for small and medium-sized businesses with the needs of managing owners. As

for the issues of financial and credit support for socially-oriented entrepreneurship, today's civilized world economic development should become one of the sectors that make a great contribution to the economy and do not question the stable development of entrepreneurship. It is obvious that it will contribute to the sustainable development and growth of the economy of Kazakhstan, increase national income, gross domestic product, gross national product, employment and other indicators. Currently, the country pays great attention to the development of small and medium-sized businesses in the social sphere. Bank credit plays an important role in the development of socially-oriented entrepreneurship. Lending to social firms through commercial banks is a contribution to the growth of the national economy, where banks should consider their functions as a financial sector, that is, an integral part of the economy. The development of this business is very profitable and beneficial for the economic situation of the state and economic agents, and there is a need to pay great attention to this direction

ӘОЖ 336.66:336.1(574)

Т.Ж. Сапаралиев, Н.Т. Кальбаева, Ж.М. Таубай

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

студент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

Түйін

Мақалада Астана Халықаралық қаржы орталығын құрудың мақсаты мен міндеттері, негізгі халықаралық қаржы орталықтарын құрудың ғылыми теориялық негіздері мен экономикалық сипаты анықталып, қазіргі кездегі халықаралық қаржы орталықтарының әлемдік деңгейдегі ролі мен қызметі, негізгі «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметі талдау жасалып, оның жеткен жетістіктері және басқа бәсекелестерімен салыстырғандағы артықшылықтары мен кемшіліктері, қазіргі кездегі негізгі мәселелер мен оны шешудің жолдары мен бағыттары ұсынылды. Қазіргі кездегі «Астана» қаржы орталығының қызметін кеңейту және әлемдік деңгейдегі қаржылық орталық сапасындағы ролін арттыру үшін келесі бағыттарда жұмыстар жүргізу қажет: қазіргі кездегі заманауи қаржылық құралдар блокчейндер және криптовалюталарды қолданудың механизмдерін дайындау және олардың өтімділігін қамтамасыз ету, орталықтың өз қызметін географиялық өлшемі бойынша кеңейту үшін Еуразиялық қауымдастыққа мүше елдермен, сонымен қатар, Таяу Шығыс елдерін қаржы орталығына тарту қажеттілігі, болашақта табыстылығын арттыру мақсатында, заман талабына сай қаржы құралдарын пайдаланудың заңдық және нормативтік базаларын тұрақты түрде жаңартып отыру мүмкіндіктері мен жолдары қаралды.

Кілттік сөздер: халықаралық қаржы орталығы, инвестиция, инвестор, қаржылық технологиялар, исламдық қаржыландыру, электрондық коммерция, криптовалюта, блокчейн

Кіріспе. Қазақстан елінің тәуелсіздік алғаннан бастап, экономикалық дамуындағы өзекті мәселелерінің бірі – ел экономикасына қажетті инвестициялар тарту маңызды болса, қазіргі кезде ол инвестициялар тек қана экономиканы дамытпай, сонымен қатар, халықаралық деңгейде қаржылық инвесторларды тартатын, халықаралық деңгейде өзіндік орны бар қаржы орталығын құру- бүгінгі күнгі еліміздегі стратегиялық ауқымды бағытты құрайды.

Осы бағыттағы Қазақстан Республикасының қаржы орталығын құру тәжірбиесі бірінші емес, 2005 жылы еліміздегі негізгі қаржы институттары мен мекемелердің, басқа қаржылық зейнетақы және сақтандыру ұйымдары мен компанияларының басты ғимараттары 85-90% Алматы қаласында шоғырлануына сәйкес және бағалы қағаздар мен қаржылық

операцияларды жүргізуші негізгі оператор Қазақстан Қор биржасы осында орналасуына қарай Алматы өңірлік қаржы орталығы құрылды. Бірақ 2007-2009 жылдардағы әлемдік деңгейдегі қаржылық дағдарыстың әсерінен, сонымен қатар, басқарушылық және ұйымдастырушылық жұмыстардың тиянақты болмау әсерінен, шын мәнінде Алматы өңірлік қаржы орталығының дамуы үшін барлық қажетті инфрақұрлымы мен жағдайлар болғанымен, қызмет нәтижелері табыстылығы бойынша төмен болды.

Жалпы, Астана Халықаралық қаржы Орталығының мақсаты- жетекші халықаралық қаржылық қызметтер көрсету орталығын қалыптастыру болып табылады.

Орталықтың мақсатына сәйкес келесі міндеттерді орындау қажет:

1) қаржылық қызметтер көрсету саласына инвестициялау үшін тартымды орта жасау арқылы Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесу;

2) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту, оның халықаралық капитал нарықтарымен интеграциялануын қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасында сақтандыру, банктік қызметтер көрсету, исламдық қаржыландыру нарығын, қаржылық технологияларды, электрондық коммерция мен инновациялық жобаларды дамыту;

4) озық халықаралық практикалар негізінде қаржылық және кәсіби қызметтер көрсетуді дамыту;

5) қаржы орталығы ретінде халықаралық танылуды иемдену болып табылады [1].

Осы мақсатқа сәйкес еліміз өзінің дамуының жаңа сатысы – бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың «100 нақты қадамы» ұлт жоспарының «Индустрияландыру және экономикалық өсім» атты бағытында Мемлекет басшысы «Астана ЭКСПО – 2017» инфрақұрылымдары негізінде, арнайы мәртебесі бар «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру міндетін алға қойған еді. Осы орайда Ұлт жоспарының 70, 71, 72-і қадамдарын іске асыру мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» ҚР заңы қабылданды. Осылайша, ерекше мәртебеге ие халықаралық құқықтық қаржы орталығы өмірге жолдама алып, биылғы 2018 жылдың бірінші қаңтарынан бастап оның органдары ресми түрде іске кірісті [2].

«Астана» халықаралық қаржы орталығы өз қызметі аясында Орталық Азия, Кавказ республикалары, Еуразиялық экономикалық одақ, Таяу Шығыс елдері, Батыс Қытай аумағы, Моңғолия мен Еуропа секілді орасан аумақты қамтитын және инвестициялық ахуалды оңтайландырып, елімізге шетелдік қаржы құралдарын тарту, Қазақстанда ғана емес, тұтас өңірде активтер мен капиталдарды басқару нарығын дамытуға ықпал етеді.

Теориялық талдау. Халықаралық қаржы орталығының ғылыми теориялық негізі мен анықтамасына келетін болсақ, ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ –десе де болады. Мысалы, Е. В. Семенцова: «Халықаралық қаржы орталығын капиталдың трансшекаралық ағыны шоғырланған әлемдік қаржы нарықтарында, қаржы институттарында, халықаралық валютада, кредиттерде және қызметтерде байланыстырушы буын ретінде қарастырады»[3].

Экономика ғылымдарының докторы Ю.Н Гусевтің пікірі бойынша: "халықаралық қаржы орталығы" термині қаржылық өнімдер мен қызметтердің трансшекаралық саудасы саласындағы халықаралық валюта-қаржы қатынастары мен халықаралық қатынастарды дамытуға жауап береді [4]- деп біршама қызығушылық тудырады.

Экономика ғылымдарының кандидаты В.В Климачев өзінің диссертациялық жұмысында: «халқаралық қаржы орталығын жаһандық экономикаға қол жеткізу үшін, оған кіруші субъектінің ойын ережесін белгілеп, оның іс-қимылын реттеуші және бақылау жасайтын ерекше қаржылық –экономикалық құрлым ретінде [5]- анықтайды.

Ресей банкінің қаржылық тұрақтылық Департаментінің директоры С.Р. Моисеев: «халықаралық қаржы орталығы артық жинақтары бар мемлекет пен инвестиция тапшылығы бар мемлекеттерді сипаттайтын, елдер арасында капиталды қайта бөлетін алаң» [6]. -деп атап өтті. С.Б. Пахомовта осыған ұқсас пікірді: «халықаралық қаржы орталығын капиталды сатушы және сатып алушылар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін өзіндік

алаң»-ұстанып отыр [7]. Әрине, бұл пікірлер мен анықтамалардың бәрі де халықаралық қаржы орталығының қызметін толық сипаттамайды. Сондықтан, берілген анықтамалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін есепке ала отырып, біз келесі өзіміздің анықтаманы ұсынамыз: халықаралық қаржы орталығы белгілі бір аумақтық деңгейде бағалы қағаздар мен қаржылық өнімдер мен қызметтерді сату мен сатып алу және сол аймақтың инвестициялық мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін, қаржы ресурстарын тиімді бөлу және қайта бөлуге мүмкіндік беретін қаржылық қызмет көрсету орталығы.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақстанда халықаралық қаржы орталығын құру - экономика өсімін қамтамасыз ететін басты бағыттардың бірі ретінде өзіндік маңызды бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. Көптеген сарапшылар «Астана» қаржы орталығының басымдығы ретінде Қазақстанның географиялық орналасу ерекшелігін атап өтеді. Өйткені, осындай заманауи қуатты қаржы институты Орталық Азия өңірінде ғана емес, тұтастай Еуразиялық экономикалық одақ аясында экономикалық-қаржылық қарым-қатынастарды арттыруға жол ашатын бірден бір жоғары ұйымдастырылған нарық. Шындығында, қазіргі уақытта Еуразия кеңістігінде де, Орталық Азия өңірінде де әлемдік стандарттарға сай қызмет ететін қаржылық орталықтар жоқ. «Астана» халықаралық қаржы орталығы 2018-2019 жылдары бірқатар жетістікке жетті. Қазақстанның астанасы алғаш рет Қаржы орталықтарының жаһандық индексіне 2018 жылдың қаңтар айында (GFCI 23) кіріп, әлемнің 96 қаржы орталығының арасынан 88-ші орынға ие болса, 2019 жылыдың басында 61 –ші орынды иеленді. Ал 2019 жылдың соңғы айларында 51-ші орынға дейін көтерілді [8].

Қазақстан – Орталық Азиядағы ең ірі экономикасы бар тұрақты және гүлденген мемлекет. Тәуелсіздік алғаннан бері республиканың жалпы ішкі өнімі айтарлықтай өсті. Соңғы 20 жылда осы көрсеткіштің орташа жылдық өсу қарқыны шамамен 6% құрады, бұл экспорттық көрсеткіштердің артуына және халықтың нақты табысының өсуіне орай ішкі тұтынушылық сұраныстың өсуіне байланысты.

2018 жылы Қазақстанның ЖІӨ 170,5 млрд. АҚШ долларына жетті, еліміз жан басына шаққанда 9,3 мың АҚШ долларды құрайтын ЖІӨ-нің көрсеткіші бойынша өңірдің көшбасшысы болып отыр.

Елдің халықаралық резервтері 2018 жылдың қорытындысы бойынша 88,9 млрд. АҚШ долларын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері 58 млрд. теңгені, ал Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерінің мөлшері 30,9 млрд. АҚШ долларын құрады.

Жан басына шаққандағы және ЖІӨ-ге қатысты тікелей шетел инвестицияларын тарту рейтингінде Қазақстан биыл Орталық Азия өңірінде бірінші орынды иеленді.

Дамушы елдер мен өтпелі экономикасы бар елдерге инвестициялар көлемінің азаюына алып келген халықаралық инвестициялық климаттың тұрақсыздығына қарамастан Республика шетелдік инвесторлар үшін өзінің тартымдылығын сақтап қалды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша елімізге тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 24,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Тұтастай алғанда тәуелсіздік жылдарында еліміз 320 млрд. АҚШ доллары көлемінде шетелдік инвестиция тартты. Бұл көрсеткішке елдегі қолайлы іскерлік ахуалдың арқасында қол жеткізілді – қазіргі уақытта

Қазақстан кедендік баж салығынан босату, импортқа ҚҚС, мемлекеттік заттай гранттар, салықтық преференциялар, инвестициялық субсидиялар сияқты инвестициялық жеңілдіктер ұсынады, осының нәтижесінде елге тікелей шетелдік инвестициялардың үлкен көлемінің тұрақты ағыны жүзеге асты 2019 жылы Дүниежүзілік банктің «Бизнес жүргізудің жеңілдігі» рейтингі бойынша Қазақстан алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 8 орынға көтеріліп, әлемнің 190 елінің ішінен 28-ші орынға ие болды.

Қазақстан рейтингте Орталық Азия елдері мен Ресейді озып келеді, миноритарлық инвесторларды қорғау көрсеткіші бойынша әлемде бірінші орында тұр және келісім шарттардың сақталуын қамтамасыз ету және бизнесті ашу жеңілдігі сияқты көрсеткіштер

бойынша реформаларды ойдағыдай жүзеге асыруда. Салықтарды төлеу үшін қолайлы режим санатында еліміз 56-шы орында тұр.

«Астана» қаржы орталығы Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті (AFSA) Ислам қаржылық қызметі жөніндегі кеңесінің (IFSB) мүшелігіне өтті. Комитеттің IFSB-ға мүше болып қабылдануы АХҚО-ның Еуразиядағы Исламдық қаржы орталығына айналу жолындағы басты міндетінің бастауы болып табылады. Исламдық қаржы қызметі жөніндегі кеңестің толыққанды мүшесі болу Еуразия кеңістігінде Исламдық қаржы индустриясын дамытуға тікелей жол ашты.

АХҚО-ның халықаралық ауқымда жемісті жұмыс атқаруына ағылшын құқығының қағидаттары және қаржы орталығының ресми тілі – ағылшын тілі болуы жоғары мүмкіндіктер беріп отыр. Мәселен, бүгінде әлемдегі ең ірі Лондон, Нью-Йорк, Гонконг және Сингапур қаржы орталықтары ағылшын құқығы бойынша жұмыс істейді.

Еуразия кеңістігінің шежіресінде алғаш рет әлемдік ірі қаржы институты – «Астана» халықаралық қаржы орталығының жұмысын қарқынды даму үстінде. Орталықтың межелеп алға қойған асулары да биік. 2020 жылы АХҚО Азия құрлығындағы ең ірі 10 қаржы орталығының құрамына кірмек. Сонымен бірге, АХҚО қазақстандық компанияларға қаржылық және сервистік қызмет көрсетуді дамытудың драйвері болуы қажет. Таяудағы 7-10 жыл көлемінде АХҚО аумағында 18 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Оның ішінде 2-3 мың жұмыс орны қазақстандық қаржыгерлер, заңгерлер және басқа мамандық иелеріне тиесілі. Жоғарыда атап айтқанымыздай, қазір АХҚО-ның қор биржасы толыққанды жұмыс істеп тұр [9].

Қорытындылар. Қортындылай келе, қазіргі кездегі «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметі жоғары деңгейде, қарқынды даму үстінде десекте болады. Негізгі 2018-2019 жылдар аралығындағы жеткен жетістігі 88 орыннан 51 орынға дейін Қаржы орталықтарының жаһандық индексі бойынша көтерілуі, жоғары нәтижені білдіреді. осындай жоғары нәтижеге қол жеткізуі орталықтың географиялық орналасу бойынша тиімді және қазіргі талаптарға сай заманауи қаржы құралдары мен технологияларын қолдануымен байланысты. Сонымен қатар, Қаржы орталығының құқықтық және сот жүйелері, әлемдегі барлық қаржы орталықтары сияқты, ағылшынша ортақ құқық қағидаттарына негізделген. Арбитраж орталығы, Халықаралық қаржы соты және қаржылық қызметтерді реттеу комитеті түрінде тәуелсіз қаржылық реттеуші құрылды.

Қазіргі уақытта, Қытай еліде Халықаралық қаржы орталығында ерекше қызығушылық танытып отыр.

Біріншіден, Шанхай қор биржасы - AIFC биржасының стратегиялық серіктесі және акционері.

Екіншіден, Қытай елінің ірі инвестициялық банктерімен келіссөздер жүргізілуде.

Қазіргі кездегі «Астана» қаржы орталығының қызметін кеңейту және әлемдік деңгейдегі қаржылық орталық сапасындағы ролін арттыру үшін келесі бағыттарда жұмыстар жүргізу қажет:

-қазіргі кездегі заманауи қаржылық құралдар блокчейндер және криптовалюталарды қолдану механизмдерін дайындау және олардың өтімділігін қамтамасыз ету;

-орталық өз қызметін географиялық өлшемі бойынша кеңейту үшін тек аспан асты елі Қытаймен қатар, Еуразиялық қауымдастыққа мүше елдермен , сонымен қатар, Таяу Шығыс елдерінде қаржы орталығына тарту керек;

-болашақта табыстылығын арттыру мақсатында, заман талабына сай қаржы құралдарын пайдаланудың заңдық және нормативтік базаларын тұрақты түрде жаңартып отыру қажет;

-болашақта «Астана» қаржы орталығының қызмет ауқымдылығын кеңейту арқылы ел экономикасын қарқынды дамыту мүмкіндіктерін қарастыру және әлемдік деңгейдегі маңыздылығы жоғары қаржы орталығы сапасында өз қызметін жүргізу.

Осы аталған мәселелер мен бағыттарды шешу қаржы орталығының болашақта қарқынды дамып, алдың қатарлы экономикадағы халықаралық деңгейдегі қаржы драйвері болуына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V ҚРЗ
2. Р.Сағынбекова «Астана» халықаралық қаржы орталығы: артқан үміт, күткен нәтиже орасан. <http://kazgazeta.kz/?p=65638>
3. Семенцова Е.В. Оценка уровня развития финансовых центров с применением методов многомерного дискриминантного анализа // Финансы и кредит. 2013. №2 (530). С. 59
4. Гусев Ю.Н. Стратегия формирования и развития международного финансового центра в России: дис. . д-ра эк. наук: 08.00.10 / Гусев Юрий Николаевич. – М., 2012. – С. 41.
5. Климачев В.В. Международные финансовые центры в глобальной финансовой системе: дис. канд. эк. наук: 08.00.14 / Климачев Вадим Владимирович. – М., 2011. – С. 52.
6. Моисеев С.Р. Что нам стоит финансовый центр построить? // Рынок ценных бумаг. 2008. № 10 (361). – С. 47.
7. Пахомов С.Б. Нужна государственная программа развития рынка финансовых услуг // Банковское дело. 2008. N 7. С. 32.
8. Ж. Жағыпарұлы «Астана» халықаралық қаржы орталығы – Еуразияның қаржы қақпасы» <https://egemen.kz/article/163263-astana-khalyq-euraziyanyh-qardgy-qaqpasu>
9. «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметі туралы жылдық есебі 2018ж

Аннотация

В статье определены цели и задачи Астанинского международного финансового центра, ее научно-теоретические основы создания крупных международных финансовых центров и экономическая характеристика, роль и деятельность современных международных финансовых центров на глобальном уровне. Проведен анализ деятельности финансового центра "Астана", определены преимущества и недостатки по сравнению с конкурентами, сегодняшние основные проблемы, их решения и пути совершенствования финансовых услуг. Для расширения деятельности действующего международного финансового центра «Астана» и расширения его роли в качестве финансового центра мирового уровня необходимо работать по следующим направлениям: необходимость привлечения финансовых центров государств-членов Евразийского экономического Союза и Ближнего Востока, возможности и методы постоянного обновления нормативно-правовой базы и совершенствования современных финансовых инструментов для повышения будущей прибыльности.

Abstract

The article defines the goals and objectives of the Astana International Financial Center, its scientific and theoretical foundations for the creation of large international financial centers and the economic characteristics, role and activities of modern international financial centers at the global level. The analyzer conducted the activities of the financial center "Astana", identified the advantages and disadvantages compared to competitors, today's main problems, their solutions and ways to improve financial services. To expand the activities of the existing international financial center "Astana" and expand its role as a world-class financial center, it is necessary to work in the following areas: the need to attract the financial center of the Member States of the Eurasian Economic Union and the Middle East, the possibilities and methods of constant updating of the regulatory framework and improving modern financial instruments to increase future profitability.

ӘОЖ 349.422.231

А.А. Толубаев

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

АЙМАҚТЫҚ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНІҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы үшін қазіргі заманауи ауыл шаруашылығы өндірісі саласы – экономикамыздың дамуына және дамыған елдер рейтингісінде жоғары орындар иемдеу үшін ең маңызды басымдық болып отырғаны мәлім. Аймақтық экономиканың агроөнеркәсіптік кешенінің жағдайы мен перспективаларына келетін болсақ, ол жаһандану жағдайында азық-түліктің қауіпсіздігі, ұлттық қауіпсіздігімен қатар, болашақта ауыл шаруашылығы өндірісі тығырыққа тірілеп, елдің қауіпсіздігіне қатер төндіретінін сарапшылар болжамдап отыр. Аймақтық экономиканың агроөнеркәсіптік кешенінің жағдайы мен оның перспективалары өзекті мәселелер болып қала береді, агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік қолдау шараларын реформалауы, іс жүзінде жүзеге асып отырған заңнамаға түзетулер енгізуі, АӨК кәсіпорындары үшін барлық атқаратын жұмыстарының және өндіретін тауарларының және қызметтерінің барлығына экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету мен бәсекеқабілеттілігіне әсер етуі және ауылшаруашылығының даму жолдары әріптестердің мақала жазуын қызықтырып отыр.

Кілттік сөздер: Агроөнеркәсіп, экономика, аймақ, ауылшаруашылығы, өнім, кәсіпорын, перспектива, өндіріс.

Кіріспе

Қазіргі кездегі орын алып отырған әлемдік дағдарыстың жағдайында халықтың еңбекпен қамтылуымен кіріс табу жолдары, басқа да мемлекет алдына қойған мақсаттары аймақтық агроөнеркәсібі кешенінің экономикасын дамыту жолдары мәселелерін күрделендіріп жібергені рас [1]. Сонымен бірге, ауыл-аймақ тұрғындары мен экономикалық белсенді тұрғындарынан жоғары үлесін алып отыр, бұл мемлекеттік қолдау көлемін сақтай отырып, оны ұлғайтуы өзекті мәселелердің бірі. Оған қоса көрші Ресей және ТМД елдерінің валютасының құнсыздануы мен бітпейтін санкциялық текетірестері, ДСҰ-ға кіру сияқты елеулі өзгерістердің бастан кешірудеміз [2]. Мұның өзі еліміздің ауыл шаруашылығы өндірісін кешенді мемлекеттік қолдау және оның экономикалық тиімділігін арттыру жолы ширақ қадамдарды жасауды талап етіп отырғаны белгілі.

Осы аймақтық экономиканың агроөнеркәсіптік кешенінің жағдайы мен оның перспективалары өзекті мәселелер болып қала береді, ауылшаруашылығы министрлігінің агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік қолдау шараларын реформалауы, іс жүзінде жүзеге асып отырған заңнамаға түзетулер енгізуі, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірісін қаржыландыру жолдарымен оны нарық жүйесіне өткізу модельдеріне басқа да органдарды қатыстыру болып табылады. Сонымен бірге, агроөнеркәсіптік кешенінің орта мерзімді перспективасында Қазақстанның экономикалық өсімі жағынан негізгі драйверлерінің бірі болуға ынталандыру негізгі мәселе болып қала береді. Соңғы жылдарда Ауыл шаруашылығы министрлігімен қолданылып келген субсидиялау түрінің бір бөлігі тиімсіз екендігін анықтап және де осы мәселеге әрдайым назар аудару қажет. Мысалы, соңғы жеті жылдың ішінде ауыл шаруашылығы өндірістері мемлекеттік қолдауы 3,5 есеге ұлғайған болса, 2018 жылғы көрсеткіш оның 146,6 млрд. теңгесін құрап, ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі алатын бұл көрсеткіш мемлекеттік қолдауларының көлемінен баяу өсуде.

Бұл қазіргі кездегі қолданып отырған мемлекеттік қолдау мен аймақтық агроөнеркәсіп кешеніне инвестицияларды тарту мен ынталандыру әсерініңәлі де болса төмендігінің орын алып отырғанын көрсетеді. Субсидияларға егін шаруашылығындағы гектарына берілетін және мал шаруашылығындағы мал өнімділігін арттыруға берілетін субсидиялардың жетіспеушілігі мен мақсатты бағытталған іс шаралардың орындалып отырмағандығын

көрсетеді. Яғни, ауыл шаруашылығы өндірісін қолдау барысында мақсатында өндіріс тиімділігі мен одан тыс тәуелділікпен егін шаруашылығындағы егістік алқаптарға және өндірілген өнімдерге төленуі қазіргі кездегі әр түрлі деңгейдегі себептеріне тиісті нәтиже бермей отыр. Сонымен бірге, олардың өз ара бөлуі барысында пайдаланылатын мәліметтерді әкімшілендіруі ауыл шаруашылығының дауына қиындық тудырып, нақты түсімдерімен, қосымша өнімдерін қосып жазуға әкеледі. Министрліктің мәліметі бойынша, баяу дамудың негізгі себептерінің бірін – ауыл шаруашылығына беріліп отырған субсидияның басым бөлігінің, 70 млрд. теңгеден астамы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілері үшін аймақтық агроөнеркәсіп кешендерін дамыту және оның экономикалық тиімділігін арттыру жолдарын еш ынталандырмайды [3].

Аймақтық экономиканың агроөнеркәсіптік кешенінің жағдайы мен перспективаларына келетін болсақ, мемлекеттік қолдау нәтижесі бойынша субсидиялаудың өнімінің өзіндік құнындағы үлесінің жоғары болуы, өнім өндірушілердің жоғалтқан табысының өтемақы секілді болып кетеді. Мысалы, айтып кететін мәселе, мал шаруашылығындағы субсидияның үлесіне келетін болсақ өнімнің өзіндік құнының 12-ден 50 пайызына дейін ауытқиды екен. Осы жерде өзекті мәселелерді сараптаудың негізінде осында сараптаудың түйіні де сол, аймақтық экономиканың агроөнеркәсіптік кешенінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды шарттары – егін шаруашылығында сапалы тұқымды, гербицидтерді, тыңайтқыштарды, заманауи ауыл шаруашылығы техникаларын, сонымен біре мал тұқымын жақсарту жұмыстары, жоғары өнімділікке ие инфрақұрылымдарды пайдалану есебінен қалыптасатын технология болып табылады. Осыған байланысты әр бір гектарына және мал шаруашылығына олардың өнімділігіне бағытталатын тиімсіз субсидияларды тоқтатуы және олардың орнына тиімді субсидияларының түрлеріне:

- инвестициялық субсидиялауын;
- пайыздық мөлшер бойынша субсидиялауын;
- өсімдік шаруашылығында сақтандыруын;
- ҚҚС;
- мал тұқымын жақсарту жұмыстарын субсидиялауын;
- бизнес-ассоциациялардың ғылыми мекемелер қызметіне жұмсалатын шығындарын субсидиялауын;
- фитосанитарлық қызметті күшейтуді субсидиялауын пайдалану жөнінде шешім қабылданды.

Ендігі аймақтық экономиканың агроөнеркәсіптік кешенінің өндірісін қаржыландыру механизміндегі өзекті мәселе болып, мемлекеттік қолдау бағдарламасына сәйкес орындалып жатқан ауыл шаруашылығы аймақтық экономиканың дамытуына көңіл бөлу қажет етіп отыр [4].

Теориялық талдау

Қазақстан Республикасы үшін қазіргі заманауи ауыл шаруашылығы өндірісі саласы – экономикамыздың дамуына және дамыған елдер рейтингінде жоғары орындар иемдеу үшін де ең маңызды басымдық болып отырғаны мәлім [5]. Сондықтан да, жаһандану жағдайында азық-түліктің қауіпсіздігі, ұлттық қауіпсіздігімізбен қатар қойылып, болашақта ауыл шаруашылығы өндірісі тығырыққа тірілеп, елдің қауіпсіздігіне қатер төндіретінін сарапшылар болжамдап отыр. Бұл жайында Мемлекет басшымыз Н.Назарбаев былтырғы өткен «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында нақты айтып кеткен болатын, онда азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты орын алатын қатерді әлемдік қатерлер қатарына жатқызып атап көросткен болатын. Елбасының айтуынша, дүние жүзіндегі халық санының өсу қарқыны азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемасын күрт өсіріп отырғанын да атап кеткен болатын. «Бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек. Ендеше, біз үшін бұл сын-қатер астарында

орасан зор мүмкіндіктер бар. Біз қазірдің өзінде астық дақылдарын аса ірі экспорттаушылар қатарына ендік. Бізде аса ірі экологиялық таза аумақтар бар және экологиялық таза тағам өнімдерін шығара аламыз. Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау толықтай қолымыздағы нәрсе. Бұл үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет болады», - деген еді Нұрсұлтан Назарбаев [6].

Сонымен бірге, қазіргі кезде мемлекетіміздің ауыл шаруашылығы өндірістерінің алдында үлкен жұмыстар тұрғанын, сонымен бірге агроөнеркәсіп кешені құрылымдарын жаңғырту, оны әлемдік нарық стандартына сәйкестендіру, сапалы өнім өндіру отандық брендтік өнімдерді нарыққа шығару сияқты іс шаралар қазақстан үшін, өндірістер алдында үлкен жетістіктер мүмкіншілігі тұрғаны да бар.

Бұл үшін отандық өндірушілер арасында сыртқы және ішкі нарықта басымдылықты ұстау үшін қажет пе? Бұл, мемлекет басшысынан бастап ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімінің, әсіресе, қазіргі кездегі ауыл шаруашылығы өніміне деген өсіп отырған әлемдік сұранысты қамтамасыз ету, бұл жағдайында ауыл шаруашылығы өндірістерін жан жақты жаңғырту, сонымен бірге әлемдік азық-түлік нарығында алдыңғы қатарлы орындарды алатын дамыған елдер арасында көшбасшысы болу сияқты, ауыл шаруашылығы өндірісінің қуаттылығын арттыру мақсаты алдымызда бірқатар міндеттердің тұрғанын білдіреді.

Бұларға келетін болсақ, мемлекетіміздің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі әлемнің барлық елінде мүмкіндігі жоқ және болмайтын егістік алаңдарын ұлғайту, егін түсімін жоғарылату мақсатта ең алдыменен ауыл шаруашылығы өндірістеріне жаңа техникалар мен технологияларды енгізу, сол арқылы жетістіктерге қол жеткізуге болады. Әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығына жем-шөп базаларын құру, қоршаған ортаны қорғау және экологияға ластамауға, ұлттық бәсекеге білетті брендтерді жүзеге асырып өндіру міндеті алға қойылып отыр. Ауыл шаруашылығы өндірісі саласында қайта өңдеу өндірісі мен сауда фермерлік, шағын және орта бизнесті дамыту жолдары ерекше аталып өтті.

Осыған байланысты жер өңдеу мәдениетін өзгерту мен қатар жаңа ғылыми, техника-технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғырту негізгі мақсаттардың бірі.

Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін біз қай азық-түліктің жаппай өндірісін дамыту жолдары. Алынған шаралардың нәтижесі 2050 жылға қарай ел ЖІӨ-дегі ауылшаруашылық өнімінің үлесі 5 есе арту.

Тәжірибелік бөлім

Жоғарыда аталған өзекті мәселелердің, бағдарламаның негізгі мақсаттары қаржы жағдайын сауықтыру болып табылады және оларға келесілер жатады:

- агроөнеркәсіптік кешен үшін тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге қолжетімділікті арттыру;

- АӨК субъектілерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйелерін дамыту;

- саланы мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру жолына бағытталады.

Осы аталған негізгі мақсаттарына қол жеткізу үшін төрт бағыт бойынша жұмыстар жүргізілу тиіс.

Оның біріншісі – ауыл шаруашылығы өндірісін қаржылық сауықтыру. Яғни, кредиттер мен жобаларды қайта құрылымдаумен қатар оларды қайта қаржыландыру, сонымен бірге, бар борыштарын өтеу үшін ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қайта қаржыландыру арқылы жүзеге асыруға болады. Осылайша, мемлекет өндірістер алдында кредиттік жүктемені жеңілдетіп және көптеген ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің қаржылық тұрақсыздығын болдырмайды.

Екіншісі – агроөнеркәсіптік кешені субъектілері алдында қызмет көрсету жұмыстарын, тауарлардың қолжетімділігін жоғарылату бағыты. Бұл бағытта агроөнеркәсіптік кешені субъектілеріне кеңес беру қызметін, білімдікті жетілдіру, мамандарды қайта дайындау, қаржылық, тауарлардың экономикалық қолжетімділігін жоғарылату бойынша мемлекеттік қолдау механизмдері арқылы орындалады.

Мұнымен АӨК субъектілерінің жаңа мемлекеттік қолдау механизмдеріне, АӨК басымды инвестициялық жобалар үшін инвестициялық субсидиялар алуға, қаржылық институттар алдында АӨК субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру қызметтерін субсидиялауға, берілген несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаулар жатады.

Сонымен бірге, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және қамтамасыз ететін салалардың өнімдерінің өндірісін субсидиялаумен қамтамасыз ету.

Үшінші бағыт бұл агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін мемлекеттік қамтамасыз ету жүйелерін дамыту барысында фитосанитарлық қауіпсіздігі жүйесін дамыту, ветеринарлық қауіпсіздік жүйесін дамыту.

Төртінші бағыт ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру, ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсету тиімділігін арттыру, ауылшаруашылығы субъектілерді ақпараттық қамтамасыз етуді дамыту, ауылшаруашылық дақылдарын мемлекеттік сорттық сынау тиімділігін арттыру, АӨК субъектілері үшін мемлекеттік қызметтерді көрсету жүйесін дамыту, ауыл шаруашылығындағы техникалық реттеу жүйесін дамыту болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау

Ал қазіргі дағдарыс кезінде ауылшаруашылығы өндірісі өнімдерінің пайда табуы тек осы өндіріс шығындарын үнемдеуден басқа, оның өнімдеріне деген ұсыныстар мен сұраныстарға да тікелей байланысты. Ауыл шаруашылығындағы жергілікті бюджеттік несиені мақсатты қолдану мемлекет бағдарламасына сәйкес көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге және астық пен тұқым, тыңайтқыш т.б. сатып алуға беріледі. Және де ауыл шаруашылығына бөлінген бюджеттік несиенің берілуі белгілі лимитпен алдын ала шектеледі [7].

Оларға:

- отын, жағар-жанар майға бюджеттен берілетін несие лимиті (шектік сомасы);
- тұқым сатып алуға бюджеттен берілетін несие лимиті (шектік сомасы);
- шикізаттар мен тыңайтқыштарды сатып алуға бюджеттен бөлінетін несие лимиті (шектік сомасы);
- айналым қорларын сатып алуға берілетін бюджеттік несие лимиті (шектік сомасы);
- техника мен технологиянынарендасынабюджеттен берілетіннесиелимиті (шектіксомасы);
- техникалар сатып алуға бюджеттен бөлінетін несиенің шектік қаржы мөлшері.

Сонымен, әрбір бөлінетін бюджеттік несиені пайдалануға шаруашылықтардың құқығы бар, ол ауыл шаруашылығы өндірістерін заманауи талаптарға сәйкестендіру мақсатында орындалады.

Ауыл шаруашылығы өндірісін қаржыландыру механизмінің бірі ретінде бюджеттік несиенің өзіндік өзгешелігі бар - шығындар жасай отырып, өнімдерді өткізу уақытын тиімді қолдану, оны қолданудағы (пайдаланудағы) өсім құнының оны берушіге өтелмеуі.

Қорытындылар

АӨК кәсіпорынның қаржылық жағдайын сауықтыру.

АӨК кәсіпорыны үшін барлық атқаратын жұмыстардың, өндіретін тауарлардың және қызметтердің барлығына қаржылық, экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету атап айтқанда ауыл шаруашылығы үшін:

1) егін шаруашылығымен айналыстын кәсіпорындар мен шаруалар үшін өндірілетін тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің қаржылық, экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету және оны арттыру;

2) ауыл шаруашылығы үшін судың экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) ірі қара мал шаруашылығындағы барлық тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің қаржылық және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету және оны арттыру;

- 4) қаржылық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету және оны арттыру;
- 5) инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда өндірілген тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету және оны арттыру;
- 6) АӨК кәсіпорындарын ақпаратпен және онымен қамтамасыз ету жүйелерін дамыту;
- 7) АӨК кәсіпорындары үшін мемлекеттік реттеу және қызметтер көрсету жүйесін дамыту;
- 8) АӨК шаруашылығындағы техникалық жабдықтауды жетілдіру;
- 9) ауыл шаруашылығы саласындағы халықаралық қатынасты дамыту.

Қазіргі кезде АӨК кәсіпорындарының бәсеке қабілетілігіне әсер ететін және ауыл шаруашылығы ғылымының дамуына әсер ететін бірнеше факторлар орын алып отыр, оларға келесілерді жатқызуға болады:

- қаржыландыру кезіндегі несиелік пайыздың жоғарғы мөлшері және жеткіліксіз қаржыландыру. Ол өзінің кезегінде алдыңғы қатардағы экспорттаушы елдермен салыстырғанда қаржыландыру көлемінің айырмашылығы;

- қазіргі кездің талаптары мен қыр сырларын жетік білетін жас мамандардың тапшылығы;

- инфрақұрылымдардың моралдық және физикалық тозуы, өйткені қазіргі кезде физикалық және моралдық тозуы – 20 жылдан көп қолданып отырған ғылыми-зерттеу жабдығының үлесі 28%, ауыл шаруашылығы техникасы мен техноогиясы – 41 %, 20 жылдан бері күрделі жөндеусіз тұрған және пайдаланудағы ғимараттардың үлесі – 95 % құрайды;

- ғылыми жобалардың бизнеспен өз ара қатынас жасау жолдарының төмендігі;

- отандық агроөнеркәсіп кешенінің ғылыми жаңалықтарының әлемдік жүйеге қатынасының жеткіліксіз деңгейде әрекет етуі.

Атап өткен өзекті мәселелерге сәйкес АӨК кәсіпорындарын мемлекеттік реттеу және қолдау барысында мемлекет ауыл шаруашылығы субъектілеріне келесі іс шараларды қолға алған:

- мемлекет ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өнімдеріне субсидиялар мен мемлекеттік сатып алу түріндегі қолдаулар;

- ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиясы, құрал жабдықтарын, мал басын жаңарту және тағы да басқа оларға жағдай жасайтын қаржылық құралдар пайдалану;

- АӨК кәсіпорындары мен үй шаруашылығы үшін қол жетімді төмен пайыздық қаржылық несиелік құралдардың қол жетімділігімен қамтамасыз ету;

- ауыл шаруашылығына инвестицияларды тарту үшін жағдайлар жасау және оны мемлекеттік қолдау;

- экспортты ұйымдастыру;

- инфрақұрылымдарды дамыту;

- ауыл шаруашылығы мамандарын қайта дайындау және біліктілігін арттыруда мемлекеттік қолдау;

- қаржылық бақылау.

Сонымен бірге, қазіргі кезде бәсеке қабілетті өнімдер өндіру, өнімдер мен тауарларды экспорттау мақсатында шетелдік өндірушілердің өнімділігі жғары техника мен технолгиялар сатып алуда. Бірақ та осы техника мен технолгияларды меңгеретін мамандар әлі де болса аз.

Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы техникалық жағдайын жаңарту мен кеңейту мақсатында лизинг және лизинг төлемдерін субсидиялау жолдарын мемлекеттік қолдауды әлі де болса жалғастыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Теория и практика агробизнеса/ Под ред. Оспанов М.Т., Аутов Р.Р., Ертазин Х. Алматы: «СП «Франклин», 2017, 215 с.

2. Экономика сельского хозяйства/ Под ред. Попов Н.А. М.: ЭКМОС, 2016, 352 с.
3. Трудовые крестьянские (фермерские) хозяйства/ Под ред. Калиев Г.А., Сатыбалдин А.А., Григоркж В.В. Алматы: Экономика, 2016, 285с.
4. Еркінбаева Л.К. Аграрные правоотношения в Республике Казахстан. Дисс. юрид. наук. докт. КазНАУ, Алматы: 2015, 354 с.
5. Молдашева А.Б. Ауылшаруашылығындағы ылғал сақтау технологиялары. Аль Пари ғылыми журналы, Алматы: 2017, №1, Б.86-93
6. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz> (14 желтоқсан 2012 ж.)
7. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz> (10 қаңтар 2018ж.)

Аннотация

Как известно, нынешняя отрасль сельскохозяйственного производства для Республики Казахстан является важным приоритетом для развития нашей экономики и занять высокие места в рейтинге развитых стран. Что касается состояния и перспектив агропромышленного комплекса региональной экономики, эксперты прогнозируют, что в условиях глобализации, наряду с национальной безопасностью продуктов питания, в будущем сельскохозяйственное производство будет упрочнено и угрожает безопасности страны. Актуальным остается состояние агропромышленного комплекса региональной экономики и его перспективы, реформирование мер государственной поддержки агропромышленного комплекса, внесение поправок в практически реализуемое законодательство, влияние на конкурентоспособность и обеспечение экономической доступности всех производимых товаров и услуг для предприятий АПК, а также пути развития сельского хозяйства.

Abstract

As you know, the current branch of agricultural production for the Republic of Kazakhstan is an important priority for the development of our economy and to take high places in the rating of developed countries. As for the state and prospects of the agro-industrial complex of the regional economy, experts predict that in the context of globalization, along with national food security, in the future, agricultural production will be strengthened and threatens the security of the country. The current state of the agro-industrial complex of the regional economy and its prospects, the reform of state support measures for the agro-industrial complex, amendments to practically implemented legislation, the impact on the competitiveness and economic accessibility of all manufactured goods and services for agribusiness enterprises, as well as ways to develop agriculture remain relevant.

ӘОЖ 338.12.07

Ж.К. Төрбалаева

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

АЙМАҚТЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН БАСҚАРУ МЕХАНИЗМІНІҢ ДАМУЫ

Түйін

ҚР аймақтарының инвестициялық климатын қалыптастыру үрдістеріне талдау жүргізу, сондай ақ оларды мемлекеттік реттеу әдістері мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: соңғы уақыттарда басқарудың теориясы мен тәжірибесінің назары экономиканың мезодеңгейіне ұлттық бәсекелестік артықшылықтарының негізгі тасымалдаушысы ретінде бөлінеді Экономикалық жаһандануды тереңдету жағдайында бәсекелестік үрдістерінің маңызы ғана емес, бәсекелі басымдықтың конфигурациясыда өзгереді. Егер бәсекелестік пен бәсекелестік субъектілері барған

сайын жаһандық болса (ұйымнан аймаққа, мемлекеттен мемлекет блоктарына), онда бәсекелестік басымдықтары жергілікті (мемлекеттен аймақтарға, аймақтардан шаруашылық субъектілерге) болады. Қазіргі уақытта қолайлы инвестициялық ортаны қалыптастыру аймақтардың бәсекелестігін арттырудың негізгі факторы болып табылады. Сондықтан аймақтағы инвестициялық қызметтің әртүрлі аспектілерін басқару жүйесінде ең күрделі және жауапты сілтемесі болып инвестициялық тартымдылықты басқару тетігін жетілдіру болып табылады.

Кілттік сөздер: Аймақтық экономика, инвестиция, экономика, жаһандану, бәсеке, инновация, ұйым.

Кіріспе

Қазіргі кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық үдеріс мемлекеттік-экономикалық дамуымыздың негізгі алғышартына айналып, еліміздегі реформаларды табысты іске асырудың нақты көзі болып отыр. Инвестиция кез келген ұлттық экономиканың маңызды және қажетті қоры болып саналады. Инвестициялық жобаларды іске асыру өндірісті жетілдіріп, сатылатын тауарлардың сапасын арттыру, сондай-ақ жұмыс орындарын көбейте отырып, тұрғындарды еңбекпен қамтамасыз етуге, сол арқылы халқымыздың өмір сүру деңгейінің өсуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, елімізде жүргізіліп жатқан инвестициялық үдерісті экономикалық пайда келтіретін және әлеуметтік саланың өркендеуіне жағдай жасайтын қызмет деп қарастыруымыз қажет. Осыған орай инвестициялық қызметті жүзеге асыруда оның тиімділігіне экономикалық шаралармен бірдей әсер ететін әлеуметтік шараларды ерекшеленудің маңызы зор.

Орталықтандырылған жоспарлы жүйе шеңберінде тек бір ғана түсінік «капитал салымдары» деген ұғым болатын. Ол негізгі қорларды қалпына келтіру шығындарын, сондай-ақ жөндеу жұмыстарына кеткен шығындарды қамтыған. «Инвестиция» еліміздің нарықтық экономикаға өтуімен байланысты енген термин болып табылады. Барлық елдердегі сияқты, Қазақстандағы аймақтық инвестициялық процестің дамуы макроэкономикалық параметрдің төмендегі факторларымен тежеліп отыр. Олардың біріншісіне мынаны жатқызуға болады: яғни жинақталатын ресурстардың төмен тиімділікте сіңірілуі, оларды қаржыландыру механизмінің жоқ болуы (сақтандыру, зейнетақымен қамтамасыз ету және инвестициялаудың нарықтық институттарының қалыптасуының, сонымен бірге жинақтаулардың салымдарға айналуы механизмінің аяқталмағандығы).

Бұл жағдайды ұлттық банктік жүйенің жеткілікті түрде дамымауы шиеленістіріп отыр. Қазіргі кезде ұлттық банктік жүйе жинақтарды салудың және оларды инвестициялаудың шынайы активтерге айналуының тартымдылығын қамтамасыз етуге қабілеті жоқ [1].

Екіншіден, Республика көлемінде тиімді аймақтық инвестициялық жобалар түріндегі төлем алушылар ұсыныстарының мәліметтер банкінің құрылмағандығы. Көптеген жобалар жабық жағдайларда қарастырылған, осының әсерінен жеткіліксіз дәрежедегі жоғары тиімді жобалар өмірге енгізілген.

Үшіншіден, банктердің, клиенттердің қаржылық жағдайының төмен деңгейі; мемлекеттік бағалы қағаздардың жоғары табыстылықпен қамтамасыз етілмеуі; кәсіпорындардың қаржылық жағдайының қажетті деңгейде болмауы себебінен инвестициялаудың жоғары тәуекелділіктерін компенсациялайды.

Төртіншіден, төлемдер дағдарысы жағдайындағы қарыздардың сақталуы бұрынғысынша айналым капиталын толтыру үшін ақшаға деген жоғары сұранысты сақтап отыр, ол қаржылық ресурстарды инвестицияландыру мақсаттарына емес, айналым қорларын қаржыландыруға бағыттайды.

Бесіншіден – жүктемеленбеу жағдайында тұрған өндірістік саланың негізгі капиталы өзін сақтауға жоғары шығындарды талап етеді, солар ақылы қаржылық ресурстардың елеулі бөлігі шығындалады.

Алтыншы – тиісті әдістердің болмауы негізгі капиталдың теңбе-теңсіз қайта бағалануына әкеліп соқты.

Алдағы жылдары аймақтың экономикасының басым секторларына отандық және тікелей шетелдік инвестициялардың ағынын ынталандыру, мемлекеттік инвестицияларды пайдаланудың тиімділігін ұтымды ету және арттыру саясаты мен ішкі жинақ ақшаны жұмылдыру жалғасатын болады.

Теориялық талдау

Елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру және инвестициялық климатын жақсарту үшін қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде жұмыс жалғасатын болады. Басым өндірістердің инвестициялық тартымдылығын арттыру шеңберінде мемлекет іске асыратын одан арғы шаралар мыналар:

- миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғауды күшейтуге;
- кәсіпорындарды тіркеудің жеңілдетілген жүйесін енгізуге;
- қызмет түрлерін лицензиялаудың транспаренттік жүйесін құруға;
- қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына кәсіпорындардың өтуін жылдамдатуға;

- ұлттық инновациялық жүйенің экономикалық дамуын басқарудың жаңа жүйесін дамыту жөнінде жұмыстың жалғасуына;

- мемлекеттік даму институттарының жұмысын үйлестіруді күшейту жөніндегі іс-әрекетті, олардың қызметінің ашықтығын арттыруды жандандыруға;

- инвестицияларға жәрдемдесу және шетелдегі инвестициялық сауда өкілеттіктерінің желісімен бірге экспорттың жылжуы жөніндегі мамандандырылған құрылымын құру;

- отандық бизнестің, әсіресе экспорттаушылардың мүддесін ескере отырып, ірі халықаралық жобаларды синдицирленген қаржыландыруда Қазақстанның қатысуын қамтамасыз ету бөлігінде халықаралық қаржы институттарымен бірге жұмысты жандандыру;

Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерінің тұсау кесері және шетелдік, оның ішінде транс ұлттық компанияларды іздеу жөнінде жұмыстарды жалғастыруға бағытталады [1]. Инвестициялық саясат маңызды төрт бағытта жүргізіледі: республикалық бюджеттік қорларды пайдалану арқылы; жергілікті бюджеттік қорларды пайдалану арқылы; заңды тұлғалардың меншікті қаражаттарын қолдану арқылы; шетелдік инвестицияларды тарту мен тиімді пайдалану механизмі арқылы; қарыз қаражаттары арқылы. Шетелдік инвестицияларды пайдалану, қай ел үшін болса да объективті қажеттілік. Ол, ел экономикасын халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне кеңінен қатыстырып, мұқтаж салаларға капиталдар келтірудің тиімді жолы.

Қазіргі уақытта капиталдың халықаралық қозғалысы, әлемдік шаруашылықтың және ұлттық экономикалардың дамуында маңызды роль атқарады. Әлемдегі нарықтағы инвестициялық капиталдық сұранысы мен ұсынысына шиелініскен баланста Қазақстан мен ТМД-ның басқа мемлекетінің позициялары өте төмен болып саналады. Бұл мәселелерге енді тек қана өз араларында, әлемдік капитал нарығының өте шағын сегментінде бәсекелесуге ғана болады. Ал тікелей және портфельді инвестицияларға келсек, бұл аймақта олардың ликвидтіліктері экономиканың құрылымдық өзгермелі мәселелерімен, ішкі қаржылық нарықтық көбірек болуымен шектелуі. Мемлекеттің инвестициялық саясаты экономикадағы теңдікті сақтау үшін басымдық берілген салаларға тікелей инвестицияларды көбірек тартуға ықпал етуге бағытталған. Қазіргі кезде ауылшаруашылығы, өңдеу кәсіпорыны, өндірістік инфрақұрылым, әлеуметтік, мәдениет және туризм салаларына көптеп инвестициялар тартылып жатыр. Бұл секілді саясат ұлттық өнеркәсіптің гүлденуіне қол жеткізе отырып, кейбір елдерде аз уақыттық болса да табыс әкелді. Алайда, мұндай саясаттың орташа және ұзақ мерзімдік болашағында үкіметке де, жеке адамға да қымбатқа түсетін тиімділігі аз және бәсекеге қабылетсіз өнеркәсіп құрылысы болып есептеледі. Бұл тұрғыда, Латын Америкасының алпысыншы және жетпісінші жылдардағы тәжірибелері көрсетуге татырлық. Бұл мерзімде көтермешілік саясаттың арқасында ішкі базарда өнеркәсіп қаулап өсті. АҚШ фактісі мен Орталық Американың көпшілік базарындағы келісімдерге сай шетелдік инвестиция мен еркін саудаға қатал шектеу қойылды [2]. Бұл елдер экономикалық өсудің

таңқаларлық көрестікшітеріне қол жеткізсе де, халықаралық базарда бәсекеге түсердей олардың индустриялық негізі болған жоқ. Енді сауда және инвестициялық бөгеттер жойылғанда, келісімге қол қойған көптеген елдер үлкен қиындықтармен жаңа жағдайларға икемделуде. Инвестор өзіне қабылдауға әзір инвестициялық мақсаттар мен тәуекел деңгейіне және инвестордың бейнесіне қарап шет ел инвестициясының да түрі анықталды. Соңғы жылдары шет ел инвестициясының жүзеге асырылу құралдарына сай олардың өздері де әрқилы болатынды шығарды. Бұл дүниежүзі базарларының байланыстарын нығайтатын және көптеген инвестициялық жаңа механизмдерді дамытуға мүмкіндік беретін электронды коммуникация саласындағы табыстарға тікелей байланысты. Төменде дүниежүзінің дамушы және дамыған елдерінің көбінде пайдаланылатын инвестиция түрлерінің шолуы беріледі. “Елдер қоры...” былайша айтқанда, жекелеген елдердің экономикасына салынатын құндық қағаздар [3].

Мұндай қорлар инвесторлардың кейбір елдердегі күрт дамып келе жатқан қорларына қатысу үшін құрылды. Бұл қорлар шетел компанияларының акциялар мен жергілікті қор биржаларын біріктіреді. Бұл қорлардың қаржылары нақтылы бір елде, болмаса дамып келе жатқан елдердің тұтас бір аймақтарында. Мысалы Азия немесе Латын Америкасында құнды қағаздың ауқымын кеңейту (диверсифицировать), сол арқылы жеке әр елде тәуекелден азайту мақсатында пайдаланылады. Инвесторлар бұл қормен қуана пайдаланады. Соңғы жылдары осындай қорлар санының өсуі және олардың қызмет аясының кеңеюі көрініс беруде. Кейбір инвесторларды жергілікті биржалардың жағдайы тез өзгергіш және болжап болмайтындықтан жаңа базарлардан тездетіп кету қызықтырып тұрады. Чили секілді басқа елдерде шетел инвесторларына акцияны тікелей сатып алуға шектеу қойылған, сондықтан “ел қоры” құнды қағазы олардың базарға шығуына бірден-бір мүмкіндік тудырады. Бұл секілді жақсы ұйымдастырылған қор дамушы елдер биржаларында жағдайлардың өзгеруі туралы хабарларалудың қиындықтарынан құтқарады. Биржа жағдайы өзгергенде “ел қоры” инвесторлардың жергілікті акциялардан тез құтылуына мүмкіндік беретін болғандықтан, инвесторлардың дамушы елдер банктерінің есепшотына салған қаражаттары секілді бұл құнды қағаздарды “ыстық ақшы” деп атайды. Мұндай есеп-шоттар, әдетте, бұл елдердің экономикалық қызметі қауіп-қатерге толы болғандықтан және құнсыздануға сай қаржы саясатының күшінің арқасында үлкен өсім процентін әкелді. Ал, проценттік көтерілуі азайған шақта инвесторлар есеп-шоттарын дереу жабады [4].


Қорыта айтқанда, біздің жұмысымыз бен демалуымызға қажетті қатынас құралдарының төңкерісі болды деуге әбден сияды. Шет ел қаржысын пайдалануда да дәл осыған ұқсас төңкеріс болғаны анық. Тоқсаныншы жылдары дүние жүзінің көптеген елдерінде әлемдік экономиканы еріктендіру және кіріктіруге негізделген экономикалық өсу және даму мәселелеріне мүлдем жаңа тәсіл енгізілді, мемлекеттің басқарушылық рөлі дамушы елдердегі сияқты экономикалық жағынан жетілген елдерде де экономистер халықаралақ корпорацияны бақылауға және ішкі экономикалық мақсаттарды қорғауға негізделген.

Тәжірибелік бөлім

Басқару ғылымы мен тәжірибесі стратегиялық басқару үшін заманауи кезеңде ішкі және сыртқы ортаның анықталмаған өлшемі жоғары екендігін, олардың өзгеруіне жылдам барабар жауапты, яғни стратегиялық икемділікті талап ететіндігін дәлелдеген. Стратегиялық икемділік оның бір уақытта екі түрлі сипатында көрсетіледі: аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыру саясатын және стратегиялық түзетулерді талап ететін ұзақ мерзімді және нақты уақыт режиміндегі жоспардан тыс циклда іске асырылатын оперативтік түрде [5].

Ішкі және сыртқы аймақтық инвестициялық ортаның анықталмағандығы олардағы өзгерістерді білдіретін сигналдардың бір мезгілде әлсіреуін сүйемелдейді, демек, аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыруды басқару жүйесінің ақпараттық толықтылығын азайтуға алып келеді.

Сондықтан, осы шағым стратегиялық басқаруды қолдаудың маңызды элементі уақтылы және объективті стратегиялық ақпарат болып табылады-аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттырудың стратегиялық перспективалық мақсаттарын жүзеге асыру бойынша әртүрлі деңгейдегі басқару органдары мен инвесторлардың шешімін қабылдауға арналған нақты және анық пайдалану үшін дайындалған және аналитикалық өңдеуден өткен ішкі және сыртқы көздердің деректері.



Сурет 1. Аймақтың инвестициялық тартымдылығын стратегиялық басқарудың концептуальды сұлбасы

Аймақтың инвестициялық тартымдылығын стратегиялық басқару тетігін компоненттердің күрделі жиынтығы ретінде қарастырсақ, мына жағдайды ескерген жөн: жүйелік тәсіл тұрғысынан алғанда бұл күрделі басқарушылық, әрекеттестушілік және басқарылатын ішкі жүйелердің жиынтығы, ал үрдістік тәсіл ретінде басқару тетігін басқаратын ішкі жүйенің басқарылатын ішкі жүйеге әсерінің үрдісі ретінде қарастырған дұрыс [6].

Аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыруды басқару мақсатына жетуде аймақта инвестициялық үрдістерді белсендіру бойынша жиынтық әсер алып келуіне тиісті аймақ деңгейінде селективті сипатта және біртегіс сипаттағы әртүрлі құралдардың комбинациясын қолдану ұсынылатынын ерекше атап өткен жөн. Мұндай құралдардың біріктірілген әрекеті қарама қайшылықты болуы да мүмкін, әсіресе аймақтық деңгейде.

Республикалық, аймақтық және жергілікті құралдардың түйіспеуі әлеуметтік-экономикалық қайтарымы мен аймақтарда инвестициялық тартымдылықты басқару тиімділігін едәуір қысқартады. Сондықтан аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыратын жаңа құралдарды құрастыруда әлеуетті қақтығыстық аймақтарды ерекшелеу және сипаттау, инвестициялық үрдіске қатысушылары арасында шығындар мен пайдаларды тарату қажет.

Бұл жағдай аймақтық инвестициялық тартымдылығын арттыру мен оларды түзету мүмкіндіктеріне бағытталған құралдары көрінісінің мониторингтік жүйесін құруды талап етеді [7].

Аймақтық жекешеленуін арттыру жағдайларында аймақтың инвестициялық тартымдылығын басқарудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін жетілдірілуі қоршаған ортаны бақылауын және бұзылуын; басқару органдарының үштік жүйесінің басқаратын синхронды өзара іс-қимылдарды; аумақтық субъектілерінің инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін мақсатты, аймақтық және жергілікті бағдарламаларды

қалыптастыруды; Жалпы және селективті кешенін пайдалану, дамыту инвестициялық климат үшін аймақтық айырмашылықтарды, тиімді құралдарды көрсетілуін; инвесторларды тарту үшін басқару қызметін қарқындатуды; аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аймақтық және жергілікті билік әсерін тұрақты мониторинг және бағалау өткізуді ескере отырып, стратегиялық бағытын көздейді.

Қорытындылар

Қорыта келе, қазіргі кездегі аймақтық инвестициялық саясаттын ерекшелігі техникалық қаруландыруға салымдар және өндірістік кәсіпорынды қайта жөндеу, инвестицияны базалық машина жасау саласына, ауыл шаруашылық саласына жіберу, ресурс алатын, өндірістің және пайдалану саласына бағыттау.

Кәсіпорында инвестициялық саясатты жүргізген кезде мыналарды ескеру керек:

- өндіріс орынның қаржылық ахуалы;
- өндірістің техникалық дәрежесі;
- аяқталмаған құрылыс;
- лизинг арқылы құрал-жабдықтарды алу мүмкіншілігі;
- меншікті қаржының жеткіліктілігі;
- капитал нарығының конъюктурасы;
- мемлекеттен келетін жеңілдіктер;
- инвестициялық бағдарламаның коммерциялық және бюджеттік тиімділігі;
- сақтандыру қызметі;
- салық;
- маркетингтік зерттеу;
- өнімнің сату бағасы;
- өнімді сатудағы географиялық шекараның жағдайы;
- жалпы өнімнің мөлшері;
- инвестициялық саясат жүргізетін уақытта тұтынушылардың сұранысының

динамикасы;

- нарықтағы бәсекелестік дәрежесі;
- техникалық мүмкіншілігі және дамыту мүмкіншілігі.

Инвестицияны өндіріс орнында басқаруды жақсарту үшін мынандай шараларды қолдану керек:

- инвестиция қызметінің қажеттілігін табу;

инвестициялық табыстың үлес салмағын преференциялау болып табылады, яғни мемлекет тарапынан көрсетілетін, берілетін жеңілдіктер. Жеңілдіктер үш түрде болып келеді:

- инвестициялық салықтық преференциялар;
- кеден баждарын салудан босату;
- мемлекеттік заттай гранттар.

Инвестициялық преференцияларды беру талаптары:

- көзделген қызметтердің басым түрлерінің тізбесіне сәйкес болу керек;
- осы заманға сай техникалар қолдана отырып жаңа өндірістер құру, жұмыс істеп

тұрған өндірістік кәсіпорындарды кеңейту.

Инвестициялық салықтық преференциялар тікелей активтерге салынатын инвестициялардың көлеміне қарай 5 жылдан аспайтын уақытта беріледі.

Преференция алу үшін келісім шарт жасау керек.

Мемлекеттік заттай гранттар ретінде мыналар болады:

- жер учаскелері;
- ғимараттар мен құрылыстар;
- есептеу техникасы;
- машиналар мен жабдықтар;
- көлік беру мүмкінділігі.

Қолданылып жүрген инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімдердің барлық шарттарын іс жүзінде сақтаудың өнеркәсіптік кәсіпорындарға маңызы үлкен.

Әдебиеттер тізімі

1. Финансирование и кредитование инвестиций учебное пособие /Кадерова Н. Н., Алматы: Экономика, 2008, 632 с.
2. Финансирование и кредитование инвестиций: учебное пособие /Омарова А. К. Алматы: Таугуль-ПРИНТ, 2015, 305 с.
3. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы /Егембердиева С.М., Астана: ТОО «Мастер По», 2015, 255 б.
4. Инновациялық жобаларды бизнес-жоспарлау: Оқуқұралы /Егембердиева С.М., Астана: ТОО «Мастер По», 2015, 210 б.
5. Экономика и управление организацией (предприятием): учебное пособие /И.П. Воробьев, Е.И. Сидорова, А.Т. Глаз. Минск: Квилория В.Т., 2014, 371 с.
6. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (14 желтоқсан 2012 ж.)
7. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <http://www.akorda.kz/> (10 қаңтар 2018ж.)

Аннотация

Проведение анализа тенденций формирования инвестиционного климата регионов РК, а также методы их государственного регулирования позволяют сделать следующие выводы: в последнее время внимание теории и практики управления делится на мезо уровень экономики как основной носитель национальных конкурентных преимуществ в условиях углубления экономической глобализации меняется не только значение конкурентных процессов, но и конфигурация конкурентного преимущества. Если субъекты конкуренции и конкуренции становятся все более глобальными (от организации к региону, от государства к государственным блокам), то конкурентные преимущества местные (от государства к регионам, от регионов к хозяйствующим субъектам). В настоящее время формирование благоприятной инвестиционной среды является основным фактором повышения конкурентоспособности регионов. Поэтому наиболее сложной и ответственной ссылкой в системе управления различными аспектами инвестиционной деятельности в регионе является совершенствование механизма управления инвестиционной привлекательности.

Abstract

The analysis of trends in the formation of the investment climate in the regions of Kazakhstan, as well as methods of their state regulation, allows us to draw the following conclusions: recently, the attention of management theory and practice is divided into the meso-level of the economy as the main carrier of national competitive advantages in the conditions of deepening economic globalization, not only the value of competitive processes, but also the configuration of competitive advantage is changing. If the subjects of competition and competition become increasingly global (from organization to region, from state to state units), the competitive advantage of the local (from the state to regions, from regions to business entities). Currently, the formation of a favorable investment environment is the main factor in increasing the competitiveness of regions. Therefore, the most difficult and responsible task in the management system of various aspects of investment activity in the region is to improve the mechanism for managing investment attractiveness.

ӘОЖ 338.49

Е.Т. Тунгатаров

магистрант, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан

ТУРКЕСТАН ОБЛЫСЫНДА ТУРИСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Түйін

Заманауи нарықтық экономика жағдайында туризм экономикалық қызмет саласы ретінде кең дамып отыр. Бүкіл әлем банк институты мамандарының бағалауы бойынша туризм бүгінде әлемдік экономикадағы машина жасап шығару өндірісінен кейінгі екінші орында тұр, ал өзге де салалармен саластырған да туризм басты орынды алады. Дегенмен де, туризм индустриясының өзін ғана алып экономика саласы ретінде қарастыруға да болмайды, сонда да қызмет ретінде тауарларды, қызметтер мен әсерді қатар үйлестіру арқылы тартымды өнім жасай отырып түрлі сала өндірісінің факторлары мен территориялардың әлеуетін біріктіре отырып пайдалану көзделіп мемлекетке табыс әкеліп отырғандарын еуропалық елдерден көруге болады. Туристік нарық қазіргі кезде ең жаһандандырылған нарықтардың бірі болып табылады. Бірақ та туризмнің дамуы одан да көп дәрежеде нарықтардың және экономика қызметі түрлерінің жаһандануына мүмкіндіктер беріп отырғанын білеміз.

Кілттік сөздер: Туризм, қызмет, инфрақұрылым, нарық, экономика, аймақ, индустрия, қажеттілік.

Кіріспе

Қазақстандық және шетелдік азаматтардың әртүрлі туристік қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешен құру, саланы дамытудың экономикалық және құқықтық тетіктерін әзірлеу әрі Қазақстанның туристік өнімінің сапасын қамтамасыз ету біздің алдымызда тұрған ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі күні Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік деңгейдегі туризм индустриясы экономиканың басым салаларының бірі болып танылды. Мәселен, ел экономикасының индустриялық-инновациялық даму ережелерін іске асыруда жетекші рөл кластерлер жүйесіне, атап айтқанда туристік кластерге тиесілі. Бұл саланы дамытудағы заманауи үрдістер әлемнің танымал курорттарын жақсы зерттеген туристер туристік сектор дами бастаған елдерге ұмтылады. Осы ұстанымнан бастап Қазақстанның тартымдылығы өсуі тиіс.

Әлемдік туристік нарықтағы дәстүрлі аудандардың рекреациялық мүмкіндіктерінің шегіне жетуіне байланысты баруға болатын жаңа аумақтардың пайда болуы арқылы туризмнің өсуі күтіледі. Азиялық саяхаттар мониторингінің болжамдарына сәйкес 2050 жылы ең қарқынды дамитын туристік нарықтар Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Мексика, Оңтүстік Корея, Малайзия, Таиланд болмақ. Материалдық жағдайға сүйенетін болсақ, жалпы туристік ағында орта тап өкілдері басым. Сонымен бірге, арзан авиарейстердің таралуына, сапарлар мерзімдерінің қысқаруына (1-3 түн), орналасу мен көлік таңдауда баламалы таңдаудың пайда болуына байланысты бүкіл әлемде саяхаттардың құны төмендеу үстінде. Туристік көрсетілетін қызметтер нарығындағы жаппай тұтынушының жаңа түрінің ерекшеліктері:

- 1) хабардар болу, білімнің жоғары деңгейі;
- 2) шамадан тыс жайлылықты қажет етпей, көрсетілетін қызметтер сапасына жоғары талап қою;
- 3) даралық және тәуелсіздік;
- 4) сананың экологиялылығы;
- 5) тосын шешімдер;

- 6) жинақылық;
- 7) демалыстағы дене және ой белсенділігі;
- 8) өмірден жақсы әсер алуға ұмтылу.

Осылайша, жаппай конвейерлік туризмнің көптеген мамандандырылған сегменттерге, "икемді" туристік өнімдерге, жаңа туристік бағыттарға, броньдаудың және сатып алудың онлайн-технологияларына сұраныс тудыратын жаппай сараланған туризмге түрленуінің айқын үрдісі байқалады.

Сондай-ақ туристік инфрақұрылым кәсіпорындарының көрсеткіштері сала ретінде туризмнің ел ЖІӨ-сіне үлесін есептеу кезінде маңызды. Қазақстанның туристік инфрақұрылымының кәсіпорындарының саны жыл сайын тұрақты түрде өсіп келеді. Алайда, қонақүйлер жыл сайын 8,5%-ға ұлғайғанымен толтырылудың орташа пайызы бұрынғы деңгейінде қалып отыр (соңғы бірнеше жылда орта есеппен 22-25%-ға). Демалысты және ойын-сауықты, мәдениетті және спортты ұйымдастыру қызметтерін ұсынатын объектілер өндірген өнімнің және көрсеткен қызметтердің көлемі де жыл сайын 10-15%-ға өсіп келеді. Бұл ретте, өңірлерде туризмнің дамуы бар жүйеге түсірілмеген, ең перспективалы туристік дестинацияларды және туристік өнімді дамыту бойынша өңірлік, сондай-ақ жалпы елге ортақ стратегия жоқ.

Тұрақты туристер ағынын қамтамасыз ету және халықаралық туристік ағындардың бір бөлігін Қазақстанға бағдарлау үшін туристік ресурстардың даму деңгейін арттыру керек. Елге келуге сұраныстың басты генераторы ретінде туристік ресурстарды дамытуға мемлекет пен бизнес бар күш-жігерін жұмсауға тиіс.

Теориялық талдау

Ең алғашқы турист деген анықтаманы Ұлттар Лигасының статистика жөніндегі сұрыптау Комитеті берді (1937ж.). Ол халықаралық түсініске ие болды және азғантай түзетулер мен біздерге де жетті«Турист»-сөзі Вебстер сөздігінде А.Д. Чудновский 19 ғасыр зерттеуі бойынша бұл «қызығушылығын қанағаттандыру мақсатындағы жол сапары» Турист- игіліктерді алушы және транспорттық қызмет пен тамақтану мен мекен жайды қажет ететін экономикалық субъект болып табылады.Туристік индустрияда туристік қызмет саласының ұлғайып көбейуіне байланысты, көптеген экономика саласындағы әлеуметтік секторда қызмет саласында даму алды.

Жалпы туризмнің экономикадағы негізі туристік ағым және туризм индустриясынан түсетін табыс көзі. Турист экономикалық анықтамасында статистикалық зерттеу объектісі болып табылады. Соңғы жылдары турист ұғымының анықтамалары ресми халықаралық туристік ұйымдар одағының жиындарында және саяхаттар туралы конференциясында және туризм туралы парламентаралық конференцияның конгресінде талқыланған. Бұл оның теориялық және практикалық жағынан маңызының зор екендігінің және оған берілетін анықтаманың толық та дәлірек болу керектігін көрсеткендігін дәлелдейді. Бұл анықтама мыналарды қамтиды: - туристер немесе келушілер деп, осы елде кемінде 24 сағат болатын адамдарды айтады және олардың саяхат жасау мақсаттарын мынадай топтарға біріктіруге болады:

а) бос уақыттарын көңіл көтеруге, каникулға, емделуге, оқуға, спорт немесе дінге пайдалану;

б) жұмыс бабымен, отбасы ісімен, мақсатпен, съезд, симпозиум немесе конференцияға келушілер;

- экскурсанттар, немесе уақытша келушілер, елде 24 сағаттан аз уақыт болады. Қазақстанда туризмнің дамуы XIX ғасырда жергілікті немесе аймақтардан келген әуесқой адамдар жалғыз басына немесе топ түрінде экскурсияларды, жорықтарды және көрікті жерлерге серуендерді өткізе бастады. Ал ондай көрікті жерлер Қазақстанның таулы аумақтарында көп болғаны әрине белгілі. XIX ғасырдың басында-ақ Верный қаласында Орыс тау қоғамының бөлімшесі 1927жылы іс-әрекет аясына болды. Алайда,ең алғашқы нұсқаушылардың бірі Г.И.Белоглазов болатын. Ол ыстық көл жағалауларына сапар шекті.

Әдетте, Бүкілодақтық Акционерлік қоғамның «Интурист» Қазақстандық бөлімшесі 1955 жылы Алматыда ашылды. Содан соң 1991 жылы бұл қоғам «Қазақстан Интуристі» ұлттық компаниясы болып қайта құрылды. Осыған байланысты 1965 жылы Қазақстан Республикасына туризм мен экскурсия одағы ұйымдастырылады және 5-облыстық одақ құрылады: Алматы облысында, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Орал және Шымкент облыстарында, сондай-ақ бұл облыстарда экскурсия бюролары да ашылды. 1993 ж.

Қазақстан Дүниежүзілік туризм ұйымына мүше болған. Осы жылы туризм индустриясын дамытуға арналған ұлттық бағдарлама қабылданған болатын. Содан кейін 1997 ж. Қазақстан Республикасының Ұлы Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өрлеу, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұралар сабақтастығын дамыту тұжырымдамасы, жалпы туризм дамуының стратегиясы жасалды. Қазақстан Республикасының аумағы өте кең болғандықтан да, елдің өңірлері түрлі экономикалық әлеуетке ие және де ол табиғат байлықтарының орналасуымен, климаттық жағдайлармен т.с.с. айқындалған.

